

Каз  
М37

# МАЪЛУМҲАД-ЖУВОН



Қўрашди  
Қўрашди

Қаз  
М 37

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы

# Мәшһүр Жүсіп

Шығармалары. 20 том

Павлодар 2013

Қаз

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 қаз-4

М 37

**Редакциялық алқа:**

Арын Е.М., Өмірбаев С.М. (бас редактор), Қадысова Р.Ж., Қирабаев С., Құсайынов А., Мәшһүр Жүсіп Қ.П., Арын Р.С., Қасқабасов С.А., Жүсіпов Н.Қ. (жауапты редактор), Әбусейітова М.Қ., Негимов С., Дәуітов С., Қамзабекұлы Д., Құдабаев А.Ж., Тұрышев А., Жүсіпов Е.Қ. (жауапты редактордың орынбасары), Жүсіпов Е.Қ.

**Рецензенттер:**

А.С. Еспенбетов – фил. ғыл. докторы, профессор;  
Д. Ысқақұлы – фил. ғыл. докторы, профессор.

М 37

**Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы**

Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. –

Павлодар: ЭКО, 2013.

ISBN 978-601-284-056-8

20-том. – 2013. 544 б.


ISBN 978-601-284-082-7

Жиырмасыншы томда Мәшһүр Жүсіптің әдебиетке, фольклорға т.б. қатысты шығармалары тікелей өз қолжазбалары бойынша қамтылды. Мұның ішінде біраз үлгілер алғаш жарияланып отыр («Мәлік – Хәсен» дастаны т.б.). Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіптің ел арасында тараған нұсқаларын жинап, сақтап, көшірумен айналысқан Төлепберген Алдабергеновтың да (1932-2012) жазбалары топтастырылып берілді.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларын араб жазуынан аударып, ғылыми түсініктер беріп, кітапты құрастырып, баспаға әзірлеген – Нартай Қуандықұлы Жүсіпов, ф. ғ. д., профессор. Сонымен қатар Төлепберген Алдабергеновтың көшірмесін баспаға әзірлегендер – Ахмет Қасымбайұлы Тұрышев, ф. ғ. д., профессор және Мухаббат Нұржауқызы Баратова, ф. ғ. к., доцент.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 қаз-4



© Мәшһүр Ж.К., 2013

© «ЭКО» ЖШС, 2013

## МӘЛІК-ХӘСӘН [I]

Үйіне қайтып келді маукын басып,  
Барады енді мұнан бір жыл асып.  
Алған жар жыл айналып келмеген соң,  
Мәжмүн бір көруге болды ғашық.

Көңілі ғашықлықтан болды күпті,  
Дерт қылды құдай бұған ғашықлықты.  
Нәпсісің ғашықлықтан токтата алмай,  
Мадшігір мас болғаннан тысқа шықты.

Қатынға құдай берді мұндай істі,  
Қайғысы ішіндегі болды күшті.  
Алдында қакпасының қарап тұрса,  
Орамда бір жігітке көзі түсті.

Сен жігіт біздікіне келші, – дейді,  
Жайымды келіп менің білші дейді.  
Мәжмүн сағынғаннан ғашық болдым,  
Бір мехман біздікіне болшы дейді.

Ол жігіт Мадшігірге келмек болды,  
Келіп мұның қал-жайын білмек болды.  
Қой, бармайын дейтұғын заман бар ма,  
Қосылып ойнап-күліп жүрмек болды.

Ол жігіт Мадшігірмен сөз байласты,  
Бір жерге уағда қойып ыңғайласты.  
Бұл жерде көп кешіксек біреу көрер,  
Деп жігіт үйге таман кадам басты.

Қатын айтты: – Тоқташы, әй, ғашық жар,  
Бір-екі біздің үйде сұм тоты бар.  
Үйінді корсетсейші мен барайын,  
Сен келсең біздікіне білер солар.

Әуел сен келіп айтың біз бейбаққа,  
Екінші келмек болсаң біздің жаққа.  
Мадшігір келіп бізге қонақ болсаң,  
Көрінген анау біздің қызыл қақпа.

Мадшігір шыдамайды іші күйіп,  
Біреуге уағда берді көңілі сүйіп.  
Жүрегі ер сағынып жүрген байғұс,  
Кеш қашан болады деп жүр жүгіріп.

Мадшігір үйге келіп созге айналды,  
Кеш болып сол уақытта көз байланды.  
Жағынып уағдалап (опа-далап), киім киіп,  
Баруға уағдаға ыңғайланды.

Мадшігір жақсы ниет ойға алмайды,  
Бұл істі тоба қылып хеш қоймайды.  
Бірге өскен кішкентайдан тотым еді,  
Айтпасам оған сыр хеш болмайды.

Қасына тотылардың қатын келді,  
Айтпай-ақ қатын сырын тоты білді.  
Тотының білгенін ол қайдан білсіп,  
Сыр қылып ішкі мұңын айта берді.

– Тотым-ау, мен Мәжмүнді бек сағындым,  
Белгісі сағынғанның ғашық болдым.  
Шақырды бізді біреу қонақ бол деп,  
Мен соған бармақ болып уағда қылдым.

Тоты айтады: – Бұл сөзің хұп ұнайды,  
Ол Мәжмүн іздеп кетті бір құдайды.  
Біздерді есіпе алса келмәе пе еді,  
Жылынан асқаннан соң ит шыдайды.

Мадшігір тотысымен құрды кеңес,  
Естіп ана тоты тұрады мес.  
– Бірақ мен естімейін бұл сөзіңді,  
Бұл айтқан сөздеріңді құдай сүймес.

Мадшігір мұны естін тұра қалды,  
Қайтадан: – Не дейсің? – деп, сұрап алды.  
Тиетін менің байым бұл ма екен деп,  
Сол мойнын жүгірін келіп бұрап алды.

Денесін келіп тоты тепті дейді,  
Бұл қылық, балам, саған айыпты [епті] дейді.  
Ақылы бізден мұның артық па екен,  
Хұп жақсы сіз қылдыңыз депті дейді.

Бар енді, ой, Мадшігір, ойна да күл,  
Айтайын бір хикаят ойла да біл.  
Билеген алты шаһар бір патшаны,  
Мүлігінен айырыпты жалғыз бұлбұл.

Ғашыққа мәғшук [2] бірігіппін[ бір жігітпін],  
Сырымды сіздерге айта түнде кеппін.  
Кім екен ол патша, қыл хикаят,  
Мүлігінен айырылыпты не себептен.

Хикаят сонда тоты сөз сөйлеген,  
Мадшігір рахмет беріп сөйле деген.  
Шаһарын Нышабордың есітсеңіз,  
Патша өтті сонда Сұлтанмахмұт деген.

Ол патша өзі – әділ, өзі – нұрлы,  
Патша боп Нышаборда көп жыл тұрды.  
Жұрт билеп патша болған уақытысында,  
Үстінен алты шаһар билеп тұрды.

Патша боп жұртын билеп тұрады екен,  
Жұрт қызмет тегіс оған қылады екен.  
Жарлығын патшаның екі қылмай,  
Келтіріп бажайына тұрады екен.

Озіне берген құдай дәулет күшін,  
Біледі айтса адам сөздің түсін.  
Шаһардың төрт бұрышына төрт күмбезді,  
Салдырды хакім қылып құдай үшіп.

Біріне молла, біріне түсер баксы,  
Біреуі гәріплерге болып жақсы.  
Біреуін өз үйіне жақын салды,  
Қонсын деп іздеп келген қонақ-қопсы.

Ол патша шариятқа болды ғаділ,  
Есігін күзетеді түнде қырық құл.  
Жұрт билеп патша болған уақытысында,  
Сейілге шығады екен мініп дүлдүл [3].

Дүлдүлдің күміс таға табанында,  
Алты аттар айшылықты аманында.  
Бір күні ұйықтап жатып түс көріпті,  
Патша Сұлтанмахмұт заманында.

Төсекте ұйықтап жатып түс көріпті,  
Түсінде сондай қызық іс көріпті.  
Көрген түс тұра келсе, қасында жоқ,  
Табам деп мұны қайдан күш көріпті.

Патша төсегінен тұра келді,  
Үстіне тұра келіп киім киді.  
Айрылып ақылынан, диуана боп,  
Салдырған бақсыларға үйге келді.

Патша сонда барып жылап айтты,  
Қайғысы басындағы болды қатты.  
Келгені түн ортасы уақыт екен,  
Таянып сәхәр [4] уақыты таң да атты.

Патшаны жұрт күнде бір көреді екен,  
Алдынан қойша жусап өреді екен.  
Жиылып таң намазын мешітте оқып,  
Патшаға келіп сәлем береді екен.

Мешітте намаз қылған өңкей төре,  
Келіпті патшасының жүзін көре.  
Жиылып алқа салып келді дейді,  
Патшаға Сұлтанмахмұт сәлем бере.

Ханымы кіріп келсе, зар жылайды,  
Ханымды зар жылатқан бар құдай-ды.  
-Я, ханым, не себептен жылап тұрдың,  
Патшамыз қайда кеткен? – деп сұрайды.

Ханым айтты: – Патшамыз түнде тұрған,  
Үстіне тұра сала киім киді.  
Мен жаттым тысқа шығып келеді деп,  
Келмеді сол кеткеннен ғайып болды.

Патша не себептен түнде тұрды,  
Айырып алғанымнан құдай ұрды.  
Сандалып елі-жұрты дағдарумен,  
Билеген бес шаһарға ат шаптырды.



Ханының бес шаһардың бәрі келді,  
Патшаның Сұлтанмахмұт жоғын білді.  
Патшадан хабар-ошар жан біле алмай,  
Ел-жұрты дал болумен сандалды енді.

Патшаның жұрты жылар санасымен,  
Нышабор қойдай шулап қаласымен.  
Жетім ұл, жесір қатын атандық деп,  
Жылайды екі қатын баласымен.

Патшаны жұрт жоқтап есіне алды,  
Нышабор шаһарына тінту салды.  
Бар екен патшаның бір уәзірі,  
Салдырған бақсыларға үйге барды.

Патшасы, барса, жатыр сонда жылап,  
Ақ жүзін топырақпен шаңға булап.  
Төбеге шықты дағы айқай салды,  
Патша сұлтанымыз бар мұндалап.

Жиылып елі-жұрты бәрі келді,  
Патшаны жылап жатқан тегіс көрді.  
Ханымы тізесіне алып басын,  
Патшадан хал нешік деп жауап сұрады.

Патша айтады: – Түс көрдім алтын тақта,  
Бір қайғы берді құдай біз бейбаққа.  
Өңімде сол түсімді бір көрсет деп,  
Жылаймын қылып налыс жалғыз хаққа.

Түсімде ұйықтап жатып көрдім шаһар,  
Жіберді патша құдай қандай қаһар.  
Ішінде сол шаһардың бір үй көрдім,  
Күзетші есігінде тоқсан дию бар.

Сол үйге кіріп бардым жаннан кешіп,  
Қылар ма құдай соны бізге нәсіп.  
Тұр екен төрт бұрышында төрт бәйтерек,  
Үлпілдеп әрбір түрлі жеміс пісіп.

Алтыннан төрт бұрышында бәйтерек бар,  
Жаныңа бұл жалғанда не керек бар.  
Дүниеге бұл жалғанда мұқтажымыз жоқ,  
Жалғыз-ақ есіл-дертім бір Мұрғұзар.

Сол үйде тамаша етіп біраз тұрдым,  
Төрінде бір алтынды есік көрдім.  
Ақыры не болсам да болайын деп,  
Көрінген есікті ашып соған кірдім.

Ол үйде қырық қыз отыр сауық қылып,  
Қызық пен ғайш [5] ғишрат ойнап-күлін.  
Бар екен ар жағында төрде бір үй,  
Айрылдым ақылымнан соны көріп.

Білдіңіз бе, жұртым, менің уайымымды,  
Білмеймін қайда барып келгенімді.  
Тыңдасаң құлақ салып көп әлеумет,  
Айтайын мен сол үйде көргенімді.

Ол үйдің есігі бар шын жақұттан,  
Әйнегі су шыныдан зәбір жіддан [6].  
Үстінде алтын тақтың атлас төсек,  
Бұралып бір перизат ұйықтап жатыр.

Зарлаймын сол есіме түссе жылап,  
Көрсет деп маған соны хақтан сұрап.  
Сол үйде әрлі-берлі қарап тұрсам,  
Қазандай қайнап жатқан көрдім бұлақ.

Сол судың түбі жылы, беті салқын,  
Асыл тас аркалығы, тіреуі алтын.  
Дүние[де] ондай қызық нәрсе болмас,  
Бола алман он күн сөйлеп оның қалпын.

Жаратқан екен қалап шын құдайы,  
Алтын мен атлас екен қыздың жайы.  
Пердеден он екі қат айқын болып,  
Жанады шам-шырақтай жілік майы.

Мен соған тамаша етіп қайран қалдым,  
Басына сол төсектің жақын бардым.  
Толулы алтын аяқ, сары балтыр,  
Ұмтылып татайын деп ойыма алдым.

Жаранлар, сұрасаңыз жырыңды айт деп,  
Мен айтсам көргенімді әлі де көп.  
Бір сөзде тоқсан екі күй тартылды,  
Ұмтылған рахметсіз қолың тарт деп.

Ұмтылған мен қолымды тартып алдым,  
Ұмсынған көңілімді қайтып алдым.  
Бір сөзден тоқсан екі күй естілді,  
Естіп сол дауысты бек сандалдым.

Екінші және ұмтылдым қуат қылып,  
Жүре алман ел ішінде ойнап-күліп,  
Мұрғұзар деген аты бір құс екен,  
Қапаспен қойған екен жоғары іліп.

Ұмтылдым Мұрғұзарды алайын деп,  
Не болсам соның үшін болайын деп.  
Оянсам сол Мұрғұзар жоқ жанымда,  
Ойлады бұл қайғыдан өлейін деп.

Патша түсін айтып зар жылайды,  
Жад етіп кеше-күндіз бір құдайды.  
Берейін алтын тағым мая-мүлкіммен,  
Іздеуші жан бар ма, – деп көп сұрайды.

Бар екен Сағид, Хамит екі ұғлы,  
Тауыпты бәйбішесі енді мұны.  
– Ай, ата, бұл түсінді ізлейік біз,  
Түсіннің түнде көрген қайсы жөні?

Патшаның жұрт жылайды наласына,  
Рахмет берді патша екі баласына.  
Атамның көрген түсін іздейміз деп,  
Жүгіріп барды екеуі анасына.

Анасы айтты: – Барсаңдар, екі ұғлым,  
Қайтындар көп кешікпей болса жолың.  
Кешіксең, жатырым – тар, бауырым – кан,  
Сендерсіз нешік менің көрген күнім.

Екі ұғлы жүрмек болып бел байласты,  
Қашырға азық артып ыңғайласты.  
Жөнелді елден шығып күн батысқа,  
Ата-ана, ел-жұртымен амандасты.

Патша алған екен екі қатын,  
Жиылған жұрт көрінті салтанатын.  
Бар екен кішісінен туа жалғыз,  
Дейді екен Мәлік [7] – Хәсән [8] оның атын.

Мәлік-Хәсән ертеңімен келеді екен,  
Қасында анасының жүреді екен.  
Хазірет Жақып Жүсіпті қандай көрсе,  
Патшада мұны сондай көреді екен.

Келіпті Мәлік-Хәсән атасына,  
Атасы мойнын бұрды батасына.  
– Соңынан екі ағам қала алмаймын, – деп,  
Қол жайды атасының батасына.

Патша айтты: – Сабыр қыл, әй, құлыным,  
Сен үшін іздеп кетті екі ұғлым.  
Сен кетсең, атаң сорлы не болады,  
Хәсәнжан, жарамайды бұ қылығың.

Мәлікжан, екі ұғлымнан болдың кіші,  
Атаңның саған түскен бір жұмысы.  
Қарағым, көз қуанышым сен кеткен соң,  
Қалмайды атаң сорлы қолы-басы.

Мәлік айтты: – Кетіп екі балаң,  
Болған сіздің – балаң, менің – ағам.  
Бата бер көп кешікпей, ата, маған,  
Соңынан көп ұзатпай мен де барам.

Әй, ата, сіздің бізде хақыңыз бар,  
Түс үшін түнде көрген болдың бек зар.  
Жеткізіп ойыңа алған мұратыңа,  
Хақыңды сорлы балаң қашан өтер?

Жібердің жақсы көрген ұғылыңды,  
Мен білдім, ата, сенің пиғылыңды.  
Хақыңды мойнымызға міндет қылып,  
Маһшарда отқа салма мен құлыңды.

Мәлік-Хәсән жылар мұңын айтып,  
Жалғанда ойнап-күлмен езу тартып.  
Атасы үш баласы үш қайырды,  
Ақыры рахмет берді райдан қайтып.

Мәлік-Хәсән жатпай, жүрмек болды,  
Атасы оң батасын бермек болды.  
Тысқары топырақтан аман болса,  
Айналып үш айдан соң келмек болды.

Беріпті бір қашырға азық артып,  
Өр несін екі ұғлынан қылыпты артық.  
Ата-ана, ел-жұртынан фатша алып,  
Жөнелді елден шығып, қосын тартып.

### **Патша[ның] баласымен қоштасқаны:**

Тұғырдан ұшты сұңқарым,  
Ұядан кетті сұлтаным.  
Мұрғұзар деген құс болып,  
Түсте бір көрген іңкәрім.  
Бір көрмекті нәсіп ет,  
Пәруәрдігәр-әй, керім.

Көрген бір түсім біле дүр жүрегім,  
Өртеп және дүр сұлтанымды.  
Есен қоспасаң Сұлтанмахмұт,  
Сорлы боп, сыр [9] кірдән болып өле дүр.

Қоштасып Мәлік-Хәсән кетті дейді,  
Бір жолға түзеп тура бетті дейді.  
Бір күн бұрын жөнелткен екі ағасын,  
Болғанда үш күн қуып жетті дейді.

Ассалаумагәлейкум, екі ағам,  
Бір сана берді бізге құдай тағалам.  
Атамның көрген түсін іздегелі,  
Мен дағы сіздерменен бірге барам.

Үш ұғлы патшаның жолдас болды,  
Жүргенде ел ішінде бәрі де оңды.  
Жөнелді елден, жұрттан ұзап шығып,  
Құла түз қылып қоныс құба жонды.

Елсізге шыққан соң-ақ бейнет көрді,  
Бұл ауыз айтып-айтпай немене енді.  
Үшеуі қосып басын бір ай жүріп,  
Басына бір құдықтың бұлар келді.

Құдыққа қоналқаға бұлар келді,  
Күн болып таба алмастай іздесе елді.  
Шаһардан шыққанда жол жалғыз еді,  
Басында бұл құдықтың үш айырылды.

Үшеуі келіп сонда жатты дейді,  
Түн өтіп, сарғайып таң атты дейді.  
Басында көрсе құдық кара тас тұр,  
Жазулы көрді таста хатты дейді.

Хат айтты: – Төменгі жол – «Барса келмес»,  
Жоғары жолмен жүрген адам «өлмес».  
«Түгел» ортадағы жолдың аты,  
Оның келер – келмесін ешкім білмес.

Сергелден қылған бізді бар құдайым,  
Кім білер Мұрғұзардың тұрған жайын.  
Ағалар, жол да – үшеу, біз де – үшеу,  
Үшеуі үшеуімізге болды дайын.

Үшеуіміз үш жолменен жүрелік біз,  
Жазуын бір Алланың көрелік біз.  
Тысқары топырақтан аман болсақ,  
Айналып осы араға келелік біз.

Әркімге-ақ керек болып оңай көшу,  
Тіл алмаса даяр тұр ерегесу.  
Қолы жеткен кісіге сыбаға боп,  
Максұт боп барса келер жолға түсу.

Ол жолды жасы үлкен Сағид алды,  
Ортаншы ортадағы жолға барды.  
Мәлік-Хәсән мырзаға ең кішісі,  
«Барса келмес» жол бұған дара қалды.

Сөзімде менің айтқан шала бар ма,  
Көкірек көпті көрген жара бар ма?  
Жылайды Мәлік-Хәсән қоштасумен,  
Тілеп алған ауруға шара бар ма?

– Жолыңыз сіздің түскен – барса келер,  
Хамиттің түскен жолын тәңірім білер.  
Мен кеттім «Барса келмес» жаман жолға,  
Сәлем айт ата-анаға, әпкелер(ге).

Бұл жолға түскен адам нағып келсін,  
Жамандық-жақсылығын құдай білсін.  
Бірі-сүтін, біреуі – күшін кешіп,  
Ата-анам біз ғаріпке бақил [10] болсын.

Жөнелді «Барса келмес» жолға түсіп,  
Басынан әрбір түрлі күндер кешіп.  
Құс ұшпас, құлан жортпас қу далада,  
Көз жасын тарыққанда сусынға ішіп.

Мәлік-Хәсән жалғыз жолмен жүрді,  
Жаман[ын] жалғыздықтың әбден көрді.  
Күндерде бір күн келе жатыр еді,  
Шұбырып бір топ киік бұған келді.



Киіктер ойнар бір-бірін жайқап,  
Мәлік-Хәсән біраз тұрды байқап.  
Айтар тіл жоқ, ым қағып ишаратын,  
«Қайт», – дейді Мәликеге басын шайқап.

Мәлік – Хәсән қайтпай жүре берді,  
Көргенмен не табады қанша жерді.  
Бір-екі дөңнен асып отіп еді,  
Бір үй тұр айдалада соны көрді.

Ажалсыз жүре бермек адам өлмей,  
Не қылмай тәңірі әміріне пенде көнбей.  
Асығып, жетсем-ау деп келе жатыр,  
Көрініп бір жалғыз үй рулы елдей.

Аяғын асыққандай жылдам басып,  
Қалжырап, қажып, әбден қарны ашып.  
Сол үйге іркілместен кіріп барды,  
Есігін сарт еткізіп бір-ақ ашып.

Ол үйде бір кемпір бар озі ғәйяр [11],  
От жанып, өздігінен қазан қайнар.  
Бір дүние өз бетімен болып тұрған,  
Жасаулы әрбір нәрсе бәрі де бар.

Ол залым аяр кемпір бұған бақты,  
Телміріп қарап тағы иек қақты.  
– Бар, жүре бер жөніңе, – деп жекірді.  
Мәлике киік болып үйде қалды.

Киік боп үйден шығып біраз тұрды,  
Манағы киік жайын сонда білді.  
Олар да азғырылған адам екен,  
Бәрін де жолыққанның мұндай қылды.

Киіктің жаңа білді осындайын,  
Ол маған айтқан екен мұның жайын.  
Болайын не болсам да өз бетіммен,  
Мен барып енді оларға қосылмайын.

Бет бұрмай жүре берді жолға түсіп,  
Киіктің отын оттап, суын ішіп.  
Боламын деген адам ойында жоқ,  
Ата – ана, ел-жұртынан кеткен кешіп.

Мәлік – Хәсән жалғыз жолмен жүрді,  
Тоқсан күн киік болып дәурен сүрді.  
Айдала, жапан түзде бір жалғыз үй,  
Дап-даяр салулы тұр мұны көрді.


Мұндай күн басқа тәңірім салмасын да,  
Қаңғырып адам түзде қалмасын да.  
Үй көрсе, бұрынғыдай болмай қалды,  
Барарын білмей қалды бармасын да.

Көргенде үй қарасын қалды сасып,  
Кеткенмен құтыламын ба дейді қашып.  
Бәлеге тағы қандай жолығам деп,  
Әрең келді аяғын зорға басып.

Келген соң үй маңына сабыр қылды,  
Кіре алмай, қорқып тыста біраз тұрды.  
Ақыры не болсам да болайын деп,  
Салмақпен есікті ашып үйге кірді.

Бұл үйге кіріп келді есікті ашып,  
Өлімді мойнына алды жаннан кешіп.

Жалғыз қыз отыр екен құран оқып,  
Киікті көргеннен соң кетті шошып.



Жаңа шығып келеді сөз сарасы,  
Шын мен өтірік айрылып екі арасы.  
Құдай-ау тіл берсейші киікке деп,  
Балқытты жер мен көкті қыз наласы.

Жаратқан жер мен көкті қадір Жаббар [12],  
Мұхаммед құдай досты төрт шариар жар.  
Уағда беріп маған деп еріндер,  
Мәлік – Хәсән жарың бүгін келер.

Келмейді не себепті Мәлике жан,  
Жолында сол жарымның жаным құрбан.  
Хабарын тым болмаса сұрайын мен,  
Киікке тіл бағышта қадірсіз жан.

Қыз жылап қылды дейді көп мінәжат,  
Дұғасын қадір Алла қылды жабат.  
Қыз жылап мінәжат қып отырғанда,  
Сілкініп болды киік бір адамзат.

Төр жарымен аян берген пайғамбары,  
Сол үшін қабыл боп тұр қыздың зары.  
Таң қалып, қайран асыр қараса қыз,  
Өзінің түсте көрген ғашық жары.

Жүрегі қуанғаннан алып ұшып,  
Жарының жылай берді мойнын құшып.  
Көрісіп, құшақтасып, айқаласып,  
Баурына бірін-бірі басып-қысып.

Бірі-адам, бірі – пері, екі ғашық,  
Шықтылар тақ үстіне құшақтасып.  
Қайғыдан қанша күнгі қалды босап,  
Сүйісіп бірін-бірі мауқын басып.

Тигізген оғын ақтан мерген екен,  
Жолы ақ боп, еңбек тәңірім берген екен.  
Үстінен осы жолдың кездесуі,  
Аян боп қыз түсіне кірген екен.

Тамамдап тауыса алман хикаятын,  
Шын деп біл сөздің бірақ түпкі затын.  
Ханның ардақтаған жалғыз екен,  
Мәлике-Зулы дейді қыздың атын.

Сол жерде бірін-бірі біліседі,  
Үйректей қаршыға ілген іліседі.  
Елсізде қыз бен жігіт жамырасқан соң,  
Айтсам да қалай мақтап келіседі.

Бірі – адам, бірі – пері, екі ғашық,  
Шықтылар тақ үстіне құшақтасып.  
Он бес күн ұдайына ойнап-күліп,  
Қылдылар ғайш-гишрат мауқын басып.

Жата ма жігіт бекер қыз жатқан соң,  
Асық боп бірін-бірі ұнатқан соң.  
Аз-аздап әңгімеге кіріседі,  
Жалығып арпаласпай жай жатқан соң.

Мәлік – Хәсән бір күн ах ұрады,  
Атасы еске түсін қайғырады.  
Сүйікті менен жарың бар екен, – деп,  
Ал, енді қыз Мәлике наз қылады.

Мәлік-Хәсән айтады: – Олай емес,  
Біреудің несібесін біреу жемес.  
Атам ойға түсумен уәделегенім,  
Есітсең толып жатыр түрлі кенес.

Сөйлейді әңгімесін бастан-аяқ,  
Жиһанға шыққандығын болып саяқ.  
Басынан қандай күндер кешіргенін,  
Әр жерде саяқ жүрген жемек таяқ.

Атамыз бір тамаша көрген түсті,  
Қайғысы түс көрумен болды күшті.  
Түсімде бір құс көрдім жан көрмеген,  
Жұмсады тауып кел деп біз байғұсты.

Үш ұлы патшаның жолдас болдық,  
Басынан бір құдықтың үш айрылдық.  
Жапанда жалғыз келе жатқанымда,  
Алдымнан пайда болды бір топ киік.

Киіктер таңырқады менен қашпай,  
Қайт дегендей қақпайлап бұлай баспай.  
Мен адамзат, ол киік болғаннан соң,  
Жүре бердім жолығып жауаптаспай.

Онан өтіп бір жалғыз үйге келдім,  
Ол үйде бір жәдігөй кемпір көрдім.  
Бәрін де ұшырағанның киік қылды,  
Сол кемпір екендігін көріп білдім.

Сол үйде азғырылып киік болдым,  
Мән-жайын киіктердің сонда білдім.  
Онан шығып тоқсан күн сапар шегіп,  
Құдайдан болып нәсіп мұнда келдім.

Жайымды онан соңғы өзің көрген,  
Жұмысым бір Мұрғұзар іздеп жүрген.  
Білмеймін көкте екенін, жерде екенін,  
Хабарын естідің бе, ей, мехрибан?

Қыз айтты: – Сөзімді есіт тындап тұрып,  
Айтайын мен сөзді шындап тұрып.  
Көретін Мұрғұзарды күн қайда деп,  
Мәлике-Зула айтады жылап тұрып.

Мұрғұзар менікі еді әуел баста,  
Жоғары тұрушы еді тас қапаста.  
Бір диюдің патшасының қызы келіп,  
Ап кетті оны тартып өзім жаста.

Ол үшін азаптанып болма сарсаң,  
Ақыл жоқ мұнан артық қайда барсаң.  
Сен түгіл, адамзат, ұшқан пері,  
Біз дағы бара алмаймыз, маған нансаң.

Жігітсің бағың асқан бір парадан,  
Мендей қыз алдың олжа айдаладан.  
Жарыңды құдай қосқан олжа біліп,  
Тіл алсаң, қайт еліңе осы арадан.

Тор деген Мұрғұзарды жерге бармай,  
Ел бетін көре алмаймын мен соны алмай.  
Хабарын есіте тұрып не қайтайын,  
Жолында жүруменен өліп қалмай.

Қайт дедім, тіл алмадың, бармақ болдың,  
Ұсынып қолың жетсе, алмақ болдың.  
Алсаң алдың, алмасаң әурелікпен,  
Қазаң жетсе, жолда өлін қалмақ болдың.

Мен тілеулес емеспін өліміңе,  
Ырза емен қаңғып былай жүруіңе.  
Жатсам-тұрсам тынбастан тілеулеспін,  
Есен-сау қайта айналып келуіңе.

Барасың бұ барған соң Қап тауына,  
Аспанның тиген басы жақтауына.  
Өлім жоқ ер жігітке қайда барса,  
Құдайдың тура келсе сақтауына.

Құдайға анық сенсең құстай ұштың,  
Жолшары жоқ хақ берген қуат күштің.  
Жолыңда Қап тауында ұясы бар,  
Жалғанда тақ жаратқан Самұрық құстың.

Жан достым, жүре қалсаң тіл аласың,  
Айтқан тілді алмасаң құр қаласың.  
Жасырынып бір айдаһар жылда-жылда,  
Ұядан жеп кетеді үш баласын.

Ақылдас Самұрыққа мұнан бар да,  
Жолықпай оған озман қадам сала.  
Жолықсаң құдай оңдап қыл бір қайрат,  
Дұшпаны Самұрықтың айдаһарға.

Қарсылас, айдаһармен қылып ұрыс,  
Жеңерсің, құдайға есен болса дұрыс.  
Ажалы айдаһардың осынан деп,  
Қыз беріп бір өткір алмас қылыш.

Беліне алмас қылыш байлап алды,  
Әр түрлі жол азығын сайлап алды.  
Немене айдаһарды өлтірмеске,  
Қылышын қайрағына қайрап алды.

Батырдың өсіп көңлі, күші тасып,  
Қызығы біреуінен-біреуі асып.  
Уайымнан, қайғыменен дәнеме жоқ,  
Жарымен кош айтысып амандасып.

Құс ұшпас, құлан жортпас түзден асты,  
Жерлерге жан баспаған аяқ басты.  
Айдан айлар, күндерден күндер өтіп,  
Маңына Қап тауына жақындасты.

Қалай санап айтайын көп күн өтті,  
Бастамастан жаза алман есім кетті.  
Қыбырлаған қыр асар деген рас,  
Ұясына Самұрықтың келіп жетті.

Сол жерде уф деп, демін бірақ алды,  
Шаршағаннан сілейін жатып қалды.  
Білмейді күн өткенін, түн өткенін,  
Тынықты емін-еркін, ұйқы қанды.

Оянса, бір бәйтерек қасында тұр,  
Шырылдап үш балапан басында тұр.  
Түбінен бәйтеректің бір айдаһар,  
Өрмелеп балапанға бара жатыр.

Қылышпен айдаһарды бір-ақ салды,  
Тырқиып жылан дұшпан өліп қалды.  
Қуанып үш балапан жерге түсті,  
Өлгенін көргеннен соң айдаһарды.

Әркімді жақсы қылса, құдай қыпты,  
Құдай қылса болмақшы батыр мықты.  
Жігітті жылы ғып күтіп, тәрбиелеп,  
Бірге ертіп ұясына алып шықты.

Қалың қара бұлт басып күннің көзін,  
Тозаңымен толтырыпты дүние жүзін.  
Тау қаңбақтай домалап, тас бұршақтай,  
Ие боп тоқтата алмай ешкім өзін.



Алдынан қар, артынан жаңбыр жауып,  
Көрген жандар жығылып есі ауып.  
Көк күркіреп, теңселіп жер қозғалып,  
Бір қозғалған ала алмай өзін тауып.

Артынан күн ашылып шуақ шықты,  
Әммәсі бір сағатта басылыпты.  
Балалар сасқанынан алақтасып,  
Мырзасын Мәлік-Хәсән жасырыпты.

Самұрық қаһар қар болады екен,  
Көз жасы жаңбыр болып жауады екен.  
Далада бірнеше күн тамақ аулап,  
Көтеріп он төрт марал келеді екен.

Самұрық ұясына келіп қонды,  
Бәйтерек солқылдайды өрім талдай.  
Ұшы тиді бәйтеректің басы жерге,  
Салмағын Самұрықтың көтере алмай.

Жиғанша бір қанатын түс болыпты,  
Жиғанша бір қанатын кеш болыпты.  
Қанатын жиып алып болғаннан соң,  
Қаранып жан-жағына отырыпты.

Бармысың есен-аман, сорлы үш балам,  
Сендерге өмір берсін хақ тағалам.  
Бұ жерде исі шықты адамзаттың,  
Келеді бұл араға неткен адам.

Қаһарын шешесінің қар ма дейді,  
Пейілің ашулансаң тар ма дейді.  
Сұрайтын сізден біздің арызымыз бар,  
Жамандық жақсылыққа бар ма? – дейді.

Садакка салған сайкіз оқ дейтұғын,  
Тамағы қайғысыздың тоқ дейтұғын.  
Сол бізден бұрынғы өткен қариялар,  
Жамандық жақсылыққа жоқ дейтұғын.

Көргенше аңсап бізді жылар едің,  
Көрген соң аман-есен күлер едің.  
Өлтірген дұшпаныңды адамзатқа,  
Шешеке-ау, не жақсылық қылар едің?

Армансыз болар едім оны көрсем,  
Бәрін де бұ дәулеттің соған берсем.  
Дос болып ақыреттік құшақтасып,  
Жерінде соның өлген қабат өлсем.

Береміз сізге, шеше, бір аманат,  
Қылмасаң аманатқа еш қиянат.  
Дос болсаң ақыреттік құшақтасып,  
Өлтірді дұшпаныңды бір адамзат.

Балам-ау, мынау сөзің майда дейді,  
Жаныңа өлсе дұшпан қайда дейді.  
Салайын оның үшін жанымды отқа,  
Ол адам осы күнде қайда дейді.

Айдаһар аңдушы еді ұшқаныңды,  
Бір адам жойды қайғы пұшманыңды.  
Жақсылық жақсылыққа қылсаң, шеше,  
Өлтірді мынау жігіт дұшпаныңды.

Балалар аманат қып берді дейді,  
Самұрық Мәликені корді дейді.  
Көзін ашып арандай дем алғанда,  
Мәлике-Хәсән жүгіріп кірді дейді.

Шырылдап үш балапан жетін келді,  
Айтқан сөз солай ма еді, шеше, – депті.  
Солай ма деп аузын қайта ашқанда,  
Жүгіріп кірген жігіт қайта шықты.

Балам-ау, мен айтайын әрбір кепті,  
Көп адам бізден бұрын өтіп кетті.  
Сендермен іштен шыққан бірдей қылып,  
Алуға бала қылып жұттым депті.

Самұрық құс демін алды аузын ашып,  
Мәлике қайта шықты өңі қашып.  
Құспенен сол арада дос болыпты,  
Екеуі от үстінен құшақтасып.

Мәлике о күн құсқа қонақ болды,  
Бұл дүние опасы жоқ шолақ болды.  
Атасы көрген түсі еске түсіп,  
Көкірек қайғы сана дертке толды.

Мәлике-Хәсән тұрып жылайды еміс,  
Көл қылып көздің жасын бұлайды еміс.  
Алдына Мәликенің Самұрық келіп,  
Не үшін жыладың деп сұрайды еміс.

Мәлике айтты: – Көріпті атам түсті,  
Қайғысы көкірегінде болды күшті.  
Атамның түсте көріп ғашық болған,  
Мұрғұзар іздеп шықтым деген құсты.

Уай, жан достым, кез келдің біздің жайға,  
Мен бір ақыл айтайын жанға пайда.  
Мұрғұзардың иесі – Ғынажмал,  
Ол жерге сіз бен бізге жетпек қайда.

Ғынажмал әкесі дию патшасы,  
Тұрағы жер мен көктің қақ ортасы.  
Жерінің берік-осалын соман байқа,  
Айнала төңірегі от дариясы.

Қанша ұшқанмен ол жерге жете алмаймыз,  
Жеткенмен алып қайтып кете алмаймыз.  
Амалдап өзгесінен өтер едік,  
Үстінен от дарияның өте алмаймыз.

Тіл алсаң қайт, жан достым, осы арадан,  
Қайтпасаң бізді айырдың үш баладан.  
Өлемін сеніменен қабат іздеп,  
Жан достым, сен шамшырақ мен пәруана.

Мәлике-Хәсән қайтпай жүрмек болды,  
Самұрық басшы болып ермек болды.  
Табысқан от үстінен екі ғашық,  
Бірі өлген жерде бірі өлмек болды.

Самұрық серт қылды да ұшып кетті,  
Күнде бол мен келгенше, достым, – дейді,  
Өлгенше азығымыз мол болсын деп,  
Және алып он төрт марал жетіп кепті.

Он төртін де мес қылып сойдырыпты,  
Жеті меске су құйып толтырыпты.  
Үстіне жан достының азық артып,  
Мәлике-Хәсән мырза отырысыпты.

Етке бұрсам мойнымды ет бер маған,  
Тапсырдым бұл қызметті, достым, саған.  
Суға бұрсам аузымды бір мес су құй,  
Келеміз көп кешікпей болсақ аман.

Самұрық серт қылды да жоғары ұшты,  
Берген соң құдай қуат болды күшті.  
Құдіреті құдайымның қалай шебер,  
Адаммен қылған үйір ұшқан құсты.

Пендеге не күн салса құдай салды,  
Өлімді жаннан кешкен мойнына алды.  
Арқасы Самұрық құстың сұлу жүнді,  
Мәлике-Хәсән мырза ұйықтап қалды.

Ай мен күн керек қылмай өткен жылды,  
Дауылдап көңіл шіркін қашып тынды.  
Жер жаһан дүние жүзі көріне ме,  
Қара деп көзіңді ашып хабар қылды.

Мәлике –Хәсән сонда көрді жерді,  
Болжайды төмен қарап қара жерді.  
Жер жүзі ұлтарақтай көрінет деп,  
Сөл жерде достысына жауап берді.

Самұрық сонда айтады: – Әй, жан достым,  
Ал, енді аша бермей көзіңді жұм.  
Бырылдап ұйықтап жаттың, білмей қалдың,  
Ұядан тек аспанға үш күн ұштым.

Мәлике –Хәсән сонда көзін жұмды,  
Берген соң құдай қуат сабыр қылды.  
Өткен соң бірнеше күн және тағы,  
Қара деп көзіңді ашып хабар қылды.

Мәлике-Хәсән сонда көзін ашты,  
Қарайды жерге таман бұрып басты.  
Дөңгелек мейіз теңгедей көрінет деп,  
Досына хабар беріп жауаптасты.

Алла жазса, бармасқа шара не деп,  
Біз өлсек қалар жетім бала дейді.  
Айланып басың жерге жығыларсың,  
Жан достым, жұм көзіңді және дейді.

Мәлике-Хәсән сонда жұмды көзді,  
Сақтайды жұмып көзін өзін-өзі.  
Күн өтіп, түн өткенін біле алмады,  
Сұрады қарашы деп дүние жүзін.

Аузыма келіп ішкен асым дейді,  
Мұрт-сақал ағарғанды шашым дейді.  
Кенедей болар болмас бұлдырайды,  
Қарасам айнала түн басым дейді.

Бұл хабар Самұрыққа жетті дейді,  
Сол жерде жепті бір мес етті дейді.  
Аузыма, достым, және бір мес су құй,  
Ұшайын қуаттанып депті дейді.

Аузына Самұрықтың су құйыпты,  
Сол жерде тамақтанып бір тойыпты.  
Бел байлап, жүрек жалғар қорек алып,  
Аллаға түгел деп бет қойыпты.

Самұрық келе жатыр төмен ағып,  
Қанатын айшылыққа алты-ақ қағып.  
Аузына ет пен суды кезек салып,  
Келеді жеті күнде бір нәр алып.

Атқан таң батқан күнмен кетеді дейді,  
Пендеге қайсысы опа етеді дейді.  
Болғанда ай отыз күн, екі міскін, [13]  
Үстіне от дарияның жетті дейді.

Үстіне от дарияның келді бұлар,  
Қоштасып бір-бірімен хаққа жылап.  
Шерменде ғазиз болған бір құлына,  
Жылайды-ау рақым ет деп піруәрдiгәр.

Әуел жылап хаққа налыс қылды,  
Өтпегін от дариядан алыс білді.  
Бар екен бес айлық жол қауырсыны,  
Ұшынан бір айлығы шырпылды енді.

Самұрық өзі батыр, өзі күшті,  
Көтеріп Мәликені зырлап ұшты.  
Ар жағы от дарияның қыздың шаһары,  
Қасына бір шақырым келіп түсті.

Самұрық айтады екен жан-жарымыз,  
Іздеген осы мынау шаһарыңыз.  
Қақпасы кіретұғын анау тұрған,  
Кешікпей соған жылдам тез барыңыз.

Кіресің, барсаң сонда қарсы есік,  
Аласың Мұрғұзарды болса нәсіп.  
Тоқсан дию ауыз үйде күзетші бар,  
Көресің қарап сонда көзіңді ашып.

Тоқсан дию ояу болса сені көрер,  
Қас қылып өлтіруге ыңғай берер.  
Қолына тоқсан диюдiң болсаң душар,  
Онан соң не болуың құдай білер.

Көрерсің болса өзі құдай патша,  
Тоқсан дию жолың болар ұйықтап жатса.  
Өлтіріп кетсең дағы білуші емес,  
Қорықпа онан оянар деп адамзатша.

Жылдам кел жылдам бар да көп кешікпей,  
Көп кешіксең қаларсың бізге ілікпей.  
Сәскеден әрі болса кейін қалма,  
Ажалдан аман болсаң өзің өлмей.

Бұлардың жер, көк балқыр наласына,  
Достықтап жел өтпейді арасына.  
Разы бізге бақил болсынлар деп,  
Самұрықтың сәлем айтты баласына.

Адамзат едім жаяу жолым қысқа,  
Жеткіздің ием құдай ұшқан құсқа.  
Достымның қайтып келіп жүзін көріп,  
Ынта қыл жолықпақты біз байғұсқа.

Қоштасып Самұрықпен амандасты,  
Байлаумен нысанаға ғаріп басты.  
Түгел тағала Алла бер тәңірі деп,  
Кідірмей бара сала есікті ашты.

Тоқсан дию есікті ашса ұйықтап жатыр,  
Ол үйден аман өтті Хәсән батыр.  
Арғы үйде қырық қыз жатыр, бәрі де ұйықтап,  
Құрулы бас-басына алтын шатыр.

Сол үйде тамашалап біраз тұрды,  
Алтынды үй төрінде есік көрді.  
Атамның айтқан үйі анау ғой деп,  
Келді де есікті ашып соған кірді.

Алланың берер құлға қазынасы көп,  
Не қылса пендесіне бөледі иіп.  
Көрген соң қапастағы құс сайрайды:  
«Мәлике –Хәсән мырза, жол болсын!» – деп.



Бір әуез жоғарыдан сөз айтылды,  
Бір сөзде тоқсан екі күй тартылды.  
Атамның ғашық құсы осы екен деп,  
Көрген соң Мәлік-Хәсән сабыр қылды.

Мұрғұзар, ал жүзіңнен манарыңды,  
Сөзіңе құдай білер нанарыңды.  
Есіктен кірмей жатып атымды айтып,  
Кім айтты менің саған хабарымды?

Айтушы еді мынау жатқан ғашық жарың,  
Құдайдан аян болған бұл хабарың.  
Ішіне ғашық дерті от боп түскен,  
Көрумен түсте сенің ақ дидарың.

Мәлике-Хәсән мырза, нағып келдің,  
От еді айналасы біздің жердің.  
Есіктен кірмей жатып атымды айтып,  
Мұрғұзар екенімді қайдан білдің?

Көріпті түсте келіп атам сені,  
Ғашықтық қапасында оның жаны.  
Дертіңнен атам сенің диуана боп,  
Жұмсаған алып кел деп сізге мені.

Мәлике, мен нанбаймын өсегіңе,  
Жат түнеп бүгін мына төсегіңе.  
Жиырма сегіз күнсіз оянбайды,  
Ұйықтаған бұлар жатып кешегіде.

Өрік пен жеп той мына сары балға,  
Қалған сөз айтады деп ойыңа алма.  
Ойнап-күл жарыңменен құдай қосқан,  
Оянып кетеді деп ғапыл қалма.

Салғайсың қыз жүзігін қолыңа алып,  
Белгіге өз жүзігін оған салып.  
Мехман бүгін сыйлы қонақ болып,  
Қайт мені, керек болсам, ертең алып.

Мәлике сол түн қызбен бір жатады,  
Жемістен көңілі сүйген дәм татады.  
Қызықпен ойын-күлкі білмей қалды,  
Оянып сахар [14] уақыты таң да атады.

Мәлике төсегінен тұра келді,  
Тілегін көңілдегі құдай берді.  
Қойнына Мұрғұзарды салып алып,  
Жүгіріп Самұрыққа келді енді.

Кешікті сол жан достым неге айланып,  
Қылды ма диюлер әлек ұстап алып.  
Келмесе қайтайын деп отыр екен,  
Қанатын жинап алып ыңғайланып.

Мәз болып қуаныпты досын көріп,  
Жолықты бір-біріне аман келіп.  
Хақында Ғынажамал жүзігінің,  
Баяғы от дариясы қалды сөніп.

Самұрық әрі ұшқыр, әрі күшті,  
Көтеріп Мәликені аспанға ұшты.  
Бәледен қаза менен дін аман боп,  
Есен – сау ұясына келіп түсті.

Ұяда аман көріп балаларын,  
Жоқ қылып тәңірім қайғы саналарын.  
Жатқанда жаңа тұрып кім біледі,  
Өскен соң қанша жерді араларын.

Сен келдің, әй, жан достым, ашып-арып,  
Аз күн тынық, жатып демінді алып.  
Өзі арам жалған дүние болған маған,  
Болмаса жатпас едім сенен қалып.

Мәлике тынығады аз күн жатып,  
Самұрықтың суын ішіп, тұзын татып.  
Күдері адам жаны дегені рас,  
Өлмес пе басқа кісі басы қатып.

Самұрық тауысады айтып сөзін,  
Бұйрық жоқ көруіме дүние жүзін.  
Ешкімді жолдастыққа керек қылмас,  
Құдайға шын тапсырып жүрген өзін.

Қоштасып Самұрықпен жөнеледі,  
Жаяулық, жалғыздыққа кенеледі.  
Көрсен де қандай тарлық, қиындықты,  
Адамзат жетпесе ажал неге өледі.

Кез болған тәңірім жазып талайына,  
Жаманның не жолайды маңайына.  
Бұл бейнет түз азабын әбден тартып,  
Келіпті қыз Мәлике сарайына.

Көрісті құшақтасып есен-аман,  
Көрсеткен болып бетін қыңыр заман.  
Іздеген құсымды алып, тынып көңілім,  
Осы деп қайтқан бетім елге таман.

Мұрғұзар, кішкентайдан досым едің,  
Атамнан қалған мирас құсым едің.  
Адам қолы жетпеске қолың жеткен,  
Құдайдың иесі ме едің, досы ма едің?

Талайлы жан екенсің тәңірім сүйген,  
Ісіңе дос сүйініп, дұшпан күйген.  
Ынтық боп Ғыналжымал о да қалды.  
Бір мен емес ғашық боп саған тиген.

Бір күнде болармыз жар құдай қосып,  
Жатамын осы жерде толық тосып.  
Жарыңмен Ғыналжымал келерсің бір,  
Жігіт көріп о да менен кетпес шошып.

Бұл күнде сен де жалғыз, мен де жалғыз,  
Су ішіп жей алмаспыз теріп жалбыз.  
Бақ қарап, қыдыр дарып, дәулет қонар,  
Күн болса, сонда еске алып мені де алғыз.

Оқудан үлгі-өнеге сабақ берді,  
Ас ішетін аяқ пен табақ берді.  
Жеткенше ел шетіне таусылмастай,  
Күші көп ауырлығы аз тамақ берді.

Кісідей ерлі-байлы болып тату,  
Жоқ болып арасында сауда сату.  
Бір жеті толық жұма ойнап күлді,  
Ауыр деп жолаушыға көп күн жату.

Біраз күн ойнап-күліп мауқын басып,  
Көруге тағы құдай қыл деп нәсіп.  
Қосылмақ оған қиын айырылу деп,  
Екеуі зорға айрылды зар жыласып.

Мәлике-Хәсән тағы онан кетті,  
Қайрылып жолда дағы үйге бармай кетті.  
Түйіскен үш жол басын қосуменен,  
Құдыққа сау-саламат келіп жетті.

Үшеуі үш жолға арнап түскен екен,  
Тілеу бер онда құдай дескен екен.  
Әлде қандай боламыз, қайтамыз деп,  
Бір-бірі үшін көп уайым жескен екен.

Бір-бірі үшін көп уайым жескен екен,  
Айтысқан сөз көкейді кескен екен.  
Білеміз қайтқанымыз қайтпағанды,  
Соған мөлшер қылайық дескен екен.

Құдай білсін біздің бар-жоғымызды,  
Ел не білсін аштық пен тоғымызды.  
Үш оқ шаншып кетелік осы араға,  
Қайтқанымыз алалық оғымызды.

Үшеуі үш оқ шаншып белгі қылды,  
Қай қайтқаны алмақ боп октан тілді.  
Екі оғы ағалардың шаншулы тұр,  
Бұлардың қайтпағанын енді білді.

Бұл жолмен кетіп еді екі ағам,  
Оларсыз елге қайтіп жалғыз барам.  
Алайын іздеп тауып оларды,  
Кез қылар бастап өзі құдай тағалам.

Енді оларды іздеді түсіп жолға,  
Күні толып айналар оңнан-солға.  
Бал мен қанттың аузына дәмі жақпай,  
Қосып ішпек болып енді тұзды суды.

Ана екеуі айрылмай кеткен екен,  
Бір ел тауып зорға эзер жеткен екен.  
Тамақ тауып жей алмай, күнелте алмай,  
Қаңғырып тіленшілік еткен екен.

Қап-қара жарлауланған қабақтары,  
Мойнында қап, қолында таяқтары.  
Іліп алар үстінде бір лыта жок  
Жыртылған баста елтірі тымақтары.

Мәлике көрген жерден білді танып,  
Олар тұр тани алмай аң-таң қалып.  
Басы айналып бәңгі боп, азып-тозып,  
Өлуге аз-ақ қалған естен танып.

Әрең нанды айтқан соң суды, жерді,  
Өлмегенге қара жер соңына ерді.  
Қайталық, кел, ағалар, жұртымызға,  
Іздеген Мұрғұзарды құдай берді.

Мен іздеп Мұрғұзарды көкке бардым,  
Көрмеген өзім туып жерге бардым.  
Бір перінің қызы маған ғашық екен,  
Жолығып кез болған соң оны да алдым.

Баяғы үш айрылған жолға келдім,  
Түгел тұр шанышқан үш оқ соны көрдім  
Сендердің қайтпағаның сонан біліп,  
Өдейі жер түбінен іздеп келдім.

Қарағым, солай ма деп жылады,  
Көздің жасын көл қылып, көп жылады.  
Мына түрмен барамыз не деп жұртқа,  
Өз басының қайғысын жеп жылады.

Жыламандар, құдайым кенелтеді,  
Өлмеген жан жалғаннан күнелтеді.  
Бір басыма киімім толып жатыр,  
Үшеуімізге киінсе мол жетеді.

Ағаларын жетектеп алып жүрді,  
Екеуіне үстінен киім берді.  
Үшеуінің көрген соң бас қосқанын,  
Жалғыз сайтан жүгіріп жетіп келді.

Азғырды ана екеуін келе сала,  
Қоя ма ерік – әліне бұзбай және.  
Токалдың жалғызының соңына еріп,  
Барғанша қалсаң нетті өлін кана.

Бұл – жалғыз, сендер – екеу, жетеді әлін,  
Бүйтін барып еліңе болмас сәнің.  
Көркейіп елдеріңе барғың келсе,  
Жұмысын бір арада бітір оның.

Бір мерей өздеріңе тілімді алсаң,  
Ақыл жоқ мұнан артық маған нансаң.  
Мұның көзін жоғалтып, тып-типыл ғып,  
Құсты алып масайраумен елге барсаң.

Екеуі күңкілдесті бұл сөзге ұйып,  
Бас қосып жүре алмаспыз түзге сыйып.  
Өзіміз тапқан болып мақтанайық,  
Желкесін қу жалғыздың бір-ақ қиып.

Бірі айтты: – Бұл ісіміз жөнге келмес,  
Жуырда оңайлықпен бұл тіпті өлмес.  
Кетелік бір құдыққа тірі тастап,  
Дүниеде бары-жоғын бір жан білмес.

Екеуі осы сөзді ұнатады,  
Жалғызды зар қақсатып жылатады.  
Бар екен жапан түзде жалғыз құдық,  
Хәсәнді қастық қылып құлатады.

Құдықта қалды жалғыз Хәсән өлмей,  
Екі жанға бір жанның әлі келмей.  
Ағалап қанша зарлап қақсаса да,  
Жөнелді бір қайрылып дыбыс бермей.

Басына үш айрық жол барады енді,  
Оқтарын қолымен шанышқан алады енді.  
Қойнына Мұрғұзарды салып алып,  
Екеуі елге қарай салады енді.

Құдықта қалып Хәсән өледі дағы,  
Өлуге өлмесе де көнеді дағы.  
Жаманның кінәсі жоқ немді айтайын,  
Еліне екі шірік келді дағы.

Бар болса, қуанғай-ды өз анасы,  
Халық-жұрттың келіп жатыр бір парасы.  
Қызықсыз бір дағы қалған күндей,  
Өмірдің көбі кетіп азғанасы.

Патшаға бір зор қайғы енді түсті,  
Қайғысы қайғы үстіне болды күшті.  
Жылауын қойып патша тына алмады,  
Келсе де алып ғашық болған құсты.

Бұл патша көрмей дабыл жылайды еміс,  
Көзінің жасын төгіп бұлайды еміс.  
Сендердің сондарыңнан кетіп еді,  
Көрдің бе Хәсәнді деп сұрайды еміс.

Бұлар айтты: – «Біз оны көре алмадық,  
Бірігіп онымен жүре алмадық.  
Біз кеткенде ол үйде қалып еді,  
Сонан соң бары-жоғын біле алмадық.



Патша баласы үшін болды күпті,  
Зар жылап, ас-су ішпес болды титті.  
Жиырма сегіз күні тамам болып,  
Ұйқыдан Ғыналжымал ояныпты.

Ұйқыдан Ғыналжымал тұрды дейді,  
Киімін ашық қалған көрді дейді.  
Қосылған ғашық жарға қуанышына,  
Он бес күн шаһарына ойын қылды дейді.

Бұл жерге ғашық жарым келді дейді  
Мұрғұзар сырымды айтып берді дейді.  
Басқа жан Мұрғұзарды ап кеткен жоқ,  
Іздейін мен оларды енді дейді.

Әмірін (үмітін) ғашық жардан үзбейді енді,  
Телміріп басқаға көз сүзбейді енді.  
Қырық қызын, тоқсан диюін жолдас қылып,  
Шаһарын Нышабордың іздейді енді.

Келеді диюлер ұшып ешбір тынбай,  
Жер-көк арасында сыбыр қылмай.  
Болса да екі арасы неше ай, жылдық,  
Үш күнде келді дейді еш бұрылмай.

Үркер деп шаһар қолы кейін тұрды,  
Шаһарға Ғыналжымал өзі келді.  
Болған соң патша қызы тыңдасын ба,  
Үйіне патшаның кіріп келді.

Патша кіріп келсе, отыр жылап,  
Сөз қатты Ғыналжымал халін сұрап.  
Шаһардың адамының бірі екен деп,  
Отырды патша бермей бұған жауап.

Әй, патша, шығарсайшы дыбысыңды,  
Қойды ма құдай алып тынысыңды.  
Жоғалып қапасымен кетіп еді,  
Бұл жерге кім ап келді бұ құсымды?

Патша айтады: – Ап келген екі балам,  
Бір күйге салған мені құдай тағалам.  
Іске татыр бір сәулем жоқ боп отыр,  
Күшейіп үсті-үстіне қайғы санам.

Әй, патша, мен де өзіндей пақыр дейді,  
Жегерміз бұл мақсұтқа ақыр дейді.  
Өзің патша болғанда жұрт ұлығы,  
Ап келген балаң қайда шақыр дейді.

Бұл қыздың келгендігін ел-жұрт білді,  
Қорыққан көрген жандар атша желді.  
Құс иесі келіпті жүр жылдам деп,  
Екеуін дедектетіп алып келді.

Сендер ме Мұрғұзарды алып келген,  
Мекенін алған шақта көзбен көрген.  
Өздерің іздеп барып алған болсаң,  
Таптындар Мұрғұзарды қандай жерден?

Біз дейді Мұрғұзарды алып келген,  
Мекенін алған шақта көзбен көрген.  
Шығыпты жүдегеннен есімізден,  
Оралтып ғайыбынан құдай берген.

Қыз отыр күйіп-жанып шыдай алмай,  
Жаманды неге қойған құдай алмай.  
Сөз шықты Мұрғұзардан сол арада,  
Сөзіне Сағид, Хамит шыдай алмай.

Құс айтты: – Екі залым шықсын жаның,  
Баруға біздің жерге келмейді әлің.  
Өздерің қиып нағып қастық қылдың,  
Бермегір тілегінді екі залым.

Мәлике мені іздеп барған дағы,  
Жерімнен мені тауып алған дағы.  
Көздерің қиып қалай қылдың қастық,  
Бір бермегір тілеуіңді жалғандағы.

– Әй, патша, балаң үшін жылама зар,  
Көрсетер есен-аман қадір Жаббар.  
Белгісін мені алғанда тастап кеткен,  
Қолында Ғыналжымал жүзігі бар.

Жүзікті қыздан сұрап алды дейді,  
Рас деп құс тіліне нанды дейді.  
Өтірік түбі бір тұтам деген осы,  
Қаңғырып екі итке босқа қалды дейді.

Құс тіліне естумен ел-жұрт нанды,  
Көрмегенін көріп жұрт қайран қалды.  
Сол құсты жөнін көрген басшы қылып,  
Іздеуге Ғыналжымал даярланды.

Қырық қыз бен тоқсан диюдi қолына алды,  
Жол азық, ішіп-жерлік асын алды.  
Мұрғұзар тастағанын көрген екен,  
Сәтте адастырмай алып барды.

Бойы екен жетпіс құлаш тереңдігі,  
Көрінбес көзге биттей құдық түбі.  
Дио қызын адамзатқа қылған құмар,  
Құдайдың бұл бір түрлі шеберлігі.

Көре алмай құдық түбін от боп жанды,  
Кім тірі дер құдыққа құлағанды.  
Зарлы үнмен Ғыналжымал ышқынымен,  
«Хәсәнжан, бармысың?» – деп айғай салды.

Тілекті шын тілеген құдай берді,  
Балқытты көздің жасы кара жерді.  
Дауысын ғашық жардың таныған соң,  
«Мен – мұнда, тірімін!» – деп дыбыс берді.

Құдайым қуандырып жүрек жарды,  
Құдай ғой қылған оңай қиын-тарды.  
Болған соң дию жұмыскер шыдата ма,  
Шығарып сау-саламат бірақ алды.

Есен-сау қылып құдай қолға берді,  
Қылып тұр құдай жақын алыс жерді.  
Әрбірі тынықтырып тыңайтып-ап,  
Шаһарға ұмар-жұмар алып келді.

Қуанып есіткен жан аттай желді,  
Нышабор шаһарының көркі кірді.  
«Сүйінші, балаңды аман ап келдім!» – деп,  
Патшаға Ғыналжамал өзі келді.

Құрмалдық сенен дейді қар басым,  
Ғайыптан құдай берген асыл тасым.  
Сенікі мал да, жан да, қара орманым,  
Деп патша аяғына қойды басын.

Болмады ешкім ие бас пен ойға,  
Сойылған сан болмады жылқы, қойға.  
Елден қайыр сұрасам ырзамын мен,  
Сарып қылды бар қазынасын осы тойға.

Күні-түні дамылсыз көп мал сойып,  
Сегіз күндей қазынаны кілтсіз қойып.  
Ас табылды жеуге ауыз табылмады,  
Аш-арық бір кенелді әбден тойып.

Кенелткен барды-жоқты құдайым ғой,  
Күн бұрын жамандікі уайым ғой.  
Несіне бас-басына мылжыңдайын,  
Болады дәл осындай үш жерде той.

Жеріне Ғыналжымал алып кетіп,  
Той берер ол да осындай тамаша етіп.  
Мәлике-Зулы жолда бір жақтасы,  
О да алады той беріп сыйлап күтіп.

Арақ пен ойын-күлкі, шарап-ішіп,  
Қызықпен неше түрлі өмір кешу.  
Болмайды жақсылардың арасында,  
Былышылдап күндестік қып күңкілдесу.

Ап кетер біреу сыртын, біреу ішін,  
Айтты деп айыптама мұның несін.  
Аяқсыз тастап кетпей тағы айтайық,  
Сағидтің Хамитпенен әңгімесін.

Қайтеді, қайтеді деп күнкіл кірді,  
Не күймен өлтірер деп бұл екі ерді.  
Не қылса өзі білсін, келінжан, – деп,  
Билігін Ғыналжымал қызға берді.

Болатын бұған не бар наза дейді,  
Өлтірмеді жоқтықтан қаза дейді.  
Орынға дұшпандығы тұрмағаны,  
Дұшпанға соның өзі жаза дейді.

Тағдырмен құдай жазған өздері өлсін,  
Бар болса ойға алғаны тағы білсін.  
Тірі боп неменеге ортақтасты,  
Бірі боп сәнді өліктің жүре берсін.

Қылғаны жақсылардың бәрі бапты,  
Сүйсінін есіткен жұрт таңырқапты.  
Тірі тастап кеткендік ақысы деп,  
Ат-тон сыйлап оларға сарпай (шапан) жапты.

Патшаның бір күн ұйықтап көрген түсі,  
Болыпты ұрпағына дәулет құсы.  
Жан екен құдай босқа жаратпаған,  
Оң жұлдыз, сәтті күнде туған кісі.

Мәлік-Хәсән бір оңған жан болыпты,  
Қылған ісі әркімге таң болыпты.  
Бірі дию, бірі пері, бірі адамзатқа,  
Үш жұртқа сайлап құдай хан болыпты.

Тұрған соң бәрін өзі беріп құдай,  
Көрмеңдер болған жанды бұрынғыдай.  
Үш шаһар, үш ауылдай аралауға,  
Айтуға алыс болса да, жүруге оңай.

Мадшәгір, ойнап-күлсең саған бай бар,  
Байлауда міне алмаған асау тай бар.  
Патшаның Так Сүлеймен заманында,  
Төрт мақлұқ, екі адамның айтқаны бар.

Мұнымен тот сөзі тамам болды,  
Күнәдан ол күн қатын аман болды.  
Сөйлескен төрт мақұлық пен екі адамның,  
Нешік деп хикаяты қатын сұрады.

Бұл сөзге таң-тамаша қалды қатын,  
Өзі де бір қу екен сөз жайын ұғатын.  
Жоқ па еді естігенің, ой, Мадшәгір,  
Өгіздің есекпенен хикаятын?

Айтады хикаяттап сонда тоты,  
Ішінде жанар қатын ғашық оты.  
Неше түрлі нақыл едің иштайым,  
Өгіздің есекпенен хикаяты.

Заман әуел құдайымда бір жігіт бар,  
Талап қып үйренеді әрбір өнер.  
Патша Тақ Сүлеймен уақтысында,  
Ол іздеп Сүлейменге бір күн барар.

Кітаптан оны қылдық қисса теріп,  
Пайғамбар мәселесін қызық көріп.  
Сүлеймен патша үйінде отыр екен,  
Бір жігіт кіріп келді сәлем беріп.

Бұл жігіт Сүлейменмен сәлемдесті,  
Сүлеймен жақсы созбен амандасты.  
Дидарын пайғамбардың жылы коріп,  
Есіктен торге қарай қадам басты.

Есіктен жүрді төрге қадам басып,  
Отырды пайғамбармен амандасып.  
Сүлеймен сұрады қажет не ісін бар,  
Айт, берейін құдайдан болса нәсіп.

Пайғамбар, әдейі іздеп келдім сізге,  
Үйретсең жан-жануар тілін бізге.  
Мұратым бұ тұғырдан болар хасыл [15],  
Көңілде қажетім жоқ мұнан өзге.

Айтайын мен бір ақыл, маған сенсең,  
Білмеймін қой-жауарлар тілімді алсаң.  
Алладан уақытсыз-ақ қазам жетер  
Біреуге сырыңды айтып баяндасаң.

Үйренбей қайтқым келмес тіпті дейді,  
Шамасы пайғамбардан жетті дейді.  
Өзімнің өз жанымда қасым бар ма,  
Ешкімге сыр айтпайын депті дейді.

Иә, жігіт шәкірт болды пайғамбарға,  
Пайғамбар үйретті тіл бұл адамға.  
Уақытсыз Алла ажал берер болса,  
Таксыр-ау, айтпайын деп ешбір жанға.

Серттесті Сүлейменмен қатты дейді,  
Уәде пайғамбармен айтты дейді.  
Ұшқан құс, жүрген аң-жануарлар,  
Үйіне тілін біліп қайтты дейді.

Бұл жігіт өзі батыр, өзі сырттан,  
Өнері артық болған тамам жұрттан.  
Бар екен бір есек пен бір өгізі,  
Мойнына қамыт салып егін жыртқан.

Жүрмесе ол өгізді ұрады екен,  
Сасқаннан өгіз мойнын бұрады екен.  
Екеуі күні бойы жұмыс қылып,  
Түн болса бір қорада тұрады екен.

Таяқты күні бойы жепті дейді,  
Қораға түн болғанда кепті дейді.  
Өгізден есек тұрып жай сұрайды:  
– Я, достым, шамаң қалай? – депті.



Өгіз айтты: – Жәйім жоқ мен бір ғаріп,  
Шамам жоқ қызмет қылар тұрмын арып.  
Табайын дейді есек мен бір қайла,  
Сөзіме салсаң құлақ маған нанып.

Үстіме бұл бейнетін өзіңе көп,  
Сен бүгін таң атқанша жемеші шөп.  
Су ішіп, шөп жемесең, демсіз жатсаң,  
Жұмысқа салмас ертең ауырды деп.

Есектің сөзін өгіз қабыл көрді,  
Жеместен тұра қалды шөп пен жемді.  
Есектің өгізге айтқан қайласына,  
Қожа естіп үйде отырып бір мырс күлді.

Өгізге есек солай сөз қатады,  
Шөп жемей өгіз түнда аш жатады.  
Өгіз бүгін дәм сызған жоқ деген соң,  
Қожасы сонда тұрып құлға айтады:

– Құлым-ау, өгіз де мал, есек те мал,  
Мен не десем қабыл көр, тілімді ал.  
Тынықсын өгіз байғұс демін алып,  
Жұмысқа өгізді қой есекті сал.

Құл сөзін қожасының қабыл қылды,  
Есекті кешке шейін іске салды.  
Шығарып ащы терін мұрынынан,  
Қораға өгіз тұрған алып барды.

Ауыртқан өгізді өтірік есек бір қу,  
Бір күн бір түн от жеп сол ішпейді су.  
Қожаңнан қиналдың ба, сыйладың ба,  
Я, достым, тың келдің бе, шаршаддың ба?

Бұ досың ерте кетіп, кешке келген,  
Далада әрбір түрлі қызық көрген.  
Бір күн түгел бір жылға қым шаршайды,  
Бір күнге не кетеді арам терден.

Су ішіп өлсем дағы мен шөп жемен,  
Уай, достым, көңілім хош уақ болды сенен.  
Иеммен кеш батқанша бірге жүрдің,  
Ешнәрсе сөйледі ме сонда сенен.

Иеңіз бүгін кешке келмек болды,  
Келіп сенің мән-жайың білмек болды.  
Жазылып дәл бүгін сен от жемесең,  
Өріске ертең сойып бермек болды.

Есегім мынау сөзің тек-ті дейді,  
Япырм-ау, бұл не деген кеп-ті дейді.  
Қолында әр өрістің кетпейін деп,  
Қорыққаннан өгіз отын жеп-ті дейді.

Үйреткен Тақ Сүлеймен әрбір тілді,  
Естумен үйде отырып қожа білді.  
Есектің өгізге айтқан хайласына,  
Қожасы үйде отырған жырқ-жырқ күлді.

Еш жан жоқ хайуанның тілін білер,  
Отырып өз үйінен қожа күлер.  
Күлкісін сол арада тия алмайды,  
Қатыны қасындағы ыза болар.

Қатын айтты: – Жынын жоқ сенің күлер,  
Бар екен бір сүйгенің жақсы көрер.  
Күлесің тыңдайсың да кеш болғанда,  
Ол келіп тыстан саған дыбыс берер.

Жігіт айтты: – Жарым жоқ сенен өзге,  
Бар болып көрінбей ме келсе көзге.  
Қатынымен екеуі ерегесті,  
Дауласып бір болымсыз ұсақ сөзге.

Қатын айтты: – Не мені талақ қылғын,  
Не бұ сырыңды айтып біргіл (бергіл).  
Бар екен бір сүйгенің жақсы көрген,  
Жарыңмен жақсы көрген бірге жүргіл.

Сол жерде байынан да қатын мықты,  
Қожасы қорыққандықтан тысқа шықты.  
Айтайын бұл жайымды мен біреуге,  
Ол келіп қатыныма айтсын депті.

Сөйлесер сыртқа шығып ит пен тауық,  
Секіріп мекиен қылар сауық.  
Ит айтты: – Қоразына құтырасың,  
Барады мынау иең ажал тауып.

Опа жоқ бұ дүниенің боқтығынан,  
Ойнаймын тамағымның тоқтығынан.  
Өзіне өлсе обалы қожакеңнің,  
Себебі қайратының жоқтығынан.

Тауық айтты: – Жиырма қатыны бар,  
Бәріне ашулансам пейілім тар.  
Шамасы бір қатынға жетпесі бар,  
О баста не қылады алып бекер.

Осындай иең өлсе ойнап-күлермісің,  
Алшандап бұрынғыдай жүрермісің?  
Тауықтан сонда тұрып ит сұрайды:  
– Сен мұның өлмес ақылын білермісің?

Тауық айтты: – Иене айт: бақша барсын,  
Бұтағын тұт ағаштың кесіп алсын.  
Есігін қайтып келіп тарс бекітіп,  
Қатынын жалаңаштап дүре салсын.

Жанына таяқ батса шыдамағай,  
Тұщы етке ащы таяқ ұнамағай.  
Әбден тәубе кылғанша қатынды ұрса,  
Сонан соң қайтып сырын сұрамағай.

Тауық пен ит осылай кеңес құрды,  
Кеңесін екеуінің естіп тұрды.  
Ақыры менен тауық естіді екен деп,  
Тауықтың не айтқанын қылмақ болды.

Ол жігіт топа-тура бақша барды,  
Бұтағын тұт ағаштың кесіп алды.  
Есігін қайтып келіп тарс бекітіп,  
Қатынға жалаңаштап дүре салды.

Жанына ұрған таяқ батты дейді,  
Ғаріп жан бәрінен де тәтті дейді.  
-Өзіңіз не қылсаң да, мейлің білсін,  
Қой, енді сұрамайын, – депті дейді.

Өлімнен сөйтіп жігіт аман болды,  
Қатынға бір күн ақырзаман болды.  
Қатынды рұқсат беріп ол жіберді,  
Бұл жерде тоты сөзі тамам болды.

Бар енді, ау, Мадшәгір, қалма тоқтап,  
Қызықтан құры қалма босқа ұйықтап.  
О дағы жетсін ойнап мұратына,  
Отырған шығар жігіт сені сақтап.

Мадшәгір тыска шықса, таң атыпты,  
Үйіне қайта кірін кеш жатыпты.  
Кеш болса, тотыға кеп қош айтысса,  
Қош деп қостап кеткесін жұбатыпты.

Бір сөзіпен бір сөзін асырыпты,  
Қаптың аузы сөйлесе ашылыпты.  
Әңгіменің түскен соң қызығына,  
Қатынның да құмары басылыпты.

Қатынның тез баруын ұнатады,  
Ұнатса да сөз қозғап тіл қатады.  
Тоқсан танды атырып әңгімемен,  
Сөйтіп өмірін өткізіп, жұбатады.

Біреу қонып, түстеніп көшіп жатыр,  
Біреу жанып, кейбіреу өшіп жатыр.  
Дәл тоқсан бір таң ата шықса тысқа,  
Байы келіп есен-сау түсіп жатыр.

Бай да аман келіпті, қатын да аман,  
Оңғайланып қисайған қыңыр заман.  
Сондай қылып жеткізсін әркімді,  
Сөз болуға жарамай қалған жаман.

Ат бәйгіге қосылдым құлын-тайдан,  
Көрмегендер көзімен білсін қайдан.  
Бұл бір шыққан сөз еді жас кезімде,  
Естіп едім Қойсары Жұмабайдан.

Ішінде Қойсарының мен – Жұмабай,  
Қуанды мен туғанда халқым сондай.  
Әр жерден әрбір жақсы бас қосыпты,  
Еліңде ақын бар ма мен қуғандай?

Сайратып әр жақсылар ортасында,  
Қолға алған домбырасы ол қасында.  
Шөжемен айтыстырам дөп шақыртқан,  
Шамасы Қаржастың бір асында.

### **Сонда Шөженің айтқаны**

Жұмабайға сәлемді құлдық деп айт,  
Екі көзі бірдей жоқ мұндық деп айт.  
Бозбаласын бір үйге жинап алып,  
Тамам Қаржас кылғаны кулық деп айт.

Алғанмен бай болман деп дүние жинап,  
Орынсыз не керек деп құр жан қинап.  
Жұмабай шақыртуға келмей қалған,  
Шөженің жалғыз ауыз сөзін сыйлап.

Жастықта көп жүргенмін карсында,  
Құдайдың қолтықтаған панасында.  
Осыны бір жазғаным есімде бар,  
Он бес пен жиырманың арасында.

Жарлық жетсе Алладан кім қалмақшы,  
Құтқармайтын даяр тұр бір қармақшы.  
Үнсіз берген құдайым әуел өзі,  
Үнсіз қылып ақырда бір алмақшы.

Тумақ, өлмек бүгін, сірә, мұңсыз,  
Күнің бе кететін атсыз, тонсыз.  
Үн барында қадірің ... болса,  
Үн кеткен сөзін боласың тұлсыз, құнсыз.

...сөзін ешкімді ақтай алмас,  
Шықпасаң дейсің бе уақ таянбас.

Денедегі ыстық жан пісін кетсе,  
Мен балаң енді үйге ұйықтай алмас.

Көрге барып кірді ғой талай бастар,  
Кәрі өлсе, жырк-жырк етіп жастар.  
Бәленшекенің өлгені айт пен той деп,  
Қара жерге апарып тығып тастар.

Қара жердің қойынын аштырады,  
Жанның бәріп бұл өлім састырады.  
Тұрып кетер дегенді өршелейді,  
Тас-топырақпен апарып бастырады.

Өз басыңа келген күн осы болды,  
Әкесіз боп қалғанды иіс жарды.  
Туған болсаң өлудің сүті аппақ,  
Қамыңды ойлан күн бұрын жарма болсын.

Бас пен шаштың белгілі ағы болды,  
Өлетұғын патшаның шағы болды.  
Бұ жалғанда сүргенмен канша дәурен,  
Дем таусылар патшаның уағы болды.

Бұл жалғанды кетпейді ешкім қиып,  
Неге тастап жөнелсін үйіп, жиып.  
Естен шықпаспын-ақ десең-дағы,  
Бір тесіктен кетесің еріксіз жиып.

Патшаның химанасы толды дейді,  
Енді асып төгілгенше болды дейді.  
Бір-екі болжалсыз бар бұ жалғанда,  
Бірі кеп кетпестей боп қонды дейді.

Сол екі болжалсыздың бірі – қонақ,  
Кетпестей көреді оны кейбір олақ.  
Жоқ, ол кетін орыны босақала бермек,  
Өмір бойы қылмайды сенде тұрақ.

Жалғанда болжалсыздың бірі – өлім,  
Өссін деуге тоқтатпас туған тұлым.  
Күн бұрын зат түсіріп білдірмейді,  
Саған менің дәл сол деп барар күнім.

Кетерін білді патша әбден танып,  
Күн бұрын ерте ескеріп жүрген нанып.  
Бір мысал насихат қып сөз сөйледі,  
Қасына балаларын жиып алып.

Жалғанда несібемді тердім дейді,  
Алыс пенен жуықты көрдім дейді.  
Халалда өзім шыдап тұрып қалып,  
Пайданы басқаларға бердім дейді.

Кеткен күн, өткен өмір – жер алысы,  
Ешкімнің оныменен жоқ жарысы.  
Кешегі өткен күнге жете алмайсың,  
Ажал – тауық шашылған, біз – тарысы.

Ең жуықта не жуық – өлім жуық,  
Ажал-дауыл, біз – бір бос үрген қуық.  
Жаббар жер жимай қоймас жан біткенді,  
Сөз кайда жер бауыры деген суық.

Басқаны тойғызыппын өзім қап аш,  
Азық үшін алмаспын жалғыз қалаш.



Өзімдікі деп жалған дүниеліктен,  
Кететін күнім туды тыр жалаңаш.

Басыма пайдасы жоқ жидым малды,  
Босатып ара тұрып қайсысы алды.  
Балалар, бас-басыңа жетерліктей,  
Менікі жиған-терген дүние қалды.

Бәрі де жан біткеннің қара бауыр,  
Сондықтан жабы-семіз, жүйрік-жауыр.  
Артымда сендер қалып тұрғаннан соң,  
Бұл кету іс, тіпті, маған ауыр.

Дүние үшін жылап жүр топ күйіп-жанса,  
Мың-миллион есепсіз қып жиса қанша.  
Өзі сөнген күннде шоғы қалмай,  
Отынды көрінген жұрт талап алса.

Білсеңдер кейінгінің қылар ісін,  
Қайраттай шықыр-шықыр оның тісін.  
Қолыңа түскен дүние ұстап тұрмай,  
Жұмсай бер тірілікте құдай үшін.

Құдайдан басқа жан жоқ бір сені аяр,  
Сырыңды сүйген досың жұртқа жаяр.  
Жалғанда құдай үшін берген нәрсе,  
Алдыңнан ақыретте болар даяр.

Жалғанның жолдастығы бәрі жалған,  
Жалғанға жарамайды, тіпті, нанған.  
Өзімсініп жалғанды сен жүрсең де,  
Қайсысы ерін бірге корге барған.

Көрінін әлдеқандай жалғыз тоқты,  
Іздейді ойға алмастан аштық-жоқты.  
Жалған жаман деп қанша қақсағанмен,  
Көзбен көріп тұрғанды қимақ жоқты.

Мастықтан жұрт ала-алмас есін жиып,  
Адам аз өзін-өзі ұстар тыйып.  
Сен қимай жалғанды жан кинасаң,  
Бұл жалған сені бір күн кетер қиып.

Ұлық тұт жаратқышы (жаратушы) құдайыңды,  
Құдай бар қып қойған күн-айыңды.  
Құдайсыз нәрсе болмас ойлап тұрсаң,  
Көп жыйма жалған үшін уайымды.

Құдайға шүкіршілік қыл жатсаң-тұрсаң,  
Адасасың көңілді біттей бұрсаң.  
Шүкіршіліктен қол жуып шыққандығың,  
Бай болып жұртқа атақты сараң болсаң.

Қолыңды созамын деп аса керме,  
Мақтап кетсін деуменен тағы берме.  
Құрылған шариғаттың таразысы,  
Түзу бас шамаң келсе, қисық жүрме!

Жасырып құдай сыйын ұрламаған,  
Тең жаратқан ешкімді қорламаған.  
Пендесіне мөлшерлеп пішіп айтқан,  
Шама келмес нәрсеге зорламаған.

Ай мен күндей хаммаға бірдей заман,  
Тәңіріп бағып-қағады қылып аман.  
Шебер құдірет жасаған адамзатсың,  
Өзің-өзің былғаумен қылма жаман.

Ағам жонған жасайды ашамайды,  
Ісмер ұста жаман қып жасамайды.  
Құдіреттен ұста шебер кім бар дейсін,  
Шебер құдай жаманды жасамайды.

Жаксы болсаң, түп-түзу жолменен жүр,  
Әркім жүріп жатыр ғой көзіңді аш, көр.  
Құдіретіне құдайдың мін қоймай-ақ,  
Жаман болса, кайтейін өзіңнен көр.

Патша айтады: – Бұл сөзді тыңда, – дейді,  
Ойын үшін кім келді мында, – дейді.  
Көш-көш деп біреу келіп тынышыңды алмай,  
Күн бұрын қанатыңды қомда, – дейді.

Жалғыз туған мен емес болып оңды,  
Әркім-ақ болып өткен бұрын-соңды.  
Жұртқа жағам деу өзі қате жұмыс,  
Берсең-дағы жақпайсың ойып қонды.

Бақ пенен ырыс алды жақсы халық,  
Онан соң бір кемің жоқ, болдың толық.  
Ай мен күндей хаммаға айқындығы,  
Бір патша болған екен бізден де ұлық.

Патшада ұл да жоқты, қыз да жоқ-ты,  
Жоқтығын уайым-қайғы қылмас тіпті.  
Құлды – патша, күңдерді – ханша қып,  
Жеткізіп жетілдірген қанша көпті.

Бір күні бір құлына жарлық етті,  
Бұл нәубет бірте-бірте саған жетті.  
Бар-дағы бір аралға патшалық қыл,  
Туралық түзулікке түзеп бетті.

Лық толы бір аралда бар көп халқым,  
Орыс-қазақ аралас ноғай, сартым.  
Көргенінді қыларсың бұлжытпастан  
Бар болса сенде сәуле біттей тартым.

Барасың дариямен мініп кеме,  
Көліксіз жаяумын деп қайғы жеме.  
Жеткізем қайда болса өз күшіммен,  
Жабдығың азық-түлік қайда деме.

Патша жұмсап тұрған соң болды мықты,  
Үйден шығып көрген жоқ желмен ықты.  
Бара патша боласың дегеннен соң,  
Ойламады дәнеме, есі шықты.

Бар деген соң жөнелді тұра алмады,  
Біттей мойын жарлықтан бұра алмады.  
Қалай барам деуге де мұрша келмей,  
Азық-жабдық үйіне бір алмады.

Түсіп кетті дарияға, кеме мінді,  
Кеме суын білмейді, неге мінді.  
Түпсіз теңіз толқыны таудан да зор,  
Оңды-солды көрді енді ескен желді.

Кеме быт-шыт, тас-талқан, толқын қағып,  
Түпсіз теңіз дарияға кетіпті ағып.  
Бірде батып дарияға, бірде қалқып,  
Толқын жұтып келеді кірпік қағып.

Жақсы болсаң түп-түзу жолменен жүр,  
Әркім жүріп жатыр ғой көзіңді аш, көр...

...Есі-дертің күндіз-түн жылқы – койда,  
Қазына үйінде бар болса, бұлың бойда.  
Бірлі-жарым намазды ұрлап оқып,  
Жұрағат боп бас қосу жоқ боп үйде.

[Қия] ап қалар бар шығар тергеніңді,  
Су-ас тілге қоймайсын ергеніңді.  
Құдай үшін көрді ме халқын айтшы,  
Жарқыратып ат пен тон бергеніңді.

Өз басыңды жойғанға құн бересің,  
Дұшпаныңа не берсең шын бересің.  
Жалғыз-жарым тіленші келсе есікке,  
Құдай үшін бір уыс дән бересің.

Он тиынды біреуге қимай тегіс,  
Ең көп берсең, бересің тесік күміс.  
Екі тиын бақырды қимағаннан,  
Бір тиыннан беретін бар бір беріс.

Залал қып шын баратын жолдарыңа,  
Атпенен сенемісің тондарыңа.  
Жаға-бас қырқылған, жең жыртылған,  
Ескі көйлек түседі қолдарыңа.

Екі мың жылқы біткен бай кісі бол,  
Қазына, мүлік, алтын-күміс есепсіз мол.  
Малшы алмаған менсінін жыртық киім,  
Кедейге ең көп берсең қайырың сол.

Айдабол ішінде Тайкелтір, Шалқарбай қажы,  
Баласы молла Мәшһүрден Ан Хазіретіміздің.  
Миғражға ашылмағына себеп не екен?!  
Екінші, Құранда азалмола аалалығы.

Иықтысымды дейді сонда сол қағырып (мықырып),  
Періштелер неменеге дауласты?  
Осы екі сөзге шешу сізден табиалмаса,  
Басқа молла кітаптан көріп тұрса да.

Шешіп түсіндіре алмады деп,  
Сұраған сөзіне берілген жауап.  
Ояу молда екен ол өзі өлеңмен,  
Сұрған соң молда да өлеңмен шешті.

### **Молда Жүніс сөзі**

Бисмилла – сөздің әуел батасы,  
Екінші хамидшана болсын басы.  
Құдайым барша жаннан артық қылып,  
Қолыңа ұстағаның дүрдің тасы.

Бұл-бұлсыз қолдан-қолға тұрмай жүрген,  
Бойға тең ешбір жанды көрмей жүрген.  
Хан, кара, қожа, молла, патша болсын,  
Мойынды алытғат қып бұрмай жүрген.

Бір шыққан жан едің сіз жұрттан сирек,  
Жетеді дәрежеңе кім таласып.  
Шөл шықса ағызыңыз дән кәлләм хикмет,  
Кетеді мәжілістер маукын басып.

Ал, тыңласа дегеннен алдымен балық жұтып,  
Жұтса-дағы шайнамай быт-шыт етіп.  
Барлық-жоқтық қосылмай ешбір санға,  
Келе жатыр өзінен дәрмен кетіп.

Жұтқан балық тастайды лақ-лақ құсып,  
Жүрегі айнып жұтса да жаман шошып.

Жайындардың аузына кетіп қалып,  
Жұтамын деп балықты тұрған тосып.

Бұл зорлықпен бірнеше өтті заман,  
Белгісі жоқ болумен жақсы-жаман.  
Қанша күннің өткенін кім санапты,  
Тыржалаңаш құрғаққа шығыпты алан.

Көрем деген ойда жоқ жұрт пен елді,  
Бұл бейнетпен жүрген жан нені білді.  
Ғақыл естен айрылып тұттай болып,  
Тіпті ұмытып қалыпты сөйлер тілді.

Хан жарлығын бұлш арал ұққан екен,  
Құлдық бас деп бой ұсынып бұққан екен.  
Сендерге патша сайлап жібердім деп,  
Телеграм әлдеқашан соққан екен.

Уа, құдай, берді ғой деп қуанысып,  
Жүрегі қуанғаннан алып ұшып.  
Патшамыз қай күн келіп қалар деп,  
Жағалай тұрған екен жолын тосып.

Екенін патшасы осы білді дейді,  
Алайық ұлық айтқан тілді дейді.  
Жан қалмай қатын-қалаш, бала-шага,  
Қуанып ұйма-жұма келді дейді.

Құшақтап, қуанысып қойнын ашып,  
Қатындар қуанғаннан шашу шашып.  
Ішкен – мәз, жеген – тоқ боп сатусыз аз,  
Той қылып мезгіл-мезгіл қазан асып.

Құр көрумен карашы көңіл тоғын,  
Жайнатып жатыр дүние қызыл шоғын.  
Патша келді, той болды, «уаныш зор,  
Тілінің ескермейді барын-жоғын.

Көтеріп мінгізеді мұны таққа,  
Қарашы, құдай берген біттей баққа.  
Қуанған патшаң түрі осы ма деп,  
Кісі жоқ сабайтұғын жұртты жаққа.

Тұрған соң жұрт қусырып бұған қолды,  
Жұлдызын оң ап шыққан болды жолды.  
Халық көтеріп қолына алуменен,  
Ақыры ірі дөкей патша болды.

Жұрт билеп, патша болып дәурен сүрді,  
Қызығын бұ жалғанның түгел көрді.  
Бәрін де ойға алғанның қыла беріп,  
Түсірді жұрт көзіне әрбір торды.

Дүние-ай, алды-артын аз оң мен түскен,  
Оңбайды ешбір жұмыс қуат күштен.  
Жіберген өзін айдап ұлық патша,  
Дүниеде бары-жоғы шығыпты естен.

Ешбір тосу өзіне кез келмепті,  
Бір өзінен басқаны көзге ілмепті.  
Мені осындай қылушы біреу бар деп,  
Күнді-түнде ойына бір келмепті.

Алдыма келерсің деп бір күн қайтып,  
Ешкімге қарама деп көз алартып.  
Патшалық пәлен жылдай құрарсың деп,  
Кесімді күн беріпті санын айтып.



Айсапты қалған екен жемі бітіп,  
Ұры өмір көрінбестен қалған кетіп.  
Келсіп маған бір сен деп есеп-тосап,  
Патшадан келді үкімі қағаз жетіп.

Тез жүргіш жая пошта келген иштап,  
Ап кел деп тез алдыма асығыстап.  
Патшадан келген жарлық бас бұрдырмай,  
Тұр, жұр деп шапшаң, жылдам қинап-қыстап.

Пакеттің келіп қалған аузын ашты,  
Асығыс болды жарлық жаман састы.  
Бір қайран болысарлық жан бар ма деп,  
Пақырды қимас, достас жар жолдасты.

Болғанмен дүние қанша ақыры осы,  
Күн бұрын болмай үйір мұнан шошы.  
Жерінде сенің өлген өлем дейтін,  
Бар екен аса тату бір үш досы.

Бәрі де қосып басты жүреді екен,  
Қолқасын бет қайтармай береді екен.  
Татулығы бәрінің бірдей емес,  
Үшеуін де үш түрлі көреді екен.

Біреуін – көреді екен жаннан артық,  
Жері жоқ болған қолы оған тартық.  
Оны көрмей отырса өлгендей боп,  
Татулық, тәттілікте жоқ боп шартық.

Жібермей сүйген досын өз қасынан,  
Көремін оны қызық жер асынан.  
Келмейді аш ішкісі көзіне ұйқы,  
Бөлініп біттей кетсе жан басынан.

Ал енді ол жоқ болса жемеші ас,  
Кез қылған мұндай досты құдайға бас.  
Томсарғаннан томсарып қала берді,  
Ермек түгіл қарамай көтеріп бас.

Біреуін – көреді екен жандай ғ...  
Жан екен сөйткен досы қандай... .  
Әр ғыйлы, тар ғыйлы боп жүреді екен,  
Бірде ащы, бірде болып балдай тәтті.

Бұл дос зоралаңқы әрең тұрды,  
Көп сыртына шығармай ішкі сырды.  
... Бағиз алға барғанынша бірге жүрді,  
Мінерде отарбаға ға... құрды.

... Жексұрындар көретін бірі қалды,  
Қиып оған бермейтін жақсы малды.  
Шығарғанын көңілден сорға беріп,  
Қимайды оған беруге бүтін нанды.

...Ақша берсе бұл пақыр жеті тиын,  
Оған арнап қойғаны ескі киім.  
Кірсе, шық деп айтпайды, кетсе, кел деп,  
Көрген емес ажарлы беріп бұйым.

Жазатайым бұл досы болса қонақ,  
Өзгеңе оңды болса да, бұған олақ.  
Қадірсіз, құнсыз қылып жөнелтеді,  
Досына барлыққылған сыйы сол-ақ.

Жаннан тәтті достары қала берді,  
Сыбағасын қолына жаңа берді.  
Жексұрын дос жалпылдап, қалбалақтап,  
Ілгері озып аңқылдап сала берді.

Пароходқа ілесіп бірге мінді,  
Патша алдына бас қойып бұрын енді.  
Арашалап айырып алыпты сол,  
Жалғыз ауыз айттырмай бұған тілді.

Ата тұзын балалар ақтасыпты,  
Әркім күшін шамалап шақтасыпты.  
Мынау өзі жан екен табылмайтын,  
Деп білгені соңғыны мақтасыпты.

Аналардай бір көрмей көрсе де жек,  
Неткен жан деп қылмаған соны сен кек.  
Жан алмайды, апарып қайда сатам,  
Алтынға арзан сөзімді берсем де тек.

Балалар, түсінбедің сөзге, – дейді,  
Бұл бір сөз жөн-жобасы өзге дейді.  
Әркімге мысал ғибрат болу үшін,  
Көрсетіп қойған құдай көзге дейді.

Өзі – зор, өзі – күшті құдай патша,  
Еркі бар жоқтан бар қып жан жаратса.  
Дүниеге жіберген пенделерін,  
Кімді-кім көреді, айтшы, тумай жатса.

Бір дария суы құрғақ ана қарды,  
Жатқызған сол қарынға балаларды.  
Әркімді әрбір түрлі күйге салып,  
Тартқызған неше түрлі қайғы-зарды.

Әуел бір су болдық қой балық қосқан,  
Ана қарны жайын боп оны тосқан.  
Төрт қырық күн неше түрлі күйге түсіп,  
Жан қайда жүр аралап шарыққа ұшқан.

Жан орны әуел болып күдірет қасы,  
Адамның не көрмейді жұмыр басы.  
Бес ай жанды тар жерде күн кешіріп,  
Қаны боп кіндігінің қорек асы.

Тоғы ай тоғыз күнмен толып күні,  
Шырқырап шығысымен шығып үні.  
Қатындар дәмеленіп андып тұрған,  
Туат деп қашан бала күндіз-түні.

Алдынан бірі алады кіндік кесер,  
Шапқылап сүйінші деп қаншама есер.  
Шашу, жыртыс, бесікке салары бар,  
Ат қояр ол ол-пұлмен күндер кешер.

Күзетіп қыз-бозбала шілдеhana,  
Ойын-сауық, өлең-жыр болып және.  
Таққа мінген патшадан қадірі кем бе,  
Сары алтындай толқып туған бала.

Ал енді бұл дүниеде жүрді-тұрды,  
Әртүрлі жұмыспенен дүкен құрды.  
Хақ жол бар деп бұл қашан мойнын бұрды.

Туған жанға өлім бар, күні келді,  
Құдай алды барлығын, сонда білді.  
Бұрылтпастай мойынға құрық түсіп,  
Тырп етуге келтірмес болды тілді.

Жалғанда аса жақсы көретін дос,  
Қызыл тіллә, ақ жамбы, алтын-күміс.  
Дүние қуып соңына түскен жандар,  
Бір тиынын сатусыз бермейді бос.

Үй-іші, мүлік-қазына жиған-терген,  
Жолдас боп өлген жанға қайсысы ерген.  
Ермек түгіл шығарып сала алмайды,  
Тұрған тұрған жерінде қала берген.

Онан соңғы жақын дос – қатын-бала,  
Ағайын-туысқандар болса және.  
Жолдас боп еріп барар біреуі жоқ,  
Ең қимасы барады көрге сала.

Бірге қалмай кетем деп қайсысы айтар,  
Кем-кетікті толтырып жоқ молайтар.  
Терең қазып тегістеп көміп тастар,  
Құтылдык па дегендей үйге қайтар.

Әне, өзіңе жексұрын сүйкімсіз дос,  
Құдай үшін зәредей қылсаң жұмыс.  
Сен көңілсіз жалғанда қылсаңдағы,  
Айдалада қалмайды бекер боп бос.

Тұтатұғын ораза, оқыр намаз,  
Мезгілімен дұрыстап қылушың аз.  
Оразаны тұтпайсың көбің және,  
Ұзақ күнде шілдеде күн – жаз.

Мейлі ұнамды боп шықсын, мейлі жөне...  
Бәйгеге енді ұялмай кім қосады?  
Шар тартқан шабдар бурыл қозы күрең,  
Қакабасында сөйленді қатын халқы.

Оған тағы серік бар, емес жалқы,  
Ортасын оқыған жұрт білер тегіс.

Имандар мен сауданың шықты нарқы,  
Біреу күлер, кейбіреу қылар ашу.

Ашулану – кетпеннің басын басу,  
Жастар үшін жайылған дастарқан...  
Жаңа шыққан бір жеміс барсын ша...  
.....

Ғалым қал, ғалым қалдан ихре алып,  
Орнаған қоңіліңізге жанған ғапар.  
Сөндірмей тәңірім қойды сол жандырып,  
Бал-шекер ағызыңыз дандыр тандырып.

Бір үлкен ғақыл маған .... маш пенен,  
Кетесіз кез-келгенді бір қандырып.  
Бұхар барып кірдің дәрісхана,  
Самарқанд, Шымкент, Сайрам, Ташкен және.

Әркім өз заманында ябид шағыр,  
Дегендей айтұмызға болдың дана.  
Өтіпті имам Мұхаммет боп сыры,  
Оның жоқ шағырлықта еш ғайыбы.

Болып тұр өнеріңіз соған ұқсап,  
Табиғат (табыс) дұрыс болып тұрса жайлы.  
Ұзады табиғатты дүние суым,  
Жарықсыз жүрген күнің болған соң түн.

Сөйлесең қара қылып адамдарға,  
Жөніңді қисық қылып табады мін.  
Біз айтып тауыспаспыз сіздің кепті,  
Аралап таман қылған барша көпті.

Бұқарекен, Шортанбай, Сақау, Көтеш,  
Ұмсын, Заман, Күдері, Ұлбике өтті.  
Өзі жоқ, бәрінің де сөзі қалған,  
Табылмас сынға салсақ ешбір жалған.

Моллекем жауап берер кез-келгенге,  
Сұрайтын бір сөзім бар ойыма алған.  
Сұраймын бір мәселе мытқансыз,  
Жанып тұр өнеріңіз майсыз шамсыз.

Інінен (сыйынан) әрбір сабаз шығып кетіп,  
Бай асып жеке қара жүрген жансыз.  
Келмеген талас, бағыш (бағыс) біздің ойға,  
Тағылар мұндай мінез мін боп бойға.

Кісіміз хал мүшкіл кез-келгенде,  
Пайдаланып қалайық қалмай жайға.  
Хат жаздым осы сөзді көңіліме алып,  
Жүргенім жарамас деп махрұм қалып.

Мүнтшыр бір пайдамыз тие ме деп,  
Лажсыздан қылдым мін бір талып (тауып).  
Барады күші жеткен қағба қымқа,  
Болмаған бару көпке шашылған мүшкілді.

Шешетұғын парыз, дәулеті азға,  
Шақырып құзырына жол келсін деп.  
Шығарған не себепті Миғражға,  
Бір сөзге ...ніз ғалашқан көп періште.

Қызметкер әрқайсысы әрбір істе,  
Таласып неше жылдай мына зәре.  
Таба алмай басы қатқан ерте-кеште,  
Іште (пеште) төрт мақырып таласыпты.

Таба алмай төрт мәселе қарасыпты,  
Мың жылдай қалкылмаған сол мешкейін.  
Моллеке-ау, ақырында кім шешіпті?  
Арада бір жыл өткен соң Мәшһүр  
оған айтып берді:

Не үшін сөз қан-жынынан қортылып,  
Сүтке айналсын үшін сұраған жылы.  
Ұғадар жылы еді қара киік жылында  
жауап қайтарылды.

### Мәшһүр сөзі

Сұрадың бізден бір сөз, молла Жүніс,  
Нүсіпхадан көргендіктен байқап дұрыс.  
Қолқанды пұлды қылып берейін деп,  
Көңілімде сақтап жүрдім бір жаз, бір қыс .

Кеңестен қалман тоқтап тіл байланбай,  
Кешікті шешілі (у)ге ыңғайланбай.  
Шөп пен су, қан мен жыннан қорытылып,  
Сүт болу оңай емес, жыл айналмай.

Ел кезіп диуанадай жүрмін ақтап,  
Арақ ішпей мас болып сандырақтап.  
Бір Мақпалдың баласы болғандықтан,  
Ағанды көтересің мұнша мақтап.

Құданың көп шүкірлік бергеніне,  
Қағазға қолым жорытып желгеніне.  
Қуандым лашығыма мен де сыймай,  
Соңымнан сендей іні ергеніне.



Кітаптан мен көргенді сен де көрдің,  
Ілесіп із өкшемнен баса жүрдің.  
Бір жерден екі көңіл шыққандықтан,  
Мен көрген жерден өзің жазып бердің.

Сөйлеткен жастан тәңірім әлһәм беріп,  
Бұлбұлдай қызыл гүлді жүрміп теріп.  
Сөз форымын жұрт көзіне көрсетейін,  
Самарқанд жібегіндей оннан өріп.

Көңліме ерте қонған сөздің ауылы,  
Құлақтай таудан түскен қалың қаулы.  
Бұл сөзге сіз сұраған көп періште,  
Талас қып неше мың жыл болған даулы.

Қағаз ақ болғанмен, сия – қара,  
Қаламсыз оған қылар бар ма шара?  
Періште төрт махырып бас қосқанда,  
Төрт сөзге қылысыпты мүнәзірә.

Жүрген жоқ періштелер бекерге ойнап,  
Сүңгіген бұл дарияға әркім бойлап.  
Жанжал боп періштелер мың жыл ойлап,  
Бір алла Мұхаммедтің нұрын қылды.

Ғаламнан он сегіз мың бұрын қылды,  
Артылтып құдірет өзі барша жаннан.  
Ғылымға көңілі оның орын қылды,  
Ғаламға захар қылып нұрын шашты.

Жебірейіл Ғазірейілден білімі асты,  
Ал мынау садығына дейді бәрі.  
Еш мақұлық шайқамады бұған басты,  
Кеңесті төрт періште басын қосып.

Шешілсе кәне бізге бұл сөз десіп,  
Әпкелсе (алып келсе) китарсыз тәңірім айдап.  
Делікір боп тұрар едік жолын тосып,  
Құданың құдіретіне жақын құлы.

Жаратты бізден артық әлбетте оны,  
Бас қосқан төртеуміздің ортамызға.  
Тіледі бір келтіріп тәңірім соны,  
Бұл сөзді шын тыңдаңыз қойып құлақ.

Келеді тыңнан саулап жаңа бұлақ,  
Шақыртты Жебірейілден сый-құрметпен.  
Сүйікті құлы үшін достын қонақ,  
Балқытты қорғасындай басса тасты.

Жеті қат көк қуанып қойнын ашты,  
Дұғасы періштелер қабыл болып,  
Мұхаммед хақ пайғамбар Миграж асты,  
Қарасты хор қыздары қағып қасты.

Өте берді бұларға бұрмай басты,  
Фікән қап құсын уа діні.  
Бізге онан жақынырақ жақындасты,  
Бастан басты саты қып жүрдім дейді.

Шымылдықтың ішіне кірдім дейді,  
Өз аузынан естілген бұл анық сөз.  
Бетпе-бет айқын анық көрдім дейді,  
Пердесіз құдірет ашты дейді жүзін.

Неге меңгеп (меңзеп) айтайын оның өзін,  
Я, Мұхаммед, жебім (жебем) білесің бе?  
Дауласқан періштелер жанжал сөзін,  
Есі-дертім осы күн жүзің дедім.

Маған керек өзіңнің сөзің дедім,  
Сен тұрғанда қалайша білем дейін.  
Білгішірек баршадан өзің дедім,  
«Кигізді лағамрек тәж лүлек (күлек) тонын,  
Көрсетті тура өзіне барар жолын.

Жолын тоты құсы жаурын ортасына,  
Мехрибандық тигізді құдірет қолын.  
Денеме құдірет қолы тиді дарып,  
Еттен өтіп сүйекке жетті барып.

Екі емшегім арасы мұздай болды,  
Қолқа, жүрек, кеудемді түгел жарып.  
Бойыңа зор жақсылық келді дейді,  
Шешерсің жетпіс екі тілді дейді.  
Немене періштенің даулы сөзі,  
Көңіліңе қонды ма, айтшы енді, – дейді.

Дәл болды айтқаныңдай пәлі дедім,  
Сұрасаң енді менен кәні дедім.  
Әппақ қып судан сүтті айырғандай,  
Берейін түгел шешіп аны дедім.

Кіғарат дүр таласының,  
Бар ғамы адамзаттың баласының.  
Мұны орнына таратып қолмен қойып,  
Жанжалын тыныш қылайын арасының.

Иншалла, бұлар руа бар ма қажат,  
Құдайға қылса жылап кім мінәжат.  
Бір бұл талас сөздің уалла ғылым,  
Пенделер табады деп немен ніжәт.

Бұл өзі болған бұрын әңгіме гып,  
Таласқан періштелер бұл сөзге көп.  
Сөзінің болған тартыс біреуі бола,  
Дәреже табылады немен деп.

Құлақтың қарыны сөзге тоя,  
Білген жан сөз мәнісін көңіл қоя.  
Бірі бұл сұрайтұғын сөздерінің,  
Пенденің не нәрсе деп басын жоя.

Алла айтты: Я, Мұхаммед, айттың жөнін,  
Хақиқат тауып айттың сөздің шынын.  
Сөз еді түспей жатқан көптен көзге,  
Жалаңаш қылыш тапты жаңа қынын.

Бұ жерге жан келмеді сенен өзге,  
Менімен сөйлесуге жүзбе-жүзге.  
Қылыштай қынабы алтын жарқ-жүрқ етіп,  
Асылып енді белге түсер көзге.

Алла айтты: – Періштелер, басынды қос!  
Қонаққа келді бізге сүйкімді дос.  
Алдынан жолын тосып жолығыңдар,  
Алтыннан ағып келген құр қалмай бос.

Тігіп тұр жол үстіне көздеріңді,  
Берік тұтып бекем ұста өздеріңді.  
Шешетін сөз түйінін шебер келді,  
Сұрап қал қапы қалмай сөздеріңді.

Бұл сөзбен періштелер қосты басын,  
Көргелі тамаша етіп дүрдің тасын.  
Алдынан әдеп бірлән сәлем берді,  
Баршасы бірдей қойып шын ықыласын.

Ысрафыл сөз козғады әуел бастан,  
Кетпейін керек жерін айтпай тастап.  
Қағаратка сыланбаған не нәрсе деп,  
Көңілінде сұрар сөзін айтты ұйқастап.

Қылмайды ешнәрсені пенде біліп,  
Қаларын және білмес неден өліп.  
Пендеде табыларлық ес бар ма деп,  
Кінәні быт-шыт қылып кетер бөліп.

Пайғамбар айтты әрқашан құдай жарды,  
Қылады күдірет оңай қиын – тарды.  
Қығарат (Кінәрат) көп күнәға болатұғын,  
Қылдырса тәңірім бастап үш іс барды.

Біреуі – тахараты кәміл болса,  
Жер баспас тахаратсыз жүрсе-тұрса.  
Қоймаса тахаратсыз ғадет қылған,  
Үйіне келтірместен күйсе-тоңса.

Құдайды шын ықыласпен көңіліне алса,  
Болса да жері алыс қанша.  
Ғұмырында ғадат қылып тірек қылмастан,  
Жамағат намаз үшін мешіт барса.

Намазға ерте баруды ғадат етіп,  
Мешітке елден бұрын барса жетіп.  
Тырп етпей намаздыгер оқыған соң,  
Сарғайып намазшамды алса күтіп.

Қалды ма сөзден шартық қаны дейді,  
Іздесең мені сөзге мәні.  
Бұл сөзге періштелер қайыл болып,  
Сыдық ұстазыңа пәлі дейді.

Хазіреті Микаил жақын келді,  
Мені жаңа көрдің деп сөйлер тілді.  
Табылды қығараттың әбден орны,  
Дәреже артылады немен енді.

Пайғамбар айтты намаз жаршысы азан,  
Қор көп сөз, мәнісі жоқ жарапас(з)ан.  
Үш іс бар дәрежені артылтатын,  
Біреуі – оттан түспесе қара қазан.

Тікен болмай көрінсе боп қызыл гүл,  
Қатарласып бір жүрсе қол менен тіл.  
Дастарқаны жыйылмай күні-түні,  
Асқа тойып алдынан тарқаса ел.

Адам дария болады жүруменен,  
Шеберлігін құдайдың көруменен.  
Дәреже артылады өлшеусіз зор,  
Қолы ашық боп әркімге беруменен.

Қасқайып мейман көрсе кірсе қасы,  
Қол қусырып шылғытып тұрса басың.  
Бергенге беру деген әркімде бар,  
Бермегенге көл көпір қылса асын.

### **Үйсін Төле би айтқан екен:**

«Аллаға жағайын десең, азанды бол,  
Халыққа жағайын десең, қазанды бол».

.....  
.....

Ақыл естен айрылса, мейман көрсе,  
Көлеңкедей боп тұрса шықса, кірсе.

Таныған, танымаған жан біткенге,  
Сынқылықпен сәлемді бұрын берсе.

Түн қараңғы жан біткен ұйықтап жатса,  
Үйде отырып тырп етпей бұл түн қатса.  
Түн намазын оқумен дамыл көрмей,  
Түн өткенін білмей қап таңдар атса.

Дәнемені білмеген мұндық дейді,  
Табылған сөзге тоқтап тындық дейді.  
Бұл сөзді айтып Микаил кейін қайтты,  
Алтын болсын сөзіңіз құлдық дейді.

Жаза берсе сөз болар жоқтан-бардан,  
Сұраған сөз Жебірейіл пайғамбардан.  
Не нәрсе деп сұрады білу үшін,  
Құтқаратын пендені қиын-тардан.

Қалдырмастан сөйлейін сөзден шартық,  
Ар жағында көзі мол, емес тартық.  
Кімде-кім жаратқышы бір Алладан,  
Қорқынышы күннен-күнге болса артық.

Нәпсісін күннен-күнге болса артық,  
Нәпсісін өзі билеп жерді басса.  
Отқа түсірер орнынан аулақ қашса,  
Жұрт көзінше құдайдан қорықса қандай.

Оңашада қорқынышы онан да асса,  
Елең-селең қылмаса қарын тоқтық.  
Отындық болмаймысың болса оқтық,  
Құдай үшін қолы ашық болса мырза.

Бірде болса көңіліне барлық – жоқтық,  
Ашуланып ажары бұзылмаса.  
Елермесе серейіп шадлыққа аса,  
Мақтау, боқтау бәріне бірдей шыдап,  
Ашуынан сақтанып тұрса оңаша.

Тамам болып мұнымен бұл сөз тынды,  
Өтіріктен өтіп алып таптық шынды.  
Бұ да ойдағы өз сөзім сұрау үшін,  
Ғазірейіл даярланды періште енді.

Әркім өзі білдім деп қылар бір іс,  
Қайсысы оң, қайсысы келер теріс.  
Білің қылар пенденің бір ісі жоқ,  
Бұ жалғанның ісі дау жанжал кірісі.

Жүзіңізді көрген соң қалдық тойып,  
Аузыңыздан не шықса құлақ қойып.  
Қандай нәрсе айтуыңыз әшкерә ғып,  
Білінбестен пендені кетер жойып.

Пайғамбар рас білу қиын,  
Надандар өз басының білмес сыйын.  
Пайда мен залалдың білмей парқын,  
Бас қосар бір араға қылып жыйын.

Пір болып, басшы болып бастаса жол,  
Пір тұтып, берсе тегіс жұрт оған қол.  
Болғанмен жұртқа қығыл жұмысы жоқ,  
Бұл өзі болып жүрсе нәпсіге құл.

Соңынан ерсе жұрттың кәрі-жасы,  
Әр жерде болып даяр алдында асы.



Жұрт ғамын ойлауменен ісі болмай,  
Нәпсінің айдауында жүрсе басы.

Нақ адасқанға нәпсі налып,  
Әйтеуір бірі жеңер барып-барып.  
Иненің жасуындай қасиет жоқ,  
Жоғалар өзін-өзі жоғары алып.

Өзіл де қылса тәңірім бар ма шаран,  
Не пайда құр болғанмен мың сан қаран?  
Бас жоятын планның қак маңдайы,  
Бай болып, дәулеті мол қылса саран.

Пайғамбар қиын сөздің кілтін ашты,  
Шат болып періштелер таңырқасты.  
Сөзінің Мұхаммедтің шындығына,  
Құдайым өзі құдірет мөрін басты.

Дарыған құдірет қалам бармағына,  
Ілінген дүрдің тасы қармағына.  
Шешуі осы сөздің себеп болған,  
Миғражға нақ Расулдың бармағына.

Қырық түрлі себеп жазған сияр шариф,  
Тамамдап оқып бәрін көрген ғаріп.  
Өзімнің ұстағаным осы болды,  
Қырпоты нәсиһа (нұсқа, нысқа)  
сенен жазып алып.

Көрінген сонда түгел көзге түсіп,  
Дауласқан періштелер сөзін шешіп.  
Сөз қылып барды-жоқты шата берген,  
Демеңдер әуре жан ғой Мәшһүр-Жүсіп.

Қарқ болдым мен, кінә сығға бата-бата,  
Көп қылды өтірік мақтап жұрт ми қаға.  
Аламын білместікті мен мойныма,  
Сөзімде білмей айтқан болса қата.

Атамыз бұ әліпсір Адам ата,  
Әрқашан адамзатта болған қата.  
Көңіліңе тиін айтқан жақсы сөзім,  
Қылыңдар есіткен жан маған бата.

Бір мың сегіз жүз тоқсан тоғызыншы жылда жазылған сөз еді. Сол насихасынан бір мың тоғыз жүз алтыншы жылда қайта көшірілді.

Қоян жылы, жиырма жетінші февральда, сенбі күні Мәшһүр Жүсіптің өз қаламы илан.

### **Орманшыдан шыққан молда Ғали Күзенбайұлының Мәшһүрге жазған сәлем хаты**

Бисмилласыз (Бісмілләсіз) басталмас мерзі бал,  
Өнерің болса жастықта қимылдап қал.  
«Жығылсаң нардан жығыл» – деген сөз бар,  
Молда Жүсіп ақынға салдық шеңгел.

Лұбайдай шақырлықпен атың шыққан,  
Мың сан ахун сіздерден қойдай ыққан.  
Бұхар, Ташкент, Самарканд бәрін кезген,  
Су жұқпас сұм жігітсіз жұртты қорқытқан.

Иманғали сұрасаңыз атамызды,  
Тағитшылық білесің затымызды.  
Мәшһүрге бес –алты ауыз бет жазып өтейік,  
Ғыл ғылым хақымызды.

Жасыңнан сен түрлендің әрбір түрге,  
Бұхар барып қол бердің қандай пірге.  
Тоғыз айда һаммасын тамам етіп,  
Енді қоса былайт қылып құрсыз деректорге.

Ақымақ адам мақтанар батыр десе,  
Ғақылды адам ұнатар пақыр десе.  
Өзіңізді Мәшһүр деп тақырыптайсыз (тақырыплайсыз),  
Ғалымдар тахриф ланғыз батыл десе.

Ғадатыңды дүр өле, аят жазмық,  
Тәмірхыр қып біреудің мінін қазмық.  
Тәжісі бен ғырының ғыбын теріп,  
Уа, ойлайсыздай ғазиз жолдың азмық.

Уазифаңыз сіздердің дін шама қылық,  
Қараңғы биналарға шам жақмақлық.  
Мәшһүр оқытыңыз не заих қылып,  
Һах (Хеф) дүр газеттерге сөз жазымқылық.

Мәшһүрдің өлеңіне әркіт талып,  
Хат таны түн аншылар (ашылар) жазып алып.  
Ағуз ләбим алла айтпай аятларды,  
Домбырамен айтады әнге салып.

Өлеңге аят жазасыз тағиф қылып,  
Надандардың бұзарын біле тұрып.  
Жөн білмес мүжикларға атаман боп,  
Тахыта кіпа ғыла кеттің кіріп.

Надандар күпірліктен қылмас қауіп,  
Обалы Мәшһүрге деп сізге жауып.  
Себепшісіз болғандай көрінесіз,  
Ұрыларға бергендей сойыл тауып.

Өлеңге аят жазып жүрсін ғапыл,  
Ашуланба бұл сөзге болсаң ғақыл.  
Қыркіт жоқ, сүкүн жоқ ғыраббына,  
Надандардың көбісін қыз(л)дың кәпір.

Өлеңі мен жерсін мені пісірместен,  
Басын оқып ақырына түсінбестен.  
Мен қал демей карағыл мақалға,  
Ашуланып бұл сөзге сыйын бастан.

Ашырлы сөз дүр қарасаң ақылыңмен,  
Қарамай нәпсә ниет жаһалыңмен.  
Төмен (мүмін) ғырат төмен мүмін  
деген сөз бар.

Хысыр ... са жанашырлық жақыныңмен –  
доверенной боп,  
Бұл ісімді жақсылар көрмеуі құп.  
Моллалыққа кірістім мұны тастап,  
Басыма әрбір жерден тиген соң доп.

Ғажизміз сізге айтуға бір насихат,  
Біраз сөзді көндірдім болса да ұят.  
Хаметім келген соң жаза салдым,  
Ықтияр тілесен тұт, тілесен ат.

Құдай рахмет қылсын молла Ғалиға! Пәлі, сабаз, сөзің жарайды!

### Мәшһүр сөзі

Біреудің ғайыбын жыртып бастадың сөз,  
Демейміз ғұрзы (мірзі) бал мұндайды біз.  
Бет тырнап перде жыртқан мірзі бал,  
Болғанын қай кітапта көріңіз сіз.

Көзі жоқ көбелектей ер екенсің,  
Жолықпай қырығыңа жүр екенсің.  
Шенгел салсаң зімақалып (мұқалып) болғаныңда,  
Жыртқышы хайуандардың бірі екенсің.

Лүбәйдтай шағыр болсам заманымда,  
Тапталған сендей талай табанымда.  
Ішідей істің бәрін бітірсем де,  
Бойыма су жұқпаған жаманбын ба?

Бұхар, Ташкент, Самарқанд бәрін кездім,  
Електей дүниедегі жанды сүздім.  
Инжу менен маржанға су жұға ма,  
Білмеймін бары-жоғын жіпке тіздім.

Атыңды не қыламын сұрап сенің,  
Қайбір жақсы зат(ты) ... сың (скен) шыққан тегің.  
Насихатты осылай айтсын деп пе,  
Қанеки, ғылым ғалы боп білгендігің.

Әр жерге күш жеткен жол жүрмей ме,  
Саудасын Бұхар, Ташкент жібермей ме.  
Ербет (Ірбіт), Мәскеу, Микарба бара алмаған,  
Бас ұлтан сабын сатып күн көрмей ме?

Мен оқып шыға алмадым биік өрге,  
Қол беріп қыла алмадым қызмет пірге.  
Әл бір кітафи ыхыркітә мазмұны илан,  
Кірістім бос тұрмысқа редакторге.

Жасымда әкем қойған атым – Жүсіп,  
Жұрт кетті сөйлегенімен Мәшһүр десіп.  
Тақырып (тақыриф) тілшіз арасын білмей жүріп,  
Сөз жаздың молласынып осынша есіп.

Күйіндің маған, бала, жаның ашып,  
Қажы дейтін әр өнерден біздер жасып.  
Дін шашмақ пайғамбарлық уәзифасы,  
Ол жерге не қыламыз сөз таласып.

Ғылымды (ғалымды) жан жек көрер пақыр десе,  
Қад ыхыралы (ығхыралы) ен (ет) мұны білсе  
қырып алшы хакім іші деген бар-ды.  
Несіне оның мәз болсын кәпір десе,  
Батырлықты хош көрер ғақылды адам.  
Қорқақлық түсінде болған харам,  
Ерден иман күте алмас деген бар-ды.  
Көңілім бар шыжағыттан (ишжағыттан) келсе шамаң.

Тымсыхыр тәжісіті (тіжісті) сенен көрдім,  
Мен дағы ондай-мұндай айтып жүрдім.  
Көпсініп көндіккенің осы болса,  
Байладым басы бүтін саған бердім.

Кімнің кәпір болғанын көрді көзің,  
Дұрыс қой жазба деген сөзің.  
Өлең айтқан бәрі де надан болса,  
Сен де өлеңші ойласаң надан өзің.

Рас, менің сөзіме әркім ынтық,  
Саған барып тиді ме болып мынтық.  
Сыбанып (себеп) болар күнәға жері болса,  
Адамға айтпа, оқыма, таста жыртып.

Наданды кәпір қылар қайсы жері,  
Өзім де қорудамын сонан бері.  
Өлең – сойыл, өлеңші – ұры болса,  
Өзің де сәнді ұрының болдың бірі.

Шаршадым мен мұндайды қуа-қуа,  
Аузыңа сандалап сен қонбай дуа.  
Аладайғылы ыхырмұхытмақ төлінен (талайын)  
өзің айтып болдың куә.

Менікі болмады сыр (шыр), білдім мұнан,  
Қыламын әр сөзіңнен сол (шөл) хысынзын.  
Хасензын (хысынзын) мұсылманға мендүп деген,  
Болмасаң сен мұсылман құл сөзің.

Сенікі жан ашыған қарындастық (қырындастық),  
Мағзижаһал әсірә жұртқа нақтық (қаштық).  
Һәміл момын бір салих деген хадис,  
Үш мастықтың біреуі – атты жасты.

Япырым-ау, шыға қалды қайдан, Ғалы?!  
Жылқы жылың алдында асықпай тұр.  
Мейлің Арғын, мейлің бол Найман...  
..... уахи қылып (иғылып) ғалиләфмит.

Мың өліден бір тірі,  
Сөзі іске түскенде, көзі еске.  
Түсіп дұғадан қамасын үшін жазып қойдым...

Бір заманда Хамаралдин (Хамаратдин) хазіреттің алдында  
Жүсіп атлы көп болған күні болған. Күлік Қосқынбай молла  
баласы – Жүсіп, оны – ақыра Жүсіп делінген.

Сатылған Садырдың баласы – Жүсіп, оны білә-Жүсіп деліпген.

Қозған Байназар Қонақбай молланың баласы – Жүсіп, мұны –  
ғыламта Жүсіп делінген.

Айдабол Малдыбай қажы баласы – Жүсіп, мұны – бала Жүсіп  
делінген.

Күлік Көпей молланың баласы-Жүсіп, бұл – Мәшһүр Жүсіп делін-  
ген. Бұл махапларды атағұшы (хұдырахмет) құдай рахмет қылсын.

Мұса мырза сонан құлағы естігендер қақсап атап кеткен...  
Бағыш сол бәрібір мәжілісте бас қосқан Жүсіп аттылар.

Тағы бар мұнан басқа түлкі Жүсіп,  
Басы таз болғандықтан күлкі Жүсіп.  
Көп Жүсіптің ішінен болып мәшһүр,  
Бір өзі бүкіл дүние мүлкі Жүсіп.

### **Өзі ақын бола бастағанда айтқаны**

Бозбала, менің атым – Мәшһүр Жүсіп,  
Кетемін сөз сөйлесем желдей есіп.  
Бәйғеден келіп жүрген, келмей қалып,  
Бетіме шабатұғын кеттім түсіп.

Жабысты маған өлең он бес жаста,  
Жұрт айтты: «Не қыласың, – деді, – таста».  
Өйткенмен қоя алмадым бір білген соң,  
Сотым жоқ жұртқа қылған мұнан басқа.

\*\*\*

Туыпты әкесінен әкем жалғыз,  
Әкемнен қартайғанда біз туғанбыз.  
Дүниеден ажал жетін өліп кетсек,  
Тұяқсыз болады артым деп ойлаймыз.

Тоты айтады бұл сөзің құп ұнайды,  
Құр қалмас ізген жан бір құдайды.  
Барғанның қағбаға арманы не,  
Біздер де бара алмайтын деп жылайды.

Қағбаға мырза Маймұн бармақ болды,  
Тотының айтқан тілін алмақ болды.



Шаһардан көп керуен жүреді екен,  
Бірге еріп соларменен жүрмек болды.

Сен келдің жылай, еңірей тоты маған,  
Бір сана түскен екен қайғы саған.  
Жалғыздық өз басымнан кешіп еді,  
Жалғанда нәрсе болмас онан жаман.

Көңілім жалғыздықтан болды күпті,  
Аузымнан сізге мырза бүгін шықты.  
Жалғыз сізден кетіп маған жетті,  
Не болғай алып берсең халал жұпты.

Бұл сөзді мырза Маймұн ұнатады,  
Жарлық боп жаббар нахтан таң атады.  
Бар екен жақын байда ана тоты,  
Сатсын деп мырза Маймұн сұратады.

Ол байға мырза Маймұн барып келді,  
Тотысын жүз теңгеге алып келді.  
Басынан жалғыздық көп кешкен тоты,  
Көрген соң жан ділменен қабыл көрді.

Үстінде және мұның бір жыл тұрды,  
Қосылып екі тоты дәурен сүрді.  
Баласы патшаның мырза Маймұн,  
Үйінде атқа мінбей үш күн тұрды.

Үйінде атқа мінбей үш күн тұрды,  
Алдына төртінші күн тоты келді.  
Мұңайып жабыптыңыз не үшін деп,  
Тоты құс мырзасының жайын сұрады.

Я, тотым, дәулет берді бізге құдай,  
Жалғанда парсыз бермей қылды мұндай.  
Дүниеде босқа қаңғып не қыламын,  
Қайтеді келсем барып қағбаға-ай?!

Астықты базардағы ал қопарып,  
Үш күнде болады астық бір алуан.  
Астықтың шаһардағы бәрін алды,  
Үш күнде Бағдадқа керуен толды.

Бұлардың іздегені астық екен,  
Маймұнға үш мың теңге пайда болды.  
Тотының тек емесін Маймұн білді,  
Не айтса тілін алып сыйлап жүрді.

Айтысқан уағдасы дәл келген соң,  
Апарып мың теңгесін Маймұн берді.  
Жүреді мырза Маймұн сейіл құрып,  
Үйіне отырмайды бір күн тұрып.

Жұбатар Мадшәгірдің баласы жоқ,  
Тотыны ермек қылар үйде отырып.  
Айтайын және сұрасаң кепті дейді,  
Айтқаннан айтпағаным көпті дейді.

Тоты айтады: – Маймұн мырза, бір мұңым бар,  
Айтар ем қабыл көрсең депті дейді.  
Алдына жылап тоты келді дейді,  
Көзінен аққан жасын көрді дейді.

Елжіреп іші-бауры мырза Маймұн,  
Ойынды айт, сөйле тоты енді дейді.  
Алдына жылай, еңірей тоты келген,  
Көзінен аққан жасын Маймұн көрген.

Рұхсат олжасынан алған соң сыр қылып ішкі мұңын айта берген.

Келін ем мен бір нәрсе ойыма алып,  
Айтайын, сіз тыңдасаң құлақ салып.  
Жалғаннан не көрдім деп кетеді екен,  
Бір үйде түнде жалғыз жатқан ғарін.

Тоты құс жұдырықтай жүні (жоны) шұбар,  
Емеспін бұл шіркінге онша құмар.  
Мың теңге ұялмастан сұрап бұған,  
Тотының оған татыр не құны бар?

Сонда тоты айтады : қорламағыл,  
Керексіз болсам сат деп сорламағыл (зорламағыл).  
Жоқ болса, үш күнге деп қарыз алғыл,  
Бетіне бір мың теңге қарамағыл.

Құс едім жұдырықтай жүнім (жоным) шұбар,  
Мадшәгір алған жарық маған құмар.  
Айтайын мен де саған өнерімді,  
Гайыптан елу күндік хабарым бар.

Жүнімнің бірі – қызыл, бірі – жасыл,  
Болсам да жұдырықтай кеудем асыл.  
Тілімді айтқан алсаң, Маймұн,  
Үш күнде үш мың теңге пайда һасыл.

Тотының мырза Маймұн тілін алды,  
Үш күн деп үш мың теңге қарыз алды.  
Тотыны қапасымен қойнына сап,  
Үйіне мырза Маймұн алып барды.

Ия, тотым, келдің біздің үйге дейді,  
Жалғыз сөз айтып отқа күйме дейді.

Гайыптан елу күндік хабар білсең,  
Айт маған бір хикаят сөйле дейді.

Мен сөйлесем келеді көп керуен,  
Астық іздеп шығыпты Шам шаһарынан.  
Ол Маймұн Мадшәгірдің тілін алды,  
Қолына тыйын-сыйын пұлын алды.

Бір тоты Мадшәгірге алып бергелі,  
Шаһарын бүкіл (бұтыл) аралады.  
Шаһарын бұтыл Бағдад аралаған,  
Кеңес қой шайыр тоты таба алмаған.

Алдынан бір ләпкенің өте берсе,  
Қапаста көрді тоты қалғып тұрған.  
Қолымнан берсем тағам аламысың,  
Олжаға пұл берейін аламысың?

Айналып мырза Маймұн тұрағалып,  
Тотыңды дейді маған сатамысың?  
Қолыңнан берсең тағам, татайын мен,  
Пұл берсең кең қазынаға батайын мен.

Асыл зат ханнан туған ақ сүйегім,  
Тотымның құны толса сатайын мен.  
Сөзімнің менің айтқан бәрі де шын,  
Болады өтірік айтсам бойыма мін.

Тотыңды, рас, маған сатар болсаң,  
Ал енді бағасын айт, не сұрайсың?  
Бағдаттың әкең еді-ау патшасы,  
Тотымның саф күмістен бар қапасы.

Сұрасаң шын алуға мырза, Маймұн,  
Тотымның бір мың теңге әділ басы.  
Жігіттер, тындасаңыз мінеки кеп,  
Бұл сөзім жалған емес, кітапқа топ.

Екеуі бір-біріне қосылған соң,  
Ат қойды Күдібанға Мадшәгір деп.  
Дәуренім жетімдікпен солды дейді,  
Қатун ап ғамкін көңлім толды дейді.

Үстінде және (ине) мұның бір жыл кешті,  
Бір парсыз болар ма деп жүрді дейді.  
Жүреді мырза Маймұн сейіл құрып,  
Аң аулап, құс салады қызық көріп.

Бір күні мырза Маймұн келсе түзден,  
Қатыны теріс қарайды бір күрсініп.  
Күрсіндің не себепті, жан-жананым,  
Жанымнан өтті сенің ах ұрғаның.

Сен үшін бұл дәулеттің бәрі құрбан,  
Жалған[да], Мадшәгіржан, не еді арманың .  
Қасыңда жүйрік тазың, қолда – құсың,  
Далада бәрі қызық көрген ісің.

Қуанышым ерте кетін, кеш келесің,  
Отырып үйде жалғыз пысады ішім.  
Жарым жоқ сізден басқа жайды білер,  
Бермеді бізге бала ойнап-күлер.  
Бір шайыр тоты сатып ап бер маған,  
Қылуға ермек соны көңілім тілер.

Ат ерттеп мырза Маймұн мінеді атқа,  
Қыдырды атқа мініп Бағдадты.

Аралап Бағдад шаһарын келе жатып,  
Көреді бір нәзнін перизатты.

Басында – кәмшат бөрік, қызыл сәлі,  
Сұрасаң, қыздың аты – Күдібәні.  
Жамалын Күдібәннің көргеннен соң,  
Үстінде шықсын дейді ғазиз жаны.

Үйіне мырза Маймұн барды дейді,  
Емшіні әкесіне салды дейді.  
... зілде қалу бәлі жазылған іс,  
Айттырып Күдібәнды алды дейді.

Бисмиллаһи әл-рахмин әл-рахим дейін,  
Құдаға хамит айтайын мұнан кейін.  
Бастан жақты айырған заман болар,  
Қызыл тілім, сөйлеп қал оған шейін.

Құйылар бір топырақ есіл көзге,  
Кім жетер бұ заманда жасап жүзге.  
Жүзінде кеңес баста кең дүниенің,  
Бір күнде зар боларсың сөйлер сөзге.

Нұр жауар хақтан рахмет талапты ерге,  
Талпынар күн-күн сайын өнерлі ерге.  
Жүзінде жалған дүние жалықпай соқ,  
Барарсың әлі-ақ бір күн кіріп көрге.

Бастан – ми, ғақыл естен аударарсың,  
Қайран көз, жан шығарда жәудіретсің.  
Қағазға аттай шапқан саусағыма...  
Дал-дал боп қара жерде саудырарсың.

Ағарсың домаланып көзден бұлақ,  
Сөнерсің майсыз жанған екі шырақ.  
Тықырын құрт-құмырсқа естіп шыдап,  
Жатарсың, амал бар ма, екі құлақ.

Қайрат жоқ қолдан келер қайнайды ішім,  
Келе алмас қыбырлауға сонда күшім.  
Саудырап бет-бетімен қалар түсіп,  
Маржандай аузымдағы отыз тісім.

Жерлерде әлдеқандай болады орным,  
Жалғанда жақсы-жаман кеңес құрдым.  
Сасығын өз денеңнің өзің иіскеп,  
Жатарсың шыдап соған қайран мұрным.

Су емес мейірің қанар дүние сағым,  
Жылт етіп қайран қызық өтті шағым.  
Астына қара жердің кіргеннен соң,  
Қаларсың бөлектеніп тіл мен жағым.

Дәрмен жоқ қозғаларға қол мен аяқ,  
Жақпаса сол қылмысың жерсің таяқ.  
Дауасын үшбу дерттің таппаған соң,  
Жасымнан дихан кезіп, болдым саяқ.

Ол кезім ара тұрмас әкем-шешем,  
Жолапты өлім шәрбет бір күн ішем.  
Қызыл тіл ыңғайыма жүрген күнде,  
Алайын арыздасып сегіз мүшем.

Жер деп атын қойыпты қара жердің,  
Көр деп атын қойыпты қазған көрдің.  
Хақтан – жәрдем, пірлерден – медет болса,  
Мен қозғайын аруағын өткен ердің.

Күнәһарлық кылмайтын артық мақтап,  
Өз шамамша сөйлейін біраз шақтап.  
Ал дегеннен айтуға аузым бармай,  
Бой токтатып мен жүрдім әдет сақтап.

Көңілім дария болғанда, қолым – қайық,  
Өз-өзімнен боламын Еділ-Жайық.  
Әдет сақтап бой бағып жүрдім біраз,  
Сәніне болмаған соң сөзім лайық.

Әртүрлі мен жасымнан кеп шығардым,  
Жақсы-жаман деместен көп шығардым.  
Лайық сөзді сәніне таппаған соң,  
Іште шер тарқар ма деп леп шығардым.

Қоймайды тауды-тасты қаптаған сел,  
Өлім сондай баршаны қоймайды бел.  
Күннен-зіре, теңізден – қытыре деген,  
Демесек айтып ауыз келтірмес тіл.

Тіл қисайса түзетер ғақыл тез бар,  
Мағлұматты (махқұлатты) сезуға көңіл көзге.  
Сөзімнің міні болса, сөкпе, ағалар,  
Кірсіз-ай, мінсіз – құдай – деген сөз бар.

Сөзімді есіткен жан мойын бұрсын,  
Бұрмаған еркінде былай тұрсын.  
Зат Шариф бір ғазизді биан айлап,  
Жарандар, қандырайын құлақ құрышын.

Медет қыл қадірысжан тіл-жағыма,  
Бір дария ағызып ең сол бағыма.  
Су алып аққан дария шөлде қалып,  
Сөйлейтін келді кезім мен шағыма.



Бұ қайғы білген жанға кетті батып,  
Біздерге күн шыға ма таң және атып.  
Аузынан дүр төгілген қайран қасірет,  
Астында қара жердің қалды жатып.

Қара жер қасына жетсе кімді ая(ма)ган,  
Дем бітсе, хайла тауып қала алмаған.  
Хазіреттен есіл (сейіл) сондай айрылған соң,  
Аузында айтар жұртқа сөз қалмаған.

Суалды, Сүйіндіктің аққан суы,  
Соңынан еріп еді жасы, қуы.  
Сықылды емес пе еді кеше хазірет,  
Арқада дін исламның жалғыз туы.

Ғұлама бұ дүниенің бір тұрағы,  
Аспаннан түсті жерге сол бір жағы.  
Сегіз болыс Сүйіндік ортасында,  
Сенді гой дін исламның шамшырағы.

Ғылымды он екі пән (фин) тамам білген,  
Іші-тысын толтырып тәңірім берген.  
Шаригаттың – шегесі, дін тұтқасы,  
Ғұламаның алды еді көзбен көрген.

Ғылымның Бұхар барып көзін ашқан,  
Ғалым еді алдынан шайтан қашқан.  
Баласына үш жүздің даңқы кетіп,  
Орта жүзді аралап үлгі шашқан.

Ғылым – сарф, ғылым – ихыу білген жатқа,  
Ынтық қалам түсу жазған хатқа.  
Ғыхайд хытын деп хикмет молла Жалал,  
Пырайздна сол ғылым қыратқа.

Бұхарда мырза Ұлығбек тұрған жері,  
Хатым кәрде молланың болып бірі.  
Ғалым ғыға хадисқа аққан судай,  
Тапсирге болып басым онан көрі.

Мырғарып сабақ оқып Көшілташтан,  
Бұкарай-Шарифте болып Мәшһүр.  
Замандас бастасына болған дастан,  
Талай білмес наданды салды жөнге.

Бірі боп төрт тіреудің ислам дінге,  
Алды боп жамағанның (жамағаттың) шыққандығын.  
Сөйлейді Бұхарада әлі күнге.

Білініп дәйек алған Батырханнан,  
Жеке қара боп шыққан қанша жаннан.  
Несібесін бұйыртып Сарыарқадан,  
Еріксіз айдап келтірген құдайымнан.

Әуел келін тоқтаған – Қоңыр Құлжа,  
Әр жұртқа ғылым шашып салған олжа.  
Дариядай, мұхиттай шыр айналған,  
Болмаған мұндай ғалым осы қырда.

Онан соң тұрған жері-Қыпшақ Ыбырай,  
Түсірмей қолдан-қолға жүрген солай.  
Сәбиттің (Саидтің), Тұрлыбектің тірісінде,  
Неше жыл тұрған сонда бірнеше ай.

Жиылып сабақ алған Керей біткен,  
Атығай, Қарауыл боп құрмет еткен.  
Қанжығалы, Қыпшақ пен Қуандыққа,  
Он екі пән (фин) ғылымнан дін үйреткен.

Жеріне жүрген-тұрған үлгі шашқан,  
Қысыменің (шышыманың) тоңып жатқан, көзін ашқан.  
Исі қазақ үш жүздің баласында,  
Заманында молла жоқ мұнан асқан.

Жеті дуан үстінен Омбы барған,  
Дәреже қайда барса, орын алған.  
Бірі едің себебімен құдай айдап,  
Нәсібі мұнан болып, келін қалған.

Ең алғаш қоян жылы келді көшіп,  
Ғалымнан берді құдай бізге нәсін.  
Қойын ашылып, мәселе сөз шашылып,  
Сүйіндік толықсиды дәулеті өсіп (асып).

Орнықты Баянаула қаласына,  
Жиылды дін іздеген панасына.  
Келтірді құдай айдап несібіне,  
Сегіз болыс Сүйіндік баласына.

Шәкірттер жиылысты әр тараптан,  
Үлгі алды фыха ыху парсы, арабтан.  
Быхыресі жұққан жанға сондай болды,  
Көгілташ оқығандай ғыр-ғыраптан.

Келтірді құдай айдап біздің елге,  
Кенелдік дария, теңіз, шалқар көлге.  
Ап келген себеп болып Мұса мырза,  
Қанша дұға қылсақ аз сондай ерге.

Кіші жүз – Бөкей елі шыққан тегі,  
Таусылмас жүрген-тұрған айтсаң кебі.  
Асылдан айдап құдай қолқа берген,  
Ала-алмай қапы қалды-ау жұрттың көбі.

Бұхардан екі қайтқан, екі барып,  
Жан еді ғылым – хикмет кеткен дарып.  
Өртүрлі мәселенің көзі ашылды,  
Баласы Сүйіндіктің аузы жарып.

Ғұлама мұнан артық болсын қандай,  
Көз көрмесек, естімесек, бұзылғандай.  
Қырмызы қызыл жібек мінезді екен,  
Аузынан шыққан сөзі шекер-балдай.

Ғалым жоқ мұнан асқан қыр-өткелде,  
Атбасар, Көкшетаумен қалың елде.  
Дариядан есіл сондай су іше алмай,  
Құр ерін мейір қанбай қалдық шөлде.

Бір дуан оңтүстікте Қарқаралы,  
Бар ма, айтшы, мұнда ғалым, онда кәне?  
Теп-тегіс шар-тарабы бірдей келген,  
Сықылды имам ағзам ғылым (ғалым) кәне.

Павлодар, күншығыста Кереку бар,  
Бес қадам әр жерінде бар моллалар.  
Мөлшері білгенінің көрінбеген,  
Дарияға Есіл сондай болдық қой зар.

Семей бар ілиада Ертіс басы,  
Өскемен таяу тұрған оның қасы.  
Болмаған оларда да мұндай ғалым,  
Дария еді түпсіз терең жоқ шамасы.

Омбыда, Екібаста молла жоқ-ты,  
Айтпайды ғалым бар деп енді тіпті.  
Ахун бар Ғабдолбары Қызылжарда,  
О дағы бұ кісіні артық депті.

Япырым-ау, бізді айтса іші неткен жаман,  
Быхыресіз сондай заттан қалған аман.  
Сөйлейді аса мақтап тақырып (тахриф) қылып,  
Мүдәрис Бұхарада қарт зымығынан.

Әр жұртта бахреланған шәкірті көп,  
Көрген жан мойын қойған ғұлама деп.  
Дабиғиын естуменен болып ғашық,  
Шақыртқан неше жылдай Қарымсақов.

Су мен тұз татпаған соң, бара алмаған,  
Естумен, көрмей мейірі қана алмаған.  
Асылдан алыс сонша әуес еткен,  
Біз ақымақ жақын тұрып, ала алмаған.

Нәпсім жүр надандықтан әлі қайтпай,  
Еркіне жіберген соң, басын тартпай.  
Күнімде сегіз жасар кез болып ем,  
Немене құр қалған соң, айтпай-айтпай.

Шәкірті әр жерде көп, бәрі молда,  
Жұрт аузына қараған, кітап-қолда.  
Анда да жоқ, дегендей даңда да жоқ,  
Біз байғұс түк бола алмай, қалған жолда.

Сарф ой сегіз жаста кеттім түсіп,  
Мұғұзы мұнан Зынжан Шар Ғабдолла.  
Білуі жоқ, кете бердім судай кешіп,  
Ғуаміл хыдыағаді не қатар сайыб (сасып).

Фырайғын бір жағынан қабаттанып,  
Әдеп, мінез сыртқары.  
Кәфинә Шәмсиадан сабак алып.

Сол күнде он үш, он төрт менің жасым,  
Отыз, кырық серік болған замандасым.  
Темірді қызған кезде соғып қалмай,  
Көрдің бе құр қалғанын сорлы басым?

Мен неге оқымадым қысы-жазы,  
Қалдырған құр алақан хақтың ісі.  
Түсті бұзған шайтандай жолдас бопты,  
Шайтанның бих атлы бір тұңғышы.

Ойласам өткен күнді болдым құса,  
Мұңым бар бір басымда жүз мың қыса (хиса).  
Ерден тұяқ, қылыштан қияқ деген,  
Ұл тусаң енді анадан атаңа ұқса.

Келе ме кеткен хазірет енді қайтып,  
Тарихын тауыса алман тілмен айтып.  
Дүниеден арманда боп бір өту бар,  
Ғам қылса шекіп (шегіп) мехнат жыға тартып.

Салмақты, сабырлы еді кара жердей,  
Ала аяқ жұрттан озған бәйге кердей.  
Мінезін ғылымымен лайықты ғып,  
Жаратқан тегіс қылып бәрін бірдей.

Пәндерге (финларға) ныху (ыху) мызтых басым еді,  
Бір кохыр қолға түспес асыл еді.  
Жарасып ишан, жожа, молласымен,  
Сүйіндік өзге жұрттан асып еді.

Ғахаид пәндәріне (финләринә) болып судай,  
Ғылымның дариясына қанған қудай.  
Жарасқан имамлыққа лайықты боп,  
Көтерген хақ пайғамбар жасыл тудай.

Финләрдон ғылым хикмет баян айлап,  
Бірге өскен ғылым менен біте қайнап.  
Бінбеде хатба оқыған хош әуезің,  
Бұлбұлдай шымынларда тұрған сайрап.

Кітабың қалды артыңда місхәт Шариф,  
Май кылған мәселенің ішін жарып.  
Зар болдык бір сөзіңе енді қайда,  
Дал болдык қайран асыр біздер қалып.

Һыдана шариф алды қолға алғанын,  
Ғынан алғынаға көз салғаның.  
Хазіреттен есіл сондай айрылған соң,  
Дүние-ай, жана білдім шын-жалғанын.

Өлшеусіз ғылым берген патша құдай,  
Болған соң амал бар ма тағдыр солай.  
Тофиғ (тұғих) тылоих тілһистан шешуші едің,  
Қиынын мәселенің қылып оңай.

Ондай зат құлақ естіп, көре алмас көз,  
Ден қойған аскарына бұл Орта жүз.  
Әркім өз заманында иман, ағзам,  
Алдыңнан кеткен емес шешілмей сөз.

Фірайз насиф тағлым білген тамам,  
Болмаған түсупха мұндай адам.  
Бәрін де білгенінің баяндауға,  
Жетпейді мөлшеріне менің шамам.

Көрдің бе, ай-халайық, ақымақ біздей,  
Құр қалған бір асылдан келген кездей.

.....  
Жат айтқан жай әңгіме қара сөздей.

Қызыл гүл көрдім о қиын (ұқтиын) солғанын.  
Дүниенің жоқ опасы толғанының,  
Бір Алла ақыретте ажрыны берсең.  
Жалғанда хыр лажиз қылғанының,  
Бұлғайды жәннет бақша жатқан жайы.

Жарылқап фәзіліне алып бар құдай,  
Ғы бад муахдды кабыл болып.  
Көгергей быхре тиін сол маңайы,  
Бал-шекер мейірім қанып тата алмадым.

Сөйлеуге қарапайым бата алмадым,  
Сықылды айдың көзін бұлт басқан.  
Болған соң мен сөйлемей жата алмадым,  
Адамның жоқты менен сол жаманы.

Жігіттің қайран жастық бір заманы,  
Сөз қылмай мен қалайша тыныш жатамын.  
Жұрт асқан есіл сондай ғұламаны,  
Жасымнан сөзге ілінін болдым мазак.

Көп емес, білгенімнің өзі де аз-ақ,  
Қандай жан мін табады сондай жерден.  
Демесе бар жазығы нәсілі қазақ,  
Кіғайы парызғын ғылым міндүр.

Ереді бәрі тегіс сөзін де көп,  
Ғылымның пиғылтын білдірді Алла.  
О адамласыма деп адамға періштелер таңырқанды,  
Қылмақты оған сәжде мойнына алды.

Мүкінкінбе жоқтамасқа ауызға алып,  
Ғылымды он екі пән білген жан-ды.



Көп еді есіл ерде әңгіме кіб (киб),  
Біз болдық қатты арманда ала алмай көп.

Омын жұрт лахикітімә құран сөзі,  
Фыхит оты хыр кіфир деп.  
Тысоф ғылым тохид қылам еді,  
Берілген ғылым хикмет адам еді.

Құданың фазылы мен нұры тиін,  
Ныхатәпсир хадисләр тамам еді.  
Не сөз бар ғалым болса оған және,  
Болар ма енді ондай бір ғахлы дана.

Құранда (жибіне сөздей ныхомынды ныхомынтых),  
Оқыған жастығында мехнат тартып.  
Құданың бар жаратқан қазынасын да,  
Ғылымнан ешбір нәрсе емес артық.

Ғылымға адам еді іші толған,  
Аузына нұр төгіліп, дуа туған,  
Жаңбырдай ап нысан (инсан) дүрләр тамып,  
Шарафат баршамызға сонан болған.

Ғанибет бұ жүрмек ек аз күн шиады,  
Түбіне бұ жалғанның жоқ нихоят.  
Ғалым мен ғұламаның құрметі үшін,  
Сөзіме дәлел қостым екі-үш аят.

Ғайыпқа естіген (есіткен) жан алмасын деп,  
Өлең деп бұзық ойға бармасын деп.  
Бастадым хамидсина біссімілләмен,  
Аяксыз есіл сөзім қалмасын деп.

Кім қалар қыста (қапаста) жетсе көрге кірмей,  
Мал қалар улап-шулап жалғыз ермей.  
Парқы бар жер мен көктің арасындай,  
Білген мен білмегендер емес бірдей.

Надандар не біледі мысалы өлік,  
Мәз болар мал жыйғанға үш-төрт түлік.  
Болғанда хиямет күн айрылады,  
Аразы жақсы жаман болып білік.

Жын-шайтан бет-бетімен бордай тозар,  
Күркіреп дау жанып тамұқ қызар.  
Мираскор пайғамбарға жақын болып,  
Ғылыммен ғамыл қылған ғалым озар.

Ғалымға қылсаң керек жанды құрбан,  
Бұ дүние солар менен түзу тұрған.  
Жаратқан құдай артық ғұламаны,  
Теп-тегіс іші-тысын қылып нұрдан.

Ғылымға бір зат еді қайнап піскен,  
Токтата алмай мәселен желдей ескен.  
Білгенді-білмегенді бәрін құп деп,  
Ешкіммен емес еді ерегескен.

Ұнатқан моллалығын тамам Алаш,  
Сықылды ізеп таппас михан ағаш.  
Қанша сөз білместікпен айтса надан,  
Жан жәділ қылмаушы еді ешбір талас.

Хазіреттің айналайын аруағынан,  
Патшадай түспей кеткен хан тағынан.

Рухын нұрландырған керім Алла,  
Бейіштен есік ашып жан-жағынан.

Қадірін қолда барда қалдық білмей,  
Табылмас асыл еді көпке бірдей.  
Сең соққан балықтай боп қалдық біздер,  
Ғам ғайса қапалықпен күйге келмей.

Сықылды шикі тері жетпей інм,  
Көңілім бар сықылданған жыртық киім.  
Басшыдан Хазірет сынды айрылған соң,  
Жаңылдым мен сөзімді, келмей күйім.

Айырылып қапияда қалдық нағып,  
Құлақтан есіткен сөз кеткен ағып.  
Құданың құдіретімен болған нәрсе,  
Жылаймыз енді мұны кімге шағып.

Әр жерге шашып тұқым, салып егін,  
Тіл шаршап, құлақ талар айтсам кебін.  
Ішіне сонша ғылым орнаған соң,  
Адам деп айтып болмас оны тегін.

Дүние-ай, көзім жетті жалғанына,  
Кім жеткен бұл жалғанда арманына.  
Хазіретті қанша айтқанмен келмес қайтып,  
Қайырлы қылсын артын қалғанына.

Болмадық өтерінде біз қасында,  
Көп арман қылдық болмай сол жасында.  
Жалғанның жазымы көп пенде білмес,  
Болған соң дүние қапы болмасын ба?

Қызмет қып жүре алмадық қасында еріп,  
Ап кетті ерікке қоймай жаслық кіріп.  
Өтер деп бұл жалғанда бір ойламай,  
Қызығын қала алмадық аз күн көріп.

Бірақ дем жоқ болады бітерінде,  
Шолтаңдап шолақ дүние жетерінде.  
Дұрыс беріп, мәселеге жауап айтып,  
Тақсырдан берген тағылым өтерінде.

Сөйлеген ғыхаийтде іжіт (бағыш) заттан,  
Мағынасын Хазіретлейін айтқан жаттан.  
Адамның зыхияфлиғын қылып тақсыр,  
Неше мағына сөйлеген ол аяттан.

Жаралған әуелде адам сағиф болып,  
Суық болса шыдамас жаман тоңып.  
Ыстық болса тыпырлап тықыршиды,  
Мұнымен не болады жүріп-тұрып.

Анланстан халық нылуға деп,  
Мағынасы тақсыр қылған таратып көп.  
Лә-лә илолла мағыналарын,  
Сөйлесем бәрін тегіс таусылмас кеп.

Хасида бір иредан баян айлап,  
Бұлақтай есіл Хазірет аққан қайнап.  
Айтуға сол таратып жер тар болып,  
Ішінде тұрғандықтан бәрі сайрап.

Дүниеден ешбір қылам ауызға алмай,  
Лә алла ил-алла тілден салмай.

Дұрыс берін шәкірттерге әдеттенген,  
Үйренген тірілікте мінез қалмай.

Есіл ер қаза жетіп кірді көрге,  
Өзімен жолдас болып ғылымы бірге.  
Бұрынғы сол себептен айтты ма,  
Кірсін деп қара жылан қара жерге.

Қара жер қанша жанды жұтып тоймас,  
Бұл өлім ойлап тұрсам, кімді жоймас.  
Біреу өлін жатса да біреу күлін,  
Ғафіллік білмес тегін пенде қоймас.

Сөйлесе бал-шекердей тілі майда,  
Ондай жан енді анадан болмас пайда.  
Кешірген білгеніңді, білмесіңді,  
Дариға-ай, енді бізге Хазірет қайда?

Жаксы деп жан біткенді мақтаушы еді,  
Шығармай бәрін ішке сақтаушы еді.  
Елден көшіп жатса да біреу білмей,  
Қайырып жанның бетін қақпаушы еді.

Үстінен үндемеген өтсе басып,  
Мінезі біреуінен біреуі асып.  
Үлкенге – үлкен, кішіге – кіші мінез,  
Әркімнің сөйлеуші еді көңілін ашып.

Бұ өлім талай жанды күлдірмеген,  
Нешелерді жері жөк білдірмеген.  
Шарафат бойындағы қасиетің,  
Паш қылып ешбір жанға білдірмеген.

Пірлері Бұхарада шейх Жалал,  
Нәсіпті ықылас қойған Міркүләл.  
Жоқ қылған зиаратын жалғыз түнде,  
Ешкімге болмасын деп ешбір міләл.

Біз көрдік халал Мағзұм зиаратын,  
Имам һажіт берерге қой жақын.  
Ешкімге қолдағанын сездірмейтін,  
Сынды сүлігінің шербетін (пирбатын).

Мәслихат ашады сонан шыққан,  
Бірінің бір насихат сөзін ұққан.  
Топырақты нәзірімен кім ... иа қылған,  
Ерлерден азат мінд быхре жұққан.

Арқаға келген екен құдай айдап,  
Біз қадірін біле алмай қалдық сайрап.  
Шаһарлы жұртта мұндай ғазизларға,  
Басына ту тігеді жалау байлап.

Болмадық Бұхараның панасында,  
Хымыраның топырағының боп даласында.  
Есіл ер қазан жетіп демің бітіп,  
Белгісіз Баянаула қаласында.

Ескендір іше алмаған мәңгі суын,  
Адамның қоймайды өлім жасы құйын (қуын).  
Болғайды алдымызда басшы көпке,  
Пайғамбар көтергенде жасыл туын.

Хазіреттің Бұхарада орнын көрдім,  
Ұстаз пір бәрін тіздім.

Табы ланғыл (ләфіл) балынғыл (балфіл) болғандықтан,  
Аузыма келген сөзді айта бердім.

Біледі бәрін ішім қолымда жоқ,  
Айтыпты ілгері деп жоқтықтан...  
Дәрмен жоқ көрісерге қайнайды ішім,  
Аузымнан от шығады жалынды шок.

Хазіретті баяндайын сізге және,  
Айттырды ерікке қоймай һах тағалла.  
Уа, Алла, ғылым ба ал суап (сауап) хақиқат қал,  
Менімен қинасқанның тонап (түнеп) қара.

Мағзумұлар ғибадат әлір хымин ғибадат әлір хим,  
Атаңыз әулие өткен қылсаң фахым.  
Рухынан Зат Шарифтің болып медет,  
Алладан бәрімізге болғай рахым.

Иншалла үшбу сөзім болмас жалған,  
Аузыма сөздің шынын тәңірім салған.  
Ілгері менің баспай жүргендігім,  
Оқымай кеткеніме көңілі қалған.

Кетіппін кейін қайтып келіп таяп,  
Шайнап дәмін ала алмай қалдым жалап.  
Болатұғын бала еді болмай қалды,  
Деп тақсыр көп ренжіген бір мені аяп.

Қадірін бүйтер ме еді бұрын білсем,  
Қызмет қып арман не еді жолында өлсем.  
Дүние-ай, қандай қылып ұқсатар ем,  
Аттың он бес енді бір қайтып келсең.

Мұнда – ұстаз, Бұхарада өтті пірім,  
Тарқамай екеуіпен қалды шерім.  
Бәрінен табылғанның құры қалған,  
Менің жоқ ойлап тұрсам оңар жерім.

Оң жолға өзін баста, патша құдай,  
Жоқты-бар, әр қиынды қылған оңай.  
Бәрің де осындай қып сөйлесейші,  
Құдайсыз сөйлеуіне келсе құлай.

Дүниеден кетпей тұрмас келген адам,  
Бір дұға өліге де, тіріге де.  
Хазіретті көріп – естіп білген адам,  
Тілден сөз аллах қалар қолдан қалам.

Сөйлейін келіп тұрған кезде шамам,  
Өлмесе, Мәшһүр Жүсіп сөз таусылмас.  
Бұ сөзім осыменен болсын тамам,  
Кіші жүз Бөкейлік қазақ ай-жарық-ай.

Тілеу ұғлы лақабы.  
Хымараддин хазірет атанған Баянаулада.  
Мәдғұн болған ғұлама-ай заманының.

Мәрсиесі қазақ Арғын молла Мәшһүр Жүсіп Көпеев сөйлеген.  
Отыз жасында айтқан сөзі.

### **Мәшһүр Жүсіптің Қамареддин хазіретті жоқтағаны**

Бисмиллаһи әл-рахмин ал-рахим дейін,  
Құдаға хамит айтайын мұнан кейін.  
Бастан жақты айырған заман болар,  
Қызыл тілім, сөйлеп қал оған шейін.



Құйылар бір топырақ есіл көзге,  
Кім жетер бұ заманда жасап жүзге?  
Жүзінде кеңес баста кең дүниенің,  
Бір күнде зар боларсың сөйлер сөзге.

Нұр жауар хақтан рахмет талапты ерге,  
Талпынар күн-күн сайын өнерлі ерге.  
Жүзінде жалған дүние жалықпай соқ,  
Барарсың әлі-ақ бір күн кіріп көрге.

Бастан – ми, ғақыл естен аударасың,  
Қайран көз, жан шығарда жәудіресің.  
Қағазға аттай шапқан саусағыма...  
Дал-дал боп кара жерде саудырарсың.

Ағарсың домаланып көзден бұлақ,  
Сөнерсің майсыз жанған екі шырақ.  
Тықырын құрт-құмырсқа естіп шыдап,  
Жатарсың амал бар ма, екі құлақ?

Қайрат жоқ қолдан келер қайнайды ішім,  
Келе алмас қыбырлауға сонда күшім.  
Саудырап бет-бетімен қалар түсіп,  
Маржандай аузымдағы отыз тісім.

Жерлерде әлдеқандай болады орным,  
Жалғанда жақсы-жаман кеңес құрдым.  
Сасығын өз денеңнің өзің иіскеп,  
Жатарсың, шыдап соған қайран мұрным?!

Су емес, мейірің қанар дүние сағым,  
Жылт етіп қайран қызық өтті шағым.  
Астына кара жердің кіргеннен соң,  
Қаларсың бөлектеніп тіл мен жағым.

Дәрмен жоқ қозғаларға қол мен аяқ,  
Жақпаса сол қылмысың жерсін таяқ.  
Дауасын үшбу дерттің талпаған соң,  
Жасымнан дихан кезіп, болдым саяқ.

Ол кезім ара тұрмас әкем-шешем,  
Жолапты өлім шәрбет бір күн ішем.  
Қызыл тіл ыңғайыма жүрген күнде,  
Алайын арыздасып сегіз мүшем.

Жер деп атын қойыпты кара жердің,  
Көр деп атын қойыпты қазған көрдің.  
Хақтан – жәрдем, пірлерден – медет болса,  
Мен қозғайын аруағын өткен ердің.

Күнәһарлық қылмайтын артық мақтап,  
Өз шамамша сөйлейін біраз шақтап.  
Ал дегеннен айтуға аузым бармай,  
Бой тоқтатып мен жүрдім әдет сақтап.

Көңілім – дария болғанда, қолым – қайық,  
Өз-өзімнен боламын Еділ-Жайық.  
Әдет сақтап бой бағып жүрдім біраз,  
Сәніне болмаған соң сөзім лайық.

Өртүрлі мен жасымнан кеп шығардым,  
Жақсы-жаман деместен көп шығардым.  
Лайық сөзді сәніне таппаған соң,  
Іште шер тарқар ма деп леп шығардым.

Қоймайды тауды-тасты қаптаған сел,  
Өлім сондай баршаны қоймайды бел.  
Күннен-зіре, теңізден – қытыре деген,  
Демесек айтып ауыз келтірмес тіл.

Тіл кисайса, түзетер ғақыл тез бар,  
Мағлұматты (махқұлатты) сезуге көңіл көзге.  
Сөзімнің міні болса, сөкпе, ағалар,  
– Кірсіз-ай, мінсіз – құдай, – деген сөз бар.

Сөзімді есіткен жан мойын бұрсын,  
Бұрмаған еркінде былай тұрсын.  
Зат Шариф бір ғазизді биан айлап,  
Жарандар, кандырайын құлақ құрышын.

Медет қыл кадірысжан тіл-жағыма,  
Бір дария ағызып ең сол бағыма.  
Су алып аққан дария шөлде қалып,  
Сөйлейтін келді кезім мен шағыма.

Бұ қайғы білген жанға кетті батып,  
Біздерге күн шыға ма таң және атып?  
Аузынан дүр төгілген қайран қасірет,  
Астында қара жердің қалды жатып.

Қара жер қасына жетсе, кімді ая(ма)ған,  
Дем бітсе, хайла тауып қала алмаған.  
Хазіреттен есіл (сейіл) сондай айрылған соң,  
Аузында айтар жұртқа сөз қалмаған.

Су алды, Сүйіндіктің аққан суы,  
Соңынан еріп еді жасы, қуы.  
Сықылды емес пе еді кеше хазірет?  
Арқада дін исламның жалғыз туы.

Ғұлама бұ дүниенің бір тұрағы,  
Аспаннан түсті жерге сол бір жағы.  
Сегіз болыс Сүйіндік ортасында,  
Сөнді ғой дін исламның шамшырағы.

Ғылымды он екі пән (фин) тамам білген,  
Іші-тысын толтырып тәңірім берген.  
Шариғаттың – шегесі, дін тұжығасы,  
Ғұламаның алды еді көзбен көрген.

Ғылымның Бұхар барып көзін ашқан,  
Ғалым еді алдынан шайтан қашқан.  
Баласына үш жүздің даңқы кетін,  
Орта жүзді аралап үлгі шашқан.

Ғылым – сарф, ғылым – ихыу білген жатқа,  
Ынтық қалам түсу жазған хатқа.  
-Ғыхайд хытын, – деп, хикмет молда Жалал,  
(Пырайзна) сол ғылым қыратқа.

Бұхарда мырза Ұлығбек тұрған жері,  
Хатым кәрде молданың болып бірі.  
Ғалым ғыға хадисқа аққан судай,  
Тапсирге болып басым онан көрі.

Мырғарып сабақ оқып Көгілташтан,  
Бұқарай-Шарифте болып Мәшһүр.  
Замандас бастасына болған дастан.

Талай білмес наданды салды жөнге,  
Бірі боп төрт тіреудің ислам дінге.  
Алды боп жамағанның (жамағаттың) шыққандығын,  
Сөйлейді Бұхарада әлі күнге.

Білініп дәйек алған Батырханнан,  
Жеке қара боп шыққан қанша жаннан.  
Несібесін бұйыртып Сарыарқадан,  
Еріксіз айдап келтірген құдайымнан.

Әуел келіп тоқтаған – Қоңыр Құлжа,  
Әр жұртқа ғылым шашып салған олжа.  
Дариядай, мұхиттай шыр айналған,  
Болмаған мұндай ғалым осы қырда.

Онан соң тұрған жері-Қыпшақ Ыбырай,  
Түсірмей қолдан-қолға жүрген солай.  
Сәбиттің (Саидтің), Тұрлыбектің тірісінде,  
Неше жыл тұрған сонда бірнеше ай.

Жиылып сабақ алған Керей біткен,  
Атығай, Қарауыл боп құрмет еткен.  
Қанжығалы, Қыпшақ пен Қуандыққа,  
Он екі пән (фин) ғылымнан дін үйреткен.

Жеріне жүрген-тұрған үлгі шашқан,  
Қысыменің (шышыманың) тоңып жатқан, көзін ашқан.  
Исі қазақ үш жүздің баласында,  
Заманында молда жоқ мұнан асқан.

Жеті дуан үстінен Омбы барған,  
Дәреже қайда барса, орын алған.  
Бірі едің себебімен құдай айдап,  
Нәсібі мұнан болып, келіп қалған.

Ең алғаш қоян жылы келді көшіп,  
Ғалымнан берді құдай бізге нәсіп.  
Қойын ашылып, мәселе сөз шашылып,  
Сүйіндік толықсиды дәулеті өсіп (асып).

Орнықты Баянаула қаласына,  
Жиылды дін іздеген панасына.  
Келтірді құдай айдап несібіне,  
Сегіз болыс Сүйіндік баласына.

Шәкірттер жиылысты әр тараптан,  
Үлгі алды ғыға, ығыу, парсы, арабтан.  
Бығыресі жұққан жанға сондай болды,  
Көгілташ оқығандай ғыр-ғыраптан.

Келтірді құдай айдап біздің елге,  
Кенелдік дария, теңіз, шалқар көлге.  
Ап келген себеп болып Мұса мырза,  
Қанша дұға қылсақ аз сондай ерге.

Кіші жүз – Бөкей елі шыққан тегі,  
Таусылмас жүрген-тұрған айтсаң кебі.  
Асылдан айдап құдай қолқа берген,  
Ала-алмай қапы қалды-ау жұрттың көбі.

Бұхардан екі қайтқан, екі барып,  
Жан еді ғылым – хикмет кеткен дарып.  
Әртүрлі мәселенің көзі ашылды,  
Баласы Сүйіндіктің аузы жарып.

Ғұлама мұнан артық бөлсын қандай?  
Көз көрмесек, естімесек, бұзылғандай.  
Қырмызы қызыл жібек мінезді екен,  
Аузынан шыққан сөзі шекер-балдай.

Ғалым жоқ мұнан асқан Қыр-Өткелде,  
Атбасар, Көкшетаумен қалың елде.  
Дариядан есіл сондай су іше алмай,  
Құр ерін мейір қанбай қалдық шөлде.

Бір дуан оңтүстікте – Қарқаралы,  
Бар ма, айтшы, мұнда ғалым, онда кәне?  
Теп-тегіс шар-тарабы бірдей келген,  
Сықылды имам ағзам ғылым (ғалым) кәне?!

Павлодар, күншығыста – Кереку бар,  
Бес кадам әр жерінде бар молдалар.  
Мөлшері білгенінің көрінбеген,  
Дарияға есіл сондай болдық кой зар.

Семей бар – илиада Ертіс басы,  
Өскемен таяу тұрған оның қасы.  
Болмаған оларда да мұндай ғалым,  
Дария еді түпсіз терең жоқ шамасы.

Омбыда, Екібаста молда жоқ-ты,  
Айтпайды ғалым бар деп енді тінті.  
Ахун бар, Ғабдолбары – Қызылжарда,  
О дағы бұ кісіні: – Артық! – депті.

Япырым-ау, бізді айтса, іші неткен жаман,  
Быхыресіз сондай заттан қалған аман.  
Сөйлейді аса мақтап тақырып (тахриф) қылып,  
Мүдәрис Бұхарада қарт зымығынан.

Әр жұртта бахреланған шәкірті көп,  
Көрген жан мойын қойған ғұлама деп.  
Дабиғиын естуменен болып ғашық,  
Шақыртқан неше жылдай Қарымсақов.

Су мен тұз татпаған соң, бара алмаған,  
Естумен, көрмей мейірі қана алмаған.  
Асылдан алыс сонша әуес еткен,  
Біз ақымақ жақын тұрып, ала алмаған.

Нәпсім жүр надандықтан әлі қайтпай,  
Еркіне жіберген соң, басын тартпай.  
Күнімде сегіз жасар кез болып ем,  
Немене құр қалған соң, айтпай-айтпай.

Шәкірті әр жерде көп, бәрі молда,  
Жұрт аузына қараған, кітап-қолда.  
Анда да жоқ, дегендей даңда да жоқ,  
Біз байғұс түк бола алмай, қалған жолда.

Сарф ой сегіз жаста кеттім түсіп,  
Мұғұзы мұнан зынжан – Шарх Ғабдолла.  
Білуі жоқ, кете бердім судай кешіп,  
(Ғуаміл хыдыағаді) не қатар сайыб (сасып).

Фырайғын бір жағынан қабаттанып,  
Әдеп, мінез сыртқары,  
Кәфинә Шәмсиадан сабақ алып.

Сол күнде он үш, он төрт менің жасым,  
Отыз, қырық серік болған замандасым.  
Темірді қызған кезде соғып қалмай,  
Көрдің бе құр қалғанын сорлы басым?

Мен неге оқымадым қысы-жазы?  
Қалдырған құр алақан хақтың ісі.  
Түсті бұзған шайтандай жолдас бопты,  
Шайтанның бих атлы бір тұңғышы.

Ойласам, өткен күнді болдым құса,  
Мұным бар бір басымда жүз мың қыса (хиса).  
Ерден тұяқ, қылыштан қияқ деген,  
Ұл тусаң, енді анадан атаңа ұқса.

Келе ме кеткен хазірет енді қайтып?  
Тарихын тауыса алман тілмен айтып.  
Дүниеден арманда боп бір өту бар,  
Қам қылса, шекіп (шегіп) мехнат жыға тартып.



Салмақты, сабырлы еді кара жердей,  
Ала аяқ жұрттан озған бәйге кердей.  
Мінезін ғылымымен лайықты ғып,  
Жаратқан тегіс кылып бәрін бірдей.

Пәндерге (финларға) ныху (ыху) мызтых басым еді,  
Бір кохыр қолға түспес асыл еді.  
Жарасып ишан, кожа, молдасымен,  
Сүйіндік озге жұрттан асып еді.

Ғахаид пәндәріне (финләринә) болып судай,  
Ғылымның дариясына қанған кудай.  
Жарасқан имамлхқа лайықты боп,  
Көтерген хақ пайғамбар жасыл тудай.

Финләрдон ғылым хикмет баян айлап,  
Бірге өскен ғылымменен біте қайнап.  
Мінбеде хатба оқыған хош әуезің,  
Бұлбұлдай шымынларда тұрған сайрап.

Кітабың қалды артыңда місхәт Шариф,  
Май қылған мәселенің ішін жарып.  
Зар болдық бір сөзіңе енді қайда?  
Дал болдық қайран асыр біздер қалып.

Ғыдана шариф алды қолға алғанын,  
Ғынан алғынаға көз салғаның.  
Хазіреттен есіл сондай айрылған соң,  
Дүние-ай, жаңа білдім шын-жалғанын.

Өлшеусіз ғылым берген патша құдай,  
Болған соң амал бар ма тағдыр солай.  
Тофиг (тұғих) тылоих тілһистан шешуші едің,  
Қиынын мәселенің кылып оңай.

Ондай зат құлақ естін, көре алмас көз,  
Ден қойған асқарына бұл Орта жүз.  
Әркім өз заманында иман, ағзам,  
Алдыңнан кеткен емес шешілмей сөз.

(Фірайз насиф) тағлым білген тамам,  
Болмаған түсупха мұндай адам.  
Бәрін де білгенінің баяндауға,  
Жетпейді мөлшеріне менің шамам.

Көрдін бе, ай-халайық, ақымақ біздей?  
Құр қалған бір асылдан келген кездей.

.....  
Жат айтқан жай әңгіме қара сөздей.

Қызыл гүл көрдім о қиын (ұқтиын) солғанын,  
Дүниенің жоқ опасы толғанының.  
Бір Алла ақыретте ажриын берсең,  
Жалғанда хыр лажиз қылғанының.

Бұлғайды жәннет бақша жатқан жайы,  
Жарылқап фәзіліне алып бар құдай.  
Ғыбад муахдды қабыл болып,  
Көгергей быхре тиіп сол маңайы.

Бал-шекер мейірім қанып тата алмадым,  
Сөйлеуге қарапайым бата алмадым.  
Сықылды айдын көзін бұлт басқан,  
Болған соң мен сөйлемей жата алмадым.

Адамның жоқ-ты менен сол жаманы,  
Жігіттің қайран жастық бір заманы.  
Сөз қылмай мен қалайша тыныш жатамын,  
Жұрт асқан есіл сондай ғұламаны.

Жасымнан сөзге ілініп болдым мазақ,  
Көп емес, білгенімнің өзі де аз-ак.  
Қандай жан мін табады сондай жерден,  
Демесе, бар жазығы нәсілі қазақ.

Кіғайы парызғын ғылым мін дүр,  
Ереді бәрі тегіс сөзін де көп.  
Ғылымның пиғылтын білдірді Алла.

– О, адам жасыма, – деп,  
адамға періштелер таңырқан-ды,  
Қылмақ-ты оған сәжде мойнына алды.  
Мүкін кінбе жоқтамасқа ауызға алып,  
Ғылымды он екі пән білген жан-ды.

Көп еді есіл ерде әңгіме кіб (киб),  
Біз болдық қатты арманда ала алмай көп.  
Момын жұрт лахикітімә құран сөзі,  
-Фыхит оты хыр кіфир, – деп.

Тысоф ғылым тохид қылам еді,  
Берілген ғылым хикмет адам еді.  
Құданың фазылы мен нұры тиіп,  
Ныхат тәпсир хадисләр тамам еді.

Не сөз бар ғалым болса, оған және,  
Болар ма енді ондай бір ғахлы дана?!  
Уахил рабб зідді ғұлама деме.

Құранда жибіне сөздей..  
Оқыған жастығында мехнат тартып.  
Құданың бар жаратқан қазынасын да,  
Ғылымнан ешбір нәрсе емес артық.

Ғылымға адам еді іші толған,  
Аузына нұр төгіліп, дуа туған.  
Жаңбырдай ап нысан (инсан) дүрләр тамып,  
Шарфат баршамызға сонан болған.

Ғанибет бұ жүрмек ек аз күн шиады,  
Түбіне бұ жалғанның жоқ (нихоят).  
Ғалым мен ғұламаның құрметі үшін,  
Сөзіме дәлем костым екі-үш аят.

Ғайыпқа естіген (есіткен) жан алмасын деп,  
Өлең деп, бұзық ойға бармасын деп.  
Бастадым хамид сина біссімилләмен,  
Аяқсыз есіл сөзім қалмасын деп.

Кім қалар қыста (қапаста) жетсе, көрге кірмей?  
Мал қалар улап-шулап жалғыз ермей.  
Парқы бар жер мен көктің арасындай,  
Білгенмен білмегендер емес бірдей.

Надандар не біледі, мысалы олік?  
Мәз болар мал жыйғанға үш-төрт түлік.  
Болғанда хиямет күн айрылады,  
Аразы жақсы – жаман болып білік.

Жын-шайтан бет-бетімен бордай тозар,  
Күркіреп дау жанып тамұқ қызар.  
Мирасқор пайғамбарға жақын болып,  
Ғылыммен ғамыл қылған ғалым озар.

Ғалымға қылсаң керек жанды құрбан,  
Бұ дүние соларменен түзу тұрған.

Жаратқан құдай артық ғұламаны,  
Теп-тегіс іші-тысын қылып нұрдан.

Ғылымға бір зат еді қайнап піскен,  
Тоқтата алмай мәселен желдей ескен.  
Білгенді-білмегенді бәрін құп деп,  
Ешкіммен емес еді ереғескен.

Ұнатқан молдалығын тамам Алаш,  
Сықылды ізеп таппас михан ағаш.  
Қанша сөз білместікпен айтса надан,  
Жан жәділ қылмаушы еді ешбір талас.

Хазіреттің айналайын аруағынан,  
Патшадай түспей кеткен хан тағынан.  
Рухын нұрландырған керім Алла,  
Бейіштен есік ашып жан-жағынан.

Қадірін қолда барда қалдық білмей,  
Табылмас асыл еді көпке бірдей.  
Сең соққан балықтай боп қалдық біздер,  
Қам ғайса қапалықпен күйге келмей.

Сықылды шикі тері жетпей иім,  
Көңілім бар сықылданған жыртқы киім.  
Басшыдан Хазірет сынды айрылған соң,  
Жаңылдым мен сөзімді келмей күйім.

Айырылып қапияда қалдық нағып,  
Құлақтан есіткен сөз кеткен ағып.  
Құданың құдіретімен болған нәрсе,  
Жылаймыз енді мұны кімге шағып.

Әр жерге шашып тұқым, салып егін,  
Тіл шаршап, құлақ талар айтсам кебін.  
Ішіне сонша ғылым орнаған соң,  
Адам деп айтып болмас оны тегін.

Дүние-ай, көзім жетті жалғанына,  
Кім жеткен бұл жалғанда арманына.  
Хазіретті қанша айтқанмен келмес қайтып,  
Қайырлы қылсын артын қалғанына!

Болмадық өтерінде біз қасында,  
Көп арман қылдық болмай сол жасында.  
Жалғанның жазымы көп пенде білмес,  
Болған соң дүние қапы болмасын ба?

Қызмет қып жүре алмадық қасында еріп,  
Ап кетті ерікке қоймай жаслық кіріп.  
Өтер деп бұл жалғанда бір ойламай,  
Қызығын қала алмадық аз күн көріп.

Бірақ дем жоқ болады бітерінде,  
Шолтандап шолақ дүние жетерінде.  
Дұрыс берін, мәселеге жауап айтып,  
Тақсырдан берген тағылым өтерінде.

Сөйлеген (ғыхаиытде) іжіт (бағыш) заттан,  
Мағынасын Хазіретлейін айтқан жаттан.  
Адамның зыһияфлиғын қылып тақсыр,  
Неше мағына сөйлеген ол аяттан.

Жаралған әуелде адам сағиф болып,  
Суық болса, шыдамас жаман тоңып.

Ыстык болса, тыпырлап тықыршиды,  
Мұнымен не болады жүріп-тұрып?

Анланстан халық һылуға деп,  
Мағынасы тақсыр қылған таратып көп.  
Лә-лә илолла мағыналарын,  
Сөйлесем, бәрін тегіс таусылмас кеп.

Хасида бір иредан баян айлап,  
Бұлақтай есіл Хазірет аққан қайнап.  
Айтуға сол таратып жер тар болып,  
Ішінде тұрғандықтан бәрі сайрап.

Дүниеден ешбір қылам ауызға алмай,  
«Лә Алла ил-Алла» тілден салмай.  
Дұрыс беріп шәкірттерге әдеттенген,  
Үйренген тірілікте мінез қалмай.

Есіл ер қаза жетіп кірді көрге,  
Өзімен жолдас болып ғылымы бірге.  
Бұрынғы сол себептен айтты ма?  
Кірсін деп қара жылан қара жерге.

Қара жер қанша жанды жұтып тоймас,  
Бұл өлім ойлап тұрсам, кімді жоймас.  
Біреу өліп жатса да біреу күліп,  
Ғафіллік білмес тегін пенде қоймас.

Сөйлесе, бал-шекердей тілі – майда,  
Ондай жан енді анадан болмас пайда.  
Кешірген білгеніңді, білмесіңді,  
Дариға-ай, енді бізге Хазірет қайда?!

Жақсы деп жан біткенді мақтаушы еді,  
Шығармай бәрін ішке сақтаушы еді.  
Елден көшіп жатса да біреу білмей,  
Қайырып жанның бетін қақпаушы еді.

Үстінен үндемеген өтсе басып,  
Мінезі біреуінен біреуі асып.  
Үлкенге – үлкен, кішіге – кіші мінез,  
Әркімнің сөйлеуші еді көңілін ашып.

Бұ өлім талай жанды күлдірмеген,  
Нешелерді жері жоқ білдірмеген.  
Шарафат бойындағы қасиетің,  
Паш қылып ешбір жанға білдірмеген.

Пірлері Бұхарада шейх Жалал,  
Нәсіпті ықылас қойған Міркүләл.  
Жоқ қылған зиаратын жалғыз түнде,  
Ешкімге болмасын деп ешбір міләл.

Біз көрдік халал Мағзұм зиаратын,  
Имам һажіт берерге қой жақын.  
Ешкімге қолдағанын сездірмейтін,  
Сынды сүлігінің шербетін (пирбатын).

Мәслихат ашады сонан шыққан,  
Бірінің бір насихат сөзін ұққан.  
Топырақты нәзірімен кім ... иа қылған,  
Ерлерден зазат мінд быхре жұққан.

Арқаға келген екен құдай айдап,  
Біз қадірін біле алмай қалдық сайрап.



Шаһарлы жұртта мұндай ғазизларға,  
Басына ту тігеді жалау байлап.

Болмадық Бұхараның панасында,  
Хымыраның топырағының боп даласында.  
Есіл ер қазан жетіп, демің бітіп,  
Белгісіз Баянаула қаласында.

Ескендір іше алмаған мәңгі суын,  
Адамның қоймайды өлім жасы – құйын (қуын).  
Болғайды алдымызда басшы көпке,  
Пайғамбар көтергенде жасыл туын.

Хазіреттің Бұхарада орнын көрдім,  
Ұстаз пір бәрін тіздім.  
Табы лангыл (ләфіл) балынғыл (балфіл) болғандықтан,  
Аузыма келген сөзді айта бердім.

Біледі бәрін ішім қолымда жоқ,  
Айтыпты ілгері деп жоқтықтан...  
Дәрмен жоқ көрісерге қайнайды ішім,  
Аузымнан от шығады жалынды шок.

Хазіретті баяндайын сізге және,  
Айттырды ерікке қоймай һах тағалла.  
-Уа, Алла, ғылым ба? – ал сауап, хақиқат қыл,  
Менімен қинасқанның тонап (түнеп) қара!

Мағзумұлар ғибадат (әлір хымин ғибадат әлір хим),  
Атаңыз әулие өткен қылсаң фахым.  
Рухынан Зат Шарифтің болып медет,  
Алладан бәрімізге болғай рахым.

Иншалла үшбу сөзім болмас жалған,  
Аузыма сөздің шынын тәңірім салған.  
Ілгері менің баспай жүргендігім,  
Оқымай кеткеніме көңілі қалған.

Кетіпін кейін қайтып, келіп таяп,  
Шайнап дәмін ала алмай қалдым жалап.  
– Болатұғын бала еді, болмай қалды,-  
Деп, тақсыр көп ренжіген бір мені аяп.

Қадірін бүйтер ме еді бұрын білсем?  
Қызмет қып арман не еді жолында өлсем?  
Дүние-ай, қандай қылып ұқсатар ем,  
Әттең, он бес енді бір қайтып келсең.

Мұнда – ұстаз, Бұхарада өтті пірім,  
Тарқамай екеуінен қалды шерім.  
Бәрінен табылғанның құры қалған,  
Менің жоқ ойлап тұрсам оңар жерім.

Оң жолға өзін баста, патша құдай,  
Жоқты-бар, әр қиынды қылған оңай.  
Бәрің де осындай қып сөйлесейші,  
Құдайсыз сөйлеуіңе келсе құлай.

Дүниеден кетпей тұрмас келген адам,  
Бір дұға өліге де, тіріге де.  
Хазіретті көріп – естіп білген адам,  
Тілден сөз, Аллах қалар қолдан қалам.

Сөйлейін келіп тұрған кезде шамам,  
Өлмесе, Мәшһүр Жүсіп сөз таусылмас.

Бұ сөзім осыменен болсын тамам,  
Кіші жүз Бөкейлік қазақ, ай-жарық-ай!

Тілеу ұғлы, лақабы – Қамараддин хазірет атанған. Баянаулада  
мәдғұн болған, ғұлама-ай, заманының! Мәрсиесі – қазақ: Арғын  
молда Мәшһүр Жүсіп Көпеев сөйлеген. Отыз жасында айтқан сөзі.

### **Екі жас, бір шалдың әңгімесі**

Айтамын аз әңгіме құлағың сал,  
Өлеңге қарапайым болмайды обал.  
Бір үшеу жолдас болып шыға қапты:  
Солардың екеуі – жас, біреуі – шал.

Екі жас келе жатып ерігіпті,  
Жеріне тез жетпестей көрініпті.  
Бір нәрсе осы шалға қылайық деп,  
Екі жас өз-өзінен желігіпті.

Қасында екі жастың жалғыз шалсың,  
Таппасаң егер өлең – байғұс шалсың.  
Үш ауыз ер басына сөз сөйлейік,  
Алданып әңгімемен жол қысқарсын.

Өленді таба алмаған жерін айтсын,  
Жүргенде таба алмаған тұрып айтсын.  
Үш ауыз айтарға сөз таппағанды,  
Жүгендеп, ерттеп қына мінін алсын.

Байғұс шал мақұл көрін, жарар дейді,  
Ойланып білгенінше қарар дейді.  
Екі жас үш ауыздан сөйлегенде,  
Ішінде жалғыз кәрі қалар дейді.

Екі жас үш ауыздан сөз сөйлейді,  
Ұзартып жалықтырмай, тез сөйлейді.  
Екі жас үш ауыздан сөз сөйлеген соң,  
Баяғы кәрі шалға кезек келді.

Екі жас бір кәріні мазактайды,  
Байғұсты өлең айт деп мазактайды.  
Сөйлейін десе-дағы сөз таба алмай,  
Байғұс шал сасқанынан алақтайды.

Жаздырып шал байғұсты ерттеп алды,  
Айтысқан үшеуінің серті бар-ды.  
Бірі мініп, біреуі жетелейді,  
Әлден-ақ шаршатады байғұс шалды.

Бірі мініп, біреуі жетелейді,  
Арасын тау мен тастың төтелейді.  
...бірнеше күн өтуменен,  
Кез болып бір шаһарға жетер енді.

Шаһарға кіріп келді журуменен,  
Ерттеп ап, шал байғұсты мінуменен.  
Адам мінген бұларды тамаша етіп,  
Жиылды шаһар халқы күлуменен.

Шал байғұс шаршаған соң, балбырады,  
Есінен екі жігіт тандырады.  
Қатыны патшаның көзі түсіп,  
Шақыртып бұл үшеуін алдырады.

Көп ұрсып, екі жасты қатты қысты,  
Қылдын деп неге мұндай шал байғұсты,  
Анаңдай ақсақалды қатты қинап,  
Қылыпсыз кеше алмастай жаман істі.

Сонда жастар айтады: – Тыңда, – дейді,  
Өтірікті қойып, нан – шынға, – дейді.  
Біз мінің бұ кәріні қинамадық,  
Айтысқан уағда бар мұнда дейді.

Сөзінің екі жігіт бәрін айтты,  
Қорықпастан қалың топты жарып айтты.  
Үш ауыз әңгімені шал таба алмай,  
Дағдырған әңгімеден жырын айтты.

Сонда ханым айтады:-Токта! – дейді,  
Тұра тұр, екі жігіт, қорықпа! – дейді.  
Сақалың ағарғанша кәрі байғұс,  
Бір сырың бастан кешкен жоқ па? – дейді.

Шал айтты, еңірін, боздап:-Тақсыр ханым, –  
Адасқан ақылынан мен бір шалың.  
Айрылып жалғызымнан жардан құлап,  
Біле алмай бір хабарын жүрмін, жаным!

– Дүниеде не ғып жүрген сен, кәрі шал,  
Бір ауыз сөз таба алмай, болыпсың зар.  
Күн көзді, ай ауызды хан қызы едім,  
Айтайын өз көргенім, құлағың сал!

Қызы едім ардақтаған мен бір ханның,  
Жақпады бірде – бірі жүрген жанның.  
Ішінде алтын сарай ішім пысып,  
Кісіге базардағы көзім салдым.

Базарда бір жігітке көзім түсті,  
Асығып, жолыққанша, ішім пысты.  
Шақыртып бір кемпірден алдырдым тез,  
Жоқ едім бұрын қылған мұндай істі.

Қасыма шақырған соң, келді жігіт,  
Ойымды менің бұзық білді жігіт.  
Жегізін түрлі тамақ, төсек салдым,  
Қылуға ғиш-ғишрат кылып мед.

Жігіттің қолым салдым мойынына,  
Кісендеп бір жатып қойыныма.  
Құдайым тауфиқ берген халал жігіт,  
Сөзіме менің айтқан мойыды ма?

Жігіт айтты: -Құдайға құлмын, – дейді,  
Күнәні коре біле, қылман, – дейді.  
Сенімен бір ойнаған қызық үшін,  
Қараны ақ жүзіме салман, – дейді.

Бірігіп сенімен жатпан, – дейді,  
Қорқамын жаратқышы Хақтан, – дейді.  
Сенімен бір ойнаған қызық үшін,  
Жалғанға ақыретім сатпан, – дейді.

Жігітке көңілім кетті, көп жалындым,  
Қалмады ойын-күлкі бек бағындым.  
Оңаша үйдің іші, ойнамады,  
Жігіттің ойнамасын біліп алдым.

Сен жігіт, көзге түстің, қайдан? – дедім,  
Бойыңда жоқ-ақ екен сайтан, – дедім.  
Ханның қызы жабысты, болмадым деп,  
Еліне бара сала айтар дедім.

Маскара боларымды енді білдім,  
Жігітке қайрылмастай мен не қылдым?  
Ілтипат қылып мойнын бұрмаған соң,  
Жігітті өлтіруге мен ой қылдым.

Жігітке келдім жайып құшағымды,  
Көрсетпей тығып келдім пышағымды.  
Пышақпен қақ жүректен салып едім,  
Жығылып жігіт байғұс жанын берді.

Бітіріп бұл ісімді алдым енді,  
Кінәға кеше алмастай, қалдым енді.  
Астында тас орданың қазған қолы,  
Жігітті соған сүйреп салдым енді.

Еш адам бұл ісімді біле алмады,  
Бір күң қызым бар еді таң қалды.  
Баласы Пәленшебай жоғалды деп,  
Таба алмай ел мен жұртқа жар салады.

Күң қызы мұны көріп қуанады,  
Қанша тәуекелге бел буады.  
Жатқалы жарты ай болған жазған жігіт,  
Сықылды сасып кеткен ісі бар-ды.

Көңілім мұны көріп, алаң болды,  
Ханшаға бір ақыр заман болды.  
Жатқалы жарты ай болған жазған жігіт  
Сасығы күннен-күнге жаман болды.

Бұл үйге бөтен кісі жолатпадым,  
Маңыма жалғыз жанды ұнатпадым.  
Хан қызының сарайы сасыпты деп,  
Келген-кеткен айтар деп алақтадым.

Жарлықсыз сарайыма жан кірмейді,  
Хан қызы бұрынғыдай сәнденбейді.  
Сүйретіп түн ішінде тастауыма,  
Жігітке арысландай әл келмейді.

Сол кезде ханшаңыз қатты сасқан,  
Жалғанда не кешпейді жұмыр бастан?  
Шақырып оңашаға сырымды айттым,  
Бар еді кара құлым Қызылбастан.

Қара құл бұл сырымды біліп алды,  
Жымындап бір мұртынан күліп алды.  
Ісінді ел-жұртқа енді айтамын, – деп,  
Қара құл ханшаға бүлік салды.

Екі жігіт, бір кәрі мұны тыңда,  
Құтыла алмастай пәлеге қалдым сонда.  
Қалағаның берейін жүз қайтармай,  
Айтпашы деп жалындым кара құлға.

Қара құл құлақ қойды бұ сөзіме,  
Көрінді шыбын жаным сол көзіме.  
Қалағаның ал десең болды ғой деп,  
Жабысты жаман кәпір дәл өзіме.

Ол жерден бұл жігітті алдып қойды,  
Ішіне алтын орда салып қойды.  
Алтын-күміс берейін алғаныңша,  
Қой дедім, құл шырағым, мұндай ойды.

Бұл істі қылмас едім, мұнан қорықтым,  
Жігітті шығарған соң, сонан қояқтым.  
Сықылды асылзада ханның қызы,  
Қара шошқа секілді құлдан қорықтым.

Еш қайла ойласам да, таба алмадым,  
Құлменен ерегісіп тұра алмадым.  
Сол кезде есім кетіп жығылыппын,  
Құлымның не қылғанын біле алмадым.



Қара құл мұратына жеткен кісі,  
Дураны (Дәурені) хан қызының өткен күні.  
Мұрат әрі-бері бітіріп ап,  
Жігітті сүйреп алып кеткен кісі.

Құл кеткен соң қоңілге сана кірді,  
Өртеніп іші-бауырым жана берді.  
Жігітті алып барып жайластырып,  
Дәндеген қара құлым және келді.

Келгенін қара құлдың ұнатпадым,  
Ішіне алтын орда жолатпадым.  
Өлтіргенің айтамын деген соң,  
Не қыларым біле алмай алақтадым.

Біле алмай не қыларым есім кетті,  
Қара құл мұратына тағы жетті.  
Ажал жетпей, шыбын жан шықпайды екен,  
Алданып қара құлмен бір түн өтті.

Шакырдым әуел неге қара құлды,  
Басыма құтыла алмастай пәле болды.  
Қоймайды ықтирға қара залым,  
Жүруге күнде келіп уағда қойды.

Шаһардың еш білмейді даналары,  
Дұшманның қанар білсе табалары.  
Бір күні отырысып мақтаныпты,  
Жиылған бай мен бектің балалары.

Айтысқан тату-тәтті тамырларын,  
Құл тыңдап отырыпты соның бәрін.  
Мақтанып байбатшалар отырған соң,  
Құл айтқан ханшаға қылғанларын.

Бірің-болат, бірің – құрыш осындай кеп,  
Қызына мен патшаның асына жаймын.  
Мақтану сіздерден де біздерге еп,  
Сонда отырған мырзалар бәрі күлді.

Жаман, сасық, шірік құл, езбе, – дейді,  
Құл құтырса – құдыққа кармақ салар.  
Деген осы екен-ау, – деп күле берді.  
Онда отырып құл айтты:-Тыңда, – дейді,

– Мені мазақ, мырзалар, қылма, – дейді.  
Менің айтқан тіліме нанбасаңдар,  
Хан қызын ап келейін мұнда дейді.

Сонда тұрып, бірі айтты: – Жарар, – дейді,  
Сен келгенше мырзалар қарар дейді.  
Ханшаны қасына ертіп келсең,  
Сенің айтқан тіліңе нанар дейді.

Қара құл мұны айтты да шығып кетті,  
Уағда мырзаларға қылып кетті.  
Хабарсыз дәнемеден отырғанда,  
Қасына ханшаның кіріп кепті.

Қара құл сонда айтады келгенлерін,  
Уағда жақсыларға бергенлерін.  
Ханшаны қасына ертіп алып,  
Бармақ боп түн ішінде келгенлерін.

Еркіне бармайтұғын еш қоймайды,  
Бармасаң, айтамын деп ой ойлайды.  
Сонда тұрып есімді жиып алып,  
Ойладым қылайын деп бір хайланы.

Қадірлі қара құлсын би лайық,  
Осындай алтын-күміс үйге лайық.  
Бұ дағы біле білсең абыройың ғой,  
Екеуміз мырзаларға сый қылайық.

Қара құл мұны естіп күлімдейді,  
Ханша, ұнайтын сөз мұның дейді.  
Хайласын ханшаның қайдан білсін,  
Өзім де ойлап едім соны дейді.

Түрлі ас дастарханға турап алдым,  
Толтырып төрт шыныға арақ алдым.  
Шынының біреуіне у салдым да,  
Жиылған көп ішіне бара қалдым.

Сол құлға түн ішінде еріп келдім,  
Боларын бір сұмдықтың біліп келдім.  
Ішіне мырзалардың кіріп барып,  
Қасқайып күрек тісім күліп келдім.

Сол құлға еріп келген мені көрді,  
Бір пәле құтылмастай маған болды.  
Айтқаны пәлекеттің шын екен деп,  
Қарасып бір-біріне күле берді.

Ас даярлап ап келдім көпке лайық,  
Ойнап-күліп бұл түнде отырайық.  
Қылмаңыз түнде жүр деп бізге ғайып,  
Азырақ алдыңызға сый қылайық.

Сонда бұлар бәрі де асқа отырды,  
Арақ пенен шараптан баса берін,  
Жиылған жан бәрін де мас болдырды.

Қаза болды беклерге берген асым,  
Өз көңілімде дайын тұр қылған қасым.  
Баса құйып заһарды беріп едім,  
Елден бұрын жығылды қызылбасым.

Бір жаман қиын істі тағы қылдым,  
Күнәні кешілместей өзім қылдым.  
Арақ ішіп естерінен танғаннан соң,  
Бір аяққа толтырып уды бердім.

Адам білмей бұл үйден шығып кеттім,  
Пенде қылмас бір істі қылып кеттім.  
Сырым жұртқа әшкере болды жеп,  
Үй толған жанның бәрін қырып кеттім.

Таңба салды кара құл сүйегіме,  
Ханның қызын қоймайды сүйеріне.  
Даңқы шыққан бір ханның баласы едім,  
Не бетімді айтамын күйеуіме.

Күйеуді келеді деп хабар келді,  
Үш жұма келмес бұрын шабар келді.  
Күн көзді, ай ауызды ханның қызы,  
Нәрсені өтіп кеткен табар ма енді?

Ол нәрсе болмас ол күнде жаман істі,  
Қатты қайғы, ішіме бір от түсті,  
Ханның қызы – ханша, қатын шықты,  
Деген өсек-аянда бір жүк күшті.

Тағы салдым бағы кемпірімді,  
Кемпір келіп көреді секілімді.  
Жаным, саған не болды? – дегеннен соң,  
Кемпірден жасырмадым мен сырымды.

Елге қарар бет-жүз жоқ бізде, – дедім,  
Алтын-күміс берейін сізге дедім.  
Бойыменен кескіні маған ұқсас,  
Бір қызды тауып келші, ізде, – дедім.

Кемпір менің өзімді мақұл көрді,  
Ханша, жарайтын іс мұның дейді.  
Алтын-күміс ақшаны теңдеп алып,  
Алды-артына қарамай жүре берді.

Алты күнде айналып барып келді,  
Алтын-күміс ақшаны аясын ба?

.....  
Жарлының жалғыз қызын алып келді.

Сәлі орамал басына салындырдым,  
Инжу-маржан, жақұтты тағындырдым.  
Көңілдегі қызымды ап келген соң,  
Қазынаға кемпірді малындырдым.

Сұлулығы өзімнен қалыспайды,  
Хан қызынан бөтендеп таныспайды.  
Күйеуі келед деген хабары бар,  
Арасы күннен күнге алыстайды.

Неше күнлер өткен соң күйеу келді,  
Елін-жұртын шақырып хан той қылды.  
Тойын толап халайық болғаннан соң,  
Жеңгелерім күйеуді алып келді.

Алып келді күйеуді жеңгелерім,  
Кіргізбедім әлгі қыздан өзгелерін.  
Қалыңдық қайсы екенін танымады,  
Ісімнің енді білдім жөнделерін.

Күң қызы мен хан ұғлы сұхбат қылды,  
Ханшаңыз қасында қарап тұрды.  
Әрі-бері болған соң тұрақой деп,  
Бұрын айтып қойып ем мұндай сырды.

Жұмысы екеуінің аз болмайды,  
Тұр деуге сіз бейбақта сөз болмайды.  
Ақырындап қолымды салып едім,  
Құшақтасып қалыпты қозғалмайды.

Басқа шықты битіміз балақтағы,  
Келгенімді күң қызы жаратпады.  
Ақырындап қолымды салып едім,  
Ханшаны қасына жолатпады.

Хан баласы ол қызды қия алмады,  
Қарап тұрған өзімнен ұялмады.  
Екеуінің қылығын көре тұрып,  
Ханшаңыз көз жасын тыя алмады.

Малғұн мені аздырған шайтан ба еді,  
Өзі тұрар бармай-ақ қойсам ба деп.  
Болады тағы тартсам бір маскара,  
Ойладым жарлы қызы тұрмаспа деп.

Күң қызы көкірекке салды дертті,  
Айтысқан алдындағы бұзды сертті.  
Бір жерге отын алып үйдім-дағы,  
Астынан алтын сарай қойдым өртті!

Өрт жанған соң, жүгіріп үйге бардым,  
Қызды жігіт қойнынан сүйреп алдым.  
Қараңғы үйдің ішінде қақтықтырып,  
Жарлының жалғыз қызын отқа салдым.

Бір жаман қиын істі тағы қылдым,  
Күнәны кешілместей оңай білдім.  
Күйеуімді өзіме бермеген соң,  
Жарлының жалғыз қызын күйдіргенім.

Тұрмағаны өзіне болды пайда,  
Күйіп қалды сорлы қыз бір сарайда,  
Күйеуді алып барып оңашаға,  
Қосылып көңіл тынып, жаттық жайға.

Сонда қылдым мен қатты қиын істі,  
Өрт шыққан соң халайық жиылысты.  
Хан ұғлы мен ханша аман екен,  
Ел – жұртым бізді көріп сүйіністі.

Сол күйеу сасқанынан сандалады,  
Қалдық деп құдай сақтап таңқалады.  
Әлгіңіз кісмі еді деп наздық қылсаң,  
Алданып бұл сөзіме малданады.

Осындай күнлер кешті біздің бастан,  
Сол кезде ханшаңыз қатты сасқан.  
Тырнақтай сыр кешпесе,  
Не пайда бар ұзын жастан?

Мақтанған пәле болып құл да қалды,  
Бірталай құл тілімен мырза қалды.  
Әлін білмей астамшылық қыламын деп,  
Жарлының жалғыз қызы өтқа жанды.

Жаман шал уағдаңнан жаңылғаның,  
Атындай барымтаның сабылғаның.  
Азаптан бір ауыз сөз тауып құтыла алмай,  
Көргенің мұнша бейнет неғылғаның?

Ханша жыныс әйелдің данасы екен,  
Құдайдың бұған берген панасы екен.  
Алғашқы көркем жігіт қыз өлтірген,  
Қаңғырған шалдың жалғыз баласы екен.

Шал байғұс естіген соң аһ ұрады,  
Даусымен дүние толып жаңғырады.  
Көрген көзің болайын құрмалдығы,  
Түсі-түгін сөйлеші деп сұрады.

Көркіне бір кенелдім мен де тойып,  
Берің түрі-түсін қолмен қойып.  
Емес пе құп көрумен күйгендігім,  
Тастадым жарқылдатып бір-ақ сойып.

Мінезден асығыстық атандым қар,  
Қалды ма, айтсаңдаршы, менде ұят-ар.  
Апырмай, тәңірі алдына жақсы келдің,  
Ал қылыш, балаң үшін тілгілеп жар.

Шал айтты:-Р азы болдым, ханым, – дейді,  
Керек қой айтқан сөзіңаным дейді.  
Аузыңнан айтқан ғана айналайын,  
Дауалап көңілім тынды, жаным, – дейді.

Сыймаған маңдайыма бір бала деп,  
Тағдырдан қаза жетсе кім қалады?  
Сондай балам бар еді-ау деп айтқанмен,  
Көрген өзің болмасаң, кім нанады?

Бір жаны құдай үшін берген балам,  
Ақ ниет, адал жолмен өлген балам.  
Баламды көріп күйген сені көріп,  
Тірілді біле білсең, өлген балам.



Жоғалтқан бір жоғымнан бердің тілді,  
Тамсантқан қылған ісің қауым елді.  
Сондай жанның әкесі екендігім,  
Мінеки, сен айтумен ғалам білді.

Кез болдым қылып тәубе қайтқаныңа,  
Жұрт нанды артқаныңа, тартқаныңа.  
Балам түгіл, өзімнің жаным құрбан,  
Риза болдым хыраб бол айтқаныңа.

Жарайды, жан екен де ханым да жас,  
Мөлтілдеп домалапты көзінен жас.  
Жүгіріп келіп ұстады шалдың қолын,  
Кессең, міпе, басым, – деп, алдияр бас.

Жығырайып қалған жоқ желім болып,  
Қыдыр болдың дәл бүгін келім болып.  
Өміріңше күтемін келін болып,  
Бұл сөзбен тырп етпестен шал да тұрды.

Өңі еніп, гүл-гүл жайнап, болды нұрлы,  
Құдай бағын ашқан соң оңалмақшы.  
Болғанмен о басында қанша сорлы,  
Шал байғұс құдай беріп, болды бақты.

Ханым ісі Құдайға әбден жақты,

.....

Ақырында әулие болды ханым,  
Құлағыңа сырға қып тақ құлақты.

Екі жас, бір шал әңгімесі тамам болды. Жылқы жылында, 1918 жыл 17-ші февральда.

Әуел басы қазақ ортасында ертегі деп айтылып жүрді. Онан шайырлар өлең қылып айтып, « Екі жас бір шалдың қисасы»

атанды. Ақырында аяқтап келіп, жұмбақ болып шешілді. Әдебиет деген сөздің бәрі жұмбақ шешуін біліп оқыған қанша көп пайда.

Білгенге бұл бір жақсы жора болды,  
Ілгергі-кейінгіге мұра болды.  
Омыраулық, өтегенгендік, батырлықтар,  
Әрқайсысы бір мырза, шора болды.

Ашу, шаһут және бар тәкаппарлық,  
Мұның бәрі бас қосып қылса бірлік.  
Күншілдік, кекшілдіктер бас – басына,  
Бірінен –бірі асырып батыр ерік.

Ғафлат, бірғат хасисдік саралары,  
Айрылып ашыла ма аралары.  
Өз алдына бас қосып, сауқым салған,  
Осылар бай мен бектің балалары.

Жалғыз қызы қиылған қандай мықты,  
Ес көрген қарақшы жау боп шықты.  
Ұят-ар, абыйұрын ашпақшы боп,  
Күнде-күнде бұқтырып жерге тықты.

Қорқып-сасып жылады Құдайына,  
Маған тұман болдыр деп ұдайына.  
Көз жасы бір жылаған қабыл болып,  
Келтірді ісін Құдай қолайына.

Надандық арағымсен бәрін жықты,  
Бұл қыздан төбе тофик суы шықты.  
Арағы-бал, жылан-у, болған су,  
Бұл судан ішіп бәрі тырқиыпты.

Ел қонбас жоқ деп айтқанша итке бак,  
Үрікпейді, шошымайды қонса шын бак.  
Өлең жер білмегенге ары айдай,  
Білгенге сөйлеген сөз бәрі жұмбақ.

Жалғанның бір қымбаты сөзге түсу,  
Болмайды білген жанда ерегесу.  
Жалықпай алпысымда қайта жаздым,  
Жұмбақ түйін керек деп оған шешу.

Бір шаһар бастан аяқ кара бойың,  
Бар болса ойла мұны ақыл-ойың.  
Бойыңнан табылмайтын ешнәрсе жоқ,  
Беріліп бір күн асың, бір күн тойың.

Хан қызы денеңдегі нәпсі залым,  
Сен оны жеңе алмайсың болсаң да ғалым.  
Қой-һос қысыр қыл бұқаны жоқ,  
Ері байы сықылды болған малым.

Жабайы, өз бойыңда, дене – қатын,  
Шын қосқан бір –біріне махаббатын.  
Ортасынан бала боп көңіл толар,  
Қатын .... балажан деп қойған атын.

Нәпсі билеп көңілді орға салды,  
Оны өлтіріп қой мен һосты алды.  
Қой-һос болған соң нәпсіге ерікті,  
Мұнан қандай жалғанда пәле қалды.

Болғанды бұл қыз өзі талай наза,  
Қолынан тапқандықтан әркім қаза.  
Ерден иман құтылмас деген рас,  
Құтылды баршасынан әбден таза.

Пәлеге салып жүрген бір басы ғой,  
Бәрін көрген сүйкімді дер жасы ғой.  
Жалбандап жарлы қызы болып жүрген,  
Бұрынғы үйір шайтан жолдсы ғой.

Пәленің бастаушысы бәрі дене,  
Бір жан жоқ деп айтататын ары дене.  
Кемпірі анда-санда сырласатын,  
Қу қақпас, сұм жалмауыз кәрі дене.

Білгенге мөлтік жоқ бәрі дайын,  
Құр шаршап білмегенге не қылайын?!  
Бәрінен бұл пәленің құтылған жан,  
Табады адаспастан бір Құдайын.

Қарапайым өлеңге мағына бердік,  
Басымыздан кешіріп бәрін көрдік.  
Сөйленген сөз бекерге бос қалмайды,  
Енді аяңдап екі жас шалға келдік.

Жастықта мұз үстімен талай көштік,  
Бәрі өз басың екенге жаңа түстік.  
Хадис-Шариф мағынасын дәлел қылып,  
Екі жас бір шалды да әбден шештік.

Ишип бин адам Шариф уйжип фиа хысылтан ыхырыс отул  
ала мыл

Қартаяр жасы жетсе адам ұлы,  
Қалайды тоқтылықты құлы-пұлы.  
Екі түрлі мінезі қартаймайды,  
Бір шиыр жоқ болам деп күнде соны.

Есінде жоқ өзінің кара бойы,  
Болса екен деп ойлайды күнде тойы.  
Біреуі – дене құмар қарыстығы,  
Біреуі – таусылмайтын ұзын ойы.

Күш-қуат жастықтағы қайда қалған,  
Көз алдында ыстық боп дене жалған.  
Адамды қартайдық деп қоймай жайға,  
Итпелеп осы екеуі мініп алған.

Көз – қызыл, ауыз – сасық балжыратып,  
Денеге қылып құмар қалжыратып.  
Ебі келсе бір тиын пайда қылып,  
«Дене-дене», – деп олар алжып жатыр.

Әудем жер жүре алмайды о белі ойып,  
Өздігінен және өлмес жанын қиып.  
Ебі келсе бір тиын пайданы іздеп,  
Қартайғанша қалбақтап дүние жиып.

Жалғанның көрінін тұр жалғандығы,  
Басын мүжіп талайдан қалғандығы.  
Екі жас боп бір шалды келемеждеп,  
Әбден мініп мойнына алғандығы.

Дүние бір ұстатпайтын қызыл түлкі,  
Қаза жетсе қалмайды кімнің мүлкі?  
Қартайғанда «дүние» – деп, алас ұрса,  
Мұнан артық қайда бар жырқ-жырқ күлкі?!

Нәпсі адамды пәлеге салады ғой,  
Есіткен жан «шын сөз», – деп нанады ғой.  
Құдай оңдап болған күн мәтүмінә,  
Бәрі адыра – түл жалғаның қалады ғой.

Қыз күнінде нәпсінің «аммре» аты,  
Қатын болды, лууама қиафаты.  
Мәтүмінә болған соң, қисса болып,  
Ақ қағазда нұсқа боп қалды заты.

Пайгамбар бізден бұрын Мұса болған,  
Олар да неше түрлі қисса болған.  
Қиссадан қиса ала алмай, еңбек жанбай,  
Қайғы ойлап талай жандар құса болған.

Мұсаны бірге сөйлеп Харунменен,  
Қалмаған Ферғун де Харунменен.  
Айтылмақ жақса-жаман қосақталып,  
Әуелден келе жатқан сарынменен.

Әуелде айтылса да ермек үшін,  
Өңгіме көп бас қосқан дүрмек үшін.  
Қиссадан өлең қылған ақын-шайыр,  
Азық қып кейінгіге бермек үшін.

Ұстадан –тат, молдадан хат қалады,  
Жаманнан – бөз, жақсыдан– ат қалады.  
Ақ қағаздың жүзіне бір жазылса,  
Талапкер ер табылса жатқа алады.

Мұны жазған – алпыста Мәшһүр Жүсіп,  
Қалам алса, кетеді жосып-жосып.  
Бір сабазға кез болса жаттап алып,  
Домбырамен айтады әнге қосып.

Домбырамен айтқанда қосылса әні,  
Өлең сөздің кіреді сонда сәні.  
Өлген сөзді тірілтіп сөйлегенде,  
Құлақ салған сүйсініп дейді: – Пәлі!

Қыс өтіп, жаздың күні тақалғанда,  
Жауғанына қар жұрттан ақы алғанда.  
Ішпей-жемей мал жиған сараң байлар,  
Қар мен мұзға шашалып қақалғанда.

Жылқыдан жиырма бір күн қалғанда,  
Сағат он үш болуға түн қалғанда.  
Қайда құйрық, жылқыда жал мен қоң аз,  
Мал үстінде үрпиген жүн қалғанда.

Біреуге шөп таңсық боп, біреуге отын,  
Баспа-бас қойға алмай ұнның пұтын.  
Жанның бәрі телміріп көк жүзіне,  
Құдай жерден берсе деп адал отын.

Дәметтік қар кетуін марттан бұрын,  
Қыс ыңғайы шаруаға келіп қырын.  
Февральдың он алтысы деген күні,  
Құдайдың мол төгілген көрдік нұрын.

Қуандық көз кенеліп нұрға тойып,  
Құдайдың құдіретіне мойын қойып.  
Шөбі жоқтар кенеліп мәз боп жатыр,  
Емін-еркін арық пен тырық сойып.

Арық өліп, семіздер арып жатыр,  
Күні жеткен күнінде барып жатыр.  
Семізінде союға қимағандар,  
Арығында жайратып жарып жатыр.

Не салғанын құдайдың көрін жатыр,  
Бүгін жауған қар ертең еріп жатыр.  
Құдай үшін қимаған жел жетпесін,  
Ит пен құсқа саудасыз беріп жатыр.

Кедей байғұс құдайға налып жатыр,  
Аштан көбі қалжырап талып жатыр.  
Сат дегенде кедейге пұлдаушы еді,  
Қардан санап қанша ақша алып жатыр?

Талай жан бізден бұрын өткен екен,  
Ойласақ, кезек бізге жеткен екен.  
Шортанбай, қожа, әулие болып өткен,  
Байлар-ды о да зарлап кеткен екен.

Айтыпты байды құдай атқаны деп,  
Ақшаға сабағы жүн сатқаны деп.  
Кедей боп ақырында қаңғып қалып,  
Сатуға таба алмай мал жатқаны деп.

Бұл күнде байлар малдың боғын сатты,  
Кедейге тас – темірден болды қатты.  
Малының ауырып өлген етін сатып,  
Борышқа, білсе, сенен кедей батты.

Жоқ болып нан беруші жалғыз тілім,  
Деуіңе тұрмай қалды халқым, елім.  
Өзін кімге өткізер сатуменен,  
Сол үшін арылмай тұр ауру-өлім.

Әркімнің өз қылғаны – өз алдына,  
Байды бастап сөйлейміз сөз басына.  
Тоба ойлап, тауфиқ қылып тоқтамайды,  
Көрсетіп тұрса-дағы көз алдына.

Мың тоғыз жүз он тоғызыншы жылының февральдың он алтысында ақ қар жауып, соның артынан жиырма екісінде еріп, жер қағара болып және артынан неше түрлі ғаламат болды. Жаңбыр, жауын болып, мал қорада ....



\*\*\*

Қолыма хат жазғалы алдым қалам,  
Құбылып толқын боп тұрғалы ғалам.  
Қалдырып құрбыларға өрнек үшіп,  
Кетейін бір сөз сөйлеп, келсе шамам.

Не келер қанша айтқанмен біздің қолдан,  
Жазуы бір Алланың не дүр шамам.  
Істемей ауыр жұмыс жүрген басым,  
Тауына Кавказ, Армен қалай барам?

Қойша иіріп паровозға қамағанда,  
Аққан жас екі көзден тарам-тарам.  
Орыстан құрық түсті басымызға,  
Жан сақтап паналауға қайда барам?

Еш ғылаш қолымыздан келмеген соң,  
Қарата Керекуге басты қадам.  
Он тоғыз отызбірмен сорымызға,  
Айтқаны болды ма өтірік хадис халам?

Біреу бай, біреу нашар, біреу жалғыз,  
Үштен бір аянғанмен қалды ма адам?  
Бір тегіс кеткен үшеу де бар,  
Патшадан льгот бар деп болдық алаң.

Үйден бір қадам басып шыққан соңғы,  
Немене көрген күнім бәрі қарам.  
Мысалы ақыреттің тозағындай,  
Жарқ етіп шығып жатыр қалған адам.

Солдаттар иіріп айдап қамағанда,  
Құр сұлдең жүре алмайсың басып қадам.

Бізді онда, үйді мұнда аман сақтап,  
Көруге жазсын аман құдай тағалам.

Жел тимей, күнге күймей өскен басым,  
Қор болып ғазиз тыным қайда қалам?  
Жинаған комиссия барлығымызды,  
Қол қысқа, ойлағанмен келмес шамам.

Тұз, нәсіп басқа жерден бұйырып тұр,  
Кетеді жер түбіне жігіт адам.  
Алланың рахметінен медім бар,  
Шын болса, ғырыш кіріс лұқ алқылым.

Жаратқан соның бәрін жалғыз тәңірі,  
Бір тамшы судан бізді қылған адам.  
Бір хабар жақсылықтан бола ма деп,  
Қалаға дамыл таппай күнде барам.

Теп-тегіс қор болдық қой күллі қазақ,  
Ішінде жоқтығынан бір басты адам.  
Бай қалды, жарлы кетті жылай-жылай,  
Дүниенің жоқтығынан боқтым арам.

Бес теңге берген жандар қала берді,  
Мен кеттім жоқтығынан берер харам.  
Итке сүйек тастасақ алданады,  
Сүйекті итке тастар қайдан алам?

Мен оған ар қылдым да, жүре бердім,  
Берсін өзі қуат құдай тағалам.  
Тағдырдың кермесіне кез болыппын,  
Дәрмен жоқ ұзап кетер не дүр шарам.

Басыма мұнан бұрын қалған орнап,  
Таудан зор, тастан қиын бар бір жарам.  
Құрбылар, қиын екен ойнап-күлген,  
Бас қосып бір табақтан жеген тағам.

Жаксы күн тумай тұр ғой қалғанға да,  
Айырылып қызық көрер заманадан.  
Жарқырап ай мен күндей келер едік,  
Құламай аман өтсек бағадан.

Не болар артта қалған үйдің – іші,  
Тұрған соң бала айрылып ата-анадан?  
Үй-іші артта қалған не болар деп,  
Әр түрлі ойға түсіп кетіп барам.

Хабарсыз, дәнemedен, уайымсыз,  
Кез болып жүрген күнде алаң-салаң.  
Хан (Қам) қылмай өз басыма кеткендігім,  
Бір жұмыс бас ұстап болдым алаң.

Түсіріп баршамызға қызыл билет,  
Ауылнай діңк-діңк етер жалаң-жалаң.  
Он тоғыз-отыз бірді список қып,  
Жібермей қамағанда толған аран.

Кедейлер арманың жоқ баймен бірге,  
Бөлек қып жұмыс бар ма алалаған.  
Болыстар байды іріктеп алып қалып,  
Кедейді бірыңғай ғып салалаған.

Жарлыға бұ да тиген дәурен шығар,  
Көшені патша жүрген аралаған.  
Шешм үйде жоқтығы ойға түсіп,  
Қаңғырып жүре бердім айдаладан.

Шығарып салған бір жан жоқтығынан,  
Жөнелдім жұрттан бөлек батып қарам.  
Тетелес қарындасым Әминажан,  
Айтайын саған енді кімнен сәлем?

Екеуміз бір ұяда қалып едік,  
Тұрар деп қылып дуа ойыма алам.  
Біз үшін кім жыласын, кім езілсін,  
Су ақтық толқынында шөп-шар, салам.

Кереку алыс жер ғой жер түбіндей,  
Баяннан жөнетерлік болмады адам.  
Төрт бөліп түн ұйқысын тұратұғын,  
Қайтейін жоқтығыңды, қайран анам!

Әкенің ең жақсысы жездедей деп,  
Соны айтқан бұрынғыда әулие адам.  
Дуасын көпке қылған аямас деп,  
Жадыраса жарылғанып барша ғалам.

Жай-күйі, жетімдігі түске есіме,  
Дал болып қайран асыр естен танам.  
Балалар, артта қалған ал есіңе,  
Дөкейі жеті жетім қандай адам?

Жетімдік пайғамбардың бір мираты,  
Демесем, сөйлей берсем шаршап талам.  
Шын қиын бәрінен де мынау болды,  
Ал енді жай-күйіңе қарамаған.

Тұрмайтын ұйқың қанбай, боздақтарым,  
Тұрдың ба, алаң-қараң сары таңнан.  
Торланып, талай жалғыз, талай маңғаз,  
Асаулар үзіп торды қала алмаған.

Құнымыз біздің аттан оңай болды,  
Жақсы атты еріксіз орыс ала алмаған.  
Келуге жазсын Алла жігіт жасты,  
Аллаға шын сыйынған құр қалмаған.

Бұл дүние бір қаранғы болды тұман,  
Жүре алмай, жұрт адасты ақылына.  
Қайтеді ақшасы жоқ кедей байғұс,  
Қам қылып ат пен тонын ала алмаған.

Жас бала, жол көрмеген боздақтар көп,  
Аяғын бұрын қадам сала алмаған.  
Ажалдай еріксіз айдап, ұшырып жел,  
Шегініп ешбір мойын қала алмаған.

Мақал бар: «Аз сөз-алтын, көп сөз – көмір»,  
Мұнымен сөз аяғын тамамлаған.

*1916 жыл.*

### **Соғыс майданнан**

Аралға қонды суы жоқ,  
Мезгілсіз ұшқан бір топ қаз.  
Бауырын төсеп жатуға,  
Жапырағы жоқ, жері саз.

Ұшайын десе, мерген көп,  
Андымайтын адам аз.  
Обал болар дер едің,  
Өтпейді оған ешбір наз.

Ұя салған көліне,  
Өсіп-өнген жеріне.

Қайтатұғын қаңқылдап,  
Болар ма екен оған жаз?

Қанаты талып түспесе,  
Ондай шөлге қаз қонбас.  
Жаңбыр жаумай, қар жауса,  
Жері де балшық, саз болмас.

Мергеннен құдай сақтаса,  
Асыққанмен бұл жерден,  
Сәуірде ұшсаң, аз болмас.

Көргенінше жел құсын,  
Көлінің көркі нұрлысын,  
Халқы да күліп, мәз болмас.

### **Пушкин – Вальтерден**

Қыздыр дейсің, топ жиынды, жар дейсің,  
Қыздыратын жасты қайдан ал дейсің?  
Өмірімнің таңын қосып кешіне,  
Бер қайтадан өткен күннің жармысын.

Бере алмасаң, кең салайық пейілді,  
Жас қызығын көрсін жастар кейінгі.  
Тәтті өмірмен нәпсі көңілін ауладық,  
Қалғанымен алдантайық зейінді.

Уа, дариға, өттің бастан, қызық жас,  
Өзіңе жөн, өзгелерге бұзық жас.  
Қайғы-қасірет дертін жанға батырмай,  
Қайран жастық, қызумен қылған мас.

Көрінбестен өмір күйі өткен шақ,  
Тіршіліктің сан әлізаты кеткен шақ.  
Ойын-күлкі, мәжілістен, қызықтан,  
Мезгіл қуып, шық деп әмір еткен шақ.

Жасың айтса, көнбегеннен не пайда,  
Уақыттың тілі шолақ жор ойда.  
Тұрлауы жоқ өзгерілген өмірдің,  
Отбасына еткен, сірә, кім айла?

Хәмкін десең, адамзат екі өлмек,  
Бірі соның жасым жетті деп көнбек.  
Бұл өлімнің ардақтысы, ауыры,  
Мұнан кейін өлім бе сол дем сөнбек.

### **Қыпшак Ізбастың қаршадай бала күнінде айтқан сөзі**

Ойпаңнан қашты бір түлкі,  
Қырға қарай дем алмай.  
Жабыла қудық көп кісі,  
Жалғызы қалды ере алмай.

Сол түлкіні кім алар,  
Жалғыз жеткен мен алмай.  
Ағайыннан дұшпан жоқ,  
Алдына салып айдап жүр.

Күндеп соны көре алмай,  
Ұялып, тақсыр, қалмаңыз!  
Төресін түзу бере алмай,  
Мұны естіп Дайыр жылдам аттан түсті.

Оқығанға адал сөзден бар ма күшті,  
Құлашын жайып, қойнын ашып келін.  
Тәбикті сүйір Дайыр аттан жүсті.

### **Жаду фіскаядан**

Мінсіз таза меруерт-  
Су түбінде жатады.  
Мінсіз таза асыл сөз-  
Ой түбінде жатады.

Су түбінде жатқан зат-  
Жел толқытса шығады.  
Ой түбінде жатқан сөз-  
Шер толқытса шығады.

**Жау қолында тұтқын болған бір жас баланың өлейін деп жатқандағы сөзі.**

Сен келдің өлерде айтар сыр тыңдауға,  
Ризамын келгеніне бұл тыңдауға.  
Көкірек жеңілткенім маған жақсы,  
Сөзімді керек қылса кім тыңдауға.

Қыдымыс жоқ быһыра алып пайдаланар,  
Есім бар айтып өтер, құр тыңдауға.  
Айтуға жан жарасын тіл жете ме?  
Сала бер құлағыңды мұң тыңдауыға.

Әдебиет ғымұх ғалы хағұс... иелеріне

Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге,  
Жабырқап жабы малдай жүрген кезде.



Қолына қағаз, қалам алғаннан соң,  
Толғанып кірді Мәшһүр сөйлер сөзге.

Жөнелді ұйтқып соққан қардай борап,  
Нәрсе емес өлшеп сатып алған сұрап.  
Әр жерде бұрыннан-ақ босатпайтын,  
Ақ қағаз, қалам, сия алдымды орап.

Алдыма өлең жаз деп қағаз келген,  
Сөзімді сөйлеп бақтым мен де білген.  
Кеудеме құдай кеңес берген шақта,  
Қағазға он саусағым атша желген.

Кез келіп бояу, сия, қалам, қамыс,  
Болмады бұрынғыдай мына шабыс.  
Жасынан жер тайынған жүйріктей-ақ,  
Сонда да шашылмайды аяқ алыс.

Қосылдым ат бәйгеге құлын-тайдан,  
Білмеймін кез болғанын маған қайдан?  
Кеше мен бүгін болған Мәшһүр емес,  
Келеді ат атанып бір талайдан.

Қызыл тіл сөйлеуші еді желдей есіп,  
Жастықта жүрген күнде көңіл өсіп.  
Жарыстан талай топта озып жүрген,  
Жүргенде бәйге кердей күйге түсіп.

Жастықта қылдық кінә желіп, жортып,  
Керек қой қылсақ тоба хаһтан қорқып.  
Жарыстан талай топта озып жүрген,  
Жүргенде бәйге кердей күйге түсіп.

Жастықта қылдық кінә желіп, жортып,  
Керек қой қылсақ тоба хаһтан қорқып.  
Қызығын жігітліктің көріп өттік,  
Киіктей оқыралаған ортып-ортып.

Барады өтін өмір аттай шауып,  
Жаңбырдай себелеген сөзім жауып.  
Бозбала, тірілікте қимылдап қал,  
Өрмектің асты – үстіне кетпей ауып.

Бес жастық не екенін білмей кеттік,  
Доп ойнап, асық атып онға жеттік.  
Он бесте баламыз ғой деген оймен,  
Ісінен бұл жалғанның ғапыл кеттік.

Жиырма түзей алмай жүрісіміз,  
Еш болмай жиырма беспен бір ісіміз.  
Отызда ойлы-қырлы болып жүрдік,  
Дүниемен болмай онша келісіміз.

Отыз бес ойға кірдік, қолға алған жоқ,  
Жүруге қырықта бізге жол қалған жоқ.  
Қолыңды жеткен күнде сермемесең,  
Артынан қанша қусаң бұл жалған жоқ.

Ырыссыз жоқ нәрсені ерінеді,  
Талайлыға мол нәсіп беріледі.  
Он бес пен жиырма бесті кім біліпті,  
Енді артында бадырайып көрінеді.

Күн сайын өзіңе-өзің жас боларсың,  
Жаспын ғой деп әр істен жасқанарсың.

Піскен астан ішпесең мезгілінде,  
Мезгілі өтіп кеткен соң, аш қаларсың.

Құнан, дөнен, құлын мен тайдан өсті,  
Ат болады толған соң болып бесті.  
Өтыз-қырықтан асқан соң ойланамыз,  
Он бес пен жиырма бесте қылар істі.

Өнерге шыда алмай біз шабармыз,  
Қанша шапсақ, бұрынғы жоқ бағамыз.  
Әлі орынды ытірген бір жұмыс жоқ,  
Мұнан былай ойланшы не табамыз?!

Балалық өтті-кетті басымыздан,  
Көп шығар көрген дәурен шашымыздан.  
Түлкідей таудан қашқан бұлаң етіп,  
Жалған-ай, өте шықтың қасымыздан.

Мен де қыршын жас болып өсіп едім,  
Жарқырап топта көзге түсіп едім.  
Қызыл тілім бұлбұлдай сайрағанда,  
Талай жанның көкейіп кесіп дім.

Көрген жан ұнатқан шабысымды,  
Жібермедім қолымнан намысымды.  
Жұрт аузына ілінген Мәшһүр едім,  
Алты адам түгел білген дабысымды.

Сонда біз асып-тасып қырдан астық,  
Өнермен ілгергіге тайталастық.  
Қызыл тілді қылыштай сермеп, жайқап,  
Неше мен-мен дегеннің көңілін бастық.

Бұл күнде кетін қалды бізден жастық,  
Бір көдер ойлап тұрсақ белден астық.  
Тірлік қызыгынан бой алыс боп,  
Аулына үлкендердің жақындастық.

Екен ғой өткен күннің бәрі мастық,  
Кеткен соң мастық бастан жаман састық.  
Қызығын фәни жалған жоқ болған соң,  
Өлімге мұндай күнде саудаластық.

Ұғып ап құлағың бар, замандастар,  
Талап қыл, біздей болма, өңшен жастар.  
Бұзылған замананың уақытысында,  
Шын сөзің өтірікке болмайды астар.

Адам жоқ туралық жұртты бастар,  
Бір жан жоқ шындық айтқан сөзді қостар.  
Туралық, хақлықпенен жүрем десең,  
Өзіңді керексіз ғып әркім тастар.

Айрылды бір-бірінен жақын дотар,  
Бере алмай желге төтеп тұбі бостар.  
Бір шын сөзге он өтірік қосып айтсаң,  
«– Пәлі!, – деп, – есіткен жан соны қостар.

Келіспес біле тұрып арам жесек,  
Жаман ғой арамнан өтірік-өсек.  
Бұл заманның адамы сондай болды,  
Келер менен кетерді қылмайды есеп.

Өсекті молда менен қожа айтады,  
Қожа, молда өзгеден оңды айтады.  
Араз қып балдай тату ағайынды,  
Өстіріп жау-жанжалды зор айтады.

Ғайып істі балгер мен баксы айтады,  
Құмалақпен, тамырмен тапса, айтады.  
Бізді жалған айтты деп ойламас деп,  
Ишанлар мен қажылар жақсы айтады.

Шариғат кітап сөзі қалды тозып,  
Бәйге алды талай өтірік шыннан озып.  
Қожа, молда, қажылар көп болған соң,  
Барады быт-шыт қылып жұртты бұзып.

Айтпайды мір мығырыф түпкі затын,  
Ұлғайтып өсек сөздің түпкі затын.  
Құрметлеп қожа, молда ап кеткен соң,  
Қол жуып бұл өнерден қалды қатын.

Бой тоқтатып өз-өзін баға алмайды,  
Онан басқа айтар сөз таба алмайды.  
Екі үйге кезек-кезек күнде кіріп,  
Біреуіне – біреуін жамандайды.

Табынар пайдасы жоқ тасқа қалмақ,  
Бұл қазақ үлгі жолды сонан алмақ.  
Есіл малды орынсыз жерге шашып,  
Іс көрер қиямет күн ауыр салмақ.

Қазақ, тіпті, жақсы еді аман күнде,  
Дәнеме оқу білмейтін надан күнде.  
Өсек сөзді осылай түзеп айт деп,  
Үйрете ме бір адам саған күнде.

Қазақтың пайдалы еді надандығы,  
Қоян мен қойдай еді адалдығы.  
Қожа, молда көбейіп кеткеннен соң,  
Қулық – сулық көбейді арамдығы.

Білмеген ойлап тұрсам надан озды,  
Әбден біліп алған соң, әркім қозды.  
Қисық арба жол бұзар дегендейін,  
Дүмше молда, қожалар жұртты бұзды.

Ішер аспен, сатылып, мінер атқа,  
Біле тұрып, кірісіп киянатқа.  
Сыр бойынан қаңғып кеп әулиесін,  
Бұ қазақты қалдырды жаман атқа.

Қазақ байғұс береді ет пен шайын,  
Бар әлінше аямай аппақ майын.  
Және тағы нияз деп даярлайды,  
Үйден құр жібермеске қой мен тайды.

Жалғыз түндік қалдырмай кезіп жүрін,  
Бұйырғанын құдайдың алар теріп.  
Бұрынғыдай емес жұрт бұзылыпты,  
Деген сөзді айтады шыға беріп.

Ұстасамын қожамен елде тұрған,  
Неге десең, бұзықшы көп антұрған.  
Сыр менен Түркістаннан келіп қайтқан,  
Ишанлардың несіне жаным құрбан.

Көп айтқан деменіздер мылжың сөзі,  
Маған кеңсің жек көрсең дүние жүзі.  
Қожалыққа кірмейді фи ыхықиқа,  
Шешесі ене болса қазақ қызы.

Жасымнан өнер іздеп көңіл бөлдім,  
Мән-жайын қожалардың көрін келдім.  
Өгізтаулық сарттарды қожа десең,  
Қазақ-ай, мен өлгенде сенен өлдім.

Жел сөзге қызыл тілім ділмәр еді,  
Өнерім қожалармен тең бар еді:  
Өзіңнен қожа шығып тұрғанын да,  
Сарт, Сауан, қызылбаста нең бар еді?!

Құдайдың бергеніне көп-көп шүкір,  
Шүкірлікпен қыламын фікір-зікір.  
Түркістанға апарып, сал базарға,  
Жүз қожаға өтпесем бетке түкір.

Айналайын құдайдан берген ғылым,  
Арқасымен ғылымның сөйлер тілім.  
Қуандық, Сүйіндік, Қаракесек,  
Бес Мейрамның баласы бәрі өз елім.

Біз жүрміз ауыр жүкті мойынға артып,  
Пайданы әрмен итеріп, залал тартып.  
Үті-үстіне күнәны көбейтуге,  
Көрінгенге кетеміз бір сөз айтып.

Бойымда шықпай ащы тер қалмады,  
Көңілімде айтылмаған кер қалмады деп.  
Бұл күнде қожа, молда көптігінен,  
Мал басып жайылуға жер қалмады.

Жайылды қожа, молда мал орнына,  
Отын боп қуыс қурай, тал орнына.  
Қол сандықтан айдаһар жылан шықты,  
Сыйғызып енді өзінің сан орнына.

Бас – басына мінгізсе, бір-бір атты,  
Айтар емес, мұнымыз, қой, ұят-ты.  
Несие жиған кісідей жұртты жиып,  
Былтыр қандай кездеме, мата сатты.

Бая-с-аяғы еліктеп, қылып машық,  
Қаңғырғанға қазақтың есігі ашық.  
Қанша ғалымды қор қыдып жеңіл тартып,  
Есіл болат жауһарды қылды жасық.

Күлкі болдық мұнымен жуық –жатқа,  
Жазылған сөз нұсқа боп қалар хатқа.  
Ит мойнына гауһарды таққанменен,  
Айналдырып жібермес басқа затқа.

Әнгіме боп мұнымен бұл сөз тұрсын,  
Жақсы кеңес кандырар құлақ құрышын.  
Төрт-бес қағаз ғарінтен оқыдым деп,  
Иттің көбі кетірді құлақ тынышын.

Сөзіме ойнап айтқан шын деп нанар,  
Жаман үшін жақсының көңілі қалар.  
Бұл сөзді жалғанға шығармайтын,  
Қожа мен ел ішінде бар молдалар.

Іс қылған халыққа ұнамды, хаққа жаққан,  
Бір жан жоқ осы күнде ауызын баққан.  
Жыланша жылтырайтып сыртын ғана,  
Табылса бір қафы жер жаман шыққан.

Барады жеңілдікпен бір сөз қалып,  
Сөйледім күйгендіктен от боп жанып.  
Жақсылар бар да болса, жоқ сықылды,  
Қайтеміз оны көптен бөліп алып.

Кетейін бұл сөзімнен бермей хабар,  
Мен өлмей кісі емеспін ауыз жабар.  
Төр махзұм, екі қожа, үш молда бар,  
Жұрт өзі кім екенін ойлап табар.



Жоқ деп қақсап отырып тоғыз таптым,  
Сегізінде жұлдыздай ағып шаптым.  
Біреуін жаяу жалғыз көтермелеп,  
Рухын сыйлап өлінің айтып бақтым.

Өсектен қожа, молда аузынды жап,  
Сор артам жаппағанға дәл он бес қап.  
Құдайберген өнерді ешкім алмас,  
Азар болса дерсіңдер құдайды тап.

Кетеді кейде сөзім ерлігіне,  
Кісі ырқына жүрмейтін өрлігіне.  
Қожа, молда, қылмайсың неге дуа,  
Бұл жұрттың азбаз-тозбас бірлігіне.

Қой мен жылқы аласың бұл қазақтан,  
Бір ауыз сөз айтпайсың шындық жақтан.  
Бұл жұртта ... болса екен деп ойлансаң,  
Дуа қыл жұртқа тауфиқ сұрап хақтан.

Тегін мал бұл қазақта жоқты сату,  
Кетті ғой тыныштықпен үйде жату.  
Сартты бөз, қазақты қожа бұзар,  
Дегендей қожалы жер жүрмес тату.

**Төлепберген Алдабергеновтың көшірмесінен:**

## **ШЕЖІРЕНІ**

Үлкен адамдардың ілгергі уақыттағы атаны өлең ғып айтқан әңгімесі:

Қолыма Бисмиллә деп алдым қалам,  
Екінші – Мейрам атам арғын бабам.

3-ші келеді – Қаракожа,  
4-ші атаң – Ақжол батыр білсең тәмам.

5-ші атаң – Құтанбай аты шыққан,  
6-ші атаң – Қаракелімбет дәулет жұққан.  
7-ші атаң – Жанарыс орта жүздің,  
8-ші атаң – Қазақпай еркін ұққан.

9-ші атаң – Айырқалпақ білсең атын,  
10-ші атаң – Сапиян арғын затың.  
11-ші атаң – Майқы деп және Аңталы,  
12-ші атаң – Жәбел хан жетсе дәтің.

13-ші атаң – белгілі атаң Алаш,  
14-ші атаң – Аламан оған Жанас.  
15-ші атаң – Қорай деп естігеміз,  
16-ші атаң – Сәбел ғой, етпе талас.

17-ші атаң – Мағаз аты,  
18-ші атаң – Жәбелден туған заты?  
19-ші атаң – Анасының дәл өзі екен,  
Мәлік деп 20-шынсыны жазған хаты.

Ал, Мейрамнан былай 1011- ата боп қалады, сонда барлығы 30-  
дан арта аталар жоқ...

### **Пайғамбардың Қадишадан соң Ғайшаны алғаны**

Жеткенде қырық жасқа Құран келген,  
Екінші хақ Пайғамбарды ғалам білген.  
Жас бала жеті жасар ойнап жүрген,  
Жүгіріп бірге Ғайша жетіп келген.

Пайғамбар сол уақытта қырық үште,  
Балаға ойнап жүрген көзі түскен:  
– Атаңа айт, бұл алмасын маған берсін,  
Алманы жеп көңілім тынсын.

Жүгіріп атасына бала кетті,  
Сәлемін Пайғамбардың ала кетті.  
– Ей, ата, жегісі кеп отыр екен,  
Пайғамбар сұрар сізден алма, – депті.

– Көңілін қайтарам ба досты, – десе,  
– Кім асар Пайғамбар болар, – десе.  
– Ойлаймын өсер шағы болған жоқ қой,  
Жей ғойсын егер алма пісті, – десе.

– Жоныңа күнде бір жіп жапсыр, – депті,  
– Өзіңді бір Құдайға тапсыр, – депті.  
Атам айтты: – Алманы қыймаймын ба?  
Пейіл қосса, жей ғойсын тақсыр, – депті.

Естіп Пайғамбардың көңілі кетті,  
Жеті жасар Ғайшаға неке ғыпты.  
Тоғыз жаста шариғат жолын ғылып,  
Жиырма жыл екеуі дәурен сүрді.

Мұхаммед Ғ.С. 10 әйелі бар еді. 1) Хадиша, 2) Сәуле, 3) Бану,  
4) Айша, 5) Зейнеп, 6) София, 7) Маймуна, 8) Қапиза, 9) Қаббе,  
10) Сәлима.

### Төрт жар

Әбубәкір Сыдық пен Хазіреті Омар Расул Алланың қайын атасы.  
Хазіреті Осман мен Хазіреті Әлі Расул Алланың күйеу баласы.

Қадиша 40 жаста, Пайғамбар 25 жаста қосылған: 4 қыз 2 ұл көрген, ұлдары жас күнде опат болған.

Ұлдары: өгей баласының аты **Нале**, өз баласының аты: 1) Қасым, 2) Таһир.

Қыздары: 1) Фатима, 2) Ұркия, 3) Күлсім, 4) Зейнеп.

Фатиманы Әлі алған. Ұркия мен Күлсімді Осман алған, Зейнепті Әбулас алған. Әркім әр түрлі айтып ғайбатқа ұшырағаннан не жазып, не есте сақтаған дұрыс. Күнәдән аулақ болу үшін кейбір молдалар дауласып та жатады. Алла өзі сақтасын.

### Молдалар туралы

Молдаларда не ғамал жұрттан мал таппақ,  
Алланың мүлкі ұжмақтың кілтіне ие болмақ.  
Құдайға садака беріндер деп,  
Аңқау елді алдап ақымақ қылмақ.

Сыйқырын он қашырға сайтан артқан,  
Түгелі мен соның бәрін мұны қожа молла сатып алған.  
Кедейді қанап, аңқауды алдап, Құранның сөзін сатып,  
Сайтанның ғайласы мен [паили] тапқан.

Бағызы – бағызы шарифат бар,  
Тек шатақ үшін жаралған.  
Алуан-алуан молла бар,  
Тек алу үшін жаралған.  
Олар «өл» дегенді өлтіреді,  
«Бер» дегенді қалдырады.

Сұрауменен сұрамсақ күн көреді,  
Ұрлықпенен сұғанақ күн көрелі.  
Үзіп жұлып моллалар күн көрмесе,  
Бұл пақырларың аштан өледі.

Таудың түгі таусылып тасы қалды,  
Дос азайып өңшең жау қасы қалды.  
Құранда «Минәл жәнәт уәл әннәс қалды»,  
Ағузұны қиғаштап аузын созып молда.  
Бұл күнге я әр әннәс қалды.

Дүние үшін жанның бәрі қайғы жеген,  
Мен кімді кінәлайын текке неден.  
Кісі тапта айт маған жаным құрбан,  
Анық көңіл шын пейілмен Құдай деген.

Мың ғаламнан «Ғаин мим ләм» артық,  
Оқиды атақ үшін науқ маншық.  
Молладан өзі құрлы болуға артық,  
Айырылып қой – қозыдан қалайық па?  
Шариғат жолын жұртқа түзу айтып.

Мәшһүрді бар екен деп есіпе алсын,  
Аяғын аңдамаған қына салсын.  
Жасымда қожа кесіп сүндеттеген,  
Жактырмаса Қ-молда қалғанын кесіп алсын.

Ақыр заман адамы көп білем деп дана болар,  
Надандығы халыққа мәлім болар.  
Шариғат пен Хадисте жұмысы жоқ,  
Құранды қате оқып күнә болар.  
Оқымаған ғұламалар таусылған соң,  
Ақыры сол наданды молда қылар.

Дүние үшін оқу оқып болған молда,  
Болғанда баста сәлде кітап қолда.  
Білгені өз басына пайда етпесе,  
Масқара өз алдында болар сонда.

Бұлар сол оқу оқып ұқпай қалған,  
Шын болмай айтқан сөзі болып жалған.  
Жұртқа айтып шариғаты өзі тұтпай,  
Қазақтың қой мен тайын алдап алған.

Шариғат кітап сөзі қалды тозып,  
Бел асты шылғый өтірік шыннан озып.  
Дүние үшін моллалардың пейлі азып,  
Бұлар жүр быт-шыт қылып дінді бұзып.

Осылай жүрін жатыр дін сарсаңда,  
Көбейіп қожа – молла бұл қарсаңда.  
Жалғанда кісі ақысынан құтылмайсың,  
Қажыға жылап [жанау] жүз барсаңда.

Айналайын, шариғат,  
Атын барда затын жоқ.  
Айтушы бір өзгертіп,  
Жазушы екі өзгертіп,  
Өртеп жіберетін кітабың көп.

Жаназа шықтым деп бір алып,  
Құран шықтым деп екі алып.  
Ғарып қабыр садақасы деп,  
Және алып, суық қалпы сұм.

Алашақ асып өлтіретін молда көп,  
Дүмше молда дегенге дүмше молда.  
Оқитыны Құран сөзі күнде молда.  
Сүйтіп отырып Құран сөзін ақша қылған,  
Ішінде сол тамұхтың шырылдайтын жан өзің молда.

Тамұхтың түбі терең неткен деймін,  
Ішіне бір тас түсіп кеткен деймін.

Түбінің тереңділігін сонан байқа,  
Екі жүз елу жылда жеткен деймін.

Ішінде сол тамұхтың құлығы бар,  
Әр адамға салатын құрығы бар.  
Күнінде қияметтің зар жылайтын,  
Онда қылған арам заңның қылығы бар.

Ішінде сол құлықтың сандығы бар,  
Имандыға айтылған ұраны бар.  
Иманды адам тозаққа жанбас деген,  
Алланың айтып кеткен жарлығы бар.

Ішінде сол сандықтың жыланы бар,  
Имансызға айтылған ұраны бар.  
Алдымен сол дозаққа Молда күйер,  
Қанайтын кедейлердің пиғылы тар.  
Халыққа шарифатын дұрыс айтпай,  
Қолында Кәлима Алла Құраны бар.

Дін қайда осы күнде білім қайда,  
Тұрған жоқ анық көңіл бір Құдайда.  
Лақ, тоқты алайын деп жүрген жаннан,  
Ойлайсың тиеді деп кімге пайда.

Дүниеден қалған жан жоқ аяп күшін,  
Қайраумен шықыр-шықыр отыз тісін.  
Айт тауып жастанайын босағасын,  
Молданы бала оқытқан Құдай үшін.

Дүние үшін жанын бәрін қайғы жеген,  
Ешкімді күйдірейін текке неден.  
Кісі тап та айт маған басым құрбан,  
Анық көңіл шын пейіл мен Құдай деген.

Қиямет күні 5 халықты дозаққа жібереді:

1. Имандар шариғатты жамағат халыққа айтпаса;
2. Азанды естін жамағатқа бармаса;
3. Намазды оқып болмай асығып шыкса;
4. Күші келін қажыға бармаса;
5. Дәмді аухатты үйге келген кісіге бермей алып қойса.

Алланың Парызын, Мұхаммедтің Сүннәтін өзгертіп орындамаушылар:

«Мүрләрлар» /Діннен шыққан/, «Мұнафиқ» – сырты мұсылман.

### **Алланың жарылғауы ғарыпқа берген бір теңге үшін (Мәшһүр Жүсіп)**

Құдайым пендесіне берген малды,  
Жаратқан әр түрлі ғып жүрген жанды.  
Ғибадат қанша қылған құлшылықтан,  
Ғарыпқа берген артық жалғыз нанды.

Бұл қайыр бергеннен соң қолдан шығып,  
Құдайдың қазынасына барар кіріп.  
Бір қылған Құдай үшін жақсылықтың,  
Сауабын жеткізе алмас ешкім айтып.

Бір теңге берген қайыр Құдай үшін,  
Сөзін жылы, шырайлы ғып оған жүзін.  
Құдайым періштеге айтады екен,  
Көрдің ғой қылған қайыр менің үшін.

Беріп тұр мені ойға алып малын қиып,  
Сайтанның тілін алмай, нәпсі тыйып.  
Берем деп бір теңгеге сатып алды,  
Иманның жеті шартын бірдей жиып.



Беріп тұр сенген үшін бірлігіме,  
Таянып менің патша теңлігіме.  
Сайтанның берме деген тілін алмай,  
Көрдін ғой қылған қайыр ерлігіне.

-Жарайды, міне, пенде, пәле ерім,  
Жарылғар ілгергі күн оңдар жерім.  
Өзімнің артық пендем екеніне,  
Мінекей мен құдайлық бастым мөрім.

Бұл пендем жақсылықтан ойлаған ой,  
Сол көрер көп ішінде айт пенен той.  
Қойған соң мен мөрімді не қыласың,  
Періште, сендер-дағы қолыңды қой.

Екінші – Періштелер танып біліп,  
Өлген соң тірілуді анық біліп.  
Ұжмақтың нығметінен үміт еткен,  
Дозактың азабынан қауып етіп.

Бұл хатты жүргізіңдер қолдан – қолға,  
Әммәсін дайындандар мұның оңға.  
Міндетсіз, мақтанышсыз бергендіктен,  
Уақытында қолдан шығып жетсін оңға.

Алланың шын бұл сүйген құсы,  
Болғанда таңда мақшар болған жолы.  
Уа, Алла, юзафиғул Иман Әнша,  
Хадистің аятынан көрдім мұны.

## Алланың жарылғауы ғарыпқа берген жарты нан үшін (Мәшһүр Жүсіп)

Айтатын дәлел сөзді молда қайда,  
Дүние үшін ойлағаны (хамал-хайла).  
Айтатын бұрынғының нақыл сөзіп,  
Қайырдан аз да болса көрген пайда.

Дүние өтер бәйгі атындай желіп шауып,  
Шөп шығар тақыр жерге жаңбыр жауып.  
Бір жаяу жол үстінде келе жатып,  
Бір сандық жарқыраған алды тауып.

Сандықты қолына алып аузын ашты,  
Сап-сары көрді сонда алтын тасты.  
Жоқ жерден кез қылды деп Құдай маған,  
Шаттанып қуанғаннан судай тасты.

Қуанып сол сандыққа салды қолды,  
Қолына алып еді жылан болды.  
Бір сәтте айдаһардай өсіп кетіп,  
Таппады құтыларға қашар жерді.

Жылан айтты: – Сен қайдан душар болдың?  
Жай жатқан сандық едім аузын аштың.  
Тірілттің мені қорғап аузымды ашып,  
Құйрығын жатқан жыланның өзің бастың.

Қолыңа алдың ойлап нені? – дейді  
– Осынша әуре қылып мені! – дейді.  
Аузы ашылмаған соң қорек керек.  
Жұтамын енді амалсыз сені, – дейді.

– Мекенім менің сандық іші,  
Жоламай кетуші еді білген кісі.  
Тынбаймын қолға алғанның басын жұтпай,  
Құдайдың бұл әуелде жазған ісі.

Кез келді (қылды) сені құдай маңдайыма,  
Бұйыртты болғаннан соң тәңір таңдайыма.  
Сен менен құтылам деп шын ойласан,  
Сыйғызып бұрынғыдай сал жайыма.

Боламын өсе берсем мен бір көр қап,  
Енді сені жұтудан басқа амалым жоқ.  
Кәнекей, болысатын кісің қайда?  
Қозғалмай осы арада жәрдеміңді тап!

Қуанды берді ғой деп Құдай маған,  
Табылды бір отыз жан жоқтан – бардан.  
Жалынды байқұс жанау алтын тасып:  
– Құтқар, – деп, – мен сорлыны айдаһардан!

Мән – жайын бастан – аяқ көрді байқап,  
Айдаһар жолатпайды басын шайқап.  
Бәрі де көп тұра алмай кете барды,  
– Болмас-болмас, – деді де, басын шайқап.

– Келмейді саған алып қолымыздан,  
Алмайды берсек ат пен тонымыздан.  
Аяңдап отыз жөніне жүре берді,  
Өзіміз қалмайық, – деп, – жолымыздан.

– Келеді қалай қылсам саған шамам,  
Бастырамын аяғыңды жалғыз қадам,-  
Деп, айдаһар ақырды тұрғаннан соң,  
Кез келді Құдай айдап бір бес адам.

Жалынып бұларғада жылап жатты,  
Зар жұтып бастағы мұңды шақты.  
– Бұған бір амал – айла қылайық, – деп,  
Қарасып бір-біріне иек қақты.

Біреуі айтты: – Бұл айдаһар, емес кіші,  
Жиылса, бүкіл дүние келмес күші.  
Бесеуі бұған айла не табамыз,  
Біз түгіл түк қылмады отыз кісі.

Болмайтын болды дауа бұған енді,  
Өлетін сорлы жан-ау енді білді.  
– Кеттім ғой су түбіне, – деп тұрғанда,  
Селтендеп бір жарты адам шыға келді.

Басына бір қиын іс түскен шағы,  
Тынбайды жылауменен тіл мен жағы.  
«Тал кармар суға кеткен» – дегендейін,  
Жалынды жан айласы бұған тағы.

Жарты адам қапаланып тұра қалған,  
Сөзіне оның айтқан құлақ салған:  
– Айдаһар, айтқаныңның бәрі өтірік,  
Нанбаймын мен өтірік сөзге жалған!

Қыспаққа бұл сорлыны алып отырсын,  
Сен қалай өтірікке нанып тұрсың.  
«Ішінде көздей сандық жатып ем», – деп,  
Жок жерде бір пәлені салып тұрсың!

Сандыққа қарасайшы есің жиып,  
Өтірік сөз сен айтасың жаның қиып.  
Көрінген мынау денеңменен,  
Сандыққа сен жатасын қалай сыйып?

Жұлкынды айдаһарды ашу қысып,  
Түтіліп түтін болып аспанға ұшып.  
Түтінді ұшқын болып көзге түсіп,  
Сандыққа қайта келіп қайта түсті.

Дауа жоқ жерден ақыл тапты,  
Сандыққа айдаһарды сүйтіп сапты.  
– Бәрекелді, айтқаның шын екен! – деп,  
Сандықтың сарт еткізіп, аузын жапты.

– Құтылды пәлесі тиген сонан аман,  
Бұл өзі малғұн еді сондай жаман.  
Маңына енді қайтіп жолай көрме,  
Қашады анадайдан көрген адам.

Оразаң отыз күнгі – отыз кісің,  
Бес кісі – бес намазың білемісің.  
Жоқ қылып жанаулықты жылулыққа,  
Болар ма ед дәнемеге келмес күшің.

Қысылды, мен болмасам, шын жаның,  
Дәрменнің қалмап еді, құрып қолың.  
Танып қой, танымасаң, мен боламын,  
Дүниеге қылған қайыр – жарты наның!

Шықпаған сараңдықпен бүтін – қолдан,  
Қалмас ең бүтін болса, мұндай жолдан.  
Танып қой дүниеге қайыр қылсаң,  
«Тар жерде тайғақ кешуге» пана болған.

Біліп ал, бір көрерсің өлім бетін,  
Тіл алсаң өлмей бетін көрмей өттім.  
Дүниеде қайыр қылсаң, сауапты жарты қылма,  
Қыла гөр күні бұрын соны бүтін.

Ендігі хауыпың алдағы жүрер,  
Жолында тұр. Үйіңе барсаң – әйелің өледі.  
Далаға қонсаң – өзің өлесің. •  
Мұның мәнісін мен біле алмай тұрмын,  
Айтуға жарты кем тарлығымнан, – деп, жүріп кетеді.

Бұл адам ауылына жақындап, бір төбешікті айналып жүре береді, кеш батқанша. Әбден шаршап, не істерін білмей дағдарып, «үйіне барса – әйелі өледі, далаға қонса – өзі өледі» – деген деп, дағдарып тұрғанда, қолында таяғы бар қой қайырып жүрген бір ақсақал кез болады.

– Балам, ауыл әне көрініп тұр. Сен кіші бесіннен осы төбешікті неге айналып жүрсің? – дейді.

Сонда жолаушы жолдағы оқиғасын айтады. Қария: «Олай болса, балам, андағы қанжығандағы қоржынында бір сарбас улы жылан жатыр екен. Пәле сонда болды, – деп, жыланды өлтірген екен.

– Үйге барсаң, әйелің қоржыныңды ашушы еді. Далаға қонсаң, ерді жастық қып жатушы едің. Сол жарты наның үшін, кездесіп тұрған мен – Қызыр ғалаислам қартың едім, – деп, жүріп кетті.

### **Дұға оқу тәртібі**

– Алланың қатты қаһарына жолығатын жан – арам пиғылды дін иелері, – деген Расул Алла айтты. Алла тағала Дозақта бір шыңырау құдық жаратты, атын «Уәил» дейді. Ол шыңырауға кімде-кім Алланың тыйған ісінен тыйылмаса, дұғаны дұрыс оқымаса, сол пенде соған барып кіреді. Расул Құдай айтты: «Момын мұсылман дұға оқыса, егер ол таза дәреті, намазы бар пенде болса, қабыл болмай қалмайды және өзіне ықыласты адам болса. Ал, ол пенде өтірікші, сотқар, ғайбат айтатын, не мақтаншақ, тағы дұға жасап отырып, көңілі дүниеге болса және ішкен камыр-аухаты харам болса, қабылдық жоқ.

Мұндайларға оқытып, арнайы тие берсін дегенің қабыл, не болмаса үлкендерден үйренген «Ықылас» сүресін үш қайырсақ,

Құран бағыштағанмен бірдей. Арапша дұғалардың мағынасын қай тілмен оқыса да дұрыс делінген. Хатта біздің Иман Ағзам араптан басқа тілмен де намаз оқығандармен Иман болуын да дұрыс, – делінген. Ләки ислам мәнісін әрбір мұсылманның білмек өз басына парыз етілген.

Құранның басы – тазалық, дәреті – анасы,  
Бата – қорғаны, кілті – ықылас Таш кісі.  
Шырын кімде – кім бұларды білмесе,  
Құран оқуға болмайды.

Және дәулетің көп, зекетің жоқ,  
Ол малыңда береке жоқ.  
Дәретің жоқ намазың жоқ,  
Ол оқыған дұғанда сауап жоқ.

Құранды бір жерден екінші жерге апарып қою үшін де дәретің болсын делінген.

Дұға ақшаға сатылмайды. Құдай сөзі – Құран сөзі. Ешқандай құн жетпейді. Тек қана Алланың ризалығы үшін деп оқылған дұға ғана – сауап. Дұға салауат пен сауап тілек, садақаң мен сауап садақаң сауында берілсін деген. Ұжмақтың кілті – кедейлер мен әлсіздерге берген садақа мен қайырымдылық. Молшылық – тойдың ең жаманы, байларға құрмет көрсетіліп, кедейлердің ұмыт қалуы. Жаның жадырап, ойлағаным орындалсын десең – жетімге қол ұшын бер. Маңдайынан сипа, қарнын тойғыз. Осындайға берген қайыр садақаң жаман өлімнен сақтайды.

Өзің тоқ, көршің аш болса, онда сен дінге толық сенген адам емессің. Діннің басында білікті адам отырса, дін үшін алаңдамаңыздар. Ал, қабілетсіз адам отырса, қайғыратын болыңыздар. Осыған байланысты Мұхтасар кітабын 1992 жылы Ратбек қажы Нысанбайұлы дін басқарма қызметкерлері – қазақ тіліне Құранды аударған (Стамбулда) Алғы сөзінде: Бұл жерде Құранды зор талаппен қазақ тіліне аудардық, сол алғашқы нәтижелерді айтып отырмын. Иманның шарты да үздік-үздік болса да кітапша болып

шыққан. Бірақ, әзірше әркім өзінше талаптанып, өзінше әрекет жасап, өз тіршілігін өзгеден бұрынырақ өткізіп қою қамында, қайсыбіреулер ақша табу төңірегінде. Бұл – қасиетті Құран үшін де, мұсылмангершілік парыз үшін де обал, үлкен забр, сондықтан қатаң ескермесе бөлмайды. Барынша жол бермей, абай болғандарыңыз абзал.

Кезінде Мәшһүр Жүсіп бабамыз «Сайтанның саудасын» мысал қылып жазған да, қожа – молдалар тыңдамағанда. Қазіргілерге сенікі былай дейтін пенде әзір жоқ сияқты.

Молдалардың мақсаты – мал таппақ,

Құдайдың мүлкі, ұжмақтың кілтiне ие болмақ.

Құдай үшін садақа берiңдер деп,

Аңқау елдi алдап ақымақ қылмақ.

деген шумағы осылай болады.

## Намаз туралы

Пайғамбардың намаз туралы айтқан көп-көп санның (сынының) бірі – кәпірлер мен мұсылманды айыратын шекарасы намаз деді. Кімде-кім намаз оқуы керек, оқылмаса – Пайғамбардың Шафағатынан құр қалып ахиретте дозаққа лайық болады. Егер құрмет қылған адамын маған деген достығыңды дәлелде десе, сіз қымбат сый (зат) беріп немесе адал қызметінді ұсынар едіңіз. Егер Аллага сенсек, тек сенемін деп шектелмей, Аллаға деген сенімді оқыған намазбен дәлелдесек керек. Намаз оқымаған, Құдайға сенген кісілердің Иманға сенімі, дәлелі жоқ тиянақсыз Иман болады. Құдай тағала Құран кәрімге пенделеріне жүктеген парызы, сондықтан намаз оқымағандар Алланың бұйрығын орындамағандар болады.

Алла тағала намазға мән бермеушілерді 15 түрлі жазамен жазалайды:

6-уы осы фани жалғанда, 3-уі өлім қолында, 3-уі қабыр ішінде, 3-уі қиямет күні.



Фани жалғандағы 6 жазасы:

- 1) Рызығы кем болады;
- 2) Береке кашады;
- 3) Жақсылық қасиеті жоғалады;
- 4) Дұғадан құр қалады;
- 5) Істеген жақсылығынан қайыр таба алмайды;
- 6) Алла қылған дұғасын қабыл қылмайды.

Ажалға келіп, өтер халге жатқандарға 3-уі:

- 1) Қор болып жаны киналады;
- 2) Аузына қанша құйса да, сусыны қанбайды;
- 3) Аш қалады.

Қабыр ішіндегі 3 жазасы:

- 1) Қиямет күніне дейін азаптайтын періште жібереді;
- 2) Қабыры қараңғы болады;
- 3) Өте қорқынышты қабырда жалғыз қалады.

Қиямет күні 3-еуі:

- 1) Сұрақ-сауалы көп болады
- 2) Құтаманың құлығына салынады
- 3) Қыл көпірден айдалады

## **Мәшһүр Жүсіптен намаз туралы**

Таудан биік күнәміз кішкене емес,  
Кешем десе, Аллаға қиын емес.  
Намаз оқып: «Лә иләһи иллола» – деген пенде,  
Дозақта еш уақытта күймек емес.

Тайтаңдай бер, о пенде, тайтаңда,  
Қалар әлі артыңда Алла, қарға, қартың да.  
Түсінерсің, бірақ ерте, бірақ кеш, онан не пайда?  
Тілің келмей жатса, қасиетті Әлһамға.

Қабыл болды-ау бұл күнде Ібілістің тілегі,  
Қоныс болды-ау Сайтанға адам жүрегі.  
Біле білген адамға арман екен ақ өлім,  
Осы жүрген жандар бір күні түп-түгел өледі.

Ұғынайық, жуынайық,  
Бес уақыт намазға жығылайық.  
Қашпаңыздар, қашпаңыздар, ақсақалдар,  
Бұл істі бастаңыздар!

Тәубе неге қылмаймыз, біз бір есер,  
Есер пенде сайтанмен әзілдесер.  
Тау мен тастан күнәң болса-дағы,  
Құдайға шын жалынсаң, өзі кешер.

Құдайға жат та жыла, тұр да жыла,  
Қасірет пен қазаны көрсен шыда.  
Тәубе қылсаң, Құдайым кешем депті,  
Кешпейтұғын бер екі –үш күнә.

Бес намаз уақыт оқымасаң,  
Ораза ұстап жаныңды қинамасаң.  
Кешпейтұғын Алланың сол күнәсі-  
Атаң менен аңды сыйламасаң.

Ей, жастар-ай, жастар-ай,  
Қосылар ма екен бастар-ай.  
Қырып-қырып сақалын,  
Шалдар да азды-ау, маскара-ай.

Ақсақалдық, үлкендіктен белгі жоқ,  
Бәрі де әйелдеріне тартқандай.

## Не себепті Аллаға тілек жетпейді

Бес түрлі себеп: 1) Мүрдер, 2) Мүшірік, 3) Мұнафық, 4) Білхат, 5) Такзиф. Бұл бесеу тұрғанда – аспанның есігі жабық делінген. Бұл туралы толық 276 бетте «Дін ұстаушыларға» деген хадисте.

## Дұға оқып әрқашан Алладан сұрасақ та қабылдығы жоқ, себебі не?

Ғазіреті шейхы фаниден Ибраһим Ибн Адам Басара Жаһрінде (шаһарында) көшемен жүріп келе жатып, жиналып сөйлесіп тұрған адамдардың жанына келіп сәлем беріп тұрады. Сол жылып тұрған адамдардың ішінен біреуі: «Аллаһу тағала ғазреті Құран тафлимде алғұни астағфуир кәким», – деді. Ей, пенделер, менің өзімнен дұға қылып сұраңдар, қабыл қылам, – деген. – Бұл қалай? Әрқашан Алладан сұрап дұға қылсақ та, еш қабыл сәті жоқ. Я, тақсыр, бұған не айтасыз? – деп сұрады. Сонда Ибраһим Ибн Адам қазіреттің айтқаны:

– Ей, Басар ағалары, 10-түрлі іспенен жүрек нұрын сөндіргенсіздер. Соның үшін дұғаларыңыз қабыл болмайды: 1. Алла бар деп танисыздар, Алланың ризылығын өтеп ғамал істемейсіздер. 2. Құранды оқып Алланың сөзі деп сенесіздер де, Құранның жолымен ғамал қылмайсыздар, жүрмейсіздер. 3. Пайғамбарды жолбасшы деп сенесіздер, оның сүннәтінің жолын тұтпайсыздар, орындамайсыздар. 4. Сайтан біздің дұшпанымыз деп тілдеріңізбен айтасыздар да, сайтанның жолына ересіздер. 5. Мекенім ұжмак болса деп тілейсіздер, ұжмакқа кіруге себеп болатын ғамалдарын іздемейсіздер. 6. Жаһанамнан құтылу дағуасын айтасыздар, өздеріңізді көре біле отқа тастайсыздар. 7. Өлім – хақ, өлмей қалмайсыздар, тілдеріңіз айтады, әлі оған еш дайындықтарыңыз жоқ, әлі мәғафылықтасыздар. 8. Басқа адамдардың фәтуа ғайыбын іздеумен жүріп, өз ғайфларыңызды көруден бос қалғансыздар.

9. Алланың берген инғам ихсанына берген нығматларын айлап ішіп-жеп пайдаланасыздар да, шүкірлік етпейсіздер. 10. Өлген адамдарыңызды апарып қабыр ғазабына саласыздар да, одан ағзаланып ғибрат алып нысапқа қайтқан жоқсыздар. Міне, соның үшін дұғаларыңыз қабыл болмай босқа жөйылады. Саудагерлерде иман жоқ – арын сатады. Өтірікшіде иман жоқ – жанын сатады. Ғайбатшы мен өсекшіге иман жоқ – Құтамада жатады деп жүріп кетеді.

### **Адам екі дүниеге жаратылған**

1. Жалған дүние. 2. Қиямет дақыл дүние. Адам жалған дүниеге ессіз сәби бөлып келеді. Осы сәбилік кезінде Алла жалғанда 3 нәрсе жазған: 1) Ғұмыр, 2) Рызық, 3) Кәсіп. Осыны ақыл – есі кіріп өскен сон, өзіне берген зерде ақылымен кәсіп етіп, пайда, зиянды айырып, тіршілік қамын өле өлгенше ойлайтын қылған. Ал, қиямет бақым дүниеге – осы жарық дүниеде жүргенінде біріңғай жалған дүниеге қызығып кетпей, ол дүниені де жина деген. Ол – Аллаға деген ғибадатың, мұны еш ұмытуға болмайды. «Жерге не ексең, соны аласың» – деген.

Лұқпан хәкімнен бір халпе сұраған екен: – Тақсыр, сіз жалған дүниеңізге өте ризасыз. Алла жаратқанда жалғаныңызды берген екен. Өйткені 1000 жасадыңыз ғой?! Бірақ, бахы дүниеге өзіңіз дайындалуыңыз керек, Алла солай деген емес пе? Оған не дайындығыңыз бар?

Лұқпан әулие әзірше төртеуін тауып тұрмын депті. Сол қалайша?

Лұқпан : 1. Намаз оқып, қабырдың жарығын таптым, – депті

2. Құран танып, оқып, Әңкүр – Мәңкүрдің сұрағанына жауап таптым, – дейді.

3. Ораза ташпы тартып, қыл көпірден өттім, – депті.

4. Жамағаттарға Хадж ақыл-кеңес, хикмет айтып, Пейіштің көлеңкесінен сана таптым, – депті.

Адам дүниеден өтер халде Иман айтылмаса, сайтан ұрығын азғырып алып кетеді. Қасында діндарлар болу парыз.

## Сайтанның Әбу Зікрія әулиені айналдыруы

Бір Заип өткен екен Әбу Зікрія,  
Кімді алдап өткізбейді бұл дүние.  
Жастыққа бір күн ауырып басын қойды.

Қасына көп жиылған мұритлары,  
Өлімге жақындаған оның хасы.  
Калима Шаһадатты айтты бәрі,  
Айтқыл деп ол Заипқа баршалары.

Айтпады теріс қарап ... Заип,  
Достары жалынса да қасына кеп.  
Қорықты сонда тұрып баршалары,  
Заиптың халі нешік болар, – Я, рәбім, – деп.

Бір заман Заип көзін ашты,  
Достары қасына кеп жауаптасты.  
Я, тақсыр, не себептен айтпадыңыз?  
Біз сізге айтқыл дедік Шаһадатты.

Кеттіңіз екі айтқанда теріс қарап,  
Айтпан, – деп үшіншіде бердің жауап.  
Әулие – жұртқа басшы, шапағаты,  
Болды ма деп қорықтық қалыңыз ғарып.

Заип айтты: – Қасыма келді Ібіліс сайтан,  
Қолында ұстаған су шынша мение.  
Ай, Заип, су керуенге ішесін бе ?-деп,  
Мен айттым: – Ішейін, су берші маған.

Берейін, керек суын, мойнынды бұр,  
Исаны ол – Құдайдың ұлы деп біл.

Естіп бұл сөзін жақтырмадым,  
Айналып, теріс қарап кеткенім сол.

Тағы да аяғыма келін тұрды,  
– Су іш, – деп маған қарап ұсындырды.  
Ішейін, не айтасын? – дедім оған,  
Сөздерін: – Құдай жоқ, –деп түсіндірді.

Мен айттым: Көп сөйлемей кет, – деп кейін,  
– Құрысын малғұн сайтан тіл мен жағың.  
Сөзіңді мен айтпаймын, – дегеннен соң,  
Сіздер, қорықпаңыздар сол жерде менен.

Айтарым сол арада сайтан сөзіне,  
Ұрысып малғұнмен жатқан кезім.  
– Тілімді алмайсың, – деп менен қашты,  
Сындырып бөтелкесін, ұрып өзін.

Жібердім ұрсып,сөгіп сайтан итті,  
Болмаса, неге айтпайын шаһадатты.  
– Алла Илләһә Иллолла Мұхаммед расул, – деп,  
Соң жанын Заип хаққа тәсілім етті.

Жігіттер, ғибадат алып тыңда мұны,  
Қалайша айналдырды әулиені?!  
Заип қарағанда біздер кіміз?!  
Жалғыз –ақ ұмытпалық бір Алланы!

#### **Сондықтан:**

Өтер халде пенделер,  
Қасында бол молдалар.  
Алып кетсе, ұрығын малығұн,  
Үлкен сауал сендерге сол болар.

Өздерің қорық Құдайдан,  
Сенетіндей адамдар.  
Ол парызға мұқият бол,  
Мойнындағы атқарар.

Бұл мына төмендегі тәртіп бойынша орындалу парыз. Сырқат адамның қасында

- 1) Кәлімәсін айтса, жаны жәнәттә болады.
- 2) Кәлімәсін жаһадатын айтса, Анаты күрсіні оқып (Дозақ оты харам болады).
- 3) Кәлімәсін таухидіні айтса (жаны қиналмайды).
- 4) Бір рет ықылас сүресін оқыса (періште ұрқына ие болады).
- 5) Ықылас сүресін 41 қабат оқып үлгерсе, Шаһит болады.
- 6) Ясин дұғасын оқыса, Ібіліс сайтаннан сақтап күнәсі кешіріледі
- 7) Қабырға таза, ораза, намазға бар адам түсіру керек. Пейіш иісі бұзылмау үшін, Зүлмән періште келіп, тірілтіп, сауал сұрарда, егер сол орналастырған адамда намаз, оразасы жоқ яғни аяғындағы етік нәжіс басып жүргенмен түссе, періште иісі бұзық деп жоламайды.
- 8) Басына бас топырағын майдалап елеп, жастық салу керек. Таразыда күнәсі басым тұрса, сол топырақты салғанда сауабы асу үшін теңестіріп.
- 9) Топырақ салған адам бірінші салауат айтып салу керек. Зүлмән періштенің көзіне нұр болып көріну үшін.
- 10) Соңында Ясин оқу керек. Күнәсі кешіріліп, сайтан қуаланып, Зүлмән періштеден бұрын келмес үшін. Өйткені, қойған адамдар екі қадам аттанғанда, Ібіліс ұрғын мен Адам деп келеді екен. Ал Зүлмән періште қойған адам 7 қадамнан кеткенде келетін етіп орындалса, бұл пендені Алла жарылғап, қабыр азабынан құтқарады. Үлкен сауап – мәйітті дұрыс аттандыруда.

### **Енді сол Зүлмән періштенің сұрағы**

Үшбу сөз лақиалықтан хикамасы,  
Келеді қорқыту мен сөздің басы.

Мүңкір-Нәңкір басқа сұраушы бар,  
Кітаптың айтса бар ғой идеясы.

Әуелі сұранады екен бізден Зүлмән,  
Ілінер қармағына дүние қуған.  
– Күнәһи сауап дүниеден не қылдың? – деп,  
– Жазып маған көрсет, – деп, солар думан.

Қылсаңыз құлдық, – деп, бұл дүниеде,  
Өлсең Иман табарсың ол дүниеде.  
Пайғамбар 4 жарыменен жамит асқап,  
Бір күні өткен екен Мәдинеде.

Пайғамбар Ғабдуллаға жауап сөйлер,  
Хал-дертін өлген жанның тәңірім білер.  
Жеті қадам көмген адам кеткеннен соң,  
Жаныңды тәніңе апарып қайта салар.

Сол кезде көзін ашып пенде қарап,  
Зүлмән атты бір періште тұрар келіп.  
Зүлмәннің өн бойы күн секілді,  
Қасында ол адамның жарқ-жүрк етіп.

Зүлмән айтар: – Сен келдің мұнда неғып?  
Дүниеде жүруші едің малың бағып.  
Дүние жидың Құдайға дағат қылмай,  
Қаншасын бір Құдайға алдың келіп?!

Сол адам жауап таппай жаман қорқар,  
Қасында еш адам жоқ, жаңғыз жатыр.  
Күнәлі сауап дүниеде не іс қылдың?  
Баршасын бір қағазға жаз деп айтар.



Өлген соң мұндай ғарып болдың пана,  
Боларсың хат жазуға жетік молда.  
Дәуіт сия, қағазым, қаламым жоқ,  
Қайдан тауып жазайын деген сонда.

Дәуіт қылып жаз дейді көмегіңді,  
Сия қылып жаз дейді сілекейді.  
Кебін – қағаз, саусағың – қалам, – дейді,  
Жылдамырақ жазылды бергіл дейді.

Кебінен бір кесін ап берер дейді,  
Қылған сауап ісінді жазғыл дейді.  
Ұялып күнәлі ісін жазбай тұрар,  
Келгенде күнәлі ісіне бөгеледі.

Зүлмән айтар ұялдын менен неге?  
Құдайдан, сірә, қорықпай қылдың күнә.  
Көбірек құлдық дағат қылсаң еді,  
Дүниәде мәңгі тұрмасыңды білмедің бе?

Күнәнді көрсет маған жылдам жазып,  
Не ұрсып, гүрсіменен қылар ғазап.  
Гүрсісін көрсетеді қолындағы,  
Бұл оңай, мұнан да ауыр бар, тұр дозақ.

Сол уақытта күнәсін пенде жазар,  
Жалтақтап жан-жағын қылар назар.  
Ораза мен намазға мұқият адам,  
Барғанда ахиретте сонда озар.

Ұялып күнәлі ісін пенде жазар,  
Болды деп Зүлмәнға айтар хабар.  
Зүлмән айтар: – Маһұр бас, әй, адамзат,  
Соңырағы күн таңбасқа белгі болар.

Тырнағын сол қағазға басар адам,  
Жігіттер тағат қылмай болма надан.  
Жүзік мөрден әдемі болып түсер,  
Жазылып пәлек ұлы, пәлек адам.

Мөр басып, жазып болар ойлап-ойлап,  
Не қылған сауап ісін бәрін ойлап.  
Қиямет қайым болғанда бірге барар,  
Сол қағазын мойнына кетер байлап.

Мұнан соң келді екен Мүңкір-Нәңкір,  
Пенде болсаң, осыны қылғыл пікір.  
Сұрайды Алла бірлән пайғамбарды,  
Шын ерлер осыны ойлап жабдығын жер.

Мұны ойласаң қоясың өлгенінді,  
Білмегесін ғапылдықпен жүргенінді.  
Жігіттер, өлмей тұрып қылғыл тәубә,  
Осындай халдер бар дүр өлгенінде.

Пендеге жетіп келер бас тартқан,  
Ойласаң бұл күндері ерте сақтан.  
Алдынан намаздары қарсы шығар,  
Деп айтар келдіңіз деп не себептен?

Мұнан соң екі мөлік кірген көрге,  
Я раби бергіз жауап мүминларға.  
Бірі –Мүңкір, бірінің аты – Нәңкір,  
Айтып тілім келмейді пәлен дерге.

Көзі – көк періштенің тісі – қара,  
Аузынан оты – жалын шығар және.  
Ғасидан бұл сипап тілмен жауап сұрар,  
Пендені пейіл қылма Хақ тағала.

Көздері жасындай боп жалтыраған,  
Дауысы күн секілді арқыраған.  
Жер тіреп, екі ернімен келген шақта,  
Күнәһар жауап таппай қалтыраған.

Өткіздің күні кеше намаз оқып,  
Бұйрығын шариғаттың ішке тоқып.  
Парызын Алла қылған мойныңдағы,  
Қабырдың қазабынан қатты қорқып.

Намазы жоқ бермейді сол заманда,  
Намазды қаза қылма, я, пенде.  
Мұнан шығып аяққа келеді екен,  
Періште Мүңкір – Нәңкір тұрып әнде.

Аяқ айтар: – Көп жүрдім ғылым іздеп,  
Жаназа мешітке жаяу бардым сауап іздеп.  
Бес намаз жамағаттан қалғаным жоқ,  
Ішінде көп отырдым зікір салып.

Жол бермес, бұл сөзді айтып бұл аяғы,  
Оң қолы мұнан кейін бар ғой тағы.  
Оң жақтан садақасы тұрып,  
Келтірмес періштені сол баяғы.

Көп бергіл садақаны, я, пенде,  
Өлшеп берген садақа барар сонда.  
Аз нәрсеге сараңдық қыламын деп,  
Періштеге ұятты болып қалма сонда.

Жол бермес періштеге садақасы,  
Хақын жеп ғарыптардың болма қасы.  
Солға мұнан соң шығып келген шақта,  
Алдынан қарсы келер оразасы.

– Мен енді жол беремін саған не деп?  
Дүниеде ыстық күнде жүрдім шөлдеп.  
Қабырдың қазабы үшін руза болдым,  
Қарным аш, өңім қашып, қатты жүдеп.

Көп тұтқыл Оразаны болмай қапыл,  
Бұл жұмыс басыңызға келгелі ақыр.  
Намаз, ораза қабырда қорған екен,  
Ғамалдан ғапыл жүріп болма пақыр.

Пендесі бұл дауыспен көзін ашар,  
Періште сұрай алмай тұрған нашар.  
– Сіздер кім, не себеппен келдіңіздер?  
Пенде өзі періштемен жауаптасар.

Білсеңіз періштеміз Мүңкір-Нәңкір,  
Бір Құдай: – Жауап ал, – деп, қылған әмір.  
Рұхсат болса аламыз сізден сауал,  
Болмаса, кетеміз дер деген ақыр.

Періште келген болсаң, әмір бірден,  
Үмметімін Мұхамедтің Хак тағалам.  
Мазәһібім Иман Ағзам ізғу милат,  
Білсеңіз хак деп еруар дінім – Ислам.

Сол періште ашһадан Алла Илолла дей берген,  
Иманның жайын айтар сонда барлық.  
Сонан соң қабыр іші нұрға толар,  
Жанаттың қабырына есік ашылып.

Хактан ол уақытта нада келген,  
Сүйікті рас айтар пендем деген.  
Жанаттың қабырына есік ашылып,  
Сонан соң қабыр іші нұрға толған.

Қабыры кеңіп кетер көз көрім,  
Үстіне құла киген неше порым.  
Астында сары атлас төсегі бар,  
Ұжмақта жатып көрген сонда орын.

Бір жігіт оң жағына болған пайда,  
Киімі онды, түсі сондай майда.  
Сөзі бар бек ләззәтті, хош иісті:  
– Пенде тұрып барасыз, – деген, қайда?

– Келдіңіз не себеппен қасымызға?  
Дүниеде сіздей жігіт көрмедім де.  
Ол жігіт хақ тарапынан келген екен,  
Дүниеде ізгі қылған қамалы екен.

Мен келдім қуантуға, шүйіншіге,  
Тұрайын кетпей сізбен бірге.  
Қалмасын көңілімде еш қайғы, қам, –  
Деп, бірге жолдас болғай сонда бірге.

Жатады жаңа үйленген жігіттей боп,  
Көңілінде еш қайғы, қам қалмаған боп.  
Жарылға әр пенденді құлау (құдай) онда,  
Бір өзің рахым айла пазылың боп.

Қабыры ол пенденің толған нұрға,  
Құдайым рахым қосып адал құлға.  
Болғанын қияметтің білмей қалар,  
Ұйқысы қанбағандай тұрар сонда.

### **Қожаларға**

Бұл елдің жөн сұраймын қожасынан,  
Қожа сараң келеді ел басынан.

Қаңғып кеп Қаратаудан есек мініп,  
Байыған соң айрылды тәубасынан.

Кожаның шошаң келер төбетейі,  
Бүлкілдер ысқап алса көмекейі.  
Қай жерде кесілмеген бала бар деп,  
Андығаны баланың шүметейі.

Мен Құдайдан сұраймын денге саулық,  
Жалған айтып жанына қылма жаулық.  
Қожа, қожа дегенге қоқиланба,  
Қожа түбі сарт екен өгізтаулық.

Жасымнан ғылым іздеп көңіл бөлдім,  
Мен жайын қожалардың көріп келдім.  
Өгізтаулық сарттарды қожа дейді,  
Қазақ – ай, мен өлгенде сенен көрдім.

Құдайдың бергеніне көп-көп шүкір,  
Шүкірлікпен қылайын пікір-зікір.  
Түркістанға апар да базарға сал,  
Жүз қожаға өтпесем бетке түкір.

Үш-үштен басын қоссам 9-әріп,  
Оны білсең болар еді кәлем шәріп.  
Пайдаң жоқ өмір бойы маған қылған,  
Ұрайын тап ененді нақу сарып.

Аулақ жүр жырағырақ менен маңтық,  
Мылжың жоқ ойлап тұрсам сенен артық.  
Ғылыммен өтсе күнің оңбағаның,  
Мың ғылымнан «Ғаин мим ләм» артық.

Оқиды атақ үшін наку маңтық,  
Молладан өзі құлды болуға артық.  
Айрылып қой-қозыдан қалайық па?!  
Шариғат жолын жұртқа түзу айтып.

### Дүние

Дүние жанып сөнген пеш секілді,  
Не түнеріп батқан кеш секілді.  
Несіне тірі жүрмін деп мәз боласың,  
Дүниеге бір көрінген түс секілді.

Алланың құдыретімен кәләм келді,  
Адамдар сегіз түрлі кірмес дейді.  
Әуелі – бір Құдайға шері тартқан,  
Екінші – кісі өлтіріп жолды тосқан.  
Зинашіл, дінге дұшпан болған,  
Қуңшілдік пен діннен қайтқан.

Ғайбат айтып, әрдайым арақ ішкен,  
Мас болып әртүрлі күйге түскен.  
Бұл дүниеде тәубәсіз болып өткен,  
Құдайға күнәһар бізді қылма.  
Құдайға – құл, Мұхаммедке – үммет қылсаң,  
қарап тұрма.

Аяғың жазатайым кетсе тайып,  
Түсерсің жеті дозақ жанған торға.  
Қазақтың және тағы сөзінде бар,  
Жаңғыз қайғы тамұқта біреу қалар.  
Арақ ішкен кісіні айтса керек,  
Тамұқта көп жыл қалар ол бейхабар.

Мұны білсең, арақтан жүргіл жырақ,  
Кітапта бар күнәнің анасы – арақ.  
Барлық күнә осыдан туар дейді,  
Ғазабы баршасынан артығырақ .

Айтқан және бізге пайғамбарым,  
Арақ ішіп ауырса, сұрама қалын.  
Тәубә қылмай дүниеден өтер болса,  
Оқыма деген тағы да жаназа, намаздарын.

Арақ ішкен тағы да ұлық күнә,  
Жырақ бол бұл күнәһиден мүмин пенде.  
Бола ма мұнан үлкен саған қасірет,  
Пайғамбар барма десе намазына.

Кітаптан айтты бізге Ғазіреті Ғұшман,  
Арақ ішкен тәңірге болар дұшпан.  
Күнәсімен пара-пар болар дейді,  
Екеу деп бір Аллаға серік қосқан.

Кімде кім бұл арақты халал десе,  
Ол шексіз діннен шыққан кәпір болар.  
Төрт кітаптың баршасы мағлұм дейді,  
Әлғаз биләһи я зүл жалал.

Мұхаммед Пайғамбар өзінің үмметіне харам еткен: Ақыл-есіне денсаулығына кесел келтірсе, табиғатынан артық ішіп, адал асты құсып тастаса сіңірмей оны да харам – деген.

Егер денесіне жұқса – жуынумен кетеді, ал, арақ ішсе – қанға сіңіп кетеді, сіңген соң «Хамар» деген сайтан болады, жүректен орын алған, Ібіліс қозғаса қимас жарын талақ етеді. Сол себептен күнәсі ауыр, харамның харамы делінген.

Молдалар оқыған, біле тұра: – Бидайдан жаралған, адал, – десе, ол «Мүрдәр» діннен шыққан кәпір деген сөз. Өте ауыр айтылған,



Алла өзі сақтасын. Көп жемдеген малдың өзін де 10 күн шөп пен су беріп, ішіндегі нәжісті жынға айналдырып барып сою дұрыс, – дейді. Әйтпесе етінде дәмі шығуы мүмкін делінеді, пейіш дәмі бұзылып.

Өтірікті қожа мен молда айтады,  
Бәрінен де үйлестіріп оңды айтады.  
Біз жалған айтады деп ойлама деп,  
Қожа менен молдалар жақсы айтады.

### Сайтанның саудасы

Сөз қылып жаза бердім жоқтан – бардан,  
Далаға от жандырдым қалап қардан.  
Бір нақыл жұртқа таңсық жәдігер сөз,  
Фазірет Ғайса рухолла пайғамбардан.

Бос сөзді алып айтпаймыз біз,  
Ынсапты шын құлақты тыңдаңыз сіз.  
Базарға жұрт жиылған келе жатып,  
Лағынға жол үстінде ұшырады кез.

Қысқа айтам, қылмай мылжың сөзді ұзатып,  
Тынғаушы кетпесін деп жалқау тартып.  
Ол малғұн келеді екен жолмен айдап,  
10-қашыр, 5-есекке жүгін артып.

– Жаныңа шын сөйлесе, пайда, – дейді,  
Дінің – тәтті, құр тілің майда, – дейді.  
Сұрады тақсыр Ғайса тұра қалып:  
– Барасың Лағынға айтты қайда? – дейді.

– Сен шықтың тура жолмен асыл, – дейді,  
Біздерге жол қисығы нәсіп, – дейді.

– Жалпак жұрт бара жатқан ду базарға, –  
Барамын мен де қыла кәсіп, -дейді.

– Топыраққа бас ұрмаймын, – деп, кылып ар,  
Бұрынғы дәуіріне сен болдың зар.  
Жұрт басқа тері – терсек, жүн сатады,  
Сататын, малғұн, сенің не пұлың бар?

Жүгім бар, көрмейсің бе, 15 көлік,  
Келемін хайуанға артып екі түлік.  
Жұртың тыныштық, бүтінін ойламаймын,  
Саламын көп бас қосқан жерге бүлік.

-Қашырды есекпенен танып тұрмын,  
Өтірікті шындай қылдың, нанып тұрмын.  
Біле алмай артқан жүгің не екенін,  
Тамаша айран – асыр қалып тұрмын.

– Артқаным бір есекке – ылғи жалған,  
Жалғанда өтірік жоқ мұнан қалған.  
Нанбасаң, еріп бірге көр көзіңмен,  
Базарға қызығымды қалай салған!

Жүгім – бір есекте – мікір – хайла,  
Мұнымен келтіремін үлкен пайда.  
Бір тиынға 10 тиын пайда аламын,  
Көптің басы қосылған жиын – жайда.

Күншілдік бір есекке тиеп артқан,  
Жібек, кеңдір арқанмен буып тартқан.  
Базарға бұдан бұрын көп барғанмын,  
Жерім жоқ бұл саудамнан залал тапқан.

Артканым бір есекке – өнкей зорлық,  
Есепсіз мал табамын қылмай ұрлық.  
Мен алмай, оның малын кім алады,  
Иттер бар көріп жүрген малдан қорлық.

Пайдасыз бос орынға жүрмейміз тек,  
Көрінген бір жеріміз жоқ ешкімге жек.  
Мастанып артқандықтан – тәкәппарлық,  
Жүре алмай бара жатыр мынау есек.

Естумен тақсыр Ғайса таң қалады,  
Көрүмен, көңіл көзбен аңғарады.  
Киер киім, ішер ас тамақ емес,  
Керек қып бұларыңды кім алады?

Базарға айдап барып салам қатар,  
Алдымен жетіп келер алыпсатар.  
Түк қоймай, өтірігімнен талап алып,  
О да алдап көрінгенін дәмін татар.

Көтерме өтірікпен менен алған,  
Олар да бар әлінше сөйлер жалған.  
Кім болса, бұл заманда сол әкетер,  
Қар болып қашан өтірік жерде қалған?!

Білмейді ешкім менің қулығымды,  
Майлықпен көріп бірдей сулығымды.  
Қатынның ең жаманы алып кетер,  
Талаумен мікір – хайла қулығымды.

Закон жоқ жерде мұны қалдыруға,  
Бұларға өзім ерікті алдыруға.  
Білмейтін дәнемені жаман ұстар,  
Мекермен алар байын нандыруға.

Базарға алып барсаң, не қалады?  
Қараумен әр нәрсеге көз талады.  
Білетін күншілдіктің қадір, құнын,  
Оқыған көп оқуды молда алады.

Шаршайсың базар барсаң, басың қагып,  
Сөйлеп тұр өз білгенін әркім айтып.  
Жұрт билейтін ұлықтар таласумен,  
Зорлығымды алады пұлға сатып.

Неге болыс болады малын шашып,  
Қашан болып шыққанша жанталасып.  
Текке тыйын біреуге кім береді,  
Зорлықпенен алмаса үкімі асып?!

Қарсы келсе бетіне, басын шайнар,  
Құнсыз, пұлсыз кедейдің соры қайнар.  
Өзі барып ұлыққа тығар малын,  
Ішпес – жемес, шықбермес Шығайбайлар.

Біреу – ұн, біреу пұттап май алады,  
Біреу – кой, біреу – тайынша, тай алады.  
Тәкаппарлық жүгімді қалдырмастан,  
Жетілген надандыққа бай алады.

Томпайтып қалтасына жүрген сыймай,  
Беруге, ешбір жанға көзі қимай.  
Алумен тәкаппарлық сатып менен,  
Дүрдиер өз үйіне өз сыймай.

Бай біткен болғандықтан қара бауыр,  
Арқа ер салмастан болар жауыр.  
Не айтып не қойғанын білмес өзі,  
Тырындай өзіне-өзі болып ауыр.

Сиырдай жүреді де болған күрт,  
Көмейге жоқ, бос сөзбен толтырып ұрт.  
Желбірер еңтігумен екі танау,  
Семіз, – деп, құр көрумен айтсын, – деп, жұрт.

Жүргенін білмес өзі батпақ, саздан,  
Үлкендік айтып қояр аздап-аздап.  
Арлан тазы бұтындай бұлтынумен,  
Едірейіп екі көзі шыға жаздап.

Ғайса айтты: – Тоқта, Малғұн, болды! – дейді,  
– Айтқан сөзің бәрі орынға қондың – дейді.  
– Апарып оны қайда өткізсең,  
10-қашыр тиеп артқан пұлды, – дейді.

Бұл күнде тіліңді алған жас пен кәрі,  
Азған жұртқа тура сен бір ем-дәрі.  
Жүгіңнің 10 қашырға артып алған,  
Немене толып жатқан соның бәрі?!

– Ол бір жүк шиыр емес, соны, – дейді,  
Бұл жерде алушы жоқ оны, – дейді.  
Бұл жерде алушы жоқ шаршамаймын,  
Өткізіп қайтқанда айтам оны, – дейді.

Мұнымен сайтан Лағын базар барды,  
Он бес көлік жүкпенен топты жарды.  
Лезде апа-сапа қылды бәрін,  
Ұйқы-тұйқы көбейтіп дауды-шарды.

Алдынан алушылар даяр жетті,  
Қолдан-қолға түсірмей талап кетті.  
Қайтқанда тағы ұшырады рухоллаға,  
Мән – жайын саудасының баян етті.

Бес есек өзді-өзінің орнына өтті,  
Жүк еді он қашырда бір ретті.  
Артқаным бәріне де «Тамит» еді,  
Біреуін тілеушілер талап кетті.

Ініне ала қоржын салған алды,  
Қайыр сұрап, жұрт тынышын алған алды.  
Пірге қол берген сопы, пірадарлар.  
Жұрттан пұл жинап, қажыға барған алды.

Бір қашыр бәріне түгел жетті,  
Тоғызы біраз өтпей тентіретті.  
Қожа, молда, имандар елді жеген,  
Дағдарып тұрған шақта солар жетті.

Аксақал, қажы, қожа-молда, саттым, шалға,  
Бейнетпен мал таппаған жүріп жолға.  
Қожа, молда көтеріп алды бәрін,  
Еңбексіз тапқан жұрттан тегін малға.

– Біз үйде қалай шыдап жатамыз! – деді,  
– Мұны алсақ, қарық олжаға батамы – деді.  
– Шайтан көтеріп алған бұл тамигты,  
Қыдырып үйді – үйге сатамыз! – деп.

Бұл пұлмен бірі мешіт салмақ болды,  
Бірі мүлгіп иман боп қалмақ болды.  
Біреуден шай, біреуден ет астырып,  
Жұрттан пайда шығарып алмақ болды.

Олардың және айтайын қылған ісін,  
Кейібіреуі бұлдайды сатып терісін.  
Бас – басына бір Мусуақ мойнында,  
Егеп өткір қылуға тамигі тісін.

Басына дағаралай сәлде салды.  
Жұрт қоршап, ой, таксыр, – деп, ортаға алды.  
Түлкінің құйрығындай бұландатып,  
Құйрығымен сәлденің тапты малды.

Тәспіні жыбыр-жыбыр сергіп тастап,  
Надандық, қисық, қыңыр жолға бастап.  
Онысы жерге шыққан бидай, тары,  
Торғайды келу үшін торғай бастап.

Бұлардың қылған ісін қылмай өзі,  
Құйылған кеудесіне сайтан сөзі.  
Мал қылып жайнамазды жайып тастап,  
Алгуам, қал һауамға жайған торы.

Мал табу бәрінің де болып басты,  
Мал сойғыш мырза атанып қазан асты.  
Жұрттың басын шынжырлап айналдыру,  
Мақсаты сол: мойнына Құран асты.

Тамиғ үшін түгел тауып қару – жарақ,  
Наданға жасап алып, бұдан арақ.  
Тамиғтың тырнауышы болсын деп сол,  
Қажы барып алып келген сақал тарақ.

Қапшығын қайыршының тоқып алған,  
Өнер жоқ бұлар білмей қапы қалған.  
Жұрттан зекет алуға дұрыстауға,  
Байлар бала оқытты жиып жалған.

Бір табақ ет пенен шай беріп пара,  
Үміті сонда қылған бір-бір қара.  
Жүзіқараның айтам деп арсыздығын,  
Қылмайын ақ қағаздың жүзін қара.

Сайтаннан қылды сауда көтерме алып,  
Орнына бұлар жүрді, сайтан қалып.  
Жүзіқараның айтам деп арысыздығын,  
Сияға былғамайын қалам алып.

Байқамай жазып өтем бес-алты жол,  
Еркіме қоймаған соң қырығып жол.  
Ақ қағаз, қара сия басын қосып,  
Түсірдім жұрт көзіне, риза бол!

### **Хазіреті Ғалыдан**

Азырақ мен сөйлейін Ғалы ерден,  
Бата алған пайғамбардан абзал шерден.  
Бір күні серуенге шығып кетіп,  
Сайран ғып дүниені көзбен көріп.

Сол бетте жүрген екен күн батысқа,  
Кетіпті Мәдинадан тіпті алысқа.  
Бір жалғыз ақсақалға кез болыпты,  
Тарбиған қолы жетпей бір талысқа.

Бұйдалы бір өгізі бар жетектеген,  
Босанса, өгіз қашып кетеді екен.  
Дүлділімен Ғалы келді секектетіп,  
Ер Ғалы келіп жетіп сәлем берген.

Жалт қарады ақсақал сәлем алып:  
– Ұрып жіберші өгізім жүрмей тұр, – деп.  
Ақсақал өгізді ұр деп сұраған соң,  
Жіберді Ғалы арыслан салып-салып.

Ұрғаны білінбеді биттей жағып,  
Елемей өгіз тұрды құлақ қағып.



– Япырмай, неткен нашар бала едің, – деп,  
Ақсақал сөз айтады оған налып.

Міпейін өгізіме өзім барып,  
Әперші ол талысты маған алып.  
Арыслан: – Жарайды, – деп, мына сөзге,  
Көтерді ат үстінен іліп алып.

Мынау іс болды ғажап арысланға,  
Ала алмай сол арада қалды таңға.  
Жаһанда қамал бұзып жүрсе – дағы,  
Жеңіліп тұрды Ғалы қалып таңға.

Еш пенде жыға алмаған арысланды,  
Ер ғалы мынау іске намыстанды.  
Бар күшімен аямай тартқанда,  
Дүлділі жерге кіріп жатып алды.

Ақсақал өгізіне мініп алды,  
Жіберді: – Былай тұр, – деп Ғалы ерді.  
Найзамен талысты іліп алып,  
Аяндап күн батысқа жүре берді.

Ғалының бұл жұмыстан беті қайтты,  
Құдайға сасқанынан арыз айтты.  
Айтуға бабасына бастан аяқ,  
Сол жерден Мәдинаға тұра қайтты.

Мынау іс Ер Ғалыға жаман батты,  
Айтуға бабасына келе жатты.  
Аш-арық ақсақалға душар болып,  
Тоқтатып дүлділінің басын тартты.

Бейнеттің неше түрлі тағы батқан,  
Сусындап зарланумен келе жатқан.  
Қараса оң жағына бір шар аяқ тұр,  
Үстел толы тағам толып жатқан.

Аш-арық келіп жатыр қадам басып,  
Бұралып өле жаздап қаны қашып.  
Кез болып өлексеге құрттап кеткен,  
Ақсақал жей бастады асап-асап.

Тамақты неше жақсы жемей тастап,  
Асайды өлексіні боқтан сасық.

Артқыға осылайша сөз болыпты,  
Қаншық ит көп ұзамай кез болыпты.  
Күшігі ішіндегі тумай үрген,  
Ер Ғалы, міне, осындай іс көріпті.

Тағы да мынау істен пікір алып,  
Айтпаққа бабасына тура барып.  
Жол үстінде бір жыланды көрді-дағы,  
Тоқтаттым қамшыменен, қалды сасып.

Жылан сонда қамшыға иірілді,  
Ер Ғалы түсірем деп сілкіледі.  
Сілкісе де, сақсалай өрлей берді,  
Ақырында келіп тапты бүлдіргенді.

Жыланды қамшыменен лақтырады,  
Бойлары тітіркеніп сап тұрады.  
Жаһанда сансыз қамал бұзса-дағы,  
Жүрегі осы сапар қайырады.

Көреді мұнан кейін қара бура,  
Бастырмай арысланды тұпа-тура.  
Дағат қып заһіріне шыдай алмай,  
Қашады дүлділ атын ұра-ұра.

Састырды осылайша пәлі ерді,  
Құтылып Мәдинаға келіп келді (кірді).  
Сол бетте бабасына келді-дағы,  
Көргенін бастан аяқ сөйлей берді.

Пайғамбар мұны естіп жайланған соң,  
Жиналған көп халықтар таң қалған соң.  
Шешуін Ер Ғалыға былай деді:  
– Шырағым, астамшылық ойлаған соң.

Ойласаң, менменшілік тәңір қасы,  
Кездесе маған дедің жер тұтқасы.  
Төңкеріп жіберер ем дегенінді,  
Алланың бұл көрсеткен бір нұсқасы.

Тосқызған мұндай себеп хақ тағала,  
Ақсақал көк өгізді біз бір баба.  
Ол талыс дүниенің төрттен бірі,  
Жетпеді көтеруге сенің шамаң.

Екінші – ол қайыршы ақсақал шал,  
Қолында қанша халал болады мол.  
Ішпей-жемей өзінен қызғаныш қып,  
Ұрлыққа қиянатпен ұста болар.

Үммәтім сондай болар ақырға заман,  
Шошқадай боқ асайды ол жеп харам.  
Солардың қайғысымен ұйқым келмей,  
Шаһи ғасылына ал, Хақ тағалам.

Үшінші – ол көргенің бала болар,  
Замана жыл-жыл сайын сұм боп солар.  
Ақырғы үммәтімнің балалары,  
Анасының құрсағынан тумай шулар.

Төртінші – ақыр заман қатындары,  
Болмайды беттерінде биттей ары.  
Жыландай тиген сайын қарсы өрлеп,  
Жүздер ... осылайша мұның бәрі.

Бесінші – үйде жатып ой ойладың,  
Ісіне Ғазреилдің таңырқадың.  
Күші асып ала ма екен, я рұқсатпен.  
Дүниеден тегіс тойған барша жаның!

Күштесе, күшіменен асар ма екен,  
Тең келсе, Ғазреилден сасар ма екен.  
Күнәһар жалғыз алса, қылмас болса,  
Соғысынан батыр Ғалы қашар ма екен?!

Заһірін бұра ғылып жіберген хақ,  
Қандайын Ғазреилдің кормедің нақ.  
Ғибрат үшін Алланың көрсеткені,  
Құдай – бір, Құран – шын, пайғамбар – хақ.

Бұл сапар – көп сапардан қайырлы жол,  
Ақылды ойлағанда ғибраты мол.  
Адамның баласына ғибрат үшін,  
Алланың саған – дағы көрсеткені ол.

Дінді тап, білімді тап, дүниені тап,  
Білгенін айтып жатыр тіл менен жақ.  
Жан қалмай артымыздан бара жатыр,  
Болдық қой жойылатын хайуандамақ!

Тағы да бір рауаят періштелер,  
Ол жанды о дүние көгіне алып барар.  
Құран мен жоқтаушы бола ма? – деп,  
Үйінің турасында тоқтап тұрар.

Сол күндері оқысаң сен Құранды,  
Сауабымен нұрланар өлік жаны!  
Алып келген періште рахмет айтар,  
Сен – дағы өлесің ғой ойла оны.

Мейрамның келер дейді күндерінде,  
Аруақтың әрқайсысы үйлеріне.  
Қатын – баласына жылап айтар,  
Мені сен алмадың деп ойларыңа.

Қараңғы тар қабырда біздер қалдық,  
Құрттар жеп тәнімізді көрдік зорлық.  
Жақсы амал істеуден махрум қалып,  
Қапыл боп біз дүниеде көп алдандық.

### **Тән мен жанның бір-бірімен қоштасуы**

Қаламды жазайын деп алдым қолға,  
Қатесі болса сөздің өзің онда.  
Азырақ адам халын мен сөйлейін,  
Жамағат, тыңдамай, қапы қалма!

Адамнан жан шығарда кетеді хал,  
Бәрі де тұрмас басқа дүние, мал.  
Адам халын азырақ мен айтайын,  
Жарандар, өлімді ойлап көңіліңді сал.

Кітапқа көңіл қойып болсан жуық,  
Пенде боп жаратылдың не үшін туып?!

Атадан тудың – дағы надан болдың,  
Не істеп ойдағыны болжамадың.

Тоғыз айда анадан бала туған,  
Бағызы Исламның жолын қуған.  
Атадан адам болып туғаннан соң,  
Адамзат тіршілікте дүние қуған.

Дүниеге адам мойнын бұрғаннан соң,  
Қызықты дүние шіркін жиғаннан соң.  
Білмейді ғапыл адам не қыларын,  
Дін танып, ғылым оқып көрмеген соң.

Сөзінен пайда болмас кей наданның,  
Қор болған бір жаманға айтқан сөзің.  
Тірлікте ахыретті бір ойламай,  
Боламыз ахыретте біз бір сормаңдай.

Кей адам дүниені қуып жетер,  
Әрқашан жамандыққа жуық жүрер.  
Білмейміз алдымызда қандай сый бар,  
Бір күн жарық етіп шамың сөнер.

Жүреміз ахыреттің жолын қумай,  
Ас ішер беті – қолын сумен жумай.  
Я, Алла, қателікті өзің кешір,  
Сыйындым бір өзіңе Жаббар құдай.

Сонда да құдыретсіз жаннан аспас,  
Айтса да, шариғатқа, өлсе баспас.  
Кей адам ахыретке көңіл бөліп,  
Дәретсіз жер-суды әсте баспас.

Нанбайды күнәһарлар көзі көрмей,  
Малынан қайыр – зекет бермей.  
Дүниені бейнетпенен жиса-дағы,  
Артында өлсе қалар бірі ермей.

Қоймастан дүние қуып кетер,  
Шығам деп ел алдына үміт етер.  
Жүргенде әуреленіп дүниеменен,  
Бір күні атқан оқтай ажал жетер.

Өлгенде пендесіпе қысастар бар,  
Періште Гүрсіменен қатты ұрар.  
Жарандар, тіршілікте тәубе де қыл,  
Сөйлейін біразырақ сонан хабар.

Амал келсе, пендеңіз бір күнде өлер,  
Алланың тағдырына тағы көнер.  
Уақыт амал пендеге таянғанда,  
Сол жанға Ғазреил жетіп келер.

Пенде дүниеге қонақ дейді,  
Болады алдыңызға сұрақ дейді.  
Алладан ажал тағдыр жетіп келсе,  
Қасында үш періште тұрар дейді.

Бірі – кепілдеме алады заманына,  
Бірі – кепіл ырызық тамағына.  
Және біреуі кеніл дейді,  
Дүниеде жақсы – жаман қамалына.

Демалыс бір күн бітіп қалар дейді,  
Бұл періште көп сынап алар дейді.  
Бұл пенденің бітті деп демалысы,  
Ғазреилге баян ғып барар дейді.

Ырызығы таусылды деп сол мезгілде,  
Оған тағам болмайды тамам елде.  
Бұл пенденің рызығы таусылды деп,  
О-дағы жауап берер Ғазреилге.

Тағы да таусылды ғамалдары,  
Аз ғана ойнап – күлген замандары.  
Ғамалы бұл пенденің таусылды деп,  
Барды да Ғазреилге хабарлады.

Ғамалы ізгі көңілі қызық болар,  
Бұл дүниеде көңілі бұзық болар.  
Ол адамның сеніп айналасы,  
Қарадан жазылған бір сызық болар.

Ей, жігітте, р бұл сөзге құлағың сал,  
Осы айтқан сөзінен ғибрат ал.  
Кітаптың айтуыншаң ей, жарандар,  
Аршының астында бір ағаш бар.

Ағаштың жапырағы толып жатқан,  
Аллаға періштерлер таспих айтқан.  
Бір жапырақта бір адамның аты бар,  
Ажал келсе, жапырағы түсіп қалар.

Алдынан қырық күн бұрын түсер дейді,  
Ғазреил жапырақты қасына алар дейді.  
Қырық күн өлместен тірі жанды,  
Періштелер алар деп айтар дейді.

Артында қалар соның көп малдары,  
Болмайды бұрылуға еш қалдары.  
Қырық күннен соң, жарандар, сол адамға,  
Келеді Ғазреил жан алғалы.



Адамның тоқтау болатын қастарына,  
Өлген соң қиын іс түсер бастарына.  
Ей, пақыр, жаныңызды аламын, – деп,  
Ғазреил келіп тұрар қастарына.

Өлген соң болады заманақыр,  
Өлген соң, не болады адам пақыр?  
Қысылман уақытыңда: – Әй, көндім, – деп,  
Ол адамға келеді шайтан кәпір.

Өлген соң, қайырылмайды мал басына,  
Қара жер төсек болар жанбасына.  
Қолына бір тостаған суын алып,  
Отырар малғұн шайтан дәл басында.

Жауыз адам суға иманын сатар,  
Иман сатып хазапқа жаман батар.  
Жан қысылып жатқанға қатты сусап,  
Сол уақытта сайтанда қауіп – қатер.

Әлгі суды қолымен шайқақтатып,  
Сұрайды: – Я, пенде, ішесің бе? – деп.  
– Ішем мен, көмілмейді мүшем, – дейді,  
Сусының қана қалса, маған беріп.

Жолына не қылсаң да түсем дейді,  
Пендеге айт деп айтар Құдай екі.  
Сол сөзіп айтып, сол судан іше қалса,  
Нағыз күнәһар болады жаман кісі.

Азбаса шыбын жанға болар пайда,  
Сол жерде таба алмассың ақыл-айла.  
Иман сатып сол судан іше қалса,  
Айқай дүние барады жаман жайға.

Көп күнә өлмей тұрып құрылмайды,  
Кей адам жан шығарда шырылдайды.  
Жаксы қылған ізгі адам болса,  
Неше сайтан болса да бұзылмайды.

Ажал келіп, өлген соң, бой құртысар,  
Иманды ұжмаққа құстай ұшар.  
Құдай сүйіп иманды болған адам,  
Сайтанға: – Кәпір, малғұн, кет! – деп айтар.

Жаксы адам осы сөзін білсін-дағы,  
Мешіттің намазына кірсін-дағы.  
Имандылар ұрысып жібереді,  
Намазына Мұхамедтің кірсін-дағы.

Бұл сөзге, жамағаттар, құлағын сал,  
Құдай ондап солардай қылсын-дағы.  
Әркімнің сөкет айтқан тілін алар,  
Ұжмаққа тұра барар, ей, жарандар.  
Сайтанға сол уақытта азбай қалса,  
Оқыған кітабына көрсетілер.

Өзіне шарифаттың еесеңіздер,  
Сайтанға болмай қалса, ей, жарандар.  
Қасына жолдас болар періштелер,  
Сиратын өтеміз бе саусаламат.  
Ұжмақты көреміз бе біз ғаламат?

Ғазреилге береміз не деп жауап,  
Құлағың сал бұл сөзге, ей, жамағат.  
Дейді бұл жанымды берме маған,  
Ғұмыры солғаны жоқ әлі тамам.

Бір белгі өз қолыңмен көрсет маған,  
Жан айтар: – Жасайтын ғұмырым бар.  
Ажал маған жеткен ғой уақытым бар,  
Бір белгі енді маған көрсетесің.  
Бұйрық пен Құдай сені жіберген ғой.

Бір Құдай жолдас қылған иманыңды,  
Иман жолдас нәпсіні қиғаныңды.  
Пенденіз белгі бер деп айтады деп,  
Барады бір Алланың дидарына.

-Белгі үшін сен келдің бе мұнда, – дейді,  
Құлымның ол айтқаны тура, – дейді.  
Жұмада кінәратынан белгі көрсет,  
Белгісіз оған зорлық қылма! – дейді.

Ұжмаққа Ғазреил жетіп барды,  
Ұжмақтан бір белгі қағаз алды.  
Бисмиллаһи деп қағаз алар,  
Алдына сол пенденің алып барар.

Құдайым рахым қылсын өлгеннен соң,  
Дүниеде шыбын жаның жерге енгеннен соң.  
Пенде сонда көнеді Ғазреилге,  
Бисмиллаһи деп Құдай есімін көргеннен соң .

Әуелі бастап пенденің аузына келді.  
– Зікір шығар аузыңнан қарсы, – дейді,  
– Менің айтқан сөзіме наншы, – дейді.  
– Құдайға зарымды айтайын, – деп,  
Ауыз зікірімен жалынар дейді.

Енді сен одан басқа жерден алсаң,  
Ей, Ғазреил, болмайын саған ғайып.

Сонан соң Ғазреил келді қолға,  
Жақсы, сірә, болмайды осы жолға.

Садақа жетім басы сыйлап едім,  
Сонда қол берді жауап Ғазреилге:  
– Жазады меніменен қайтып Құран,  
Мен осындай жақсылық қылғам,  
Жан алар орын болмас енді саған.

Періште жол таппады сұрағынан,  
Ажал, шіркін, қарай ма қабағыңа?  
Екі қолдан жауапты естіген соң,  
Барады мұнан былай аяғына.

Ашық айтар жол болмас менен сұрап,  
Бізбенен барған мырзаның қалын сұрап.  
Жамағат не ғылымның мәжілісіне,  
Бізбенен барған мүшкіл қалын сұрап.

Таң қалар екі аяқтың жауабына,  
Жан берудің қиын жарағына.  
Екі аяқтан жауап алмаған соң,  
Барады мұнан былай құлағына.

Құлақ айтар: – Менен соң жоқ, сірә, саған,  
Сіз бұрын айтпап па едің мұны маған?  
Менен қайтып жол болсын, Ғазреил,  
Бізбенен естіледі зікір, Құран.

Жігіттер, құлағың сал мына сөзге,  
Орайды екі қабат мақта бөзге.  
Құлақтан жол тауып алмаған соң,  
Келеді Ғазреил екі көзге.

Көз тағы Ғазреилге берер жауап:  
– Саған жол жоқ, үңілме маған қарап.  
Алды бұл пенденің көп-көп сауап,  
Тамам дене таппады ақыл айла,  
Сонда да құтылуға бізге қайда?!

Дүниенің бәрін қуып шығарған соң,  
Ғазреил және барар бір Құдайға.  
Құдай айтар дейді сөзді тастап,  
Ажалдан құтылмайды пенде қашып.

Ей, Ғазреил, пендеме барып көрсет,  
Алақанға береді есімі мен мөрін басып.  
Ғазреил мөрін басып алар дейді,  
Мөрін алып пендеге барар дейді.  
Құдай есімін көргеннен соң Ғазреилден,  
Қиналып пенде болып қалар дейді.

Дүниеде бар болуың жоқпен бірдей,  
Жігіттер, құлшылық қыл көрге кірмей.  
Бұл дүниеде иманды болған адам,  
Өлерде жан ашуын қалар білмей.

Не пайда дүниеде тұрғаныңнан,  
Жамандық, күнә ісін қылғандықтан.  
Имансыз жан ашуы қатты қиын,  
Қылышпен мың мәртебе ұрғанынан.

Өткен соң пайда болмас дүние-малдан,  
Кетеді тіршілікте барша қолдан.  
Имансыз жан ашумен қышқырғанда,  
Істейді әні жаннан үзген жан.

Жаман дейді күнәға мойын бұрған,  
Туған соң бір өлім бар анамыздан.  
Дүниеде күлшылық қып жүрген жақсы,  
Сақтай гөр, – деп, тілеңіз имансыздан.

Қайта тұра алмайды өлгеннен соң,  
Дүниеде шыбын жанды бергеннен соң.  
Көп болсаң да көресің жалғыздықты,  
Сізді қара жерге көмгеннен соң.

Өлімнен құтыла алмайды ешкім қашып,  
Өлім шіркін кетеді көңіл басып.  
Жан менен тән екеуі айырыларда,  
Жылайды бірімен-бірі арыздасып.

Тән айтар: – Сен едің ғой менің жаным,  
Сен кеткен соң немене менің халым?  
Көп жылдай дәмдес болып, болдық жолдас,  
Көрмесек, аманда бол, ғазиз жаным.

Не болар кеткеннен соң менің халым,  
Көп жылдай сеніменен адам болдым.  
Шарам бар ма аман бол, ғазиз жаным,  
Жан айтар: – Сен едің ғой менің тәнім.

Көп жылдай жолдас болған екі жарым,  
Бір Құдай айырған соң бар ма шарам?  
Тән айтар: – Сен едің ғой менің жаным,  
Қайтейін, қош, аман бол, ғазиз жаным.

Жан айтар: – Сен едің ғой менің бауырым,  
Сенен қалып мен енді не боламын?

Енді бізге көрмек жоқ неше мың жыл,  
Айқай, дүние, аман бол ғазиз тәнім!

Мұның бәрін көрсеткен Жаббар құдай,  
Құдайға құлшылық қыл жылай-жылай.  
Екеуі бір-бірімен амандасып,  
Жан мен тән айрылады мұнан былай.

Таусылмас жан мен тәннің жылауы көп,  
Көп сөйлесек біздерге етеді айып.  
Жан мен тән екеуі жылар дейді,  
Алда қандай жанымыз болады? – деп.

Өлгеннен соң қайырылмайды мал басына,  
Қара жер төсек болар жанбасына.  
Жан мен тән жыласып айырылған соң,  
Мәйітті алып салар оң жағына.

Сонда өлік жатады уайым жеп,  
Дұға қылсаң, асы болады, – деп, – жанға себеп.  
Екі – үш кісі үстіне құман алып,  
Келеді сол мәйітті жуамын деп.

Сонда өлік сушыға айтар дейді:  
– Ей, жарандар, суыңды байқа, – дейді.  
Суыңыз жылы болсын, мені жусаң,  
Ыстық су болса, жаныма батар.

– Өлген соң біз бейшара, – дейді,  
– Біз болдық замана ақыр, – дейді.  
Бұрынғы сайрандайтын дәурен қайда,  
Қараңғы сыз жерде жатар дейді.

Дүниеге адал болдың біздер келіп,  
Дүние өтіп кетті шауып желіп.  
Парда ыстық, суық болса – суық,  
Көп ренжіп жатар дейді нашар өлік.

Өлік айтар: – Сөзімді тыңда, жандар,  
Жуғанда маған зорлық қылмаңдар.  
Бұрынғы, о дариға, күнім қайда,  
Енді көп қатты денемді ұстамаңдар.

Өлім деген жігітке қатты сұрақ,  
Дүниеге келдік біраз күн қонақ.  
Жуып енді болған соң ол мәйітті,  
Келеді екі – үш кісі кебін орап.

Жамағат, құлағың сал мына сөзге,  
Орайды екі қабат мақта бөзге.  
– Жамағатым, көрейін, тоқтай тұр, – деп,  
Келеді осы өлімде Алла бірге.

Құдайым берген жақсы саламатын,  
Ұжмақтың көреміз бе ғаламатын?  
Кебінді орайын деп жатқан шақта,  
Қимайды елі-жұртын, жамағатын.

Пендесі рахматынан үміт етер,  
Ол кезде көр ішінде дейді ойлар.  
Өлген соң кетеді тағы халы,  
Сұбыхан Алла ахыретін көрсетер.

Қалды тағы кеудеден шығып жан,  
Көміліп қырық қадам кеткеннен соң .



Кіреді қайта тағы денеге жан,  
Ажал жеткен уақытында сол адам.

Жердің асты тар лақап оған кірер,  
Мұхаммед сол уақытта қатты сасар.  
Сәжде ғып Құдайменен ғарыздасар,  
Дос тілі уағда қылып қойған.

Құдайым сол уақытта рахмат айтар,  
Ғазаптан дінсіз кәпір құтылмайды.  
Шапағат қыл деп үміттенбейді,  
Жүз намаз білсіз хат салат бар аламын.  
Құдайым сол уақытта жарылғайды.

Кей пенде құр қалады шапағаттан,  
Дүниеде бір Аллаға шерек қатқан.  
Осындай қиын жерлер бар дейді ғой,  
Жігіттер, жамандықтан қатты сақтан!

Бір мәртебе ләһін Илолла деген пенде,  
Дозаққа көпір құсап, мәңгі жатпас.  
Имандылар Сираттан жылдам өтер,  
Жаббар құдай дидарын әм көрсетер.

Сегіз ұжмақ есігін пшып қойып,  
Қуанып, шат болып барып көрер.  
Алдынан қарсы шығар пырақ аты,  
Хор қызындай болады жамағаты.

Бір мың жыл өткесін білмей қалар,  
Құдайым өзі сүйген адамзаты.  
Жақсы адам Сираттан жылдам өткен,  
Періштелер ұжмақта көріскен.

Құдай сүйіп иманды болған адам,  
Артық кетпейді жасы отыз бестен.  
Ұжмаққа кірген адам шеқсіз өлмес,  
Көңіл сүйген нәрсені хибат көрмес.

Әйбет болып жаралған сегіз ұжмақ,  
Қызығы айтқан менен түгелденбес.  
Ұжмаққа кірген жанға құрал берер,  
Алдынан қарағанда күн көрінер.

Хор қызының тырнағы жерге түсіп,  
Қараңғы айларды жарық етер.  
Дозаққа жазықты боп кірген адам,  
Неше мың жыл жаны ғазап тартар.

Жеті дозақ ғазабы айтуынан,  
Мыңнан бірі кітапша болмақ тамам.

Құдайдың қолы жетер болдыруға.  
Біреуді жылатып, біреуді қуандыруға,  
Он сегіз мың ғаламды жаратыпты,  
Бір Алла өзі барлығын білдіруге.

Қамал тегіс айтуға келмес күшім,  
Құдайдың ешкім білмес қылған ісін.  
Жеті тамұх, ғаршы, гүрсі,  
Лауқы ғалам, қылған ісін,  
Бәрін де ажыратыпты достысы үшін.

Шапағат қыл, пайғамбар,  
Болсын Құдай бізге жар.  
Таянған ауыл сияқты,  
Кәпірге – кең, бізге – тар.

Бір іс бірін алдайды,  
Өтірік істі даулайды,  
Пендеден кетті ұят, ар.

Е, жарандар, тәубе қыл,  
Тәубені денің сау қыл.

Он сегіз мың ғаламды,  
Жияр жерің алдында.  
Жалақтаған нәпсінің,  
Тояр жерің алдында.

Қарасат күнінде,  
Солар жерің алдында.  
Ақыл – естен айрылар,  
Тоңар жерін алдында.  
Азап пенен дозаққа,  
Барар жерің алдында.

Тіріде тәубе қылмасаң,  
Өтпес судың ішінде.  
Құлар жерің алдында,  
Тіріде тәубе қылғанда.  
Сусын ішіп жанаттан,  
Қонар жерің алдында.  
Хор қыздарын некелеп,  
Алар жерің алдында.

Өтерсің бұл дүниеден, бай мен манат,  
Болжаусыз бұл дүниеде біз бір қонақ.  
Қу жалған өз бергенін өзі-ақ жанар,  
Қыларда жан тәсілім жаудай талап.  
Жалғанды жолдас еткен несін талап,  
Бір жан жоқ құлшылық қылған есіне алып.

Төрт кісі өз бауырың олар тонап,  
Өлген соң оң жаққа сап шешіндіріп.  
Қайтасың мынау жалғанда жалаңаш кеп,  
Мойнына төрт қара бөз тесіп алып.  
Бай бармас жанға тыныш жорғасымен,  
Жан бармас жаныдағы жолдасымен.

Біреуге – біреу қайыр қылмақ түгіл,  
Болады әркім әлек өз басымен.  
Қайырлы байлар құлық қой,  
Құрулы тұрған науасы.  
Бай танабың жарылар,  
Ат көбейсе жылқыда.

Садақа, зекет бергізбес,  
Мал қызығы көргізбес.  
Бақташы сайтан сыртында,  
Ғалым сөзін ұқтырмас.

Шариғат сөзін жұқтырмас,  
Адам малдың билігі.  
Қанағат қыл қу нәпсім,  
Тәңір берген шалаптан.  
Тәубе қылсаң жанға пайда,  
Жаһал етсең жаннат қайда.  
Қу жалғанда жолдас етіп,  
Ақыған нәпсім дабырайма.  
Қиямет алдында,  
Сарай – көңілім, сабыр – айла.

Тәубе қыл бір Құдайдан үміт етін,  
Тазарар тәубе қылсаң, кірің кетіп.  
Иманды имансызды айырмаққа,  
Айдайды қыл көпірден біртіндетіп.

Қыл көпір имандыға даңғыл жол ғой,  
Қиынын қияметтің осыдан біл.  
Күн туар найза бойы тас төбенде,  
Күнәнді жалғандағы жайып – теріп.  
Қағазбен періштелер берер қолға,  
Күнәні көзбен көріп оқығанда.

Береміз Хаққа жауап не деп сонда?  
Тәңірім Лауқ бұзмаққа жазған нәсіп.  
Әр түрлі пендесіне берген нәсіп,  
Тіршілікте тәубе қыл, ей, жарандар.  
Кетерсін керуендей бір күн көшіп,  
Тәубе қыл, басқа қаза келмей тұрып.

Тәубең қабыл болады өлмей тұрып,  
Тіршілікте тәубе қыл, ей, жарандар!  
Кіргізіп тар лақатқа көмбей тұрып,  
Қорқамыз қияметті қиын десе.  
Жан қалмас барлығымен жиыл десе,  
Алдыңда азап та бар, дозақ та бар.

Қу нәпсі, тіл алмайсың, тыйыл десе,  
Қорқамыз қияметтің тарлығынан.  
Жан қалмас тарлығымен жиыл десе,  
Ішінен сол Сираттың сұрау алар.  
Ғаламның он сегіз мың барлығынан,  
Аллаға қабыл болсын тілегіміз.

Мақшар тұр, Мұхаммед – сүйеріміз,  
Азаптың періштесі ақырғанда.  
Жарылар жан тітіркеп жүрегіміз,  
Азаптың періштесі ақырғанда.  
Қайда деп күнәлілер шақырғанда,  
Көзіңе топырақ кіріп есің кетер.

Сұрапыл жел тұрғызып сапырғанда,  
Біреуі төрт шариярдың – Ғалы Қайдар.  
Ұрмақтан иманды құл орын сайлар,  
Қарасат майданында бас қосқанда.

Төбеңде күн жақындап, миың қайнар,  
Кетеді сөйлей-сөйлей тіл мен жақ.  
Бұл сөзге сөйлеуге етім шақ,  
Сабыр қылсаң сақтаймын деген Құдай.

### **Отқа май құю күнәсі**

Болмаса патшамыздың әділдігі,  
Нашарлар жүрмес еді болып тірі.  
Бұрынғы келе жатқан ескі заңы,  
Көп шығар арасында мұсылманы.

Сөйтсе де, тастамайды бұл қылықты,  
Бар ма айтшы ахыретті ойлағаны.  
Қазақтың арғы заты болған бағы,  
Хауаи тұрады екен Сырдан әрі.

Жиналған одан – бұдан кашқын екен,  
Шаһарларға естіледі бұл хабары.  
Бас тартқан хауажи боп падишадан,  
Көнбеген шариятқа бәрі надан.

Ұрық – зорлық, ел шапқан қылды кәсіп,  
Кәсібі келе жатқан неше атадан.  
Бұлардың кісі салды сонда ханы,  
Көрмеске ылтипатқа болмас мәні.

Ханы жоқ, уағдасыз ел екен деп,  
Анхара атамыз деп шұбырмалы.

Жіберді батырларды бәрі қуып,  
Тіл алмай қалғаннан соң көңіл суып.

Бұл күнде алты миллиондай қазақ болды,  
Көбейін біреуінен біреу туып.  
Батырлар аттанысқа барған екен,  
Қалмақты олжа ғылып алған екен.

Сол қыздар мұнда келіп бала туып,  
Ана боп бәрімізге бөлек заттан.  
Өз мирасын үйір етті тәңір атқан,  
Байлары біртін-біртін өлгеннен соң.

Байы өлсе, шашын жайып бетін жыртар,  
Дауыс қылар, қара киіп, ішін тартар.  
– Ат қойып келіндер, – деп, өлігіне,  
Үйретті бұл пиғылды жаһит мұндар.

Үйретті күйеулеріне тәжімдерді,  
Келінге сәлем ет деп бағындырды.  
Күйеу мен келінге май құйдырып,  
Отыннан жарылға деп табындырды.

Үйреткен келініне кесір кемпір,  
Байы жоқ, қой, – дейтін, жесір кемпір.  
Осындай жамандыққа басшы болып,  
Кетеді отқа құйып майды кемпір.

Бұл жұмыс Мажусиден болған ғадет,  
Мажуси өлгеніне шабады ат.  
Мәз болып өлгеніне, құтылғанға,  
Қуанып ат шабады біздің қазақ.

Және қара қазақтың наданына,  
Құлақ салмас Алланың кәләмына.  
Ас бермесе атаусыз тастады деп,  
Баһастан қылар кейінгі адамына.

Ас бергенде қылмасы табағын тоқ,  
Аяқ табақ қаратар көбейтер шақ.  
Өлігі мен тірісін қабат боктап,  
Тойғызбаса неге елді шақырды деп.

Еш қалмай келе жатыр осы ғадет,  
Болыпты бұл жұмысқа кемпір себеп.  
Ат шаппақ шариғатқа дұрыс болса,  
Қылмай ма бұл жұмысты ноғай мен сарт.

Дұрыс емес шариғатқа бармаңыздар,  
Мажуси бізге үйреткен дінсіз кәпір.  
Жазасын берер Алла ол жауыздың,  
Әй, мүмін, шариғатқа қылғыл пікір.

Қазақтың сол уақытта қожа – молда,  
Құба қылмақ өтіпті талай заман.  
Сол кемпірдің айтқанын ұстап алып,  
Ісі жоқ намаз бенен рузадан.

Тағы жоқ сол уақытта қожа – молда.  
Салатын оны жиып жақсы жолға.  
Медресе арасында сәл көбейіп,  
Енді азайып келеді жылдан-жылға.

Қуаттап алып жүрсе, әркім дінін,  
Жиәһілік қалар еді әр бір парым.  
Қажылар партияға басшы болды,  
Шошимыз қажылардың көріп түрін.



## Жексенбі күні жер жаратты

Құ дайым жексенбі күн жер жаратты,  
Жер-суды әуел баста бір жаратты.  
Тау мен тас, ағаш пен шөп, көл мен өзен,  
Түріндей текметтің түр жаратты.

Жерлерден аға берді бұлақ қайнап,  
Гүлденіп бәйшешектер, бұлбұл сайрап.  
Жексенбі, дүйсенбі – сол екі күн,  
Жер жүзін тегіс қылып, бәрін жайлап.

Сейсенбі – сәрсебі күн – көкті қылды,  
Құдіретімен қылған ісін неше бөлді.  
Көкті жерге пар қылып жарастырып,  
Ай мен күн – жұлдыздардан берді нұрды.

Екі күн жер, екі күн көк жаратты,  
Төрт күнді бір-біріне жұп жаратты.  
Бір сағатта қылуға құдіреті бар,  
Пендені ғибрат болсын деп жаратты.

Кітаптан көргенімді айтпай теріс,  
Құдайдың қылған ісін тіпті келіс.  
Азық, несіп керекті істеп жейтін,  
Жаратты бейсенбі күн бәрін тегіс.

Аспан – биік, жер – төмен, тау мен тас – қатты.  
Ас аяқты болғанда, құс қанатты.  
Заһрден – бал, тікенек – гүл шығарып,  
Жұма күні жаратты – адамзатты.

Құдыретімен он сегіз мың ғалам болды,  
Бәрі қабық маңызы адам болды.

Құдайдың құдыретімен қылған ісі,  
Жаралып алты күнде тәмам болды.

Кім ойлар, қылған ісім болмасын деп,  
Орнына осы жұмысым тұрмасын деп.  
Сабырлы сабақ берді білген жанға,  
Асығыс пенделерім қылмасын деп.

Сонда жарлық түсірді көктен жерге,  
Тауһана кәрһа алдыма кел деп бірге.  
Ай мен күн, жұлдыз,ағаш, шоп, орман,  
Ажарланып көркейіп кірді түрге.

Құдіреттің жарлығымен бұлар састы,  
Алдына құлдық бас деп қылды басты.  
Көк пен жер бірде шулап қоя берді,  
Аттайна қауһана деп аузын ашты.

Аузы бар – жоқ болса да, бас пен шеке,  
Екеуі бірдей айтты, емес жеке.  
Сонда жердің ашылған аузы қай жер,  
Десеңдер, осы күнгі тұрған Мекке.

Мұнымды бекер деген кітап қарар,  
Халқыма білгенімді айтсам жарар.  
Көк пен жердің аузы сол болғандықтан,  
Құдайға жылағандар сонда барар.

Жаратты он сегіз мың ғалам мүлкін,  
Ешкімнен кем қылмай ажар, көркін.  
Үстіне құдірет өзі патша құрып,  
Өзді-өзінің бәріне қойды еркін.

## Жұма күнінің қасиеті

Жұма күні Алла адам жаратты. Жанатты жаратты. Расул Аллаға арнап салауат оқыса, қиямет күні он төрт туған айдай басады. Жылылып бір қауым ел Хорстанның қасында жылап тұр екен, тырдай жалаңаш: – Неге еркек, әйел, бір-біріңізден ұялмайсыңдар, – дегенде, олар: – Қайсымыз әйел, қайсымыз ер екенімізді ажырата алмаймыз, – деді. Себебі артымызда Құран оқып, ғарыпқа садақа бермеген соң, кебініміз тозып, жалаңаш болып қалдық. Жұма күні Алла тағала бостандық бергенде, туған – туыс, бала-шағаларымыздың үйіне барып, босағаларында телміріп, телміріп тұрамыз, бізге садақа бер, құран оқып, – дейміз.-Бірақ олар оны естімейді. Сол себептен аш – жалаңашпыз деген.

Сондықтан жұма күні мешітке бару парыз етілген. Бірақ мешітте дүние сөзі сөйлесе, 25 намазың күйеді делінген және ғайбат айтылса да. Хазретті Жебреил ғалиһислам келіп: – Әй, Мұхаммед, Құдай тағала сәлем жіберді: Сізге және үмметтарыңызға, он түрлі нәрсе берді:

1. Алланың аты мен сіздің атыңызды қосып айтуды;
2. Үмметтеріңізді барлық қауымнан артық қылды ;
3. Жер жүзін үмметтеріңізге мешіт қылды. Қай жерде намаз оқылса қабыл қылды;
4. Үмметтеріңізге Құранды қай жерде ашып оқыса болды;
5. Сізге және үмметтеріңізге Алла тағала тағы періштелер ...жіберді.
6. Сіздің жолыңызды барлық жолдан артық қылды;
7. Үмметтеріңіздің намазы қаза болса, қашан, қай уақытта тауып оқыса, қабыл болады;
8. Құрбандықты адал қылды;
9. Барлық мақұлық, жан-жануардың көлеңкесі болады. Бірақ Сіздің көлеңкеңіз болмайды;
10. Сенің дұғаңменен үмметтеріңе рахмат қылайын деді.

Басқаларды әулие қылдым. Сені әулиенің әулиесі қылдым. Сен жаннатқа кірмейінше, басқа пайғамбарлар кірмейді. Сенің үмметің

кірмейінше, басқа пайғамбарлардың үмметі кірмейді. Күнәсі аз болсын деп үмметтеріңнің өмірін аз қылдым. Топырақта ұзақ жатып қалмасын деп кейін жараттым.

Басқа қауымға 50 уақыт намаз бұйырдым. Сенің үмметіне 5 уақыт намаз бұйырдым. Басқа қауым қағбаға бармайынша күнәсін кешірмедім, қажетін өтемедім. Сенің үмметінді жұма намазын қай жерде оқыса – қағбаның сауабын беріп, күнәсін кешірім қылам.

Сондықтан, дүние сөзі ғайбат айтылатын патшадан, мүфтиден ұлықсаты жоқ имандармен оқыған жұма намазына да сауап жоқ делінген: «Макрұм» Алла тағала мен Пайғамбар 9999 рет тілдескен Жебрейіл арқылы.

### **Мәшһүр Жүсіптің 1943 жылды болжағаны**

Мында тоғыз жүз қырық үшінші жыл,  
Жылқы шығып, қой кірер – мұны да біл.  
Қойдан қоңыр заманды бір көрерсің,  
Қой анасы бестен деп бумайша бел.

Жылан жылы өткізер жазды – қысты,  
Жылқы жылы сыпырылысып жұрт жүрісті.  
Құлағың естігенді – көз бір көрмек,  
Көрерсің өлмегеннің қай бір дұрысты.

Өлмегенде бұл дәуір кезек тимек,  
Пенде асығып аптығып пісіп күлмек .  
Ұрған құдай пендесін қан қақсатып,  
Құшырланып, құшақтап, аяп, сүймек.

Мәңгі бақи бұл дүние тұрмақ емес,  
Қалжыратып, шаршатып бәрін тегіс.  
Өлмеген құл көреді асықпаңдар,  
Бұл заманда таусылып, болар көмес.

Адыра, тұл қалады, құрып шаңырақ,  
Кетеді айдалаға иесі аңырап.  
Тірі кісі табысып бір-бірімен,  
Қойдай маңырап, қозыдай жамырасып.

Жұрт көреді Құдай ісі оңайлығын,  
Қысы-жазы тығын жоқ, күнде шығын.  
Пенде асығып жеткенше асығады,  
Құдай өзі көрсетпек құдайлығын,

Сайтан мен ел Құдаймен жат болды ғой,  
Сол себептен жұрт біткен ғад болды ғой.  
Жер мен көктен не пайда кеңдігінен,  
Жақсылық, тыныштық деген хат болды ғой.

Кедейлік болар ма мұндай қиын,  
Ойын-күлкі, ас пен той қалды, жиын.  
Естігенің жаман сөз, суық хабар.  
Жұмыртқадай шайқалар күнде миын.

Ертегі емес, шын сөз ғой, Құдай қаумы,  
Қайда барсаң, жұр болған хад қауымы.  
Құдай жұп қып жаратқан екі түрлі,  
Үшеу ара табылмақ нұтық қауымы.

Бақталасты Құдаймен басты малды,  
Соларға боп пәленің нақ қарсы алды.  
Кейінгіге қыса ғып былшылдауға,  
Аман-есен қалдырған осы шалды.

Деп жүрміз Құдай бар деп күшті,  
Сол сөзде болып кетті дәл екі – ұшты.  
Анық көңіл бекиді қараланып,  
Құдайлық таң қалғандай көрсетсе істі.

Дүниенің базарында арзан нарқым,  
Нарқым арзан болса да қымбат данқым.  
Тіршілікте ағайынға қадырым жоқ,  
Өткен соң, әттеген-ай, -дерсің, халқым.

Түгі кетіп таудың тасы қалады,  
Жақсысы кетіп, адамның қасы қалады.  
Қилы-қилы заман болып бір уақытта,  
Ақшанның да құны жойылып құр қағаз болады.

Көшірдім ақ қағазға Мәшһүр сөзін,  
Бұлдырап көрмей барады екі көзім.  
Дұғаға қолыңды жай, жамағаттар,  
Мәшһүрдің енді көрмейсіңдер басқан ізіп.

Иманғали атаның жинағын аударып алушы Төлепберген.

1. Он бір ай, он екінші ай – қасиеті ораза айы. Бұл айда Аллаға ғибадат қылса, ораза ұста, не қайыр садақа беріп, хатым оқытып, Аллаға құлшылық қылса, он бір айдың күнәсынан құтқарады. Ораза от – күнә отын өртеледі. Келер жылға шекті делінген.

2. Он бір жыл, мұның он екі жылы – қой жылы. Осы он бір жылда жақсылықта келер, қиыншылықта болу мүмкін. Бірақ, қой жылы жақсарып отырылған. Тек қана ақырғы ғасырдың аяғында – сол қой жылы бір рет өзгереді, сонан кейінгі қой жылы қайта түзеледі, – депті. Ол өзгертін қой жылын былай дейін, бұл жыл өтіп те кетті.

Бір жылы болмаса, бір жыл қой жылы болады,  
Баршылық, молшылық болса да, таршылық болады.  
Қилы-қилы өзгеріс заман болады,  
Ақша деген құнын жойып қағаз болады.

Екі мың үшінші жыл болады, қойған қоңыр заман болады. Көрген де арманда, көрмеген де арман сол болады. Сондықтан жақсылық

алда деп сенуге болады. Алла көруімізге нәсіп етсін! Үрім-бұтақ жұрағатымызбен дін мұсылманға әумин. Аллаһу Әкпар!

*Мәшһүр-Жүсіп сөзін жазған  
Т. Алдабергенұғылы*

## **Мәшһүр Жүсіп шежіресінен** *(мендегі)*

Өзгерістер бар болса, алып – қосарлық өз шежіреңде тексеріп алып қосар жаңалық болса, салыстырарсың. Қаржас. Қозғанға жиен, бірақ шежіреде жазылмапты:

Қаржастың бәйбішісінен: Алтынторы, Бегім. Тоқалдан: Күлке 3 бала. Алтынторыдан: Мәмбетәлі, Жолымбет, Бегімбет, Келімбет. Бұлар Жиделі – байсында «3». Жолымбеттен: Ырысқұл, Назар, Қойсары, Қалқаман. Мұнан: Бұхар, Ақдербес, Жарылғап атақты, Бұхар жырау. Бегімнен: Сатылған жалғыз . Бәйбішісінен: Қарақалпақ, Тілеуберді. Бұдан – Қошқар, бұдан – Тәстен, Дулат. Тәстеннен: Тұяқ, бұдан – Мендікұл, Баубек, Тілеген, Тәстенбек. Бұдан – Тұяқ, бұдан – Мендікұл, Баубек, Тілеген. Бұдан – Сағын, Мұсырман. Екінші әйелінен – Жансары. Бұдан – Елбай. Тоқалынан: Оразбай, Жантуған. Тәстеннен: Атанбек, Батырбек, Майлыбай. Бұдан – Есенаман, Жарқын. Мамбеттен – Қуантай, Шокпар. Елбайдан – Есберді, Есен. Көбектен – Қырлытау, Қоныспай. Бұдан – Ташмағамбет, Ысқақ, Глеукен, Оразбай. Бұдан – Дербесәлі, Айдар. Байтуғаннан – Жаңабай, Дос. Жаңабайдан 6 бала: Жамбыл, Ералы, Жайғасқа, Құлбол, Дауылбай, Қаратал, Жанболды. Бұдан 4 бала: Амантай. Мұнан – Түгелбай, Жаңбырлы, Сатылған . Мұнан – Қоңыс. Бұдан – Майлыбай, бұдан – Есенаман, Жарқын. Екіпші әйелінен: Жансары, Танат, Дәлік, Атанбек, Батырбек, Тауасар. Атанбектен – Өтеу, Жанқылшы. Бұдан –Тұрсынбек, Нұрахмет. Өтеуден – Найзабек, Ермек, Келдібек. Ермектен – Еркебұлан, Қуандық. Еркебұланнан – Жантемір. Қуандықтан – Құдайберген, Найзабек, Үкібай. Есенаманнан –Итқара, Нияз, Мырзағұл, Жанәлі.

Жарқыннан – Бақыр. Бұдан – Шоман, Ойман, Өтен, Баян, Жаулыбай, Талас, Тоқсан. Әлімбеттен – Дәулет, Үмбет, Қасаболат. Тлеуден – Анай жалғыз. Даулеттен – Ырысқұл, Байболат. Ырысқұлдан, Ақша. Бұдан – Жиенәлі, Маман. Бұдан – Анайдың бәйбішесінен: Нияз жалғыз. Токалдан – Құл, Жәдігер. 3 әйелден – Құдайқұл, Мырзағұл. Анайдан 5 бала. Нияздан – Құтбай, Татыбай, Бөгембай. Бұдан – Аманжол, Төлеміс, Атығай, Ноғай, Ербекей. Атығайдан – Жұмабай. Бұдан – Ашырбек, Жансары. Бұдан – Қарауыл. Қаражігіт бидің қызының аты – Сырға. Бұдан – Токкожа жалғыз. Сол Жансары мырза екінші әйел аламын деп Қуандық : Сармантай Жұмабайдың қызын сұрапты. Жұманда 20 мың жылқы бар екен. – Жансарының қанша жылқысы бар? – деп сұрағанда, – Жансары: – 4 мың жылқы бар, – депті. – 4 мың жылқысы бар кедейге берем бе? – депті. 4 мың жылқысы бар Жансарыны кедейсініп, сонда қасындағы Жұманның бір өзінің жолдасының бірі – сол екен, кедейсініп отырған Жансары.

Мырза елі оны «мырза» – дейді. 4 мың жылқысын: « Сенің 20 мың жылқыңа жарап береді, – депті. Жұмекен бұл сөзге ашуланып, ерегісіп мен ол кедейді көремін, – деп, қырық кісі ертіп, Жансары көшіп келе жатқан көшінде бір шөл жерге қонғанын аңдып келіп түсе қалыпты. Жансары мырза мінсіз жалғыз ақ биені байлатып, ек-үш сауып, семіз ақ байталды сойып, биенің сүтіменен асып, сабалақ қымызды сапырып, ет пен қымыз мейман түгіл басқа елдің кісісіне де жеткілікті болыпты. Жұмакөнің қолына су орнына – сүтпен қол жуғызуға да сүт күйған. Сонда Жұмакө: – Мына Жансары жарайды екен! – деп, қызын беріпті. Қызының аты – Дәмелі бәйбіше аталған. Дәмеліден туған: Түменбай, Қошан, Жарылғап. Жансарының 3 әйелінен туған – Жалбыз жалғыз. Жансарыдан 5 бала бар. Көкқожадан – Омарбек, Айдарбек, Анаспай, Тұманбай. Бұдан – Оспанбек. Қошаннан – Бұқарбек, Үрстенбек, Түркістембек, Шаңғыбек. Жарылғаптың алғаны – Қуандық Темеш бидің қызы, аты – Ұлжан. Бұдан – Базарбек, Үргеншібек, Түсіпбек, Опабек, Жалбыр. Бұдан – Ахметбек, Рахметбек, Жұмабек, Тілеубай. Үргенішбектен – Сапабек, Баби, Жақым. Байбидан –



Ашубасар. Анайдың екінші әйелінен: Құл, Жәдігер. Бұдан – Қаныш Сәтбаев. Мырзағұлдан – 5 бала. Сатыбалды. Бұдан – Ақ Ақан. Сәгіден – Байкісі, Жанкісі, Күшік, Ақмырза, Азына. Бұдан – Тайжан – Сейтен, Жанмырза, Қоңырат. Бұдан – Етпай, Мықтыбай, Сатпай, Жанмырза, Айдос, Жандос, Айымдос. Сатпайдан – Байкісі, Жанкісі, Күшік. Жанкісіден тұқым жоқ.

Байкісіден – Ордабай. Бұдан – Мақан. Көшіктен – Шорман. Бұдан Мұса, Мұстафа, Аужан, Иса. Мұсадан – Білөл, Садуақас, Жәми – Кәми. Мұстафадан – Қанапия, Мәлік, Зәркеш. Исадан – Зында. Бұдан – Аққұс, Такибар, Аудан. Мұнан – Әмір. Мұнан – Аспандияр (Бірден бірге алынған, айтылған сөз, естіген – көрді деп айта алмайды «ешкім де»).

### Үш-үштен алты сөздің шешулері:

1. Қаракесек Бекболаттың заманы: «Қасқыр деген аман» еді. Жамандық пен бұзықты басқа ұр деген заман еді.

2. Айдабол Тәйгелтірдің (Тайкелтірдің) заманы: «Түлкі деген заман» – еді. Ойын – күлкі, сауын деген заман еді.

3. Қаракесек Алшынбайдың заманы: «Қарсақ деген заман» еді. Біреудің бір нәрсесін арбап-алдап алсақ деген заман еді.

### 2-үш сөз

1. «Ашу атасын танытпайды» деген
2. «Аштан өлгеннің моласы жоқ» деген.
3. «Ақырбайдың баласы аштан өлер» деген.

### Шешуі

Зекетсіз біткен малы: жалғандағы – бейнеті, ахыреттегі – хазабы деген. Сонда қазіргі байларымыз түбі аштан өледі екен-ау. Зекетсіз малы ақыры өзіне жау болып түбіне жетеді екен депті.

2 тағы – үш сөз

Құнанбай мен Мұса мырза бір жерде бас косқанда, кезекті сөзге тоқтамай, Құнанбай сөйлей беріпті. Мұса мырза үндемей тындай берген екен. Аттанарда Мұса мырза Құнанбайға үш ауыз сұрар сөзім бар, айтасыз ба? – дейді. Айтайын, сұра, – дейді. Сонда Мұса мырза:

1. Тұман түбі не болады? – Тұман түбі – жұт болады, – депті.
2. Тұмау түбі не болады? – Тұмау түбі – құрт болады, – деген.
3. Тоқтаусыз көп сөйлегеннің түбі не болады? – Көп сөйлеген түбі – қырт болады.

Мұса, жарайды, осы еді, – деп, аттандырып қоя берген. Былай шыққан соң, жолдастарына Құнанбай айтқан екен: – Сүйіндіктен бақытын да, сөзін де ешкім де ала алмайды екен. Менің алдыма кім шығады деп сөйлей берем деп, енді қырт атанып кеттім-ау.

Енді менің тоқталған, жеткен жерім – осы. Мына Сүйіндікке Құдай түгел берген екен, аруағы артық. Өйткені, Сүйіндікте төрт тіреуі бар: Айдаболда – Төлебай, Орманшыда – Қорабай, Күлікте – Шобалай, Қаржаста – Мырзағұл, – деген екен.

### Ендігі үш сөздің шешуі

Абылай атасы Қалден ханға: – Мен қазақ мемлекетін құру үшін, жүздің басын қостым. Бірақ, уақыт болса, кәрілікте тақап тұр. Мен үлгере алмаған күнде де, осы бетімен мемлекеттік болып кетуі мүмкін бе? – депі.

Сонда Қалден хан менің саған үш сөзім бар сұрайтын, – дейді: – Сұраңыз.

1. Еліңде қой көп бола ма? – депті. – А, көп болады, – депті.
- Онда қойың, ұры қойшың, өтірікші еліңнің дау – жанжалы көп болады екен, – депті.
2. Еліңде сиыр, жылқы көп бола ма? – депті. – Көп, – депті.
- Ет жеп, қымыз ішіп, туған балаларың есірік болады екен, – депті.
3. Елің егін сала ма? – депті. – А, салмайды, – депті.

Олай болса, жер емшегін ембеген ел – әлде болса неше аударылып, қозғалы, жуырда өз алдына мемлекеттік боп орнықпас, – депті. Қазақтың жауы – қазақ, – деген.

Үлкен тау төбе болар – тас кеткен соң,  
Жақсы ауыл ұры болар – бас кеткен соң.  
Қадыры бәйбішенің бола бермес,  
Қолынан қара саба, ас кеткен соң.

Аксақал төрде отырып не болады,  
Келіннен: «Тиыш отыр, – деп, сөз жеткен соң.  
Ер жігіт мырза болып не болады,  
Қолдан – дәулет, басынан – бақ кеткен соң.

Ханың да қара тілін ала бермес,  
Бастан тәж, астынан тақ кеткен соң.  
Әкеден бала безер күн болады,  
Қуат кеміп, сексенге жас жеткен соң.

Қазірде «Қара шал зары» шығып, айтылып та жүр. Болашақты сол кезде болжағандар.

Бағынба қазақ орысқа,  
Бағынсаң қазақ орысқа.  
Екі бастан амандас,  
Сарыарқа деген қонысқа.

Билігің кетер басыңнан,  
Берекең кетер асыңнан.  
Тектен – текке күйерсің,  
Көршілесің – қасыңнан.

Қызыгып тұрсың байқамай,  
Күйінгеннен айта алмай.

Көрінісі – орыстың,  
Текеметтің түрінде.

Ойлайтыны адамдық,  
Тектен аққан іріңдей.  
Абақты деген үйі бар,  
Сонда казак камалар.  
Жемтігіне шыбын үймелей,  
Бір емес, сорың мың қайнар.

Наурызбай батыр мен Иман абыз екеуі Ертіске кеп тоқтай қалады.

Наурызбай: – Атымды суарып алайын,-дейді. Абыз: – Суарма! – дейді. Наурызбай: – Шөлдеп ұмтылып тұр, – деп тұрып суарады. Суарып болған соң абызға: – Себебін айтыңыз, – дейді, Абыз:

Сөйлейін, сөйле десең, ер Науаным,  
Сорым қатты, тіпті, қылам уайым.  
Қырылар, жұрт шұбырып Сарыарқадан,  
Әкімдік әмір келіп бір Құдайдан.

Жүзі сары, Арқаны, орыс алар,  
Қудалап кара топырақ, қонысын алар.  
Сары қазы, сары қымыз, нан орнына,  
Картошка жеп, қатын – бала бір қуанар.

Уай, кейінгі бір заман да келеді екен-ау?! Біздің баламыз көрмейді, баламыздың баласы кореді.

Бісмиләсіз оқу шығады,  
Дінсіздікке жақын шығады.  
Бұзықтық мақұл шығады,  
Бұ да бір уақытта келеді екен-ау!

Ат шыға алмайтын белге арта шықты,  
Арыстан қояннан қорқып жерге бұқты.  
Түн жортатын сырттан бойың,  
Қаншық үріп жерге тықты,  
– Деген екен осы екен –ау, – депті.

Азарсын, жұртым, азарсың.  
Азғандықтың белгісі-  
Тайғақ – тайғақ көлдерден,  
Балық шығар деп еді.

Ол балықты аулайтын,  
Үш аналық шанышқы шығар деп еді.  
Қылмысы жаққан пенделер,  
Алып шығар деп еді.

Қылмысы жақпас пенденің,  
Етегі су болып.  
Бір жаратқан тәңірге,  
Налып шығар деп еді.

Ауылдарын шу қылған,  
Жаулықтарын ту қылған,  
Сайып шығар, – деп еді.  
Оқынтай жоқ, кісе жоқ, молдас жоқ,  
Көлбеу шығар деп еді.

Заманақыр адамы,  
Мен мен шығар деп еді.  
Үй басына тоқ еткен,  
Келі шығар деп еді.

Келісімен керіскен,  
Келін шығар деп еді.

Кісіні айыр енесі,  
Салақ шығар деп еді.

Бір уысқа толмайтын,  
Атак шығар деп еді.  
Қай жер болса қонысың,  
Сол жақ болар деп еді.

Бұзау тайыншаға,  
Жүк артылар деп еді.  
Қарап тұрған жігітке,  
Қыз артылар деп еді.

Көкек айы болғанда,  
Кемпір күйлер деп еді.  
Егіншінің қатыны,  
Байын билер деп еді.

Тоғам басы мұрат деп,  
Анық шығар деп еді.  
Сол арықтың ішінен,  
Ыңғайы жоқ жаманның.  
Пышағы мен шақпағы,  
Қалып шығар деп еді.

Бес койға алған өгізді,  
Тегін дерсің деп еді.  
Жалан аяқ сарттарды,  
Бегім дерсін деп еді.

Асқа деген қамыстан,  
Үн шығар деп еді.  
Заман ақыр адамы,  
Мен менмешілік болғанда,

Ат – қояндай, ер – құмандай болады деп еді.  
Садағын көдеге іліп тұрар деп еді.  
Өлеңтіні жағалай тал шығар деп еді,

Тал шыбықтай бұралған, сал шығады деп еді.  
Соққан бейіт секілді, үн шығады деп еді,  
Қырыққан серке, бұтанған би шығады деп еді.  
Бар құмары арақ боп, көріпгенге мазақ боп,  
Последний штанын салып шығар деп еді.

### 3-кездесу.

Мысалы, Сүлеймен пайғамбардың баласы сейілге шығып, бір жайран кездесіп, оны қуып кетеді. Аңның қызығына түскен бала атын болдыртып, енді қайтайын десе, өзінің қарны ашқан, әрі шөлдеген, атын жетектеп, құр сұлдері келе жатып, бір қалың өсіп тұрған қып-қызыл алмаға кез болады. – Е, Құдай, тарыққанда маған кездестіргенің ғой деп, бала қуанып асап қалады. Аузына «у» – дай болып тиеді. Сасқанынан түкіріп тастайды.

Енді бір өзекке келсе, бір қара қаншық буаз, күшіктейін деп жатыр екен. Бірақ, күшіктері енесінің ішінде туылмай, шәуілдеп үріп жатыр екен. Мұны көріп шошып кетеді. – Маған не керемет болады? – деп.

Енді сол өрге шыға келіп еді, бір үлкен қара құс бір ойға барып қонып, қайта тасқа келіп, тұмсығын ерсілі – қарсы сүртеді. Бұл не ғажап? – деп, әлгі жерге барса, өлген адамның денесі жатыр екен. Соны қара құс жеп, тұмсығын сұртуі сол екен.

Мұнда жаман зәресі ұшып: – Алла, маған не керемет көрсеттің? – деп, бабасына келіп айтады. Бар көргенін: – Сонан өзім қорықтым деп. Сүлеймен пайғамбар бұл 3 оқиғасын былай деп шешіпті:

1. Алғашқы сырты әдемі қызықтырған алмаң: Кейінгі болар пенделер – сырты сондай, іштері бір-біріне удай болады.

2. Қара қаншықтың тумай жатып, ішінде үріп жатқан күшігі – сол пенделерден туатын ұрпақтар. Туа жағаласып, ғайбаттап, түгінді қоймайтындар, ештеңеге көздері тойматындар.

3. Келер сол заманның молдалары – өлген өлікті олжалап, малын алып, етін жеп, тұмсығын таска сүртіп жүрген қара құс сияқты. Сол себепті Хұжрат сүрәсінде Құрандағы 11 аятта айтылған: – Ей, мұсылмандар, тым күмәншыл болудан сақтаныңдар! Біріңе-бірің кінә іздемендер! Бірің туралы бірің өсек айтпаңдар! Көз жұмған, өлген ағайынның етіп жемендер – күнә. 11 аят.

Қазіргі ақсақалдар үйінде: – Ерте кездің ақсақалы күнде жылқы етін жеп отырған жоқ. Сондықтан жақсы жылқы сойып па екен, қазысы қалай екен деп, тайлы – таяғы қалмай барып жеуге дайын, намазсыз, дәретсіз алаяқтар депті. Ал, өткен соң адам ауырып жатқанда бірде – біреуі барып көңілін сұрап, кешу алысу дегенді білмейді, өлді деп естісе күнде... дейді.

### Жириенше мен Қызылым қарт

Бір жолы Қызылым қарт Жириеншеге жолығып: – Шешен, сізден бір сұрайын деген сөзім бар еді, – дейді. – Сұраңыз, – дейді. Он бес лақ, 25 серке, 35 орақ, 45 қылыш 55 егеу, 65 арқан, 75 шідер жоғалттым. Осыған құлақтас болыңызшы, – дейді. Жириен шешен: – Ақсақал, тоғызыңыздың жөнін айтып берейін, өзіңіз тауып алыңыз: 15 жас – құйын қуған желмен тең. 25 – дауыл ұрған перімен тең. 35 жас – ағып жатқан селмен тең. 45 жас – аю аспас белмен тең. 55 – ерттеп қойған атпен тең. 65 – арқандап қойған атпен тең. 75-те көңілін жермен тең. 80-де секілдеген шал боласың. 90-да толық миың орта түсер. 100-де күдерінді үзе бер, өлмесең де, өліден кем боларсың дейді.

– Өттеген-ай, өзім 25 тегі жігіттей едім. Көңілімнің жердей болғанын қарашы, бекер-ақ сұраған екенмін, – деп, Қызылым қарт жастана кеткен екен.



Бір жолы хан билеріне: – Дүниеде не өлмейді? – деп сұрақ қойғанда, Алпыс би бір ауыздан былай деген екен: – Ағын су өлмейді. Асқар тау өлмейді. Аспанда ай мен күн өлмейді. Әлемде кара жер өлмейді. Сонда Жирен шешен бәріне қарсы шығыпты.

– Ағын судың өлгені – алтай қыста қатқаны.  
Асқар таудың өлгені – басында бұл жатқаны.  
Ай мен күннің өлгені – еңкейіп барып батқаны.  
Қара жердің өлгені – қар астында қалғаны.  
Өлмейтін сол – ғалымдардың жазғаны деген екен.

Қарашаш өліп, Жиренше қартайып, ақылсыз, әйел парықсыз, бала сыйламай, Жиреншеге бұзау бақтырып, тезек тергізін қояды.

Көріскелі келген Әз Жәнібек хан Жиреншеге далада кездесіп: – Уа, шешенім, тезек теріп жүргенің қалай? – дейді. Сонда Жиренше шешен:

– Қатын шайпау, ұл тентек – екеуледі, ей, ханым,  
Кәрілік келді, мал тайды – төртеуледі, ей, ханым,  
Басымнан бақыт тайғанын көрмейсің бе, ей, ханым?  
Арқадағы қу тезек әркімге келер бір кезек, – депті

– Ей, жаным, бірімізге-біріміз аз күн қонақ,  
Ойласаң, мына дүние тіпті шолақ .  
Тірлікте аз өмірде сыйласып өт,  
Бүгін бар, ертең жоқ қой, өмір сол-ақ.

Жастықты аңдып – кәрілік жүр,  
Денсаулықты аңдып – ауру жүр.  
Тірлікті аңдып – ажал жүр,  
Құлшылыққа мойын ұсынбай,  
Жонын беріп надан тұр.

Өлшеулі өмір ол жетсе,  
Өкінішті заман тұр.  
Құдайдың берген барының,

Мойнындағы өтей алмай,  
Меңіреу сияқты адам тұр.

Аққу құсқа оқ тисе,  
Қанатын суға тигізбес.  
Айтулы ерге оқ тисе,  
Қиналғанын білдірмес.  
Ноқталы басқа бір өлім,  
Ақыры бір күн келмей ме?

Ажалдың соққан дауылы,  
Өмірдің шамы сөнбей ме?  
Кеше жыл сақтап жүрсең де,  
Сұрай келер иесі,  
Аманатын бермей ме?  
Хақтан әмір болған сон,  
Пендесі оған көнбей ме?

Жігіттер, жалқау болма, шабан тартып,  
Ілгері ұмтыла бас күн-күн артып.  
Арканы кедейліктің кетер кетіп,  
Жібермейді мықтап тартып.

Қайрат жалқаулықтың жібін үзіп,  
Көрген жан түңілмесін күдер үзіп.  
Бойыңа жалқаулықты үйір қылсаң,  
Қаларсың көрінгенге көзің сүзіп

Еңбек қыл ертелі – кеш ұйқыңды ашып,  
Кетеді ой бөлініп, ұйқы қашып.  
Ілгері баспайтынды ертелі –кеш,  
Орнынан тұрғызбайды ұйқы басып.

Қолыңды аяғыңмен жіңсіз байлап,  
Басады ұйқы үсті-үстіне ертелі кеш.  
Өш болар мысының ұйқымен болса сонан,  
Кедейлікпен жағалас келсе шамаң.

Ұйқы мен жалқаулықты үйден қусаң,  
Ешкімге көзің сүзбес қатын – балаң .  
Қашаған ұстатпайды жалғыз атың,  
Жек көрініш қылады жұқтыратын .

Кедейлік кет десе де кете қоймас,  
Кез болса, маңдайыңа жаман қатын.  
Қатынның алма жігіт тез айығып,  
Байыңнан ел қыдырып жер тамағын.  
Әдеті қыз күніндегі тоқтамаса,  
Бағыңыз тұсап қойып екі аяғын.

Қатынның алма жігіт көк айылын,  
Көк айыл тілін алмас бір байының.  
Көк айыл жұрттан асқан жаман қатын,  
Жат қылып айырады ағайыннан.

Сонан соң көк типылды ала көрме,  
Маңына бұл пәлекеттің бара көрме.  
Көк көз, қайқы мұрын, сары қатын,  
Мал беріп мұндай итті ала көрме.

Тағы да мына сөздің келді басы,  
Бойына қайтып жұқсын ішкен асы.  
Дейді де қонақ кетсін тістенеді,  
Ағарар ер байқұстың маңдай шашы.

Ұялтып ер көзінше ерін қамап,  
Пісіріп дәмді қылып бермес тамақ.

Кеңесі кешке дейін ет пенен шай,  
Қонақтың қыстай келген бәрін сынап.

Бір үйде қылып отыр қатын кеңес,  
Ілмелеп бірін-бірі қылады егес.  
– Қайдан келдің ? – десе, үндемейді,  
Байының айтқан сөзі дәнеңе емес.

От жақса салақ әйел – тұман,  
Домалап әрбір жерде құман жатар.  
Бар үйдегі тамағын өзі ішіп-жеп,  
Семіртіп әрбір жерін жуандатар.

Осы әйелге салады кісен отын,  
Киім киіп жүреді қызыл шоқтан.  
Мұнысы ерін тындамай елді кезген,  
Сұрайма рұқсатты ерден, жұрттан.

Кей әйелдің басынан от жанады,  
Шашын жайып, дуылдап көп жанады.  
Шашын ашып жасырмай жүргендердің,  
Төбесінен дуылдап от жанады.

Кей әйелдің желкелеген тілі шығар,  
Әр әйелдің осындай міні шығар.  
Желкесіпен жеті кез тілі шығып,  
Жылан келіп, ысылдап шағып тұрар.

Ұқтың ба мына сөзді әйел заты,  
Долыдан адам түгілі Алла безді.  
Көңіне тамұхтан шоқ салады,  
Жылтындап көрінгенге салма көзді.

Халал, түзу бол әйел заты алғанына,  
Алданба сұм дүниенің жалғанына.  
Ерінді қиянаттап ренжітсең,  
Отында тамұхтаның қалғаның да.

### **Дін туралы насихат (Мәшһүр Жүсіп)**

Ай, жаным, бұл дүниеде еш опа жоқ,  
Қимылдап өткізбейді дүние бөк.  
Өлгенше дүние қамы таусылмайды,  
Әр пенде өтіп кетер арманда боп.

Біз жүрміз тағат қылмай дүние қуып,  
Азапқа болдық майлық белді буып.  
Қазаға қадам бассак жақындаймыз,  
Тұрады соның үшін көңілім суып.

Қалады қаза жетсе қатын – бала,  
Қылмайды ажал рахым жалынсаң да.  
Қылмасын кара жүзді халық алдында,  
Қылыңыз жанның қамын не қылсаң да.

Қалады қаза келсе мал мен мүлік,  
Аз күнгі дәурен өтер ойнап – күліп!  
Ажалдың қабары жоқ, білуші жоқ,  
Тәубесіз өте корме ғапыл қылып.

Түсіпсіз ғапылдыкпен қате жолға,  
Кетіпсіз бір қарамай оң мен солға.  
Пәлеге келеді, нәпсі кез қылмайды,  
Нәпсі үшін қыран. бүркіт түскен торға.

Дария ғылым екен аққан судай,  
Жарасқан айдың көлге қонған аққудай.  
Кімде-кім ғылым күткен хор болмайды,  
Көтерген мақшар күні жасыл тудай.

Қылыңыз қағба тауып қалың жетсе,  
Расулдың ыузасын кор нәсіп етсе.  
Не пайда қатын – бала, баршасынан,  
Бір күні ғарып басың өтіп кетсе.

Беріңіз халал малға қайыр – зекет,  
Болмайды арам малға еш берекет.  
Өзі кемісе мен оған кепіл-міндет,  
Жолықпас халал малға еш әрекет.

.....аззакати келген аят,  
Һар кісі өзін-өзі жүрсе аяп.  
Махшарда жазуымен мінез қылар,  
Не лаж жамандықты сонша тілеп?

Ою қи мүссатый деп аят келген,  
Намаздың парызын ғалам білген.  
Қанша оқу, қалайша таһарат алу,  
Пайғамбар Жебреилден үйретілген.

Бір Алла әмір қылды құлдық қыл деп,  
Орнын ұжмақ жолы түзу жүр деп.  
Қонады ізгі болсаң иман нұры,  
Құдай – бір, Пайғамбар – хақ, Құран – шын, – деп.

Адамдар бір-біріне барған жақсы,  
Сұрасып хал-жағдайларын білсең жақсы.  
Егер де қылығы оның ұнамаса,  
Артты қысып, көш аулақ жүрген жақсы.

Қатыныңды жаман деп сата алмайсың,  
Еліне жақсы жігіт аталмайсың.  
Үйіне құрбы – құрдасыңды ертіп келіп:  
– Ей, қатын, қазан ас, – деп айта алмайсың.

## АТТЫҢ СЫНЫ

Айғай шықса даладан,  
Тігіп құлақ қараған.  
Мылтық белді, серке сан,  
Іш – бауырынан жараған .

Жабыса қатқан қоң еті,  
Сүйем шыққан ел кетті.  
Тостағандай бұлтияр,  
Екі санның ішкі еті.

Сүрініп аяқ баспаған,  
Әрбір өнер бастаған.  
Сондай жолы жарасаң,  
Мойнынан төмен аспаған.

Күміс құйрық жылт етер,  
Тақымына жылп етер.  
Балғадай боп төрт аяқ,  
Қара жерге дік етер.

Салыңқы төсті, зор кеуде,  
Жер тарпиды жем жерде.  
Сағақ жері үзіліп,  
Секіріп тұрса белдеуде.

1. Жүйрік – көп жылқының шетінде жүреді.
2. Астыңғы еріні – үстіңгі ерінен ұзын салпы келеді.

3. Екі танауы түрілген сайғақтың тұмсығына ұқсас келеді.
4. Танауының ішінде не 5, не 6 тесік болады
5. Шапқанда алдыңғы екі тұяқтың ізіне екі артқы аяқтың тұяғы дәл түседі. Асып түссе – ұшқыр, кем түссе – болдырғыш.
6. Ең аяққы қорытынды мүшесі – сиетін жері, бір-ақ сүйем болады.

Ләһи ләһи Иллолла – иманымыз,  
Иман айтып хаққа мойын ұсынамыз.  
Өлген ердің артында ұл қалмаса,  
Күнфиәһи тұржагун болғанымыз.

Ләһи. Ләһи Иллола Иманымыз,  
Иман айтып хаққа мойын ұсынамыз.  
Өлген ердің артында мал қалмаса,  
Көңіл айта келмейді туғанымыз.

### Мұса мен қожа

Қаратаудан келген бір қожадан Мұса мырза сұрапты: – Тұрмыстарыңыз қалай, қыстан қалай шықтыңыздар? – деп. Сонда Қожа: – Иншалла шүкірміз. Бір қораз, 2 күрелік сойып өте тоқ болып шықтық, – дегенде, Жапар ақын шыдай алмай:

Ет жеп, қымыз ішкен дүрдей болар,  
Бір Құдай бәрімізге бірдей болар.  
Қарнын кок шөп тескен, қу қарасарт,  
Қырдағы ел – Құдайыңмен онда бірдей болар.

Себебі бұларды: Қожа-молда қырдағы елде жоқ, бізге кел, – деп шақырғанда: – Аштан өлейік пе? Егін салмайды, сауда істемейді, жалаңаш жүреді, қазақтар, – дейді екен. Келгесін сары қазы, сары қымыз ауыздарына тиіп, дәнiккен соң, бiрiнiң артынан бiрi көшiп келiнтi. Мұса әуелi өзi шақырған соң, сөзiн екi қылмай, әр жерге сыйыстырып, әр атаға бөлiп жiберген көрiнедi. Негiздерi қалардың өгiзтаулық сарт көрiнедi. Өзбектiң, ноғайдың арасында қағылып – сабылып жүрген, тұрақты мекенсiз қалың болса керек.



Мәшһүр Жүсіптен Мұқаш Бағынбайұлы сұрапты: – Кәріліктің шегі қай жас болады, молда аға? – депті.

Сондағы берген жауабы:

1. Алыстағыны көзің көре алмайды.
2. Қатты етті қатыр – құтыр шайнай алмайды.
3. Қасындағы жатқан әйеліңді к.и. жарамайды.

– Кәріліктің белгісі, міне, дәл осылай болады, шырағым, – деген екен.

Бір Алла Жебреилге кылды жарлық,  
Таһаратқа пайғамбарды үйрет барып.  
Жебреил көктен қазір келгеннен соң,  
Пайғамбар қарап тұрды қайран қалып.

Жебреил жарлықпенен келді жерге,  
Мен жаздым үйренсін деп бәрімізге.  
Мұхаммед пайғамбарға амандасып,  
Қанатын сол арада соқты жерге.

Қанатын соққан жерден-бұлақ ақты,  
Адамша сүретімен таһарат алды.  
Мұнан соң таһарат алып, намаз оқып,  
Біздерге парыз болып сонан қалды.

Пайғамбар сонан кейін алған,  
Біздерге таһарат алмақ сонан қалған.  
Намаз оқу құдайдың бір парызы,  
Пенде деген мұсылман мойынға алған.

### **Ұғып ал құлағың бар, замандастар**

Ұғып ал, құлағың бар, замандастар,  
Талап қыл, біздей болмай, оқып жастар.

Бұзылған заманның уақытында,  
Шын сөзің өтірікке болмайды астар.

Айрылды бір-бірінен жақын достар,  
Бере алмай желге төтеп белі бостар.  
Он өтірікке бір шын қосып айтса,  
– Пәле, – деп, естіген жан соны қостар.

Келіспес біле-тұра арам жесек,  
Жаман ғой бәрінен де өтірік – өсек.  
Адамы бұл заманның сондай болар,  
Келері мен кетерін қылмай есеп.

Өтірікті қожа мен молда айтады,  
Қожа – молда өзгеден онды айтады.  
Араз ғып балдан тату ағайынды,  
Өстіртіп дау – жанжалды зор айтады.

Ғайып істі балгер мен бақсы айтады,  
Құмалақ пен тәспіден білсе айтады.  
– Бізді жалған айтар, – деп ойламас, – деп,  
Имам мен қожалар жақсы айтады.

Шариғат кітап сөзі қалды тозып,  
Бәйгі алды талай өтірік шыннан озып.  
Қожа – молда көбейіп үй басына,  
Барады быт-шыт қылып жұрты бұзып.

Айтпайды әмір мағруп шариғатын,  
Көбейтіп өсек сөздің түпкі затын.  
Құрметтеп молдеке деп әкеткен соң,  
Қол жумақ бұл өнерден қалды қатын.

Бойтақтап өз аузын баға алмайды,  
Айтар сөз онан өзге таба алмайды.  
Екі жерге күнде-күнде кезек кіріп,  
Біреуіне біреуін жамандайды.

Табынар пайдасы жоқ тасқа қалмақ,  
Бұл қазақ үлгі сөзді сонан алмақ .  
Шұқанақ жырғанменен көп болмайды,  
Айтпаса өсек екі үйге тіл болмайды.  
Жер жүзін күннің көзін қаптағанмен,  
Өзі қожа дегенмен ел болмайды.

Жылау жоқ бір түн көзін жастап,  
Бейішке апармақ боп жұртты бастап.  
Басымды бір шұлғытып, бір мүгітіп,  
Тәсіні жыбыр-жыбыр серпіп тастап.

Мөр басқан ордін басын қағазым бар,  
Оқитын мезгіл-мезгіл намазым бар.  
Ақырет ойлаған бір қайғым жоқ,  
Дүние үшін арызым жоқ, ашуым бар.

Басыма перне бұзған ақ домалақ,  
Қолымда есеп алар бар құмалақ.  
Келінше және (жаңа) түскен сыбырлайды,  
Қожа деп, келе берсе, сол жұмалап.

Арақты жұрт көзінше бір ішпеймін,  
Дәретсіз өмірімде жер баспаймын.  
Сопылық тақуалығын жұрт көзінше,  
Арақтан оңашада мен қашпаймын,

Ерте – кеш есіл-дертім жылқы, қойда,  
Алдауыш танағым бар түгел бойда.

Отырмын кайда барсам, адам болып,  
Не берер осы маған деген ойда?

Айналайын жайнамаз, ұзын желім,  
Ақ таспиығымды көргенде шұлғиды елім.  
Бөтен бастақ несие сөз мен айтпаймын,  
Баладай зорға шыққан жаңа тілім.

Бір шынға он өтірік қосып жамап,  
Алды – артын ақшалардың орап, қамап.  
Бәлен, – дейді, тәпсірде сөйлейтін, -деп,  
Нандырдым өтірікпен жүндей сабап.

Өзім оқу білмеймін жалғыз қарып,  
Білсем бүйтін жүрмес емң болып ғарып.  
Қой – қошқарды алуға ептегеймін,  
Осылай деп айтты деп масқат шарып.

Бір – екі ауыз арабша айтамын тіл,  
Білмейтінің жоқ қой деп айтады ел.  
Кейде хазірет, кейде иман болып,  
Көп тамап боламын бір ескен ел.

Қой – қошқарды алуға бұздық түрді,  
Бізде талай қыдырып көрдік елді.  
Ала қағаз иманнан алып келін,  
Былш еткізіп бастырдық кара мөрді.

Ишан деп біледі ел – жұрт танысын,  
Бірде болып қоямыз Құран алып.  
Ақша берсе, батаны көп қыламыз,  
Жымың етіп қалтаға бүктеп салып.

Кіреміз күні-түні көп намазға,  
Орамыз таусылмас ұлан жазға.  
Қажы екен деп жұрт ықылас қылу үшін,  
Қажы парыз болмаса да бардық қажыға.

Бай баласы күнелтпек үйде жатып,  
Қылмаған ісім жоқ қой менде жатып.  
Қысы – жазы несие жинап жүрміз,  
Намаз бенен ораны жұртқа сатып.

Кім көрінсе, бол дейміз маған бала,  
Екенім ойда жоқ өзім маған бола.  
Малсыз кісі шақырса бір баспаймыз,  
Құзырым бар жүре алмас біраз ғана.

Мен барсам, мал береді бір қора сый,  
Керемет мен білер деп болар ғасып.  
Күні бұрын мал қылып бермесе де,  
Өлсе, байлаулы басы бір қасы.

Тайша сүйреп, жем берген қотыр тайлақ,  
Ер тоқым жоқ бір аты берер жайдақ.  
Көбісінің бергені қошқар болып,  
Умасын салпылдатып кетер айдап.

Мал берген қазақ ұжмаққа кіру деген,  
Басқа ұлтты тозаққа жағу деген.  
Миға бармас өтірік сөз емес пе,  
Мұнын бәрін қожа – молда білу деген.

Кеудесін қожа – молда көтереді,  
Таңданып маңызданып жөтеледі.  
Ол дүние, бұл дүниеден жақсы болса,  
Алдымен қожа – молда кетпес пе еді?!

Ішінде сол сандықтың жыланы бар,  
Имансызға айтылған ұраны бар.  
Алдымен дозаққа қожа – молда күйер,  
Қанайтын кедейлерді пиғылы тар.  
Халыққа шариғатты дұрыс айтпай,  
Қолында кәмила алған Құраны бар.

### **Молданың махаббаты – зинақор**

Сөйлеп қал осындай да, қызыл тілім,  
Өтіпті нелер жүйрік бізден бұрын.  
Баяғы өтіп кеткен бір заманда,  
Айтайын бір молданың хикаясын.

Болыпты сол заманда сұлу қатын,  
Сұлу деп айтпайды екен ешкім атын.  
Жамағат тыңдағанға бір жаман іс,  
Айтайын сол қатынның қылған ісін.

Сол қатын сұлу еді жұрттан артық,  
Сәулесі нұрлы екен жұрттан артық.  
Бар екен сол қатында жалғыз бала,  
Мектепке берді апарып қадам тартып.

Мектепте оқып жүрді бала сонда,  
Баланы оқытады көріп молда.  
– Баласы сұлу қатын кел, – деп айтар,  
Әрқашан шақырғанда сабағына.

Сұлудың ұлы деп көрген сайын,  
Оқытып тәрбиелеп күн – түн сайын.  
– Молдакең күнде мені ұялтат, – деп,  
Баласы анасына айтты жайын.

Пікірін молдакеңнің қатын білді,  
Басқадан балам сені жақсы білді.  
Таксырға бір хайланы жасамаққа,  
Ойына бір қиялды мақұл көрді.

Балаға анасы айтты: – Тында, балам,  
Мектепке барсаң ертең ұрып қадам.  
Молдеке, апам сізді шақырат де,  
Болып кетсін үйге мейман кешке болсын.

Азанмен мектепке бала жетті,  
Қабарын молдекеңе болсаң етті.  
Сұлудың шақырғанын естіген соң,  
Көңіліне молдекенің шаттық жетті.

Сұлудың молда кешке үйін тапты,  
Артықша құрматланып көңілі шапты.  
Молдаға қатын айтты:  
– Етемін енді сізбен мен бір шартты.

Шартымды мақұл дейсін қабылдасаң,  
Болмайды бұл көңілден шыға алмасаң.  
Менімен ашынаһірің баһрар болар,  
Сөзіме бұл айтқан тоқтамасаң.

Таксыр-ай, меніменен келдің ойнай,  
Жігіттік қызығына жүрсіз тоймай.  
Менімен бір төсекке жатпақ болсаң,  
Шешемін үстіңізден киім қоймай.  
Егер де бір сертіне көңбесеніз,  
Қайта бер аухат ішіп әуре болмай.

Молданың ышқы кетін көрді мақұл,  
Шешініп тыр жалаңаш болды ақыр.

Көйлек пен штанын шешіп беріп,  
Төсекке тыр жалаңаш кіріп жатыр.

Әйелді бір диірменді қатын тұрып,  
Молдакең төсекте жатыр бұғып.  
Үлкен екі табаққа бидай салып,  
Үйінің бір бұрышына қойды құрып.

Молдакең төсекте жатқан шақта,  
Бір кісі айқайлады есік жақта.  
– Япырмай, ерім менің кеп қалды ғой,  
Кетіп ед жолаушылап алыс жаққа.

– Кіргіз, – деп, айқай салды есік ашып,  
Молдекең қорыққаннан қалды сасып.  
Бұлдырып әрлі-берлі жүгіреді,  
Енді мен құтылам деп қайда қашып.

Қорықпа, – қатын айтты, молда, – деді,  
Құтқарам, босқа қапа болма!-деді.  
Жаулық пен көйлегімді киіп ал да,  
Ала бер диірменді қолға, – деді.

Қатынның айтқан тілін алды молда,  
Қасына диірменнің барды молда.  
Қатынның көйлегін киіп алып,  
Басына ақ жаулықты салды молда.

Киіп ап әйелдерше киімдерді,  
Зулатып тартып берді диірменді.  
Сайтанның сөзіне еріп жолдан тайып,  
Молдекем сұлуының сыйын көрді.



Кіргізді мұнан кейін қатын байын,  
Төсегін салып қойған етіп дайын.  
– Ей, қатын, мына кісі қай әйел? – деп,  
Сұрады әйелінен қатын байы.

Әйелі: – Ана үйдегі келін, – деді,  
Жата бер, жұмысың не сенің, – деді.  
Сен үйде жоқ болған соң диірмен тартып,  
Отыр еді айналдырып мені, – деді.

Бай айтты: – Бәрекелді, балам, – деді,  
Тартып ал ұялмай-ақ тәмәм, – деді.  
Денелі еркектей – ақ бар екенсің,  
Келер-ау не қылсаң да тамақ, – деді.

Байы мен қатын барып бір жатады,  
Молдекең тиірменді зулатады.  
Жан терге диірмен тартып түсіп молда,  
Жаулықтың етегімен құрғатады.

Тартқан соң диірменді тынбай сабап,  
Бітіріп бидайды екі табақ.  
Байы айтты әйелінің мойнын құшып,  
Жатсайшы икемденіп бері қарап.  
Бұл үйде сен де барсың, келін де бар,  
Жатсайшы екі ортаңда жатамын құр.

Рас қой, қатын айтты сағынғанын,  
Қайтейін сақалыңмен балаларша.  
Ұялмай сақалыңмен балаларша,  
Сөз қылып келініңді не қылғаның.

Өкпелеп ақ некелі серігіне,  
Ол өзі ұмтылды кеп келініне.

Келінжан, қайнағанды не қыласың,  
Кез болдың көңілімнің желігіне.

Молдекең ұмтылғанда зытып берді,  
Бұлдырап әрлі-берлі жүгіреді.  
Сасқаннан ол қоянша қарғып жүріп,  
Жан дәрмен есікті ашады енді.

Көйлекке оралып жүр жазыла алмай,  
Кеп қалды бұ да шыдап тазылардай.  
Түнімен бір бұттай бидай тартқан,  
Сорына кез болды ғой базы мұндай.

Қалмаймын артыңыздан қайда барсан,  
Емес пе маған арман жайға қалсам?  
Мойныңа білегімді орай салып,  
Келінжан, ақ дидарыңды аймаласам.

Сартылдап бұл сөзді айтып қуды қатты,  
Кісідей жете алмаған кейін қапты.  
Құтылып қуғыншыдан зордан молда,  
Бір жерге оңашалау барып жатты.

Күрсініп демін алып біраз тұрып,  
Өзінің ауылына келді жетіп.  
– Ей, қатын есігінді ашшы? – деді,  
Артықша айғаламай дыбыс қылып.

Етегі көйлегінің жырым-жырым,  
Қан қашып, қусырылған танау мұрын.  
Шам жағып бір кезде қатын келіп,  
Байының мұндай болған көрді түрін.

Байының қатын карап сылағына,  
Шығады о жағы мен бұ жағына.  
– Япырмай, осы менің молдамбысың,  
Отыр ем қатын ғой, – деп сылағыңа.

Шапан жоқ, басыңызда дастаныңыз,  
Киімнің бәрін қайда тастадыңыз?  
Отырам ем қатын ғой, – деп қиялыңда,  
Танытты саусағыңызбен басқаңыңыз.

Қысылды осыншама өкпең неден,  
Кез болдың не пәлеге өктем келген?  
Киімін қатынның кидің қайдан,  
Етегі көйлегінің көктелмеген?

– Қатын-ай, молда айтты, – сұрама жайды,  
Еріңіз жазым болып жолдан тайды.  
Түндегі көргенінің бәрін айтып,  
Қатынға бастан аяқ тәмамдайды.

Сыр шашпа, қатын, жұртқа ұрыс қылып,  
Араз боп өзді-өзіміз ашынбылық.  
Барғанмен бітірген ештеңем жоқ,  
Құтылдым өзім бостан басымды алып.

Мұнан сөйлемеді қатын-дағы,  
Молданың жалынбағы мақұл-дағы.  
Жарасып қатын менен молда қалды,  
Молдекең болмай қалды қалпындағы.

Баруға шақырса да қаймығады,  
Барғанмен асыл болды қай мұрады.

Түндегі көрген қорлық естен кетпес,  
Жүрегі май ішкендей шайлығады.

Баспады шақырса да ешбір қадам,  
Көріпсе, сұлу әйел құштар адам.  
Балаға онан әрі үндемеді,  
Естісе, сезер-ау деп дұшпан адам.

Жарандар, құлақ салып тыңда мұны,  
Арамның молдадай ғой көрген мұны (күні).  
Осымен хикаясын аяқтаймын,  
Ішінде айып етпе, болса міні.

Осы күні қор болған қожа – молда болды,  
Бастаған гақылық сөзі тозып болды.  
Бұл күнде залымдыққа араласып тұз-дәмі,  
Жоқ ләззатсыз боza болды.

Қожа – молда ғылым тастап, ұрлық қылды,  
Ғылымның жарығын өшіріп жожа қылды.  
Осы күні қор болған сұлтан – төре,  
Көрген жан, көруші еді аяқ өре.

Бір адам сұлтанмын деп елге келсе,  
Ат әкеп беруші еді жүзін көре.  
Бұ күнде көрінгеннің қасында жүр,  
Құндыздың ескісіндей тозған көне.

Ерте кездегі қожа-молдалар осындай болғанда, қазіргілерге не жорық, қай – қайдағы мешіт болып, қулық пайдалану, ұрлық, ғайбат – бәрі сонда болғанда. Сонда жүріп сауатты қайдан таппақ? Ешқандай жауапсыз, сұраусыз бір Алла дегенге кім сеніп тұр?

Егер Алла деп жүрген болса, тілегіміз жетіп қабыл болып, жер бетіне өсіп-өніп сыймай кеткен болар еді.

## Ел ішінде

Ел ішінде осы күн,  
Алымнан басқа жаны жоқ,  
Жұрт жанында қаны жоқ,  
Сыңарттын бұқа пішімді.

Әкімге қалған күн құрысын,  
Қала берсе, бұлардан.  
Ғаріптерді олжалап,  
Өсім алып мал жиған.

Осы күнді қалтылдақ,  
Байларға қалған күн құрысын.  
Қала берсе бұлардан,  
Бақсылық құрып елді жеп.

Кітап ашып, дінді жеп,  
Тәртіпті оқу залал деп.  
Дінге қоса күнде жеп,  
Қотыр ешкі, ақсақ қой.

Филиадан келген деп,  
Осы күнгі бір пара .  
Білімді жоқ көңілі зор,  
Дін мен күнге бірдей сор,  
Молдаға қалған күн құрысын!

Бұған жалғас осы күн,  
Еже әбжат қалдырмай,  
Оқытады балаға,  
Ақы – мақы сұрамас.

Зекетке берген танаға,  
Жақсы молда бұлар деп,  
Ескіні бұзбай тұрар деп,  
Бастан айып бағынған,  
Салсым медет бергіл деп.

Өзі сынды адамға,  
Мүрит болып табынған.  
Қала берсе, осы күн,  
Болыстықтың жолына.

Жүздеп, мыңдап шашылып,  
Жылай кеткен мал құрысын!  
Таспа қара, таңқы мұрт,  
Надан сопы бұ құрысын!  
Адастырған бұларды,  
Алдауыш ишан о құрысын!

### **Манифест туралы**

Бір мың тоғыз жүз жылдан асты бесі,  
Бес түгіл көрді алтыны тірі кісі.  
Тиеді құлағыма еміс-еміс,  
Октябрь он жетінші манифесі.

Отырмыз, міне, марттың он бесінде,  
Қазақтың дәнеме жоқ, тіпті, есінде.  
Марқамат патшамыздан кендік бар, – деп,  
Сөйлеген бір сөз жоқ боп ел ішінде.

Талай ер көніп жатыр негеменен,  
Дәнеңе жоқ бұған опық жегенменен.  
Манифест бар деп айтқан айтушыны,  
Айтылмай ұстан-ды әкім дегенменен.

Патшадан біздің қазақ бүктеп тықты,  
Бар деушіні жазалы қылған жұмысы.  
Әшкере боп, ғаламға қайдан шықты,  
Қазаққа бұл күнгеше естіртпей?

Аты бар, өзі жоқ, қып басып қойды,  
Түнілді естіген жұрт мұнан таза.  
Дәнеңе жоқ білмегенге, білгенге – аза,  
Манифест бар деушілер тұтқын болып,  
Кесілді еш себепсіз оған жаза.

### **Мәшһүрдің Күліктен шыққан, ерте кезде Өтеміс атты әулиенің оқыған намазының шарапаты туралы бәйігі**

Күлікте Жаңабатыр – Жанак болды,  
Өтеміс әулиелік алған жол-ды.  
Өлгенде моласының ортасына,  
Үстіне екі қайың белгі тұрды.

Мінезі тіршілікте қызық екен,  
Базкидан шарапаты бұзық екен.  
Күндіз – руза, түнімен намаз оқып,  
Ерте – кеш уақиғаны сезеді екен.

Бір күні сахыр шақта көре келген,  
Бір ұры жіп ұрлауға үйіне енген.  
Жіп ұрлап жатқанында біліп қалып,  
Өтекең сол ұрыға: – Бұл не? – деген.

– Ей, балам, тойғаныңша жент же, – деген,  
Және де бір күнгі азық ала ал, – деген.  
Оянса, қатын шіркін азап деген,  
Шырағым, кім болсаң да епте, – деген

Ұрыға сүйтіп қылған мейірдандық,  
Қылмаған тіршілігінде еш жамандық.  
Тағы да бір кісіге не хиқаясын,  
Кеткен соң еске түсіп жаза салдым.

Қара су, карағайды ел жайлаған,  
Мал сат деп катын – бала ойбайлаған.  
Керуенге пұл қыдыртқан сатайын, – деп,  
Қосақтап бір-екі қой сонда айдаған.

Жөнелген жаяу айдап сонда зордан,  
Сол шақта намаздыгер уақыты бола қалған.  
Екі бас намаз оқып болған шақта,  
Кетіпті қасқыр қуып қойды кеткен.

Тұрыпты сонда қарап намаз бұзбай,  
Сол қарап, кеткен қойына мойын бұрмай.  
Бұнда шарапат бар адам екен,  
Намазын оқи берген, тіпті, бұзбай.

Көрген жұрт қарап тұрған бұған күлген,  
Намазшы неткен адам, есер, – деген.  
Әкетті қойды қуып, қасқыр жолдан,  
Бере ме бұған малды намаз, – деген.

Намазын сол асықпай бітіріпті,  
Аяңдап кеткен қойды енді іздепті.  
Оралып екі қойға қосақталған,  
Қалыпты қасқыр өліп кетіп есі.

Бостан – бос екі қойы аман тұрған,  
Қалыпты қасқыр өліп қойды қуған.  
Намаздың шарапаты осылай болып,  
Өтекең сондай үлкен абыз болған.



Анығын осы сөздің жаздым қарап,  
Сенсін деп кейінгілер намаз қарап.  
Құдайға шын ниетпен қылсаң дағат,  
Қалмайсың еш уақытта босқа қарап.

Ертеде Бұхар шаһарында болған Ысқақ атты ғалым туралы бәйіт.

## Мәшһүр Жүсіп

Мен құлыңа рахмат қыл қадір маулі,  
Сәламат қыл қатардан деңім сау-ды.  
Жамағат, құлақ салып тындасаңыз,  
Хазреті шайһы Ысқақтан қалған қаулы.

Бозбала, ғибрат ал мына сөзден,  
Жастықта тәубе қылып иман іздеп.  
Шайхы Ысқақ кереметі Рахметолла,  
Ғалаһи өткен екен бұрын бізден.

Шаһары Бұхарада болған екен,  
Көңіліне ғылым – хикмает қонған мекен.  
Ғауми, түрік, шарых – бәрін оқып,  
Көңіліне бірақ сөзді қылған мекен.

Ғылымның он екі бәйіт бәрін білген,  
Ғылыммен қасы, тәпсір – бәрін ұққан.  
Ғылыммен ғақил, тәпсір – бәрін біліп.

Ғылыммен мұңазаға сандай жетіп,  
Сөйлемес баска молда мұнан өтіп.  
Жастыққа бір күн ауырып, қойды басты,  
Бір өлмек жалғаннан демін бітіп.

Жиылды ауырған соң жарандары,  
Оқыған бір мешітте баршалары.  
Кешегі жүрген шақта судай тасып,  
Қапалы болып жатты жүзі сары.

Кешегі жүрген шақта судай тасып,  
Өлімнен құтылар ма адам қашып .  
Өлерін бұл аурудан білгеннен соң,  
Сөз айтқан ел – жұртына арыздасып.

– Өсиетке, жарандарым, құлақ сал, – деп,  
Осылайша түсті күнге біздің қал, – деп.  
Көрсеткен ғылым пайғыз кітабын,  
Көріме өзім өлсем, бірге сал, – деп.

Бұл өсиетті, жарандарым, сөзіп тұтты,  
Алладан тағдыр келіп сол күн өтті.  
Орнына айтқандарын келтірісіп,  
Кітабын басына жастық етті.

Keң қалаған қабырдың айналасын,  
Құдайым қабыл қылған ықыласын.  
Хадым деген періштенің дауысымен,  
Көтеріп көрден шайхы алды басын.

Көтеріліп көзін ашып өзін көрді,  
Білді енді астындағы қара жерді.  
Келіп тұр бір – екі адам өңі басқа,  
Кітабын қолына алып оқи берді.

– Барасың қайда, Ысқақ, кітап жүктеп,  
Сен неге қарамайсың бізге беттеп?  
Періште Мүңкір-Нәңкір айбатпенен,  
Сұрады-ау сонда Ысқақтан мен рабих, – деп.

Айтады періштеге тілге келін:  
– Сіздерге жалғыз кітап болды ма жүк?  
(Аттарқип қилағамаз) маған айтшы,  
Мен рабих Мүңкір-Нәңкір періште деп.

Періште бүй деген соң сасып қалды,  
Аллаға арыз қыла бұл бір жерді.  
– Я, Алла, біз білмедік, пендең не пүр?  
Бұларға әміршісі құлақ салды

Пендеге ғылым хиқмет кеткен дарып,  
Кеткенге ауал тарқип қолына алып.  
Біздерден қисынбайды, сескенбейді,  
Сұраңыз нанбасаңыз қайта айналып?

Тағы да келді бұлар қайта айналып,  
Не ғып жүр шырматылып шырқ айналып.  
Өзінде еш нәрседен қауы жоқ,  
Кітабын оқып отыр тағы ойланып.

Тағы да: – Мен рабих, – деп жауап сұрады,  
Сөйлеген сөзге қарап мұны көрді.  
– Сен менің манағымды таптың ба? – деп,  
Қинайды нахуменен екі ерді.

Білмейді бұлар (Тарип ғадамиді),  
Ашуы шайхы Ысқақтың қатты келді.  
– Періште, түк білмейтін надансың, – деп,  
Кітабын қолына ұстап тұра қуды.

Ашуы шайхы Ысқақтың басым шықты,  
Бір салған парштаға қысым шықты.  
Құданың құдыретімен сол қабырды,  
Періште Мүңкір-Нәңкір жарып шықты.

– Бергіз шайхы Сқаққа нәсіп, – дейді,  
Періште қашып шықты көрді тесін, – дейді.  
Ғалымдар бас қосқанда сөйлеп еді,  
Мен ұғып жаздым мұны көргенімде.

Сол кездегі кожа-молда осылай болғанда, қазіргі арабтың бір харыпін танымайтын ертедегі алқаш, бау-кеспе, ұры елді зарлатқан – осыларды да молда деп ұйып, иман әпереді деп бәйек болуымыз да ғажап-ау. Ең алдымен солар ойласайшы, өз халінің о дүниеде қандай боларын.

### **Ендігі әңгіме дін ұстаушы адамдарға пайғамбардың айтқан хадисі /ереже/**

Оқып, мұны біліп, оны орындамағандар – «Мүрдәрлар» /кәпір/. Пайғамбарымыз екі нәрсе қалдырған: – Менің үмметім, сіздерге екі нәрсе қалдырдым. Соны мықтап ұстап құлшылық етсеңіздер! Біреуі – Алланың парызы, екінші – сүннәт расул, Алланың хадисінде ешқандай кемшілік жоқ.

Расул Алла сүннәт әм қалдыруы тек қана Құраннан басқа жанынан шығарып сөйлемеген. Алланың кәләмі мүмин болған ислам дінімен ғибадат ететін түзу жол.

Егер де Құран хукімін, сүннәтін хұқымен құлшылық еткен пенде – Алланың нағыз тақуа болған мүмин пендесі сол. Құран кәрімде айтылып жазылмаған сөз бәрі бекер.

Солай болса, Алланың пайғамбары дінді кәміл етіп, түгел ғып, Құранмен бірге тәмам ендірді. Құран сөзінде, пайғамбар хадисінде Жоқ сөзді қосып айту – Аллаға кір келтіру болады. Кейіннен кемі бар деп, қосалқы жазушы, не айтушы бар болса – Алланың, Құранның, расулдің сүннәтін өтірікші деген болады. Яғни, Құран сүннәті жөнінде бұлай емес, – деп жаңалық, шарифат қосып сөйлесе, ол адам – «Мүрдәр». Яғни, діннен шыққан, кәпір деген. Әр адамның өзінің тұсында жаңалық қып шығарған ол – «Бідхат»,

ондай іс – зияндық, азғындық. Алланың парызын, Пайғамбардың сүнәтінде болмаған ғамал, олар – «Мүшірлік». Мұнафиктардың ісі.

...Расул Ғалаисламның сауабын өзгертіп, ақша алу хақында айтылған. Құранда ақша ал деп көрсетілмеген. Осындай адамдарға Құранда ат қойылған – «Сүммә бүкүмүгрүмл» – надан көңіл, көзіне шел қаптаған, -депті.

Құранда жоқ ғамалды қолданып, шындығын айтпай жүрсе, ол адамның өзіне оттан азап келмек болмақ. Аллаһ: «Менің нығматыма шүкіршілік етпей, күпірлік яғни қанағат етпесендер, істейтін жазам қатты, – деген, нығматымнан, мұраттан мен саулық бермесің! – деген уағадасы бар. «Бідхат» жолына ерген, шүкіршілік етпей, ондай адамдарды Аллаһ аздырады, сақтану керек. Құранда һам сүннәт хадисте айтылмаған, халықтың түрлі қолданып жүрген «Білх ат» ат қойып алу – ысрап риа ету /Биям Аллаһу ... хату Залалаһүту уа күлә Залалаһүту фиһа фиһнәри/ мұндайлар тамұхта деген.

Мұндай бідхат Құранда айтылмаған және сүмәтәда жоқ – өтірікші құлқының бар деуші болса, «танзап» құлы ахыретін дүниеге сатып күн көргендер орыны – тамұқ, – деген, және ысыраппен істеген ғамалдарда сауап жоқ, – деген. Мұсылман болған пенделерге мақтаныш, ұрлық, өтірік, зина өсек, бітпа ғайбат, күншіл, бідхат, ірілік, тәкаппар бұлардың барлығы – мұнафиқтың ісі, ғаламат, – дейді. Мұнафиқтың мағынасы: сырты – мұсылман, іші – кәпір – деген сөз /сүре Бахра иннә ілләэйна яктумина/. Құран Кәримнен Аллаһ тағаладан хақылық әмір мағрұпын оқу және Алланың кәләмін оқып болып, қор болған, аз болған дүниеге қызығып сату, хақылығын айтпай жасырушы және сатушы пенделерің құрысын. Оттан басқа ешнәрсе аша алмайды деген садақаны бөлшектеп, Құран хатымға, – деп ақшаға сан бұйырады. Мысалы, 4-5 адам болса, қатым Құранға мынадай береді, – деп ризалық білдіреді. Егер оларға ақша бермесе, Құран хатым оқымаған болар ма еді?! Міне, сатушы пенде, сатып алушы пенделер, аятта не айтады? Ал, Құран саудасын базарлаушы пенделер Аллаһ тағаладан өлген пенденің істемеген ғибадатын –

барлығын кешіріп алып, енді жарылғанды, – деп, елші болып кепілдік бола ма?! Дағдыр ісіне қол жете ме? Өзінің халы қандай болады? Басқасын қойғанда хатым оқып алумен не халде болатынын біле ме? Құран сатып ақша алудың күні қарам. Малы бар, үй – мүлкі бар, балалары бар жәрдем алатын дені сау адамның алуына қоспайды. Кәсіпсіз тапқан дүние – харам.

Сүлеймен пайғамбар да дүкенде балғашы болып кәсіп еткен. Күнбе күн кәсібі үшін асқанын ғарып – ғасырлерға садақа ғып берін отырған. Садақа бақырларға, мүскіндерге беріледі. Молдаларға, жай – күйі бар адамдарға жатпайды. Кісі хақысы болады. Қарт үйі сияқтыға берсең деген, шартқа жүгінні, өсиетсіз ысырап мал берсе – харам. Өздеріңізге де харам тілейді, харам қылады. Жалғанда кісі хақысынан құтылмайсың, хажыға жылап, (танау) жүз барсаң деген. Аллаһ жалғыз, әр нәрсені біледі. Хазабы қатты: садақа, ұрлық малдан кімдікі болсын, бір жерде жинауда тұрған мал болсын, ақша болсын, дүние болсын, иесі бар мүлік еншісі бөлініп алынбаған, осыны алу, оны – ұрлық дейді. Осыдан бір адам ұлықсатсыз алып өлсе, жаназа бұйырмайды, оқылмайды. Садақа ғарып –ғасер, мұқтажға берілсін, – деген. Болмаған күнде, Аллаһ жолына мешітке салу, дін оқуына барған шәкіртке беру, өлік жөніндегі түрлі садақалар, жаназа намазы /ысхал садақа бұл үшін дәуір жүргізіледі керек / т.т. басқалар – тірі арттағы адамдардың оздері өтейтін мұсылмандық парызы. Оны ешкім, еш молда алуға болмайды, ұлықсат жоқ. Құранда 4-жерде толық корсетілген, берушінің, алушының мойнына парыз.

### **Өткен пенде бір ай үйінің төңірегінде келіп жүруі**

Айтылған бір рауаят Абуһамардан,  
Әрқашан пенде өтсе бұл жалғаннан.  
Үйінің айналасын төңіректен,  
Бір ай жүреді екен бұл ғазиз жан.

Қалайша қатын – бала қалы,  
Қалайша тағлым қылар қалған малы.  
Борышымды мойнымдағы кімдер өтер,  
Туысқан ашыр ма екен маған жаны?

Мұнан соң адал жанды періштелер,  
Қабырына бір айдан соң алып келер.  
Садақа бер, Құран оқып өлігіне.  
Жетім – жесір малына қылма залал.

Онан соң қабырының айналасын,  
Күзетер бір жыл бойы оның басын.  
Кім дұға қылар екен мен байғұсқа,  
Бар достан болар ма екен жарылғасын?

Әрқашан тәмам болса, оған бір жыл,  
Сүріне Исафилдің барып кірер.  
Қиямет қайымға шекті сонда тұрар,  
Келмейді енді қайтып осыны біл!

Сөйлеген тағы бір сөз ібін Ғаббас,  
Байлаушы сөз айтылмас – бәрі талас.  
Қадір жұма ғайиттың күндерінде,  
Үйге аруак келеді оисханас.

Қылады әр қайсыңнан дұға – үміт,  
Ескерсең өлігіңе дұға оқып.  
Дұғаменен жоқтасаң бек шаттанар,  
Ойламасаң кетеді наумут болып.

Жоқтасаң, дұғаменен бірер сағат,  
Өзіңе айтады екен қанша рахмат.  
Мақтанып қасындағы аруакқа,  
Қабырына қайтады екен болумен шат.

Жоқтамасан, кетеді екен қатты кеми,  
Деп айтар адам едік бізде сіздей.  
Сізді де балаларың жоқтамасын,  
Дүниеден жүре алмассың бір күн өлмей.

Бұл халдер келер бір күн бастарыңызға,  
Бар дүниең еріп бармас қастарыңызға.  
Сіз-дағы баласыз ғой біздей мұқтаж,  
Өлім сіздің қарамас жасыңызға.

Түспейді – кісіден алған ақшаны қарызға алған. Бермеуге бола ма? Бұл одан да ауыр кісі хақысы болады, жеке есептеледі. Алуға ұлықсат жоқ, қияметте кемілмес күнә.

### Садақа туралы

Өткен аруақтарға оқыған дұға – сауап,  
Тірі адамдарға берген садақа – сауап.  
Салауатпен дұға қабыл болады,  
Садақамен тілек қабыл болады.  
Корсетіп берген садақаң ғарыпқа,  
Адамдарға үлгі болады.  
Көрсетпей берген садақаң,  
Алланың ризалығы үшін деп ғарыпқа,  
О дүниеден күнәнді жойып, пәк қылады.

Садақа беруде он қасиет бар:

1. Малды таза қылады;
2. Пендеден күнәні жоқ қылады;
3. Келген пәлені қайырады.
4. Ризығы кең болады;
5. Аршының көлеңкесінде отырады, сұрағы жеңіл болады.
6. Алла сауабын таразыға салғанда ауыр болады;



7. Қыл Сираттан найзағадай өтеді.
8. Дәрежесі жанатта болады.
9. Дүниеден откенде иманмен өтеді;
10. Зекет, пітір, құрбандық өзің үшін ахретте иман байлығың орындалмаса – күнә.

Дұғаменен аруақтар байиды. Үлкен сауап – садақаның сауабы. Тек қана ғарыпқа берумен. Барға берген мың теңгең – бар ғибадатыңды күйдіреді. Ғарыпқа берген бір теңгең – басыңа иман үйдіреді. Алладан сұраған құстай ұшады. Адамнан сұраған мұрттай ұшады.

### **Хадис: Алтын табақ**

Алтын табақ пайғамбарға Жебраил ғалаислам әкелген шарифаларға арнап сұрақ үшін:

Бисмиллаһи деп бастайын сөздің басын,  
Хаққа құлдық қып төк көздің жасын.  
Дүниеде кім құлшылық қылып барса,  
Сол алады қияметтің дәрежесін.

Қылар істеп ісінді Хаққа аян,  
Халал істеп ісінді, Хаққа таян.  
Хикаят алтын табақ деген сөзді,  
Тыңдаңыз құлақ салып, қылам баян.

Адамға сырлас кісі – қанат, құйрық,  
Кеудем – сөзге, он саусак – хатқа жүйрік.  
– Хақ Пайғамбар достына барып кел! – деп,  
Бір Алла Жебреилге қылды бұйрық.

– Ұжмақтан алтын табақ алып кел! – деп,  
Ішіне бал мен халуа салып кел! – деп.

Алтын табақ мәнісін сұра-дағы,  
Бұйырды: – Көп кешікпей барып кел! – деп.

– Көңіліңе басқа ниет алма! – деңіз,  
Достымның өсегіне қалма! – деңіз.  
Алтыннан көрігім жалғыз, қылдан жіңішке,  
Дүниеде балдан тәтті бар ма? – деңіз.

Кешікпей, -Жебреилге, -кел! – деп айтты,  
Табақты пайғамбарға бер! – деп айтты.  
Алтын табақ мәнісін сұра-дағы,  
Төрт жардан бастан-аяқ әбден біл! – деп айтты.

Жебреил жетіп келді пайғамбарға:  
– Бұл табақты жіберді достың қадыр Алла!  
Бір басына бір-бір ауыздан сөз сұраңыз,  
Кенесіп, бір-біріңмен ақылдаспа!

Шарифаттың жолынан кетпе адасып,  
Бұл не деген биік қиын іс болды? – деп.  
Шешуге бәрі де қойды ықылас,  
Төрт жылдар (шадияр) қайран болып, қалды сасып

Алайын (Алланын) жарлығымен қосты басты,  
Шешуге бәрі де қойды ықыласты.  
Әуелі бұрын кеп ашқан – хазрет Әбубәкір,  
Бұл сөзге жауап беріп аузын ашты:

– Алтынан көркем білем – ислам нұрын,  
Балдан тәтті көремін – зәмзәм суын.  
Намазда дүниені ойға алмайын деп,  
Жіңішке қылдың нәзік менің көңілім.

– Пәлі! – деп, алтын табақ үн шығарды,  
Әбубәкір қуантты пайғамбарды.  
– Артындағы қалғанын сен айтшы, – деп,  
Самородтай нұры көркем дүр алтын тастан.

Осы баланың тәттілігі болмайды,  
Я, расул Алла, сізбен бірге астан.  
Ғибадат ахыреттің азығы еді,  
Бес намаз – ислам дінінің қазығы еді.  
Екі адам келіп жүгінін отырғанда,  
Көңілім жалғыз қылдай нәзік еді.

Төрт жардың өзге жаннан ақылы зерек,  
Пайғамбар ортасында бір бәйтерек.  
Әбубәкір, Ғұмардың сөзі бітті,  
Мұнан соң Ғұсманға келді кезек.

Сіз алтыннан Құранның жарық жұлдызы,  
Балдан тәтті Хақ расулдің айтқан сөзі.  
Намазға таһарат алып отырғанда,  
Жіңішке қылдан нәзік көңілім өзі.

Хош көріп үш сөзді: – Пәлі! – деді,  
Шатланып төрт жармен пайғамбары.  
Табақтан сол уақытта үн шығыпты:  
– Сөйлемей неге отырсың арыстан Ғалы?!

Я, Зулзалал, мәдет берсін Алла ойымды,  
Ғазреил жан алуға төнгенінде.  
Көңілім нағыз қылдай еді,  
Соғысып кәпірлермен жүргенімде.

Бетімде айтып отыр қалым шарығы,  
Хақ сөзге мейірің қанар, жүрек жарып.

Балдан тәтті көремін, ай, жарандар,  
Асайын мен Хасен, Құсайынды жаныма алып.

Құдайым қонақ қылсын ұрмақ үйде,  
Біздерде түсіп тұрмыз ғой талай күнге.  
Алтын табақ Расулге келді жетіп,  
Құдай досты пайғамбар, өзін сөйле!

Хақ Расул Пайғамбардың жауабы:  
– Тәмам болды Шариардың айтқан сөзі.  
Алтын толса, дүниеге керегі жоқ,  
Нұрын абзал көрмей бір Алланың.

Алтын табақ сөйлетті пайғамбарды,  
Жебреил табақты тастап, қайтып кетті.  
Төрт жардың басын қосып жиылыпты,  
Сары балдан тұзы жоқ құрым тәтті.

Бұл сөзге молда Ғосман құлақ салған,  
Оны ғалым жаратқан құдырет кәрім.  
Аллаға досты пайғамбар болсам-дағы,  
Айттың, – деп, қылған нәзік менің жаным.

Сол кезде Бибәтима үйге кірген,  
Керемет Бәтимаға тәңірім берген.  
Пайғамбардың сүйікті перзенті,  
Сал, – деп, алтын жетін келген.

Сіз алтыннан бабамның түрі артық,  
Ұрғашы абырой күтсін михнат тартып.  
Осы балдан құрметін артық көрем,  
Ерімнің бір жұтым сусынынан ішсем сарқып.

Алдында даяр тұрсын ұжмақ – иман,  
Әйелдер ер қызметін қылсын жылдам.  
Ерім қызметіме риза болсын деп,  
Көңілің нәзік еді жалғыз қылдан.

Әр түрлі әр қайсысы алтын – күмістей,  
Құрметтеп ортасында көңілім пірдей.  
Табактан бір сахаба суретінде,  
Жебреил періште басқа түрмен үйге кірді.

Алтын табак сөйледі Жебреилге,  
Мені тастап кеттің әкеп Мәдинеге.  
Алланың өзі сүйген аяшысы аидниге (едің),  
Қам мұқарап ғарышта өзің сөйле!

Алтынан абзал көрем Құдай нұрын,  
Балдан тәтті көремін қауде кәусар суын.  
Тәңірім пайғамбарға жұмсағанда,  
Қылдан нәзік жіңішке сонда көңілім.

Пайғамбар Мәдинеде дәурен сүрген,  
Тұрады хабар алып Жебреилден.  
Үйретті аққан судай шарифатты,  
Дін ашқан, мешіт салып талай жерге.

Жебреил осы сөзбен болған ғайып,  
Алланың құдіреті бар таңғажайып.  
Ұжмақтан келген болды бәрі жалап,  
Пайғамбар дұға қылған қолын жайып.

Балдан жалап қуанды төрт жарлар,  
– Ұжмақтан бір табакпен бал келді, – деп.  
Отыз үш мың сахабаға хабар жеткен,  
Естіп бұл хабарды барлық асқап келген.

Мәдинаға жан қалмай жас пен кәрі,  
Өкпелеп барлық асхап жылағанда.  
Қатты ұялып, сасыпты қайғамбар да,  
Ай, таксыр, досты болдың бір Құдайға.

Жарық бол дүниеде күн мен айға,  
Ұжмақтың тағамы бізге де харам ба еді?  
– Я, расул Алла, бұл сараңдық сізге,  
Ұнай ма деп шулап сахабалар.

Өкпелепті пайғамбырымызға : – Егер де барлық сахабалар,  
татқан болса ұжмақ дәмін онда. Мұсылмандарға еш сауал, ғазап,  
дозақ көрмек емес екен. Пайғамбарымыз өзі де қатты өкінген екен,  
қателеспес пендем болмас деп.

Сопылық білген жанға – зордың зоры,  
Сопылық білмегенге – судың соры.  
Сопылық Қап тауының ар жағында,  
Кей жанның зұлымдықпен жеткен қолы.

Би болмас – белін жалпақ бұғанменен,  
Пәк болмас – заты харам жуғанменен.  
Кей надан көзін жұмып құр шөлдейді,  
Сопылық бола ма құр көз жұмғанменен?!

### **Өз атасынан – түсінік**

Күліктің ең үлкені-Тілеуімбет,  
Қайраты қайсар екен, қайтпаған бет.  
Бір өзінен 16 ұл туып – өсіп,  
Соғысып көп қалмақпен болыпты мерт.

16-ты ұлдың 14-ін қалмақ алған,  
Мен айтпайым өтірік сөзді, жалған.

Бесім, Қотан екеуі қалып тірі,  
Мінекей, біз солардан нәсіл қалған.

Ақжігіт дәл Бесімнің өз баласы,  
Толықсып бірдей өскен мал мен басы.  
Санжасар, Мыңжасар мен Жүзжасар туып,  
Туысқан Көпей, Мағырып айналасы.

Дүниеде кім қалады кетпей көшіп,  
Ойламаймын уақытты, кетпей тосып.  
Солардың біз бір жүрген жұрағаты,  
Көпеев фамилиям, атым – Мәшһүр Жүсіп.

## Қыздың жұмбағы

Қыздың жұмбағы. Қыз: – Осы жұмбағымды кімде – кім шешсе, қалың малсыз тиемін! – депті. Нелер ғалымдар көңілі болып, шешеміз, – деп, шеше алмаған.

Сонан Мәшһүр Жүсіпке: – Ғалым болсаңыз, осы жұмбағымды шешіп беріңіз! Шешсеңіз – бас еркім сізде, шеше алмасыңыз – айып төлейсіз, – деп, хат арқылы 1905 жылы жолдайды.

## Жұмбағы

1. Ертемен тұрдым үш бала көрдім,  
Жалаңаш біреуінің киімі жоқ.  
Етегі тола ақша төгіледі екен,  
Ойында, қиялында дәнеме жоқ.

2. Және сонда үш көл көрдім. ....Екеуі құры. Біреуінің суы жоқ. Суы жоқ көлден үш балық алдым. Екеуі – өлі, біреуінің жаны жоқ. Және сонда үш үй көрдім. Екеуі – жарық, біреуінің түбі жоқ. Және сонда үш қазан көрдім. Екеуі – жарық, біреуінің түбі жоқ. Және сонда үш пышақ тауып алдым. Екеуі – сынық, біреуінің – сабы жоқ.

Суы жоқ көлден үш балық алдым және. Жоқ, жаны балықты алып, іші жоқ.

Ішінде отырсам, түбі жоқ қазанға асып, сабы жоқ пышақпен кесіп жедім.

Сөйтп отырып, сол отырған үйімнің жапсырынан шығып кеттім. Есігі ойымда жоқ. Бұл жұмбақты айтушы: атым – Батпа Бейсенқызы, руым – Қозған, Ақмола үйезі, Атбасар болысы, Құмқоныр аулында тұрамын.

### **15 ноябрь 1905 жылы Мәшһүр Жүсіптің қыздың жұмбағына берген жауабы**

Мәшһүр Жүсіп: – Мен ендеше талай Батпандікін батырып, жоқ есебінде қылып жіберетіннің өзімін. Бар болса, жарыққа шықсын, жоқ болса, аныққа шықсын. Құй бар болсын, құй жоқ болсын сөйлеген сөз әшкере болып, қасыққа шықсын. Мен – Баянауылда тұратын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлымын. Жұмбағының шешуі.

1. Ертемен тұрдым үш бала көрдім дегенің – тұл әйел, 2 – қырыс дүние, 3-дүниедекор адам. Бұған дәлел болуға Хадис Шарип бар. Адам осы екеуімен үш ағайынды. Ана екеуі ашық, жалаңаш келіп, жалаңаш кетеді. Жалаңаш кететіндіктен киімі жоқ есеп-ті. Киімі болса, киіп кетпес пе еді? Бұған дәлел болуға Хадис Шариф бар. Адам осы екеуімен үш ағайынды есеп-ті, ана екеуі – асылы, жалаңаш нәрсе – дүниеге келген адам.

Дүниеде қанша нәрсені менікі деп бауырлап жүргені – жалаңаш кісінің етегім толы ақша бар, – деп жүргені сықылды. Оны төгіледі деген ойында болмағаны, жалған дүниеде қай пенденің ойында бар: « Жалған дүние менен қалады» – деген?

Үш көл көрдім дегені – бір ананың қарнында дүниеге келмей тұрғандағысы. Ананың қарнынан шыққанда – суы терең көлден кемесі сынып, бір тактаймен жан сақтап шыққан есепте емес пе? Бірі – сол өлген соңғы адамның күні не болады? Белгісіз, түбі жоқ тереңге түсіп кеткен сықылды.



Ал, екеуінің дәлелі – көзге көрініп тұрған суы жоқ көл деп – дүниені айтады. Бұл дүние бір сағым есепті емес пе?!

Ал, туған адамға бір өлмек – оның сондықтан тірлікте екі балық секілді емес пе? Ауырып – сырқамақ даяр тұрғанықтан, денсаулық та өлі балық секілді емес пе?!

Ал, ішіп – жеген қорекпен дүниелік – бұл да жаны жоқ балық сықылды. Және сонда үш күн көрдім дегені – бір заман – Мазри, бірі – залсан мұстақби. Бұл заман – Мазри, адамның басынан өткен заман. Заман мұстақби дегеніміз – адамның алдындағы қарсы келе жатқан заманы. Бұл екеуі де – жалаңаш. Енді бір заманы – Хал. Заман хал дегеніміз – адамның үстіндегі тұрған заманы. Шиі жоқ дегені – шиі болса, желге төтеп берер еді, адамның басынан дәуренін ұшырататын. Өлім – қазір тұрған өлімнен алып қалуға шамасы болмағандықтан, желге төтеп беретін шиі жоқ үй себебінде болғандықтан айтқаны.

Дүниеде қанша нәрсені менікі деп бауырлап жүргені – жалаңаш кісінің етегім толы ақша бар деп жүргені сықылды. Оны төгіледі деген ойында болмағаны – жалған дүниеде қай пенденің ойында бар: дүниеменен алады деген.

2. Үш көл көрдім дегені – бір ананың қарнында дүниеге келмей тұрғандысы. Ананың қарнынан шыққанда, суы терең көлден кемесі сынып, бір тақтаймен жан сақтап шыққан. Бұл жердің құрғағына шыққан есепте емес пе? Бірі – сол өлген соңғы адамның күні болады, белгісіз, түбі жоқ тереңге түсіп кеткен сықылды.

Ал екеуінің дәлелі көзге көрініп тұрған суы жоқ көл деп – дүниені айтады. Бұл дүние бір сағым есепті емес пе?

Ал, суы жоқ көлден үш балық алдым дегені: бірі – тірлік, екіншісі – денсаулық, үшінші – байлық.

Ал, туған адам-бір өлмек. Оның сондықтан тірлікте екі балық секілді емес пе? Ауырып – сырқамақ даяр тұрғандықтан, денсаулық та – өлі балық секілді емес пе? Ал, ішіп – жеген қорекпен дүниелік бұл да жаны жоқ балық сықылды. Және сонда үш үй көрдім дегені: бірі – заман Мазри, бірі – заман Мұстақби. Бұл Заман. Заман Мұстақби дегеніміз – адамның алдындағы қарсы келе

жатқан заманы. Бұл екеуі де жалаңаш. Енді бір заманы –Хал. Бұл замана Хал дегеніміз – адамның үстіндегі тұрған заманы. Шиі жоқ дегені – шиі болса, желге төтеп берер еді. Адамның басынан дәуренін ұшыратын өлім, қазыр тұрған өлімнен алып қалуға шамасы болмағандықтан, желге төтеп беретін шиі жоқ үй есебінде болғандықтан айтқаны.

Және үш қазан тауып алдым дегені – адам баласы қолына түскен дүниені туысқан, бауырына сақтатуға қимайды, оны баласына сақтатуға оны жарық қазан секілді көреді. Оны жарық қазан секілді көреді. Жарық қазанға сеніп, адам баласы ас пісіріп, іше ме? Ал, бауырына, баласына сенбей, дүниесін сақтайтын кісісі – қатын болады. Ол түбі жоқ қазан – баласы мен бауыры ішіп жесе, дұшпанына бермес. Қатының түбі жоқ қазан секілді кез болса, көңілін тапқанға қарамастан, тауысатын қулар да болады, олай болғанда түбі жоқ қазан сықылды болғаны.

Үш пышақ дегенің – адамда болатын үш қуат: бірі – ашық қуаты, бірі – көңіл қуаты, бірі – ақыл қуаты. Ақылсыз адам сынық пышақ сықылды дәнемеге жарамайды. Ақылдың өзі де ғылымсыз болған күнінде – сабы жоқ пышақ секілді. Түбі жоқ қазанға асып жедім дегенің, қанша қолыма түскен дүниені қатыныммен бас қосып, ішіп – жедім дегені. Үш қанат үйіме сыймай дүрілдеп отырған күнім болды дегенің. Бұтым тамақтай болды дегенің – нәпсі дегеніміз – дүние мысалды, Оны көтеріп, ұшырып жүрген жан – өсек-аяң еді.

Жан тарапымен ахырет пайдасы жағым арықтап, өзі өлуге тақалды дегені.

Шиі жоқ үйдің жапсарынан шығып кеттім, есігі ойда да жоқ дегені – өлім жолын айтқаны. Ахырет қамын ойламай өлген адамдар – отырған үйдің жапсарынан еріксіз шығып кеткен есеп-ті.

Есігінен шықпағаны белгілі. Оң жақта жатыр ғой. Жатқанмен денеден жан кеткен соң, жапсардан шығып кеткен сықылды болғаны. Сол үйдің есігінен шығар мынау, – деп, өлім жабдығын оайлаушылар мыңнан біреу-ақ боп табылды.

Құдай жолына басын беріп, жанын құрбандық қылып, өлімді ойлап, жақсылық жолға шығып, сол жолда жүріп өлгендер – әнекей, отырған үйінің есігінен шыққан солар. Ал, үйде жатып өлгендер – малын қимай, Құдай жолын қылмағандардың, отырған үйінің есігі ойында болмағандығы жапсардан шығып кеткен есеп-ті.

*15/XI 1905 жыл  
Мәшһүр Жүсіп.*

## **Адамдардың он түрлі болып тірілуі**

Бұл жерде пайғамбардан бір сөз келді,  
Имамдар рауаятты сонан терді.  
Насихат естіген жан бой бақсын деп,  
Көргенін бұл пақырың жаза берді.

(Фатактуна афуажан) келген аят,  
Аят пен хадистен бір хикаят.  
Пайғамбар айтты Мақшар күні болса,  
Тіріліп үмметтерім көрден тұрса.

Келеді бір тайпасы маймыл болып,  
Сасықтан қанды ірің іші толып.  
Темірден тырнақтарды бетін тырнап,  
Өз бетін алып-салып, өзі жұлып.

Халайық жиналысқа тұрар дейді,  
Періште гүрсіменен ұрар дейді.  
Таман жан қорыққаннан дір-дір етіп,  
Не қылған жазалы адам бұлар? – дейді.

Дүниеде бой бақпаған тілін тартып,  
Тәубесіз бұл дүниеден кеткен қайтып.  
Арасын екі адамның шағыстырған,  
Жүргізіп үйді-үйге өсек айтып.

Мұнан соң келер дейді ыңғай доңыз,  
Жонынан жарылғандай болып семіз.  
Бұ дағы бір топ болып жиылысар,  
Сайы жоқ кетігінің ұшан теңіз.

Бордақыға байлаған бәрін жемдеп,  
Дүниеде еш білмеген сөзін сәндеп.  
Тәмам жұрт қорыққаннан тамаша етін,  
Сұрайды бір-бірінен: – Бұлар кім? – деп.

Бір жан жоқ осы күні Құдай деген,  
Оразамен болмас ісі, намазбенен.  
Қарып – қасар, кем – кетікті зар жылатып,  
Пары қылмай кісі ақысын харам жеген.

Келеді енді бір төбе ізіменен,  
Адамға қарай алмай жүзіменен.  
Сүйретіп басын жерге қап-қара боп,  
Етпеттеп басып қарап көзіменен.

Жүреді шын жол таба алмай бұлар қайда,  
Өсімге әр бір түрлі қылған пайда.  
Әркімге өз қолымен ақша берін,  
Үстінен ақшасының жеген пайда.

Келеді бір түрлінің көзі алақтап,  
Сол шығып желкесінен тілі салақтап.  
Дәнеме екі көзден орын жоқ боп,  
Барарын білмей қайда сандалақтап.

Байларға бұлар тұрып орын берген,  
Күштіге нашарларын жығып берген.  
Дүниеде өз бетімен билік айтып,  
Төресін он тиынға бұрып берген.

Келеді бір түрліні періште айдап,  
Аузынан ірің ағып, соры қайнап.  
Салбырап тілі шығып кеудесінен,  
Тілдерін аузындағы қырыш-қырыш шайнап.

Бұлар сол – оқып, ұқпай босқа қалған,  
Шын болмай, ықтиқаты болып жалған.  
Жұртқа айтып насихатты, өзі қылмай,  
Бос қалған біле тұрып сол қамалдан.

Өтеді әр қылмысты шұбалаңдап,  
Аяғын сол көсіледі, басар аңдап.  
Көрінген әр қамалдың ешбірі жоқ,  
Кесілген қол – аяғы домалақ боп.

Бірі боп он екiнiң бұ да барған,  
Анық тұр Құран сөзі, емес жалған.  
Қызығып бұл дүниеде сол сұқтанып,  
Түрткілеп көршісінің тынышын алған.

Баққа оттан болған сол асылып,  
Аузының жан-жағынан от шашылып.  
Ұлыққа ағайынын шағыстырған,  
Бүлдірмеген боп бой жасырған.

Жыланға шаянменен ішіп толып,  
Иісі боқтан сасып, жаман болып.  
Қой басып, сиыр сүзіп, жылқы таптап,  
Әр жерге бір домалап жатып – тұрып.

Періште сол еркіне қоймай айдар,  
Бұрқылдап төбесінде миы қайнар.  
Сипатымен осы айтылған келеді екен,  
Бермеген зекеттерін сараң байлар.

Кигені бір түрлінің ыңғай темір,  
Қап-қара өне бойы болып көмір.  
Мақтанып неше түрлі киім киіп,  
Мінез ғып тәкаппарлық сүрген ғұмыр.

Канды ірің, алды – артынан сар су ағып,  
Мойнына оттан болған жіп тағылып.  
Қосақтап сайтанменен бірге айдап,  
Бетіне кап-қара ғып күйе жағып.

Аралас еркек пенен ұрғашы,  
Қаптайды мақшар халқың жаман иісі.  
Тәубесіз етіп кеткен күнәһарлар,  
Жалғанда зина болып қылған ісі.

Жүздері қара болар, көздері көк,  
Халқына қарасатын көрінер жек.  
Салбырап төменгі еріні жерді тіреп,  
Отпенен қарны толған өз етін жеп.

Жылатып жетімдердің малын жеген,  
Саудадан жалған сөйлеп жанын берген.  
Аракты ішуменен ғұмыры өткен,  
Кесілген өңшең тілі бір топ тұрған.

Біреуге өтірікпен куә болған,  
Біле тұра куәлік айтпай қойған.  
Тілі жоқ кейбіреуі – мылқау болып,  
Сөйлеуге халы болмай қарап тұрған.

Дүниеде қапылдыкпен алданғандар,  
Қылдық деп Хаққа құлдық малданғандар.  
Құлақ жоқ, кесік болып келді шіп,  
Зорсынып өзін-өзі таңданғандар.

Келеді ең соңында он екінші,  
Жүздері айдай болған он төртінші.  
Жарық етіп найзағайдың оғындай боп,  
Сол асып бір күнгіден бір күнгісі.

Алтын тәж басқа киген құндыздай боп,  
Нұрлары тапа-тал түс күндей боп.  
Жарқ етіп он төртінші туған айдай,  
Көздері заһар ашы-мыс жұлдыздай боп.

Бұл адам намаз оқып, ораза тұтқан,  
Иманның бес парызын көңіліне ұққан.  
Парыз, уәжіп, сүннәт божай кылып,  
Және де бойын тартқан риялықтан.

*М. Жүсіп*

### **Құрбан шалмақтың сауабы**

Қабырдан барша халық тірілгенде,  
Тәніне газиз жаны сол кіргенде.  
Құрбанына сол мініп барар дейді,  
Құдайға тағат қылған ізгі пенде.

Үстіне құла киген, басына – тәж,  
Мұсылмандар еш нәрсеге болмас мұқтаж.  
Қарыны аш, өзі жаяу, жап-жалаңаш,  
Мұнафиқ имансыздар көрде тұрған.

Дінсіздер көрден тұрған бұл сипатымен,  
Құдая, бір-біріне қылма ондай деген.  
Мүминдер бір-біріне маркоп бергей,  
Бұл сөзді көріп жаздым «дақайықтан».

Құдая сол күндерде берген маркоп,  
Өзінің хүкімін илан ойлағыл шат.  
Маркоп бенен сираттан асан кешіріп,  
Тамұқтан біз ғарыпты қылғыл азап.

Күйеуі пайғамбардың – ғазреті Ғалы,  
Сол айтқан екен бізге бұл хабарды.  
Құрбанның сол мініп барады екен,  
Қабырдан бас көтерсе жанның бәрі.

Әрқашан болса бізге ораза мақшар,  
Құдайым сол уақытта нала қылар.  
Пенделерді сол жаяу алдама, – деп,  
Құрбаның әкеп берер періштелер.

Ең әуелі атасының арқасында,  
Жүрген тоқ, бұлар жаяу, тұрса да онда.  
Мұнан соң Натипа болып келіп түсті,  
Тоғыз ай, он күннен соң құрсағында.

Тоғыз ай кәміл өткенше тұрды онда,  
Екі жыл емшек берген ғазиз ана.  
Онда да бұлар жаяу жүрген емес,  
Сол жүрген шешесінің омырауында.

Басқанда бұлар тағы апыл – тапыл,  
Көтерген мойнына сап ана пақыр.  
Жаяу жүрсең, сен шаршап қаласың деп,  
Әр түрлі атасы кеп айтқан ақыл.

Мұнан соң жеті жасқа келген шақта,  
Мінгізген құнан үйретіп бұларды атқа.  
Сонда бұлар жаяу жүрген емес,  
Барса да сапар қылып жақын-жатқа.



Дарияда жүзген бұлар кемеменен,  
Сахарада атқа мініп шатлықпенен.  
Дүниеде қанша мәдет тұрса-дағы,  
Бұлардың ғұмыры өткен көлікпенен.

Дүниеден енді бұлар өткен шақта,  
Салдырар қауым халқы сол табытқа.  
Сонда бұлар жаяу барған жоқ па,  
Мойнымен көтерін алып кеткен зиратқа.

Осылай өмір қылар Жаббар халық,  
Мінсін деп құрбанына барлық халық.  
Құрбаны жоққа ұжмақтан пырақ бергіл,  
Енді жаяу жүруге емес лайық.

Барады қарасатқа қанша адам,  
Мінін ап құрбанына шаттықпенен.  
Бір қойға сен сарандық қыламын деп,  
Осындай маһрүм қоя ма сауаптардан?!

Пайғамбар айтқан бізге шалсаң құрбан,  
Қуаты сен шал, – дейді, семіз бір нән.  
Мақшарда сәл тарығып жүрмесін деп,  
Өтетін аты ғой деп сиратлардан.

Забани имансызды айдар жаяу,  
Көңілінде еш рахым жоқ, оларды аяу.  
Аяқтары кісенде, мойында бұғау,  
Жүргізер сайтандармен бірге жаяу.

Тұрады қабырынан жап-жалаңаш,  
Ішерге тамағы жоқ, қарыны аш.  
Қиямет айбатынан қорыққаннан,  
Өзінің нешік екенін айыра алмас.

Қасындағы танымас кім екенін,  
Қатын ба, бала ма, ер екенін.  
Қиямет айбатынан есі шығып,  
Танымас бірін-бірі бұғып төмен.

Құдая, жүзімізді раушан қылғыл,  
Қор қылма, біз ғарыпты шармандатып.  
Тамұх аһлін болады жүзі кара,  
Қараңғы көңілдері болар және.

Арақ ішкен кісі деп, өзі ессіз,  
Бұл Күруһдан қылмағыл Хақ тағала.  
Іштері һар бірінің, мысалы күмбез,  
Пәнделер дәу секілді, көзі – көк көз.

Бойлары қара ағаштай қатып қалған,  
Құдайым ондай күнге қылмағыл кез.  
Қамыстан қатты болар басындағы шаш,  
Қан ағар, көрсеңіздер көзінен жас.

Және де қарын толған жылан – шаян,  
Ішуге зор зауқым берген асы.  
Ғазапты көріп жатыр әлде – неше,  
Ішінен жас ит өсер сырты жанып.

Мойнында әр қайсысының темір бұғау,  
Өлім жоқ, шала жансар, жанып жатыр.  
Көрін жылар тағы бар болғаны,  
Бір ішім суға зар болған тағы.

Тамұх аһлі сипатын қоя тұрып,  
Айтайын дүниеде аттың бар болғаны.  
Соңы.

## Кедей болар кері кеткен

Кедей болар, кері кеткен ұйқысы мол,  
Сайрап келіп тұрады үш қара жол.  
Кедейліктің бір үлкен жері осы,  
Жаман қатын бар үйден үзбейді қол.

Еркексіз жақтаусыз болады есік,  
Ортақ ішер тамағын ит пен күшік .  
Қазанның қақпағы жыртық келіп,  
Құманның қақпағы болар тесік.

Төсек орын жиналмас, ұстар шашып,  
Алды – алдына әр нәрсе жатар көшіп.  
Есік – төрі үйінің бірдей болып,  
Жалғыз – жарым көрпесі болар сасық.

Күнде-күнде айран боп сауылған сүт,  
Бір күнгі ұйтқан айран іркіт болып.  
Төгіп – шашып болмайды босағасын,  
Отырғандай қысы-жазы асырап, бүркіп.

Ас – суын ұстай алмас басын құрап,  
Долданып өзді-өзінен жыламсырап.  
Бар да болса күні боп жоқтан жаман,  
Көрінген бажылдап жіп, су сұрап.

Жанға ұртатпай үйдегі асын,  
Көп сөйлеумен қатырар байдың басын.  
Кіршіксіз ғып ұстайтын қатын қайда,  
Бала түгіл байының үсті – басын?

От жақса, бу мен түтіп тұмандатқан,  
Ас қылса, жалындатар Құдай атқан.

Қи – тезек ыдысымен араласып,  
Домалап от басында құман жатқан.

Орамал кір боп жатыр, өңбес батпан,  
Быркырап түске дейін ұйықтап жатқан.  
Асының бәр дәмдісін өзі ішіп – жеп,  
Семіртіп әрбір мүшесін жуандатқан.

Сөз айтса, дәл қой сырнай тақылдайды,  
Өз сөзін құрғыр өзі мақұлдайды.  
Кешке хал жоқ, мылжыңға тамақ ұста,  
Суырдың айғырындай шаңқылдайды.

Жөн сөзді айта білмес ақылдасып,  
Біржың – қылжың өнері сықақ, машық.  
Сыр – сипат, он бойында өнеге жоқ,  
Әдепсіз, әрі кем, ұятсыз, надан, пасық.

Өкшесі етігінің мыжырайып,  
Сүйреп басып сүйреткен шанадай ғып.  
Дастархан, ыдыс – аяқ күйе – күйе,  
Кір мен шаң, қоқыр – коқым түгел басып.

Ләззат жоқ, бабында жоқ, дәмі де жоқ,  
Құрысын істегені төгіп – шашып.  
Көңілім тамақ ішіп тоймақ түгіл,  
Сол үйден әрең шықтым қадам басып.

Жырақ жүр, мұндайлардан алыс қашып,  
Маңына жақын барма араласып.  
Иісі қоныс, бу – түтін толып үйі,  
Отырсаң шыдай алмай мұрнын басып .

Жаманға жаман ырым бола берер,  
Құдая ер жігітке қылма нәсіп?!

*Мәшһүр Жүсіптен көшіруші – Төленберген*

## **Жастарға бір – екі ауыз сөз**

Екі ауыз сөз жастарға,  
Сәлем бізден туыстарға.  
Аға сөзін дұрыс деп,  
Бұл сөзімді қостар ма?

Естелігім болады жағалай,  
Дейді: – Жақсы, алақай!  
Жаз қалпақтап лақтырып,  
Қыс келмейді малақай!

Шалбарлары тыртыйып,  
Төбе шашы үрпиіп.  
Іш ауру тигендей,  
Екі көзі кіртііп.

Теласына ұнады,  
Штансыз жүрген болады.  
Борбайлары сыйдаңдап,  
Жүнін жұлған тырнадай.

Жұмыс істеп тындырмас,  
Араққұмар адаммен.  
Бола қалар ол мұндас,  
Көзіне түсіріп қалпағын.

Түсіріп алып алдына қалқанын,  
Қарсы келсе, танымай.

Өтіп кетіп қалғанын,  
Аз ғана білім үйренсе,  
Болды деп азық өлгенше.

Ентігеді тебініп,  
Ілгері – кейін шегініп.  
Қара терге түседі,  
Орамал алып желпініп.

Көше кезіп қарындас,  
Ата-анаға бағынбас.  
Тар ғып тіккен юбкасы,  
Аяғын қадам бастырмас.

Аузы – басы шиедей,  
Жидек жеген түйедей.  
Шырағым, жақсы бол, – десең,  
Өзіңді қоймас шенемей.

*(Соңы. Мәшһүр Жүсіп)*

\*\*\*

**Мен мына қыздарға қайран қалам,**  
Бұтына шортик киіп тайрандаған.  
Осындай култураны көзі көрмей,  
Армансыз өткен екенсіз, сіз, бабам?!

Белгісі кәрі қыздың сіз – біз, – дейді,  
Қырықтан асса-дағы қызбыз, – дейді.  
Әжімін, ажарын шкатурлап,  
Бұралып ер жігітке күлімдейді.

Жақсы қыз осы күні некем – саяқ,  
Талтайған толып жатыр қалып аяқ.

Ұлы орыс құлтурасымен танысам деп,  
Ырғалып тайрандайды тайлақтай –ақ.

Қызық-ау, қазіргі би астан – кестен,  
Мүр өзі музыкасы құлақ тескен.  
Оғындай найзағайдың жарқ-жүрк етіп,  
Күркіреп, жер сілкініп, полдар көшкен.

Денесін қазіргі би дірілдеткен,  
Қоздырып делебенді, сүйреп кеткен.  
Баяғы зікір салғандар бақсылардай,  
Білетін – білмейтін де билеп кеткен.

Жастарға жаза салды қоңыс ойлап,  
Жүрмендер : – Бұл несі? – деп, оқыс ойлап.  
Адамның дәті қалай шыдап тұрар,  
Кеткен соң екі мыңын боқыс (бокс) ойнап.

Қазір той – думанға барған кісі қаңғырып, мәңгіріп қайтады.  
Бір таныс жақын жолдастарымен, мәжілістесіп, ойнап –күліп  
отыра алмай.

Сол топта бір орыс болмай, кілең қазақ болса да, бір сартылдақ  
айғай-ойбай қылық. Бұндай қазақта дәстүр болмаса керек. Қазақ  
ақ тілеуін тілеп, ақ батасын беріп, бір-бірімен дидарласып, сол  
қызықтың себебімен мәжілістесіп, жақсы үлгі – сөз, әзіл – күлкімен  
бір жасап қайтады екен. Ал қазір қайтқанда, жаңағы айқайдан кейін  
өз құлағынды өзің тексересің. Ақырын созді естейтін болдың ба,  
әл де жоқ па? Жалпы бас ауруы бар кісіге өте ауыр. Дәрігерханаға  
да түсін қалуы мүмкін, егер бұрын болса...

## Ақтамақ пен Қанай шешен

Ақтамақ шешеннен Қанай шешен: – Ер басында бақыт нешеу,  
кемдік нешеу, құлазу нешеу? – деп сұрайды.

Қарауыл Қанай шешен былай деп жауап береді:

-Ер басында бақыт – бесеу, кемдік – үшеу, құлазу – төртеу,

1. Астыңдағы атың жүрдек болса – жалғанның шырағы.  
Алғаның жақсы болса – үй мен қонақтың тұрағы. Атаң – асқар тау. Шешең – қайнар бұлақ. Балаң жақсы болса – екі көздің шам шырағы. Міне – бес бақыт осы.

2. Атың шабан болса – жалғанның азабы.

Алғаның жаман болса – дүниенің дозағы.

Балаң жаман болса – көрінгенің мазағы. Міне – үш кемдік.

3. Осы қалың ел көшсе – көл құлазиды.

Қаптаған мал кетсе – бел құлазиды.

Нарқын танымаған – сөз құлазиды.

Қатарынан айырған – шал құлазиды.

Міне, төрт құлазу – осы.

### **Алланың адамға сауалы:**

Әр кісі көр басында жылап тұрар,  
Баршасы сонда жанның бас көтер.  
Тірілмей әр кез қылмас ибин адам,  
Бір аттың тұяғынан мың кісі өрер.

Күнәлі сорлы болған пәнделердің,  
Сонынан нама келіп яки арттан,  
Бәрін де күнәсінің салар хатқа.

### **Пәнде айтар:**

Жасымда кеше тынбай жүрдім,  
Келеді нешік нама мұндай маған .  
Дүниеде әрбір түрлі қайыр қылдым,  
Ғарыпқа нәрсе беріп, халын білдім .



Астан – қайыр, малымнан – зекет бердім,  
Ораза мен намаздан әм құтылдым.  
Олардың ешбірі жоқ бұл намада,  
Білдірші құдыреттіңмен қолдауыңды.

**Алла сөзі:**

Алла айтар: – Жақсы қылдың қайыр ісін,  
Бірақ сен істемедің менің үшін.  
Ол қылған қайырыңды мақтан қылдың,  
Атыңды сен ойладың әркім білсін.  
Ораза мен намазың һәм риа болды,  
Сауабың соның үшін жазылды кем.

**Пенде сөзі:**

Пенде айтар бір Құдайға зарын қылып,  
Намазды оқып едім түнде тұрып.  
Парыздан мойнымдағы құтылып ем,  
Жасымда кеше, күндіз тынбай жүріп.

**Алла сөзі:**

Алла айтар маған қылдың көп жақсылық,  
Бәрінде қызметінің жүрмін біліп.  
Дүниеде тірі жүрген уақытыңда,  
Әркімді сырттан жүрдің ғайбат қылып.

Көтердің ол пенделердің күнәларын,  
Сырттан ғайбат қылып айттың бәрін.  
Қайыр – садақанды неше жылғы барға бердің,  
Орнына сауаптарың өшіп кетті сенің.

Алла айтар: – Топырақтан адам қылдым,  
Дүниеде ғылым – хикмат бәрін білдің.

Жердегі мақлұқаттың баршасынан,  
Абзал боп әуеліпде жаратылдың.

Ақ жолды оқу бердім, білмек үшін,  
Мешітке аяқ бердім, жүрмек үшін.  
Он екі ағзамыңды түгел бердім,  
Дүниеде бұйрығымды қылмақ үшін.

Көз бердім, оқысын деп, Құран көріп,  
Зікірді айтқыл дедім, – тілді беріп.  
Өзімнің құдыретіммен күнбе-күнгі,  
Ырызық та тұрып едім әм жіберіп.

Менен деп ойламадың оның бәрін,  
Әркімнің кәсібі деп малын алдың.  
Зәредей таразыда сауабың жоқ,  
Бұл күнде нешік болар сенің халың?

### **Пенде сөзі:**

Естіп ғарып пенде көп қаңғырар,  
Жері жоқ онан басқа мойын бұрар.  
– Я, Аллаһ, арызымды тыңдашы, – деп,  
Топыраққа бетін сүртіп жылап тұрар.

Айтар ғарып пенде қылып нала,  
– Бар еді сүйікті менде ата-ана.  
Олардан шапағат бер, – деп, мен сұрайын,  
Баруға рұқсат берші, Хақ тағала!

Тілегін Хақ тағала қабыл қылды,  
Пенденің баруына ұрықсат берді.  
Көзінен қатпар-қатпар жастар ағып,  
Алдына атасының пенде келді.

## Ізбасты шешен сөзі

Отырсам – опак дейсің,  
Тұрсам – сопак дейсің.  
Ел шетіне жау келсе,  
Ізбастыдай ұл тумас дейсің.  
Жау кеткен соң, қу бас дейсің.  
Аласаны атқа санама, жаманды –затқа.  
Сынама бір сынаған жанды,  
Екіз екі сынама.  
Тіріде сыйласпаған туыстың,  
Көзіне құм құйылсын. Өлгенде жылама!

- 3 сұрақ    1. Балдан тәтті не бар?  
              2. Қылыштан өткір не бар?  
              3. Ашыда ащы не бар?

Балдан тәтті – бала бар.

Қылыштан өткір – тіл бар.

Удан ащы – әдепсіз адамның аузынан шыққан сөз бар.

## Қаракесек: Ақайдың Хасенінің Олжабаймен кездесуі

Ақайдың Хасені Олжабайға кездесіп: – Сіз кім боласыз? – дегенде, Олжабайдың айтқаны: – Жұпыны киініп жүр екен. Ағаштың түбі бір бұтақ басқаға ұқсайды, Арғын атам сол ағашқа ұқсайды. Қанжығалы Исабектен Есен туып, Жағыпардан бөлініп, біз төрт арысқа – Жиеншеден тарайды. Менің атам алты ауыл баласы, адам туған – Акша батыр. О дағы ата – баба жолын қуған. Ақшадан туған екен. Ер Бөгенбай – ел қамын Едігедей жер Бөгенбай. Қалмақты қысқа күнде қырық шауып, үш жүзге олжа салған сол Бөгенбай – Бөкеннен туған. Ал, белбаласы – би Бағай, одан туған ел данасы, сөз қонған – Саққұлақтай би: «Бағаңның қазақтың атын

білмесе, қай баласы?» Сақаннан Нұралыдай әкем туған, өзі оқтай, о да шыққан қалың нудан кездесіп, ақырғы Ер Олжабай ішкізген заһірін езген удай . Бір күнде жақты Олжабай, жақсы Олжабай кеше бүркіт болғанға бұтақ керек болсам да, өткен күнде Көкшетаудай деген екен. Қасен тұрып көріскен екен дейді.

### **Жүніс Шалқарбайұлының сұрағына Мәшһүр Жүсіптің қайтарған жауабы**

Сұрадың бізден бір сөз, молда Жүніс,  
Нұсқадан байқағаның әбден дұрыс.  
Қолқанды дұрыс қылып берейін,  
Көңіліме сақтап жүрдім, бір жаз, бір қыс.

Кеңеске қалман тоқтап, тіл байланбай,  
Кешікті шешілуге ыңғайланбай .  
Шөп пен су, қан мен жыннан қортылып,  
Сүт болу оңай емес, жыл айналмай.

Ел кезіп, диуанадай жүрмін ақтап,  
Арақ ішпей, мас болып, сандырақтап.  
Бір Мақпалдың баласы болғандықтан,  
Ағанды көтересің мұнша мақтап.

Құдайдың көп шүкірлік бергеніне,  
Қағазға қолым жортып желгеніне.  
Қуандым лашығыма мен де симай,  
Соңымнан сендей іні ергеніне.

Кітаптан мен көргенді, сен де көрдің,  
Ілесіп із – өкшемді баса жүрдің .  
Бір жерден екі көңіл шыққандықтан,  
Мен көрген жерден өзің жазып бердің.

Сөйлеткен жастан тәңірім Илһам беріп,  
Бұлбұлдай қызыл гүлді жүрмін терін.  
Сөз пормын жұрт көзіне түсірейін,  
Самарқан жібегіндей оннан өрін.

Көңіліме орта қонған сөздің ауылы,  
Қолатап сумен өскен қалың қаулы.  
Бұл сөзге сөз сұраған көп періште,  
Талас қып неше мың жыл болған даулы.

Қағаз-ақ, болған мекен – сия қара,  
Ғыйсыз оған қылар бар ма шара?  
Періште төрт мұқарап бас қосқан,  
Төрт сөзге таласыпты мұназара.

Жүрген жоқ періштелер бекерге ойнап,  
Сүңгіген бұл дәрияға әркім ойнап.  
Шешуін бұл төрт сөздің біле алмаған,  
Жанжал боп періштелер қанша ойлап?

Бір Аллаһ Мұхаммедтің нұрын қылды,  
Ғаламнан он сегіз мың бұрын қылды.  
Артылып құдырет өзі барша жағынан,  
Ғылымға көңілін оның орын қылды.

Ғаламға заһир қылып нұрын шашты,  
Жебреил Ғазреилден білімі асты.  
Әмина о садақана дейді бәрі,  
Еш мақұлық шайқалады бұған баста.

Кеңесті төрт періште басын қосып,  
Шешілсе және бізге бұл сөз десіп.  
Әкелсе ықтиярсыз тәңірім айдап,  
Ділгір боп тұрар едік жолын тосып.

Құдайым құдыретіне жақын қосы,  
Жаратты бізден артық әлбетте оны.  
Бас қосқан төртеуіміздің ортамызға,  
Тіледі бір келтір деп тәңірім оны.

Бұл сөзді шын тынданыз, қойып құлақ,  
Келеді жаңа саулап тыңнан бұлақ.  
Шақырды Жебраилден сын құрметпен,  
Сүйікті қылу үшін достым қонақ.

Балықты қорғасындай басса, төсты.  
Жеті қат көк қуанып қойнын ашты,  
Дұғасы періштелердің қабыл болып,  
Мұхаммет Хақ пайғамбар Миғраж асты.

Қарасты хор қыздары қағып қасты,  
Бұларға өте берді бұрмай басты .  
(Пәкәнә қаб қаусайын ау адананы),  
Білгенде онан жақынырақ жақындасты.

Бастан-басты саты ғып жүрді дейді,  
Шымылдықтың ішіне кірді дейді.  
Өз аузынан естіген бұл оның соз,  
Бетпе-бет анық айқын көрдім дейді.

Неге мезгеп айтайын әннің өзін,  
Пердесін құдірет ашты дейді жүзін.  
Я, Мұхаммет, хабибім, білесің бе,  
Дауласқан періштелердің жанжал сөзін?

Есіл-дертім өзіңнің сөзің дедім,  
Маған керек өзіңнің жүзің дедім.  
Сен тұрғанда қалайша білем дейін,  
Білгішірек баршадан өзің дейім.

Кигізді Лағмірақ тәж лаулақ тонын,  
Көрсетті тура өзіне барар жолын.  
Жұлынтұта қос жаурын ортасынан,  
Мейірбандық тигізді құдырет қолын.

Денеме құдырет қолы тиді барып,  
Еттен өтіп, сүйекке кетті дарып.  
Екі емшегім арасы мұздай болды,  
Қаска жүрек кеудемді түгел жарып.

– Бойыңа бір жақсылық келді дейді,  
Шешерсің жетпіс екі тілді дейді.  
Немене періштелердің даулы сөзі,  
Қоңіліне қонды ма енді, айтшы? – дейді.

Дәл болды айтқанындай: – Пәлі! – дедім,  
Сұрасын енді менен: – Кәне? – дедім.  
Аппақ қып, судан сүтті айырғандай,  
Берейін бәрін шешіп түгел, – дедім.

Біреуі – кіпрат тұр таласының,  
Бар қамы адамзаттың баласының.  
Мұны орнына таратып қолмен қойып,  
Жанжалын тыныш қылайын арасының .

Иншалла, дауа болар барша ғажап,  
Құдайға қылса жылап кім мінажат.  
Біреуді талас создiң – Аллаһ ағлам,  
Пенделер табады деп неден ғажап?

Бұл өзі болған бұрын әңгіме көп,  
Таласқан періштелер бұл сөзге көп.  
Сөзінің талас болған біреуі бұл,  
Дәреже табылады не менен? – деп.

Құлақ, мидың қарны жоқ сөзге тояр,  
Білген жан сөз мәнісіне көңіл қояр.  
Біреуі сұрайтұғын сөздерінің,  
Пәнденің не нәрсе деп басын жояр?

Алла айтты: – Мұхаммет айтсын жөнін,  
Хақиқат тауып айттық сөздің жөнін.  
Сөз еді түспей жатқан көптен көзге,  
Жалаңаш қылып тапты жаңа қынын.

Бұл жерге жан келмеген сенен өзге,  
Менімен сөйлесуге жүзбе-жүзге.  
Қылыштан қынабы алтын жарқ-жұрқ етіп,  
Асалық енді біздің түсті көзге.

Алла айтты: – Періштелер, басыңды қос,  
Қонаққа келді бізге сүйікті дос.  
Алдынан жолын тосып жолығындар,  
Алтыннан ағып келген құр қалмай бос.

Тігіп тұр жол үстіне көздерінді,  
Берік тұтып, бекем ұстап өздерінді.  
Шешетін сөз түйінің шебер келді,  
Сұрап қал, қапы қалмай сөздерінді.

Бұл сөзбен періштелер қосты басын,  
Көргелі тамаша етіп дүрдің тасын.  
Алдынан әдеп, бірлан сәлем берді,  
Баршасы бірдей қойып шын ықыласын.

Орапыл сөз қозғады әуел бастап,  
Кетпейін керек жерін айтпай тастап.  
Қитарап қосланбаған не нәрсе? – деп,  
Көңілдегі сұрар сөзін айтты ойкастап.



Қылмайын еш нәрсені пенде біліп,  
Қаларын пенде білмес неден өлні.  
Пендеден табыларлық іс бар ма? – деп,  
Күнәні быт-шыт қылып кетер бөліп.

Пайғамбар айтты: – Әр қашан Құлай бар-ды,  
Қылады Құдай қиын – тарды.  
Кінәрат көп күнәға болатығын,  
Қылдырса тәңірім оңай үш іс бар-ды.

Біреуі – таһараты кәміл болса,  
Жер баспай таһаратсыз жүрсе – тұрса.  
Қоймастан таһаратын ғадет қылған,  
Ойына келтірместен күйсе – тойса.

Құдайды шын ықыласпен ойына алса,  
Болса да алыс жері барар қанша.  
Намазға ерте баруды ғадет етіп,  
Мешітке елден бұрын барса жетін.

Тырп етпей намаздыгер оқып алып,  
Сарғайып намазшамды алса күтіп.  
– Қалды ма сөзден шартың, кәні? – дейді,  
Іздесең, мына сөздің мәнін дейді.

Бұл сөзге періштелер қоныс болды,  
Садақа ұстазына: – Пәлі! – дейді.  
Хазірет Мекаил жақын келді,  
– Міне, жаңа көрдік, – деп, сөйлер тілді.

Табылды қинаратың әбден орны,  
Дәреже табылады немен енді?  
Адамдар рыя болар жүруменен,  
Шеберлігін Құдайдың көруменен.

Дәреже артылады өлшеусіз боп,  
Қолы ашық боп, әркімге беруменен.  
Қасқайып мейман көрсе берсе қасын,  
Қол қусырып, шұлғытып тұрса басын.

Бергенде беру деген әркімде бар,  
Бермеген де көп кәпір қылса ықыласын.

Ақыл – естен айырылса, мейман көрсе,  
Қабак шытпай, көлдей боп, шықса-кірсе.  
Таныған – танымаған жан біткенге,  
Сыйлық пенен сәлемді бұрын берсе.

Түн қараңғы жан біткен ұйықтап жатса,  
Үйде отырып, тырп етпей бұл түн қатса.  
Түн намазын оқумен дамыл алмай,  
Түн өткенін білмей ғап таңдар атса.

Дәнемені білмеген мұңлық дейді,  
Табылған сөзге тоқтап, тыңдық дейді.  
Бұл сөзді естіп Мекаил кейін қайтты,  
– Алтын болсын, сөзіңізге құлдық, – дейді.

Және сөз килігер қылықтардан,  
Сөз құраған Жебреил пайғамбардан.

Қалдырмастан сөйлеймін сөздің шартын,  
Ар жағында көп, мол емес – тарлық.  
Кімде кім жаратушы бір Алладан,  
Қорқынышы күннен – күнге болса артық.

Нәпсісін өзі билеп жерді басса,  
Отқа түсер орнынан аулақ қашса.

Жұрт көзінше Құдайдан қорықса қандай,  
Онашада қорқынышты онан да асса.

Елең – селең қылмаса, қарын тоқтық,  
Бірдей болса, көңілге барлық – жоқтық.  
Құдай үшін қолы ашық, болса жомарт,  
Ренішсіз көңілде болса шаттық.

Ашуланып, ажары бұзылмаса,  
Елірмесе – есіріп шаттық асса.  
Мақтау, боқтау – бәріне бірдей шыдап,  
Ашуынан сақтанып тұрса оңаша.

Тамам болып мұнымен бұл сөз тынды,  
Өтіріктен біз өтіп таптық шынды.  
Бұ – дағы өзінің ойындағы сөзін сұрап,  
Ғазреил даярланды періште енді.

Әркім өзім білем деп қылар бір іс,  
Қайсысы оң, қайсысы келер теріс.  
Біліп қылар пәнденің бір ісі жоқ,  
Бұл жалғанның ісі – дау-жанжал керіс.

Жүзінді көрген соң қалдым тойып,  
Аузыңыздан не шықса, құлақ қойып.  
Қандай нәрсе айттыңыз әшкере ғып,  
Білінбестен пендені кетер жойып.

Пайғамбар айтты: – Расты білу қиын,  
Надандар өз басының білмес сыйын.  
Пайда менен залалдың білмей парқын,  
Бас қосар бір араға қылып жиын.

Пір болып, басшы болып, бастаса жол,  
Пір тұтып, берсе тегіс жұрт оған қол.  
Болғанмен жұртқа кепіл жұмыс жоқ,  
Бірәдәр дегенге мәз, түссе ақша мол.

Соңынан ерсе жұрттың кәрі-жасы,  
Әр үйде даяр болса, алдында асы.  
Жұрт қамын ойлауменен ісі болмай,  
Нәпсінің айдауында болар басы.

Хақ жолдан адасқанға нәпсі ғалып,  
Әйтеуір бірі жеңер барып-барып.  
Иненің жасуындай қасиет жоқ,  
Жоғалар өз-өзінен өзін алып.

Әзелде тәңірім қылса, бар ма шырақ,  
Не пайда бар болғанмен мың сан қараң?  
Басы жоқтың, бәленің қақ мандайы,  
Бай болып, дәулеті мол, болса сараң.

Пайғамбар қиын сөздің кілтін ашты,  
Шат болып періштелер таңырқасты.  
Сөзінің Мұхамметтің шындығына,  
Құдайым өзі құдырет морін басты.

Дарыған құдырет қолы бармағанына,  
Ілінген дүрдің жасы қармағына.  
Шешуі осы сөздің себеп болған,  
Миғражға хақ Расулдың бармағына.

Қырық түрлі себеп жазған сыр шертін,  
Аралап оқып бәрін көрген ғарып.  
Өзімнің ұстағаным асық болды,  
Нұсқадан сыяр шарап жазып алып.

Көрінген түгел сонда көзге түсін,  
Таласқан періштелердің сөзін шешіп.  
Сөз қылып барды – жоқты шата берген,  
Демеңдер әуре жан ғой Мәшһүр Жүсіп!

Қарық болдым мен күнәға бата-бата,  
Көп қылды өтірік мактап жұрт мұқаба.  
Аламын мойнына білместікті,  
Сөзімде білмей айтқан болса қате.

## **Исабек Ишанды Мәшһүр Жүсіптің жоқтауы**

Жарандар, құлақ сал біздің кепке,  
Мақұл бұл осы сөзім қауым көпке.  
Фадиша жер жүзінде болсаң-дағы,  
Бұл дүние ақыр бір күн жетер түпке.

Айтамын хамыйып сана бір Аллаға,  
(Және де хым салауат Мұстафаға).  
Сара жол үммет имам ағзамға,  
Әм рахмат ол ғалия рахманияға.

Дүниеден жақсы да, өтті жаман да өтті,  
Бір-бірден өншең абзал өтіп кетті.  
Әулиелі Ақкөлде мекен еткен,  
Бар еді бір зат шарт гауһар текті.

Бір жұрнақ зат шалттен асыл еді,  
Қара түгіл, қожадан асып еді.  
Әр кімнің өз заманында дегендейін,  
Тақсырдың шарапаты басым еді.

Өзі – ишан, жұрт бастаған, заты – қожа,  
Нәсімі сайып зада сондай таза.

Әртүрлі қасиеті еске түссе,  
Болмасын сол күйікке айтың наза.

Жасынан қолы ынтымақ бірлік қылған,  
Хақылың болса, бас тартпай ерлік қылған.  
Нәсіліне сайып келген әулиелік,  
Келгенде отыз беске пірлік қылған.

Пір болып кереметті жұрт бастаған,  
Заманында өзінен жан аспаған.  
Менменсінген надандар: – Тақсыр-ау! – деп,  
Қылып тауып ешбір таласпаған.

Шариғаттың жолынан адаспаған,  
Дін тұтпаған наданға жанаспаған.  
Қырмызы, қызыл жібек секілденіп,  
Бар еді қай мінезі жараспаған?

Қызыл тіл өнер алды шешенім-ай!  
Жылжыған жорғалайын көсемім-ай!  
«Абылай аспас сары бел» Сүйіндікке,  
Пір болып үлгі шашқан көсемім-ай!

Шаһарын дін баязит бостанындай,  
Хиқаян Рүстемнің дастанындай.  
Мысалы, сұхбатың бек лазматы,  
Гүл райхан Баһарамның бостанындай.

Инабат ғадилдігің ғайардайын,  
Түзеткен шариғаттың әрбір жайын.  
Күндіз – күлкі, түнде болса, ұйқы көрмей,  
Дініңді берік ұстадың солардайын.

Шыншылдығың хазіреті Сыдықтай бар,  
Көрдін бе мұндай жанды, ей, ағалар?  
Алтының қолда барда қадыры жоқ,  
Артыңнан жүріп таба алмай болды ғой зар.

Жомарттығың сақаба Садуақастай бар,  
Бабаға қымбаттығың мағрұр тастай.  
Сүннәтің пайғамбардың маклам тұтқан,  
Кәнекей, кім бар еді мұнан басқа?!

Сөйлеген әрбір сөзі ғылым – хикмат,  
Нұр сипат берген Алла биниһаят.  
Тарихам мағрипатпен үлгі шашып,  
Аллаға бек лайықты қылған қызмет.

Атасы Мұрат қожа әулие өткен,  
Бұтақтап бірден – бірге келіп кеткен.  
Арғы тегін сұрасаң – Назар ишан,  
Тазарып шыққан алтын, гауһар тастан.

Сұрасаң, сол салами рабани,  
Алар дүр Мұхаммед (албасы сани).  
Көрген де, көрмеген де арманда боп,  
Дариға-ай, көре алмадық, біздер оны.

Туғаннан Хақ шарифат жолын қуған,  
Дін үшін мәкәм байлап, білік бұған.  
Табылмас бұл дүниеден гауһарым-ай,  
Сағадат қандай жақсы күнде туған.

Пір болып, кереметі шыққан жастан,  
Данышпан, ақылды еді жұрттан асқан.  
Канша білмес наданды жолға салып,  
Сеспенің тұнып жатқан көзін асқан.

Жан еді шарафатты, дұға күткен,  
Өртүрлі кем – кетікке дауа еткен.  
Тарихат, мағрипатты тамам айтып,  
Хақиқат шарифатты жария еткен!

Басынан бақ – дәулет көшпей өткен,  
Шырағы жанып туған, өшпей кеткен.  
Қайша жан қастықпенен жабылса да,  
Дұшпанның қағазына түспей кеткен!

Бар жерде жанға пайда керектім-ай,  
Ақылы мол, қуатты, білектім-ай!  
Басына қандай қиын іс түссе де,  
Саспаған, асықпаған жүректім-ай!

Дос тұтқан, ғам болған ғалымдарды,  
Берік тұтқан әһіл сұнат пайғамбарды.  
Бойына үйір қылып жолатпаған,  
Мұнафық, дін тұтпаған надандарды.

Ықылас берген жанды артық еткен.  
Ата-анадан артығырақ тәрбие еткен!  
Панасына саялап барған адам,  
Дүние, ахырет мақсатына бірдей жеткен.

Ишан еді шарапатты дұға күткен,  
Заманында кім бар ед мұнан өткен?!

Неше түрлі ауру, дертті, науқас,  
Жазылып, сау-саламат болып кеткен.

Тон болған, тондырмастай жалаңашка,  
Ас болған, таусылмастай қарны ашқанға.  
Арымас ат, жаяуға – көлік болып,  
Ем болған әр мұңдыға басқа-басқа.



Тілсіз келсе, алдына тілді болған,  
Көзсіз келсе, алдына көзді болған.  
Сыйпағанын Құдайым дауа етіп,  
Мұнды – ғарып алдына дауасы толған.

Саңыраудың себеп болған құлағына,  
Ақсақтың дауа болған аяғына.  
Құтылып жын шайтаннан ғалас болып,  
Өзі түгіл сүйенген таяғына.

Баласы жоқ қатынға бала біткен,  
Панасында күн көрген қашқан – пысқан.  
Әр мұндының қажетіне дауа болып,  
Құдайым дәрежесін артық еткен.

Шариғат Мағрипатты тамам еткен,  
Тариқат-Хақиқатты жария еткен.  
Қол – аяқсыз домалап қалған адам,  
Жазылып, сау – сәлемет болып кеткен.

Дәулет құс қонып тұрған басында еді,  
Қырық шілтен Ғайыпиран қасында еді.  
Сапар ғып ақыретке көшкенінде,  
Жылы – қой, 78 жасында еді.

Өткенді оразаның бас жағында,  
Ауыз берік қарынның аш жағында.  
Зәмзамның суыменен ауыз ашып,  
Жұманың өтіп кетіп ақшамында.

Жаюлы жайнамазы тұрғаннан соң,  
Дүниеде аз жыл дүкен құрғаннан соң.  
Зәмзамнан бір татты да, өтіп кетті.  
Тамам оқып намазшам болғаннан соң.

Жастыққа бір қоймастан кетті басын,  
Құдайым енді алдынан жарылғасын!  
Жан-жақтан қалың ағайын жиылып кеп,  
Оқыды дүйсенбі күн жаназасын.

Өткені оразаның ауыр күні,  
Бесі ме, алтысы ма, жұма күні.  
Алла, Алла, – деуменен бір дем тыңбай,  
Дүниеден өтіп кетті-ау күндіз-түні.

Жан еді арызы жеткен Құдайына,  
Жарлы барса, байыған маңайына.  
Бақ – дәулет, ырыс, нәсіп болып еді,  
Ғарып пен пақырлардың талайына.

Химатпен ғылым қалды білген тәмам,  
Айырған хақпен батыл халал-харам.  
Дін ғылымы құйылған көңіліне,  
Жарандар, енді бар ма ондай адам?

Ашылған кереметпен бәтін көзі,  
Тасқа таңба басқандай айқан сөзі.  
Сүйікті, әм көркем, ділмарім-ай,  
Бар еді келіспейтін қай мінезі?!

Дүниенің опасызын көзіңмен көр,  
Өткен соң ақыр бір күн солардай ер.  
Неше сондай ердердің басын жойған,  
Тоймайды сонда-дағы сұм-қара жер.

Ай, дүние, опасы жоқ жалғанына,  
Михнат пен қайғы отын салғанына.  
Алладан тағдыр болып тәліні жоқ,  
Сонымен өтіп кете барғанына.

Шідерті аққан суық қайнар бұлақ,  
Дүние-ай, бар болғаның болды-ау сол-ақ.  
Нәрсе жоқ қолдан келер тіпті біттей,  
Балалар жасын төгіп, қалды-ау шулап.

Ақкөл мен Жайылмада аз жыл тұрдық,  
Пір болып, мұрит бастап дүкен де құрдық.  
Әркімнің көңіліндегі дертін тапқан,  
Бір түскен сәуле едің жарық нұрдың.

Ғасида артта қалды-ау – ақ қағазың,  
Иншалла Құдайыңа жеткен назың.  
О-дағы қырық күндей аза тұтпау,  
Оқитын бес уақыт жайнамазың.

Хазіретті алып кетті карамай – ақ,  
Қояды күні бітсе, сол келеді аяп.  
Оларға өз әлінде аза тұтты,  
Мұсауік, сәлде, таспих, ала таяк.

Адасып қалды жұртың бассыз қойдай,  
Дүниеге кете бердің көңіл қоймай.  
Бұл жаусыз ажал тағдыр келіп қалып,  
Шарапат дұғаңызға қалдық тоймай.

Жоқтайды кара бұжыр халқыменен,  
Әжеңе дәпен тентек қалпыменен.  
Дүниеден есіл ерім кете бердің,  
Бұрынғы ғазиздардың салтыменен.

Біраз жыл бұл Арқада болдың қонақ,  
Дүние опасы жоқ, түбі – шолақ.  
Алты ұл Әжібайдың ықылас берген,  
Олар да жоқтайды екен абыз Шоманак.

Жолаба Қыпшак деген бір рулы ел,  
Құрметті Керейменен о да түгел.  
Теп-тегіс мұрит болған кемеңгерлер,  
Бәрі түгел шулайды екен Жайылма-Ақкөл.

Актілес, Сырым, Күшік, Бәсентиін,  
Солардан болды ма екен Найман кейін?  
Осылай өтіп кетті қайран ерім,  
Түзеткен өз әлінше діннің үйін.

Бас берген Исекеме олай бері,  
Жақындау Қанжығалы онан гөрі.  
Айдабол мен Қаржастар ықылас берген,  
Не түрлі қаска, жайсаң, кемеңгері.

Төрт арыс : Қама, Жапар, Есек, Бозым,  
Арқаға дін үйреткен жалғыз өзің.  
Тақсырға дақыл болған көп халайық,  
Жаз дейді, сағындық деп айтқан сөзің.

Бір халық Сілетіде, Қожан, Байбек,  
Қайғырып жылайды екен олар да бек.  
Не кылып дариға ойламайын,  
Бойында тақсыр Ишан шарапат көп.

Бас пен базар келді ойлайды екен,  
Боранбай әр кез айтып қоймайды екен.  
Аққозы Қарауылмен ел ішінде,  
Сырым, Керей Ишекеме тоймайды екен.

Атығай, Қарауыл мен бұлар-дағы,  
Тақсырдың кім кеміген құрметіне.  
Тұрады көп халайық үміт етіп,  
Артында дұға қонсын деп перзентіне.

Бір халық о да ойлайды құлатайық,  
Таксырдың ұмытар ма әрбір жайын?  
Халыққа дін үйреткен жалғыз Ишан,  
Не қылып шарапатын ойламайын?

Қосқұлақ Айдарменен көп айтады,  
Жалғанда тоймай қалдың деп айтады.  
Махшарда жолықтыр Алла рахмат қылып,  
Шапағатын нәсіп қыл деп айтады.

Қуандық, Сүйіндік пен Қозған, Күлік,  
Сондай жаратылмас дінге берік.  
Бәрі де есінен тастамайды,  
Дұға алған Ишекеңнің жүзін көріп.

Жүзінде Сарыарқаның қанша қолын,  
Айтады қасиетін аузына алып.  
Ақкөлдiң өз басында үйі бар-ды,  
Түнейді ойына алған соған барып.

Таусылды ойлай-ойлай менің миым,  
Тербетпей аруағын келмес күнім.  
Басшы боп ақыретте баршамызға,  
Атыңнан айналайын дұғагөйім.

Қанша жыл дәурен сүрдің мұрит бастап,  
Жылайды бәрі тегіс көзін жастап.  
Жұлдыздай ғұмыр зала түсіп аққан,  
Опасыз бұл дүниені кеттің тастап.

Басыңнан арылмаған бұл талабың,  
Қоршаған алды-артыңнан күн мен айың.  
Пірлерің баһар дуар қалпе қолдау тұтып,  
Жанатіл ағзада болсын жаның.

Білмедің аз күн тірі жүрмесің-ді,  
Бұл шақта дүние жүзін көрмесін-ді.  
Дұғадан басқа бізде еш қайран жоқ,  
Білген соң қайта айналып келмесің-ді.

Жар – досың көруші еді сізді қандай,  
Сұқпасың бек ләзәті, шекер – балдай .  
Артында қалды жалғыз Нұрмағамбет,  
Болады заманында әлде қалай?

Жастықпен өтеріңді білмеді гой,  
Үмітсіз артыңыздан біз болмайық.  
Қазық боп артыңызда тұра қалса,  
Дер едік сонда сізді өлмеді деп.

Шуылдақ аз ғана елің тірі болмас,  
Пірсіз қылған ғамалың дұрыс болмас.  
О дағы тегін ағаш бұтағы емес,  
Әйтеуір, тірі болса құр болмас.

Көрсеткен әрбір түрлі нысананы,  
Білдірген ишаратпен бір нұсқаны.  
Әулие өлік те, тірік те емес,  
Қолдай гөр мендей ғаріп бейшараны.

Уа, дүние, опасы жоқ жалғаныңа,  
Көп қайғы басымызға салғаныңа.  
Айрылып дұғагөйден құтың кетіп,  
Сарыарқа адыра тұл калғаныңа.

Арқаға Қоңырбайдай халпе келген,  
Қанша жұрт оған құлап ықлас берген.  
Бұйырып Баянтауда топырағы,  
Күнінде қаза жетіп о да өлген.

Онан соң Жүсіп Ишан шыққан заттан,  
Шұбартөс, шынжыр балақ, зүрияттан.  
Біраз жыл Өмір мағріп үлгі шашып,  
Басында бір төбенің о да жатқан.

Құлболды Жеріс ишан өткен бұрын,  
Не заттар бұл Арқаны қылған орын.  
Дұғагөй кеміді ғой бұл бір жайда,  
Сәт қожа кеше жүрген о да қайда?

Ишекендей ишан жоқ бұл арада,  
Қарасаң, Сүйіндікпен ел аспанда.  
Айдабол, Күлік, Қаржас тазаланды,  
Болмаса некен – саяқ өр Алтайда.

Сағымдай алдайды ғой мына жалған,  
Көңіліне талай жанның қайғы салған.  
Пір болып, мұрит бастан дүкен құрған,  
Заттардан енді ойласам кім бар қалған?

Бола ма заты қара таза тектей,  
Бәрінен оза шыққан баса көктей.  
Табылмас бұл Арқадан ондай ғазиз,  
Дұғагөй ғазиз ишан Исабектей.

Көрдің бе, менің қапа болғанымды,  
Айта алмай еш көрмедім тұрғанымды.  
Атыңды күйінгеннен айтып салдым,  
Кеше гөр әдепсіздік қылғанымды.

Орта жүз оң – сол жатқан ел болды ғой,  
Абылай аспас асқар тау бел болды ғой.  
Айрылып дұғагөйден құтың кетіп,  
Сарыарқа адыра қалған шөл болдың ғой?!

Жоктайды Орта жүздің жас пен қуы,  
Едің ғой тіршіліктес діннің туы.  
Дүниеден дұғағөйлер кеткеннен соң,  
Тартылды жердің шөбі, көлдің суы.

Жайылма –Ақкөл менен ессіз қалған,  
Дұға қыл Исекемді есіңе алған.  
Ішінде Қылдыкөлдің көп ұрпақ бар,  
Тақсырдың зиратын сонан салған.

Шырақшы орнатулы бастарында,  
Ғазиз бар біз білмейтін қастарында.  
Әркімді әр тілменен жұбатады,  
Дүние – мал алдап бір тасыларында.

Исекем өтіп кетті-ау бұл жалғаннан,  
Келу жоқ қайта айналып сол барғаннан.  
Бір ғазиз енді сондай шыға қалса,  
Бір ғарып шығар едік сонда арманда.

Уа, дариға, бұл жалғаннан өтіп кетті,  
Сорлыны біздей ғарып зар еңіретті.  
Шулатып суға айдаған қандай қылып,  
Дүние әрбір жаққа тентіретті.

Періште төрт Мұқаррап хақиқаттан,  
Жол ашқан төрт пайғамбар шарифаттан.  
Әбубәкір, Ғұмар, Ғұсман, Ғалименен,  
Олар да үлгі шашқан тариқаттан.

Шарифаттың төрт иман тоқтар жері,  
Түгендеуге келмейді ердің ері.  
Кәлам шәрип етегін тұтпағандар,  
Болады деп айтады малғұн, пері!



Сол жолмен жүрсен бар қауін –қатер,  
Басшысыз қадам бассан қатер жетер.  
Қатер түгіл желкеңнен қайырыларсың,  
Аяғынды бір бассан миға батар.

Дүниеде уанасың тапсаң тыйын,  
Пайда бар бірақ соған жету қиын.  
Шыбын бұрын жете ме, сұңқар бұрын,  
Бұл араға жете ме сенің миың?

Насихат наданға айтқан одан ащысы,  
Кәнекей, адаспайтын адам тапшы?!  
Айырылдык көш басшыдан ей, қалайық,  
Қадырлы Исакемдей басшы тапшы!

Дүниенің тауыспаймыз қыс пен жазын,  
Патшаның кім тоқтатады дат қағазын?  
Таксырдың мыңнан бірін айта алмадым,  
Жарандар, айыптама ақылым азын.

Жаксы өтер, жаманның несі кетер,  
Қайғымыз басымыздан қашан кетер?  
Белгілі жара болды жазылмайтын,  
Жазылып оның орны қашан бітер?

Бір Құдай Исакеме рахым етсін,  
Бақ, аруақ орнына қайта бітсін.  
Аз сөз – алтын болғанда, көп сөз – көмір,  
Ақырын осыменен тәмам етсін.

Тұр – қолым, айтпа – тілім, тоқта – қалам,  
Болмайды сен айтқанмен дүние тамам.

Рухына Исекемнің бір дұға қыл,  
Естіп бұл сөзімді білген адам!

*Мәшһүр Жүсіп.*

## **Мәшһүр Жүсіптің 21 жасында жазғаны**

Әуелі бисмилла бар сөз басында,  
Жатпайды қисық ағаш тез қасында.  
Лә Илаһа Илла білдім хақты,  
Таныдым бір Алланы бір жасымда.

Екеу деп ойламадым екі жаста,  
Көңіліме нұр төгілді әуел баста.  
Хабибім – хақ Мұхаммет, дінім – Ислам,  
Иманның жөнін білдім басқа.

Үшеу деп ойламадым үш жасымда,  
Атамның отырушы ем жамбасында.  
Жан Алла пірілі Алла һу-һу хақ деп,  
Жүгірдім жақсылардың ортасында.

Төрт жасқа келіп қалдым сүйтіп жүріп,  
Молдаға оқытпаққа мені беріп.  
Бес жаста аузыма алдым бисмилланы,  
Аптиек Құран оқып, білдім әні!

Яссауи Құлқожахмет кітабынан,  
Көңіліме төгілді нұр, хож кәләми .  
Алты жасқа келгенде алдым сабак,  
Оқығаным – Шарх кітап, панаһим – хақ.

Парсыға сол уақытта тәуір болдым,  
Болсам да мен бишара, зейінім шақ.

Жетіге енді шықтым жете шауып,  
Оқуды мен оқыдым көңілім ауып.

Атам сонда ойлады жақсы ниет,  
Біреуге ғылымы жақсы молда тауып .  
Жетіден өте шықтым сегізге айдап,  
Барады сол мезгілде ішім қайнап.

Мұхтасар, Шарх Ғабдолла қабат оқып,  
Талпындым бала құстай өрге қарап.  
Құдай деп сол уақытта шықтым онға,  
Құдайым салды мені тура жолға.

Аузымнан сөз қолымнан өнер қысып,  
Кәнекей, тұра алсамшы қолдан –қолға.  
Ойладым мен ақылды он бірімде,  
Белгілі Мәшһүр болдым өз жерімде.

Сөзге –шешен, жасыңа – көсем болдым,  
Отырдым он екімде жұрт төріне.  
Сол уақытта келеді жетіп он үш маған,  
Қас жаман қысылғанда болыспаған.

Қыран бүркіт қолдағы тұйғын болдым,  
Секілді ұясынан жаңа ұстаған.  
Он төрт жас келіп, сүйтіп жүріп,  
Жіберді бір қолдаушы мені түртіп.

Қараттым мен аузыма талапкерді,  
Шәкіртті үлкен-кіші соңыма ертіп.  
Шүкірлік бергеніне Құдай патша,  
Он бесте шаптым жеке жүйрік атша.

Сол кезде ұйықтап жатқан мезгілімде,  
Көңіліме оқу толды жазған хатша.  
Сарып Наху ғылым пақид алдым хабар,  
Көңіліме оқу толды, ей, ағалар!

Таухит кәләм (ғы дит) мантық,  
Тарайсыз хадис бесар болды қарар.  
Кәнекей, тұра алсамшы шыдап тілім,  
Сайрадым бұлбұл құстай, болмай күнім.

Демедім астын – үстін аға бердім,  
Әне дүние келе берші сол бір күнім.  
Кім болған шешен біздей қызыл тілге,  
Сөз жайын үлгі қылып әрбір елге.

Бір дария орнаған соң, көтере алмай,  
Ағалар он алтымда шықтым шөлге.  
Екі жыл ел ішінде бала оқыттым,  
Атамның бір насихат сөзін тұттым.

Бойда бар ғұмырды бекер қуып,  
Он жеті дер жасымда сүйтіп өттім.  
Он сегізде міндім атқа шыдай алмай,  
Жаманды жақсыменен сынап алмай.

Мейрамның бес баласын араладым,  
Алысқа жас болған соң, ұзай алмай.  
Қуандық, Сүйіндік пен Бегендік,  
Атасы – Қаракесек басқа текті.

Сырым, Найман аты ғой, Бәсентиін,  
Керей, Уақ, Таракты көрдім көпті.

Әр жерде жақсылармен болдым таныс,  
Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшак, Жарас.

Орыс – қазақ баршасын бірдей танат,  
Бозбала қалай екен аяқ алыс?  
Он тоғыз, жиырма мен жиырма бір,  
Жорғалап жиырма екі тағы да тұр.

Көрінбес өткен ғұмыр бір сағаттай.  
Не таптым бұл дүниеден, мені де көр.  
Қан жирен тер шыққан соң, күрең болды,  
Ақыл, ой түпсіз дария терең болды.

Есепке өткен жасты алып едім,  
Баршасы жиырма ауыз өлең болды.  
Жігітке жиырма екі жастық шеті,  
Сол кезде көрсе қылыш қайтпас беті.

Шығарым – шықпасымды Құдай білер,  
Тұра тұр тілеулес боп жиырма екі.  
Жарасар бозбалаға сұлу жирен,  
Дін күтсең бол да балшық аяққа илен.

Окуды ғұмыр барда талап қылғыл,  
Дүниені шығысынбай бері үйрен.  
Оқысын әуел баста әліпбиді,  
Тименен, жұмменен хи және хиды.

Онан соң Әптиек бар, еже, сүре,  
Оларды үйренерсің жүре-жүре.  
Құран бар, түркі кітап баспа-жазба,  
Бұларды үйренерсің көре-көре.

Қырық парыз, Исламда бес, иманда жеті,  
Намазда бар он екі анық парыз.  
Ғұсылда үш, таһаратта төрт, таямды төрт,  
Хайыз илан напасата бар дүр екі.

Әмір Мағрұп екеуі Нәңкір – Мүңкір,  
Бір ғылыма болар зікір.  
Тағы бір жеті уәжіп дін исламда,  
Қылғанға асаны бер, қылғыл пікір.

Сүннәт бар Мұстакап пен Сүнаб қана,  
Әм Макрухи істі қылма жия.  
Мұбах деген нәрседен тарт басыңды,  
Тәнәп бар, ғажап қасты қылма рия.

Нәрсені Мұбах деген ғадет қылма,  
Күнінде таңда махшар жаман болма.  
Қайыр бер бейшараға ат пенен тон,  
Дүниеге бір сағаттық ғапыл жүрме.

Ойнас, ұрлық, өтірікті өнер қылма,  
Біреуге ғайбат сөйлеп, сырттан күлме.  
Тілей бер Құдайыңнан өз бағынды,  
Біреудің хақысына көңіл бөлме.

Көңілінде тұт жаратқан Құдайыңды,  
Сыйлап жүр ата-ана, жұбайыңды.  
Адамға жала жауып, қастық қылма,  
Махшарда тартпайын десең уайымды.

Ораза, намазыңды қылма қаза,  
Сақтап жүр өз басыңды судай таза.  
Мойныға пәнде хақын жүктеп кетпе,  
Сабыр қыл, келсе пәле болмай наза.

Мал мен бас, қатын – бала бәрі –дұшпан,  
Дүниенің алдам бағып дәулетіне.  
Бұйрығын шариғаттың әр кез қойма,  
Ас –жиын, шақырмаған барма тойға.

Іс қылсаң, Құдай үшін қияметпен,  
Риямен өз ісінді өзің жойма.  
Жан қинап, Хақ бұйрығын ойлаған сол,  
Істерден Құдай сүймес жүргіл аулақ.

Бозбалалық, боқшылық ғадет қылмай,  
Күлкі – сықақ, жел сөзге жоламай бақ.  
Алданба баяны жоқ дүние – малға,  
Ақшаға, алтын – күміс назар салма.

Жалғанда жаманшылық жанға залал,  
Махшарда қаулап тұрған отқа жанба.  
Жылқы-қой, ара түспес, сиыр – түйе,  
Жатарсың жазан болса, отқа күйе.

Бермейді жәрдем саған қатын – бала,  
Болмаса жарылғаушы Жаббар ие.  
Жігіттер, айта берсем, таусылмас сөз,  
Бұл жалған бәрімізден өтеді тез.

Дүниен қанша жиған бәрі қалар,  
Бұйырар ораздыға үш қабат бөз.  
Ғазазіл аздырмаққа буар белін,  
Жігіттер, берме қайдан иман гүлін?!

Шамасы ғибадатқа келмеген соң,  
Безеген Мәшһүр Жүсін қызыл тілін.  
Насихат сөз айтайын, салсаң құлақ,  
Азық ал барар жерің алысырақ.

Жүк ауыр, жеңісті көр ғамал қылып,  
Бұл өлім қас пен көзден жақынырақ.  
Бұл өлім бірдей бар мен жокқа,  
Бір күн аш қанағат қыл, бір күн токка.

Қай күн кететініміз болжаусыз ғой,  
Құрулы сары жайдай атқан оққа.  
Сол нәпсі жігітікте тыйылмайды,  
Дүние қандай тәтті қиылмайды.

Жисаңда дүние – малын түк шығармай,  
Үш қабат бөзден басқа бұйырмайды.  
Су емес, мейір қанар дүние – сағым,  
Сөйлеп қал осындайда, тіл мен жағым.

Дүниенің опасығын көзім көріп,  
Бар болса аянбайтын келді шағым.  
Көп күнә қарат қылды талай ерді,  
Сайтанның нәпсі дұшпан соңына ерді.

Алтыннан сарай салсаң, пайдасы жок,  
Бұйырса, артық сарай қазған көрді.  
Жатарсың мекен қылып қазған көрді,  
Бағзыға бұйырмайды кебін көрді.

Жаныңды Ғазреил алып кетер,  
Қойсаң да күзетшіге жүз мың ер.  
Жаныңды Ғазреил алып кетер,  
Астына кара жердің зар еңіретер.  
Абатлы Мүңкір – Нәңкір келсе жетіп,  
Бейшара дәрмені жок пенде не етер?!

Ардақтап қояр халқынңтаза жуып,  
Кебіндеп көрге салсағ жіпсіз буып.



Басынды сәл көтеріп алғаныңда,  
Жүрегің қорқады – мыс мұздай болып.

Дүниеге келмеді ме атаң-анан,  
Кәнекей, ардақтаған қатын – балаң?  
Жалғыздық өз басына түскеннен соң,  
Бейшара болдың, сорлы, күнің қараң.

Айтқаным осы емес пе, ауыр жол деп,  
Сен мұнан құтыла қойшы ептеп.  
Періште Мүңкір – Нәңкірбен айбаты,  
Сұрайды сонда сенен меррабик деп.

Ал жауап, періштеге бері қара,  
Сұм дүние қандай екен білдің жаңа.  
Иманды болсаң түсер сонда есіңе,  
Жаратқан жоқтан бар ғып Хақ тағала.

Табылмас мұрат – мақсат жан қиналмай,  
Дүниені шағындап жый, көп жинамай.  
Несіне енді бүгін бөгелдіңдер,  
Жалғанда кетіп едің мені ойламай.

Қиындық алдыңызда сондай күн бар,  
Атпас таң, біз сорлыға шықпас күн бар.  
Алладан сондай пәрмен жауап келсе,  
Айтыстан табатұғын енді не бар?

Ғажайып сусағанда көрдім шаһ,  
Ағалар іш күйгеннен қыламын аһ.  
Меррабик деген шахта Мүңкір – Нәңкір,  
Тіліме жәрдем бергіл, Раббим Алла!

Ғыл мен ғамал жолдас болар серік,  
Һидаят жігітікте тауыпк беріп.  
Қолынан малғұн сайтан халас айлап,  
Нәсіп қыл түзелмекке жолға кіріп.

Бақыт – дәулет, сағатын нәсіп айла,  
Көрсеткіл тұғыры жолды қылып пайда.  
Атың бар ғафур Рахим ғапиларға,  
Лә шарих сенің кебй патша қайда?

Ла патти уа назира сенсін рахмат,  
Білмедім, білдірмедің сенсің қамит.  
Білейін (би шакүне, би намүне),  
Болмайды бір Аллаға куфуан ахад.

Ғазиби шарықни кари пак дүр затың,  
(Лаһула хайри) бар сипатын.  
Өзін ғашып мақаның мағлұм айла,  
Ғаламға заһир болған мың бір атың.

Жараттың пазылыңмен жанның мүлкін,  
Тамұхта түрлі ғазап, ащы шергін.  
Салсаң да қайсысына пенделерді,  
Я, рабби, білемін бе бар дүр еркін?

Еш нәрсе құдыретіңнен басқа бөлмас,  
Дәуірлеп ойлай берсем, көңіл тұрмас.  
(Сігрәтіл мауіттен) аман сақта,  
Құдая, қыла гөрші иман жолдас.

Рабим Алла, хаббибім – хақ Мұхаммет,  
Дінім – ислам, ораза намаз бізге міндет .  
Періште Мүңкір – Нәнкір менде нең бар,  
(Мәзһабім ол наз үн ізгу міллат).

Бар ма ақың алар сенің басқа менде,  
Үмбетімін Мұхаметке, Хаққа пенде.  
Арманым жоқ (пиддараин),  
Осылай жауап берсем сол бір күнде.

*(Мәшһүр Жүсіп).*

## **Бұхар жыраудың кәрілік туралы айтқаны**

Кәрілік қартайғанда бастан келер,  
Ағарып басыңдағы шаштан келер.  
Жасыңда қандай көркем болсаң-дағы,  
Қыржитып қабақ пенен қастан келер.

Кәрілік қартайғанда көзден келер,  
Алжығанның белгісі – сөзден келер.  
Сыртылдап, буындардың ебі кетіп,  
Белгісі аяқ жақтан, тізеден келер.

Қартайғанда мүкістеу болар құлақ,  
Жас ағып, екі көзден тұрар жылап.  
Жұрт естіген сөзді ести алмай,  
Көрінгеннен не айтты деп білер сұрап.

Бір жаманы – кәріліктен түссе тісің,  
Ауызың опырайып, кетер пішін.  
Жасында оймақ ауыз сұлулардың,  
Өзгертіп бұл кәрілік алар түсін.

Белгісі кәріліктің – кеудең толар,  
Жөтел мен түрлі қақырық пайда болар.  
Жасыңда қандай толық болсаң-дағы,  
Белгісі кәріліктің мүшең солар.

Белгісі кәріліктің кетер күшің,  
Болмайды жастағыдай, болмас күшің.  
Кәрілік дауасыз дерт жазылмайтын,  
Жылаймыз қартайдық деп соның үшін.

Қартайсан, аяқ – тізең ауырады,  
Жатудан жамбасың да жаурады.  
Қадырың күннен-күнге кеми берер,  
Жолатпай жолдасың да дау ұрады.

## Лұқпан Хакім

Лұқпан Хакім 400 пайғамбармен жолдас болдым деген. Солардан біраз сөз үйрендім, әм бойынша сақтадым:

1. Сақтану: намазға кірсең – көңіліңді сақта.
2. Қыз баланы орнында (жаса 14 жеткен).
3. Біреуден нәрсе сұрап алу – өз әкең болса да, керегі жоқ.
4. Өлген адамды тез жерлеуге асық.
5. Бірінші жауыздық – сол істеген жамандығын басқа біреу көреді-ау деген. (мұны кинода көреміз)
6. Шындықты айту – адалдық.
7. Ала сөйлеу – арамдық (мысалы өзіміз екен деген сияқты)
8. Ыстықтан ет күйеді (сондай арам жандар дегені)
9. Ұяттан бет күйеді (өзегіне өрт түссін дегенде)
10. Білімді – мынды жығады, білекті – бірді жығады (осындайларға айтылған).

Ұрып оймен жүргенше, ұрғызып қырмен жүрсін деген (ала пәле кейіп деген).

## Төрт нәрсеге талап қылдым

1. Қабырдың жарықтығын – күнде намаз оқумен таптым.
2. Мәңкір-Нәңкірдің жауабын – Құран оқудан таптым.

3. Қылкөпір Сираттан тез өтуді – ораза мен садақа берумен таптым.

4. Ғаршының көлеңкесін – он ғибадаттан таптым (мұның мағынасы көпшілікке шариғат, ақыл, хикмат айтуы).

### **Мәшһүрдің сегіз мүшесімен қоштасуы**

Бисмиләһи Рахман рахим дейін,  
Аллаға қайта айтам мұнан кейін.  
Бастан жақты айырар заман болар,  
Сөйлеп қал, қызыл тілім, оған дейін.

Құйылар бір күн топырақ есіл көзге,  
Кім жетер бұл жалғанда жасап жүзге?  
Ерік өзіңде тұрғанда қимылдап қал,  
Бір күнде зар боларсың сөйлер сөзге.

Бастан – ми, ақыл – естен аудырарсың,  
Қайран көз, жан шығарда жаудырарсың.  
Қағазға аттай желген он саусағым.  
Дал – дал боп жерде саудырарсың.

Қайрат жоқ қолдан келер, қайнайды ішім,  
Келе алмас хабарлауға сонда күшім.  
Саудырап бет – бетімен қалар түсін,  
Маржандай аузымдағы отыз тісім.

Ағарсың домаланып көзден бұлақ,  
Сөнерсің майсыз жанған екі шырақ.  
Тықырын құрт-құмырсқа естіп шыдап,  
Жатарсың амал бар ма, екі құлақ?

Жерлерде әлдекалай болады орным,  
Дүниеде жақсы – жаман кеңес құрдым.

Сасығын өз дененнің өзін иіскеп,  
Жатарсың соған шыдап, қайран мұрыным.

Су емес, мейірім қанар дүние – сағым,  
Жігіттік қайран қызық өтті шағым.  
Астына кара жердің кіргеннен соң,  
Қаларсың бөлектеліп тіл мен жағым.

Дәрмен жоқ қозғаларға қол мен аяқ,  
Жақпаса сол қылмысың жерсің таяқ.  
Дауасын осы дерттің таппаған соң,  
Жасымнан жапан кезіп жүрдім саяқ.

Ұл мен қыз, ара түспес, әке-шешем,  
Лабуда өлім шәрбәт бір күн ішсем.  
Қызыл тіл ыңғайымда тұрғаныңда,  
Алайын арыздасып сегіз мүшем.

Соңы. Араб әріпінен көшірген Төлепберген.

Байланған бөтелке бар мойнындағы,  
Ұстаған румка бар қолындағы.  
Періште бұл сипатпен айдайды екен,  
Көрген жан лағынат айтар жолындағы.

### **Арак туралы риуаят**

Риуаят қылды “Обай” ібіні қағып,  
Әрқашан болған шақта сол қызмет.  
Арак ішкен қабырдан тұрар дейді,  
Бөтелкесін мойнына қысып прият.

Өзі мас, қолында бар бутылкасы,  
Аузынан келіп тұрар арак иісі.

Қышқырып, періштелер нада қылар,  
Аракқор болған пәлен-пәлен баласы.

Иісі болады екен боқтан сасық,  
Жеркөнер бұл кісіден барша халық.  
Құдая, бұл малғұннан жырақ қыл деп,  
Ғарасат әһілі зарланар Хаққа налып.

Құдайым Забаниға әмір қылар,  
Апар да бұл малғұнды зынданға сал.  
Жүз мың жыл жатып зарланады,  
Шөлдедім, су бергіл деп, құрыды қол.

Жатады жәннамда қатты сусап,  
Келмейді мың жылға ешбір жауап.  
Су тілеп, жаны тағы терлейді екен,  
Сасық тер денесінен кетер барлап.

Тер шығып, жаман болар иістері,  
Іренжіп қасындағы көршілері.  
Құдая, бұл малғұнды ығырақ қыл деп,  
Сыйынып бір Аллаға қылар зарды.

Аяқтары – кісенде, қолда – шынжыр,  
Өлдім – талдым дегенде бір су берер.  
Ол суды ауызға алып ұрттағанда,  
Сол суды ішсе аузы – қарны жидір.

Жөгелдеп береді екен зауқым заһар,  
Жесе, түседі астынан сол ұлтабар.  
Аузынан әр түрлі жалын шығып,  
Зардабынан бастағы миы қайнар.

Мұнан соң, тағы саар бір табытқа,  
Һам түскендей болады тар лақапқа.  
Ішінде сол табыттың ғазап қылдай,  
Құдайым әні салып һар тарлыққа.

Тағы да шығарады сол табыттан,  
Диналға құлатады терең зындан.  
Ірің, сарсу жиналған бір шүкір бар,  
Ішінде толық дейді жылан-шаян.

Жабылып жылан – шаян, әні талар,  
Заһіріне шыдай алмай нада қылар.  
Ішінде ол зынданның мың жыл қалған,  
Дамыл, тыныштық көрмейді зарра қадыр.

Періште алып кетер шишаларды,  
Жаһнамнан толтырған әні бәрі.  
Шөлдегенің мынадан іш деп айтар,  
Ішпейміз деп баршасы қылар зары.

Бастарында – оттан тәж, қолда – жүзік,  
Білегіне салғаны – от білезік.  
Мойнында оттан салған алқасы бар,  
Баршалар тұрады ғажап қалып.

Мың жылдан соң алады сал құдықтан,  
Дәйілге кіргізгіл деп қылар пәрмен.  
Мың ғиса барлығынан ғазабы артық,  
Дәйілде бір шұңқыр тұр түбі терең.

Мұнан соң періштелер дәйілге айтар,  
Ішінде ғажап көріп мың жыл жатар.  
Ғажабы күннен – күнге таусылмайды,  
Шерменде боп бейшараның басы қатар.



Дәйілде бір күн жатып қылар .....  
Уаһи Ахмет, уаһи Мұхаммед қылған шапағат.  
Естілген Мұхаммедтің құлағына,  
Тамұқта бұл қалай да қалған үммет.

Пайғамбар бір Аллаға қылған дұға,  
Естідім біл тамықта жалғыз нада.  
Мұхаммед шапағат қыл деп зарланады,  
Қою күнәһи себепті қылған үммет.

Сол уақыт бір Алладан келген хабар,  
Ол пенде тәубе қылмай ішкен қамар.  
Сол жатып жәнамда қалған дейді,  
Ғазапқа шыдай алмай бек зарланар.

Ол болса, әпер менің үмметімнен,  
Нәсін ет. оған тағы шапағатыменен.  
Жалғыз оның қалуы лайық емес,  
Үміткер о да пендең рахметіңнен.

Тілегін Алла тағала қылған қабыл,  
Тамұқтан үмметінді ал шығарған.  
Шығарар барлық ғысай үмметлерін,  
Иман ағайсын қалдырмай, бәрі алып.

Алып кеп кіргізеді жаннатына,  
Жаралған пайғамбардың құрметіне.  
Тамұқта мәңгі бақи ешкім қалмас,  
Күнәкар Мұхамедтің үмметінде.

Қазақтың және тағы сөзінде бар,  
Жалғыз қайғы тамұқта біреу қалар.  
Арақ ішкен кісіні айтса керек,  
Тамұқта көп жыл қалар ол бейхабар.

Мұны білсең, хамардан жүргілі жырақ,  
Кітапта бір күнәнің анасы – арақ.  
Барлық күнә осынша тұрар дейді,  
Ғазабы баршасынан ұлығырақ.

Айтқан және бізге пайғамбарым,  
Ауырса, арақ ішкен, сұрама халын.  
Тәубә қылмай, дүниеден өтер болса,  
Қылма деген тағы да намаздарын.

Арақ ішпек тағы да ұлық күнәһи,  
Жырақ бол күн, күнәһиден мүмин пенде.  
Бола ма мұнан үлкен саған қасірет,  
Пайғамбар барма десе намазына.

Кітапты айтты бізге хазрет Ғұсман,  
Арақ ішкен тәңірге болар дұшпан.  
Күнәсімен пара-пар болар дейді,  
Екеу деп бір Аллаға ширек қосқан.

Кімде – кім бұл арақты халал десе,  
Ол шексіз діннен қайтқан кәпір болар.  
Төрт кітаптың баршасына мағлұм десер,  
(Алғаяз биләһи я зүл жалал).

*Соңы.*

### **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 1895 жылы Иса Шорманұлына жазған шығармасы**

Аман ба, Сүйіндіктің айналасы,  
Әр жерде ауыр болды сөз шамасы?  
Азырақ қажылардан сөз қозғайын,  
Қаржастың ортаға алды кәрі – жасы.

Тыңдарлық болса – құлақ, сөз –анасы,  
Мәшһүрден тарайтұғын сөз сарасы.  
Шолпаны – ұйтқысы еді Сүйіндіктің,  
Шорманның Иса мырза бел баласы.

Көп қажы Сүйіндіктен былтыр кеткен,  
Мекке мен Мәдинаға барып жеткен.  
Туған жанның бәріне – бір өлмек бар,  
Адамның арманы не сол жерде өткен?!

Өзіне түгел болып дүние жалған,  
Достасын ақыреттің қасына алған.  
Қызығып мал – жаның керек қылмай,  
Дүниені өлмей тұрып талақ салған.

Жолдас боп Исаекеме Сатпай ерді,  
Жарасып, тел қозыдай бірге жүрді.  
77 жасында кәрі Исекеме,  
Малғозы: Алтыбасар және ерді.

Қостас боп Қозған: Бұқа бірге жүрген,  
Ер басына бұларға күтуші ерген.  
Басшы боп Мұхамеджан бірге кеткен,  
Дүниені төгіп – шашып қызық көрген.

Тілеуқор ол жолдасы қасына ерген,  
Кісі екен шарапатты Құдай берген.  
Топырақ сонан бұйырсын деп,  
Қосылып қасқа – жайсаң кеткен елден.

Құдай мен пайғамбарға түзеп бетін,  
Көңіліне Құдай салған ақ ниетті.  
Ақшасын құстай ұшырып қалтадағы,  
Жайларға көңілге алған аман жетті.

Бас қосып, тамам қажы жүрдік дейді,  
Көрмеген көп тамаша көрдік дейді.  
Құрғатты шаһірі Рамазан айтты өтіп,  
Тәуекел деп параходқа міндік дейді.

Қазан оты кемеңің бұрық-бұрық қайнап,  
Тігіліп неше жерден жалау байлап.  
Шыққан соң, Стамбулдан сегіз күнде,  
Ямбу барып түстік: – Я, құдайлап!

Шыққан жоқ еш шығынымыз, есен – аман,  
Бас қосып жүрдік көп жақсы – жаман.  
Сатекең Исекеңмен бірге жүрген,  
Дүниеде ол бір қайда енді заман?!

Бұл дүние бәрімізден өтер дейді,  
(Өңмей) тұрып өкшенді мөтер дейді.  
Шаһарын Стамбулдың көрмеген жан,  
Дүниеге келдім деуі бекер дейді.

Мәдине күні-түні жарық, жанған шамнан,  
Тұтылып күннің көзін тозаң алған.  
Ішінде екі патша, Нұртасымен патшасы бар,  
Қайда (қамсбол) шарп келді Шамнан.

Мәдине толып кетті іші-тысы,  
Он екі айларында жоқ-ты қысы.  
Еш біттей арманы жоқ бұл жалғанда,  
Өткізіп бәрін бастан көрген кісі.

Мирасы пайғамбардың Мақпал – Шарип,  
Бесігін Фатиманың жанына салып.  
Түйенің бесік арқан формы басқа,  
Жібекпен үсті толған асыл тасқа.

Шаһарға түйе боздап келеді екен,  
Көзінен мөлт-мөлт төгіп толы жасқа.  
Келгенде Раузаға шөге қалып,  
Жас агып, көзден басын жерге салып.

Еңбектеп тізесімен жер бауырлап,  
Кішілік әлеппенен кірді барып.  
Мойнын созып, бөксесін кейін тастап,  
Ұмтылып босағаға басын жастап.

Көзінен аққан жасын көрген жандар,  
Ес қалмай, жылайды екен көзін жастап.  
Шам жұрты зиратын тамам етті,  
Көрдi ме басымыздан о да кеттi.

Жиылып тамам қажы ондайланды,  
Баруға Байтоллаға түзеп беттi.  
Жомарт ердiң иманы судай тасыған,  
Түйеге таңрауан мiнедi екен.

Ол топтан Құдай сүйiп бақыты асқан,  
Иесi кеп талап қылып, мiнбек болды.  
Өзгеден артылуға үшбу жолды,  
Төрт түйе жабдығымен түгел алып.

Қолма-қол жетi жүз сомнан санап бердi,  
Жаратқан ғашық қылып иесiне.  
Ат, айғыр арманы жоқ биесiне,  
Көрдi деп мал қызығын соны айтыңыз.

Мiнген соң таңрауан түйесiне,  
Өзгелерге түйе жоқ екеу-ара.  
Бас – басына түйе жоқ жеке дара,  
Төрт жағында төрт кiсi жалаң аяқ.

Әр жалаудың қолында бір-бір таяк,  
Бір атшы, бір қосшы, күтуші алып.  
Шашып – төгіп ақшаны аямайды,  
Қонған, түскен жерінде даяр жатыр.

Мұндай бір көргені жылға татыр,  
Қазақтың ханы екен деп жұрт айтады.  
Мәдинеден Меккеге келе жатыр,  
Байлығы патшасына жетіп күші.

Осындай орын тауып қылған ісі,  
Исекем Мақпал-Шарип ұ... аштам.  
Сол топта көзге түскен оқшау кісі,  
Шам шаһарының әскері бізбен жүрді.

Үш патша боп шаһарға бірге кірді,  
Бәдәуидің көруіне о да келді .  
Қаңғыр – күңгір думан ғып жүрген жерді,  
Өзімізден айрылған жолдастардан.

Үш-ақ кісі калыпты ол жолдастан,  
Жарастықты саулық қып не жүрген жерді.  
Болып жүрдік сол топта үштің бірі,  
Мұнан артық, бозбала, қызық бар ма?

Жалғанда жүргенменен жүз жыл тірі,  
Әрқайсысына, әр жерде қаза келді.  
Өлшеулі жол үстінде демі бітті,  
Меккеге екі қонақ қалған (келген)жерде.

Саткен рабых деген Манзүлді оқып,  
Ишара алтыбасар жығылыпты.  
Ішкені ащы су боп ыстық өтін,

Жанатіл Муғалаға келіп жетіп.  
Таусылып жолдасымен түгел бітіп.

Қалжырап, өзімізден дәрмен кетіп,  
Ақырып, бәдәуиге гүж-гүж етіп.  
Ол кезде ол кісінің дені сау еді,

Бейшара Қозған:Бұқа келді жетіп.

Сатекең қаза жетіп, жолда қалған,  
Пайғамбар үмметлерін жолға салған.  
Көре алмай қалғанына көп өкінді,  
Не қылып, не етіп? – деп көп қылды арман.

Қайсы бәрін айтайын көргенімді,  
Жарасып телқозыдай жүргенімде.  
Көре алмай қалғанына көп өкінді,  
Кұрысын тағт рауан мінгенім-ді.

Махаббат екі жақтан табылысқан,  
Жоқ едік тақуалықтан жаңылысқан.  
Кісідей бірге туған жақын едік,  
Қан төсенін, қағанак жамылысқан .

Бір жерде болмадық деп қылды арман,  
Үшінші өтіп барады дүние жалған.  
Исекең осылай айтып-айтып,  
Бас қосып бес – алтауы енді қалған.

Жүз алпыстан үш жүз жиырма санға,  
Исекең бір құл бір күн сатып алған.  
Тұрған күші келіп еркін жетіп,  
Не қылсын бұ дүниені қадір тұтып.

Қуандырып шаттандыр байғұстарды,  
Күндіктен, құлдықтан азат етіп.  
Мінекей, Исекеннің қылған ісі,  
Істеген жоқ мұнан бұрын басқа кісі.

Есен-сау арабтан көшкеннен соң,  
Дерт тиіп, түсі қашып ауырды іші.  
Әр түрлі тірлікте күйге түстік,  
Зиратта әр түрлі сауап қылып.

Бет қойып, енді жұртқа бастық қадам,  
Исекең бұрынғыдан тартып шабан.  
Ауруы күн-күн сайын басым болып,  
Жүруге келмес деді енді шамам.

Шамасы келмеген соң тілін алдық,  
Төсекке тыйышландырып жайлап салдық.  
Білуге Исекеңнің қалын байқап,  
Болініп көп қажыдан кейін қалдық.

Ауруы басым болып халы кетті,  
Таусылып сегіз күнде дәмі бітті.  
Кеудеден жан шыққанша тіл байланбай,  
Өз иманын өзі айтып солайша өтті.

Байлықпен алмады ма ұрмақ сатып,  
Жұрт көзіне бір түсті таңдай атып.  
Қасында Анастың қалды жатып,  
Дәулет құс қонып тұрған басында.

Жылы – ит, жетпіс жеті жасында өтті,  
Тіріге бір үлгі, дұға болатұғын.  
Қожасы кісі тонайтын қасында өтті,  
Басшысы – Мұхамеджан қожа келді .



Тілегі – ойлағаны қабыл еді,  
Қырғын көк, қырып – жойып аман келді.  
Жасынан бас мүжіген халал да еді,  
Білімді жұрт ұмыттты, болған жұттты.

Айырып Отанынан өңкей құт-ты,  
Отбасынан бір жанды қалдырмаған.

.....  
Тамаша қожакеңнің жолы құттты.

Қыс өтіп, жазда өтеді, болады күз,  
Жақсыға осындайда ереді сөз.  
Ауылында Әкімбектің душар болып,  
Қожаға Мұхамеджан жолықтым кез.

Осы сөзді қожаның көзіне айттым,  
Сыртынан айтпай, туралап, өзіне айттым.  
Мұсылман білед әділет айтқанмен,  
Мен де сондай бұл сөзді үйіре айттым.

Сонда Қожаның айтқаны:

Өкінішім жоқ олардың қалғанына,  
Өздері әбден жеткен соң арманына.  
Менің дұғам деп айтты ахыреттік,  
Мен тілеулес емеспін жалғанына.

Іздеп барған жұмыстан құр қалмастай,  
Менің дұғам оларға ақ алмастай .  
Шек – қарынын тазартып, әбден жудым,  
Дүниеге қайтып кеп былғанбастай.

Ойлап па едік көреміз деп біз бұл елді,  
Ыстық жан шықпаған соң зорға келдік .  
Артынан Исекеннің көп қешікпей,  
Бейшара Қозған :Бұқа сол жерде өлді.

Екеуін тыйыштандырдық жайлап салып,  
Аманат қалған – құтқан жолын алып.  
Бергенін қалған құтқан пұлыменен,  
Немене, өлгеннен соң келдік талып.

Смағұл бір риза бол осыменен,  
Жарасар жігіт адам досыменен.  
Азды – көптей көріп, бер батаңды  
Болмаса, көрінгенге жаза бермен.

Баласы Шорман бидің Иса мырзаға,  
Жайылған Мәшһүр аты ойға – қырға.  
Жақсының өзі өлсе де, аты өлмейді,  
Жеңгейдің ықласына болдым риза.

Бұл заман бірде олай, бірде былай,  
Белгісіз не болары мұнан былай.  
Жерлерге ықылас қылған қонып жүрмін,  
Жеңгейдей болуы екі талай.

Түзеліп күннен күнге біздің Даған,  
Жолаушың алыс жолдағы келсін аман.  
Сөзіңіз жерде қалмасын деп жазып едім,  
Аяғы осыменен болсын тамам.

*Мәшһүр Жүсіп.*  
*Көшірген – Төлепберген*

## Молдалар

Іздесең сауап, молдалар,  
Құран өкы молаға.  
Қасына түне демейді,  
Келіндер қайтып қонаға.

Өлім – барды шашады,  
Жоқтың артын ашады.  
Қосылып сендер тонама,  
Жылап – сықтап жатқанда.

Олжадан ойың барларың,  
Қараң өшсін жолама.  
Құран оқып күңіренің,  
Сары уайымға саласың.

Берсе қағып аласың,  
Соларың дұрыс бола ма?  
Тәңір алдына барғанда,  
Молдалар өзгелерді кәпір дейді.

Өзі надан, наныңыз, түк білмейді,  
Өзімшілдік көкейін тескен молда.  
Аузына келгенді айтып, жанын жейді,  
Сұрқия сопы молда тілін алма!

Беті – тұнық, асты – ылай, ол – бір жылым,  
Адамшылдық өнермен берер білім.  
Өнерсің өнеге алсаң үлгілі елден,  
Алаяқ сұмдарға ерсең, болмас жолың.

Қазағым-ау, қаңғырып қайнар сорың,  
Мазақ болмай елдікке жетер қолың.

Өнер – білім үйренсең еңбек етіп,  
Осы күні жақсының бірталайы.

Ұры, қары, қу сұмның жан жолдасы,  
Қазақ қайтып ел болар қарағым-ау?!  
Ойлағаны өз құлқыны ел басшысы,  
Бұл ұзамай бүлінеді сөздің расы.

Кәсіпсіз ұрлық қылған кәрі –жасы,  
Николайдың иісі осы елде тұр.  
Ондырар ма сәуелсіз өңкей масы.

### **Сүлеймен пайғамбар мен Байғыз туралы**

Ескі сөз бұрынғыдан қалған екен,  
Жаңа сөз қанша айтқанмен жалған екен.  
Пайғамбар хақ Сүлеймен болған кезде,  
Бір сұлу жұрттан таңдап алған екен.

Әрқашан адамзатқа нәпсі қылып,  
Талай жан қатын үшін болған ғарып.  
Сол қатын не айтқанын істеп тіпті,  
Хақ Сүлеймен патшаны билеп алып.

Жолына қылды пида жанын дейді,  
Бір қатын билеп – төстеп алды дейді.  
Аспанда құстай ұшып жүрген тақсыр,  
Пенде боп бір қатынға қалды дейді.

Дүниенің біліңіздер сұм – жалғанын,  
Қолқаңа пәни дүние қол салғанын .  
Тақ Сүлеймен патшаға істеп, тіпті,  
Ол қатын қоймай жүр ойға алғанын.

– Қолың жетіп тұрғанда қарма, – дейді,  
Аяқ жетіп тұрғанда шарла, – дейді.  
Жананым жаннан артық көретұғын,  
Жалғанда ойға алғаның бар ма? – дейді.

Сарала сап алтыннан тақ болса екен,  
Дәреже мұнан да артық бақ болса екен.  
Болғанша қиямет қайым тот баспайтын,  
Кіршіксіз сүйегі ақ болса екен.

### Сүлеймен сөзі:

Жанымнан өтті сенің айтқан сөзің,  
Ішімді елжіретіп екі көзің.  
Не нәрсең тот алмайды бұл жалғанда,  
Ақылды, данышпаным, айтшы өзің?

Домбырам күй тартады тиегінен,  
Соз саулар ақынның жақ иегінен.  
Болғанша қиямет қайым тот баспайтын,  
Үй салдыр там құстың сүйегінен.

Сүлеймен зайыбының тілін алған,  
Келсін деп там құсқа жарлық салған.  
Тамам құс бірі қалмай келгенінде,  
Бір құс бар Байғыз деген келмей қалған.

Бара гөр Байғызыма құлдық қылып,  
Келгенше қызыл шақа жүнін жұлып.  
Өзінің арқасынан бүріп алған,  
Алып кел келмесе де зорлық қылып.

Қаршыға Байғыз құсқа барып келді,  
Ай жүріп, ара жүріп арып келді.

Тырнағымен арқасынан бүріп алып,  
Сорлыны дедектетіп алып келді.

**Сүлеймен:**

Байғыз-ау, кейін қалды ақыл тауып,  
Қаршығам арып қалды саған барып.  
Түріңнің тұла бойың ұңғысындай,  
Баласың ... тұлға өлмей қалып.

**Байғыз сөзі:**

Падиша әділ болмаған соң күн көре алмай,  
Өлеміз қорлықпенен жем жей алмай .  
Өлікті тірікпенен салыстырып,  
Екеуіп жатыр едім теңгере алмай.

**Сүлеймен:**

Байғыз-ау, сөйлеп бақшы сөзіңді айтып,  
Кетпесін бір келген соң енді қайтып.  
Өлікті тірікпенен салыстырсаң,  
Білдің бе екеуінің қайсысы артық?

**Байғыз:**

Табылса әділ патша арымызды айтып,  
Кетермін мекен – жайға бірақ қайтып.  
Өлікті тірікпенен теңгеріп ап,  
Тіріден болды өліктің біреуі артық.

**Сүлеймен:**

Көз жұмбай дария кешті пенделікпен,  
Көрмедім жиған пайда дүниешіліктен.

Тумақ – өлмек, артық – кем жоқ деуші еді,  
Болғаны өлік артық ол неліктен?

**Байғыз:**

Жалғаннан аз күн жүріп несіп жейміз,  
Білмейміз бұл жалғанда нелік жүрміз?  
Кей адам ерте жатып, кеш тұрады,  
Біз соны тірі демей, өлі дейміз.

**Сүлеймен:**

Мас болып жүрген көп қой ішкен асқа,  
Кеш тұрып, ерте жату кесір жасқа.  
Бөгеліп күні бойы келмей қалдың,  
Бар ма еді алданышың онан басқа?

**Байғыз:**

Шамалап өз бойымды меңгере алмай,  
Барамыз басқа жүріп жөндей алмай .  
Еркекті қатынменен салыстырдым,  
Екеуін жатыр едім теңей алмай.

**Сүлеймен:**

Байғыз-ау, сөйлеп бақшы жөніңді айтып,  
Кетпессің бір келген соң енді қайтып.  
Еркекті қатынмен салыстырып,  
Білдің бе екеуінің қайсы артық?

**Байғыз:**

Табылса әділ патша арызымды айтып,  
Кетермін мекен – жайға бірақ қайтып.  
Еркекті әйелменен теңгеріп ем,  
Бір қатын болып шықты саннан артық.

### Сүлеймен:

Көз жұмбай дария кештім пенделіктен,  
Көрмедім жиған пайда дүниеліктен.  
Құдайым артық – кемсіз жұп жаратқан,  
Болғаны қатын артық ол неліктен?

### Байғыз:

Жалғанда аз күн жүріп несіп жейміз,  
Білмейміз бұл жалғанда нешік жүрміз?  
Кей адам қатын тілін алатұғын,  
Біз оны еркек демей қатын дейміз.

### Сүлеймен:

Қаралдың жұдырықтай, ақылың зор,  
Қатыннан алған-ды қылдың ғой қор.  
Осы маған жоқтау салдың, ақыл айтып,  
Байғызым, қанша дүние тұрғанша тұр.

Қылыпты тамам құстың бәрін азап,  
Байғыздың бұл сөзіне көп болды шат.  
Қатынның сонда басын алдырыпты,  
Сен мені жұртқа мұндай қылдың мерт.

Адамды қатын жолдан аздырыпты,  
Ақымақтың көбіне көр қаздырыпты.  
Ғибрат кейінгіге хат қалсын деп,  
Кітапқа мұны Сүлеймен жаздырыпты.

*(Сөзден өлеңге айналдырған – Мәшһүр Жүсіп .  
Бірінші көшіріп алушы – Мәненов Иманғали.).*

Алла тағала Рауаямен 9999 рет Жебреил ғалайислам арқылы кездескен, сонда Алла тағала пайғамбарымыздан сұраған: –



Харамда харам нені қыласын? – дегенде, пайғамбар: – Мен өзімнің үмметіме, өзінің ден – саулығына және ақыл – есіне зиян келтіретін адал, дәмді нысаптан асырып ішіп құсса, сонда артынан шыққан зар, – дей етем, – мұнан да харамды – арақ етем, тіпті, атын атамай, «Хамар» десін денесін. Себебі харамды жесе, нәжісімен түседі, ал денесіне тисе жуумен кетеді. Ал арақ ішсе, қанға сіңіп, «Хамар» деген сайтан боп кетеді. Жүреkte Ібіліс қосылып қанды көтерсе, өзіннің қияметтік жарын талақ еткізеді. Және ата-анасын да сыйламайды. Арапты аздырушы дауасыз дерт – жау.

Ұл он беске келгенде,  
Қолындағы қобызың.  
Ұл он бестен асқан соң,  
Тіліңді алмаса, доңызың.  
Көк шешектен өліп қалмаса,  
Жасында күйеу алмаса,  
Бәрінен де қызың жау,  
Аздырып жүрген жастарды.  
Оқытпай жүрген намазды,  
Қанға сіңген ақ арақ-  
Дауасыз дерт – нағыз жау.

### **Баласы Мұхамедәменді**

**Ташкентте әйелдер теңдігін қорғағаны үшін ішкі дұшпандар пышақтап өлтірген, школ директоры боп тұрғанда. Соны естірткенде атасы Мәшһүрдің айтқан жоқтауы**

Қан түсіп 63-те аяғыма,  
Оқ тиіп түзде жүрген саяғыма.  
Көп сөйлеп, ақыл – естің жоқтығынан,  
Кетіппін тағы түсін баяғыма.

Келмеген кайдан білсін бастарына,  
Ұшырамақ әркім өзі тастарына .  
Шағайын мен мұңымды біраз жұртқа,  
Арғынның алаш білген жастарына.

Бозинген боз айғырдай түскен күйге,  
Келе алмай, бір кеткеннен қайтып үйге.  
Атадан алтау болып туса-дағы,  
Бар деген бір жалғыздық ұшырап күнге.

Толық боп көзге түсіп туған төлім,  
Алынған жұрт қолына аққан сөлім.  
Ай, турашыл, түзушілдік сыбағасы,  
Кесімді әуел ақыр нахақ өлім.

Жасыңнан бұрылмаған бетің ыққа,  
Ұл едің қарсы туған атқан оққа.  
Құдайға ризамын, қат-қат шүкір,  
Толық боп жарап кеткен құрмалдыққа.

Құданың бір зор ісі маған берген,  
Толық қып бергендігін алаш көрген.  
Жаманға ат айтқанмен жоқ сыбаға,  
Мал арам пышақтай алмай бітеу өлген.

Туған соң жер қазылып қойылуға,  
Жем болған жаман – жәутік тойындыға.  
Құдайға шүкір мұндай қылған семіз,  
Жараған қашан арық сойылуға.

Таңбасы ғарасатта қып-қызыл қан,  
Шәйт боп өлгенін деп бұған нан.  
Демейді жаман өлім, тіпті, мұны,  
Шайыпты Қарбаланы естіген жан.

Түскен жоқ олжа болып шабындыдан,  
Жарамсақ шықпайды өнер жағымдыдан.  
Ұлт үшін жаннан кешіп өлді – ау шәйіт,  
Өлмей ме жаманда үйде қағындыдан?

Өзімді жыным бар ма өзім жойып,  
Отырмын хақ ісіне мен ден қойып.  
Жемісің ахыреттің толық болып,  
Есірдім ішпей мас боп, жемей тойып.

Құдайым бала берген махаббатты,  
Татымды жеміс қылып, бек ләззәтті.  
Сүйгенін шұнағым деп у ішкізді,  
Аузыма сүп – сүйкімді балдан тәтті.

Тәңір ісі борт оңай емес, қиын,  
Той болды естігені ұлы жиын.  
Көтеріп жерден басым әрең алдым,  
Иемнің меһрбанды берген санын.

Ешкімнен кем болған жоқ көріністе,  
Жаманға өңі түгіл жоқ қой түсте.  
Күнәсіз жас сәбидің орнын беріп,  
Түсірді жұрт көзіне отыз үште...

**Не деген данышпандық, сабырлық! Бұл жерде қайғылы қасіретті Заршегін.**

**Жырлаудың орнына, Отан алдында адалдық пен теңдік үшін жанын пнда қылған садақа шәйіт болып өлгеніне риза боп жырлайды. Өлімін естігенде талып түспей, Жұқаптан, Иманғали, Төлепберген және өз пікірім екі-үш жол төменгі.**

## Өз өмірінен

*(Осы өлеңде Мұса үкі тақтыру)*

Жалғанда бір еңбегің жанбаған жан,  
Тілімді жан деп адам алмаған жан.  
Тапталып көрінгеннің табанында,  
Сәулесі болмас мендей қалмаған жан.

Атамыз берген екен әуел баста,  
Мектепке доңыз жылы, дәл бес жаста.  
Сымайыл Қызылағаш деген жерде,  
Бес шақырым жерде ауыл – Бұзауаста.

Медіресе Баянауыл қаласында,  
Амалсыз атаң айтса, қаласың да.  
Ойлайсың кім болды деп бізден ғарып,  
Жиылған көп шәкірттің ортасында.

Сонда молда Нажмидден хазірет екен,  
Ол қысын Баянтауда қылған мекен.  
Қалаға бір жыл қыстап, пәтер тұрып,  
Сатқожа екен молда ұстап, құрған дүкен.

Бес жаста нәсіп болып бізге дүкен,  
Биқисап көрдік қиын қанша тікен.  
Нажмидден хазірет сүйіп шын көңілімен,  
Бұқарлығым деп лепсе қылған екен.

Бел босамай, өмірінде бүгілуден,  
Көз жасы бір тиылмай төгілуден.  
Себебі бұқарлығым деп айтқаны,  
Қаққан қазық секілді жүгінуден.

Артына мінгестіріп алып келді,  
Бес жаста бес шақырым жерге берді.  
Ал, әкесі қайтқанда енді үйіне,  
Соңынан жүгірмей ме жас бала енді.

Атамыз дін жолына белін буады,  
Бұл Мәшһүр сол секілді ерден туды.  
Көшенің қақ басынан қуғанынан,  
Жеткенше медіресеге атпен куды.

Басқа қамшы тиген соң жаман састы,  
Қорғалауға жер таппай әбдан қаштым.  
Медресеге қуып кеп, бірақ тықты,  
Қайтып әкем демеске амандастым.

Байжан хазірет көшесі қуған көше,  
Қамшымен шықпыртқанда әлде неше.  
Енесінен түңілген жас қозыдай,  
Кім ойлапты, бар қой деп әке-шеше?!

Ұмытпаймын тор ат бар сонда астында,  
Атамыз шын ниетті дін қасында.  
-Кел, түйебас қылайық, – деп, балалар.  
Біз жатамыз бәрінің ең астында.

Ауыл әлі баяғы Бұзауаста,  
Балалардың тамағы біздің баста.  
Шөкелұлы Дүржанбай қалпе болды,  
Келер жылы біз онда алты жаста.

Жеті жаста деп сұра болдың қайда,  
Дүние жастай келген жоқ бізге майда.  
Төртуыл халпе тұрған Қызылтауда,  
Орманшы: Қожан сопы деген жайда.

Туғаннан ғарыптікті тудық ұстай,  
Адасқан бау – бакшадан бұлбұл құстай.  
Халпенің Бибісінен сабақ алып,  
Өткіздік өмір сонда ала жаздай.

Баламдай деп кім ойлаған тірі жетім,  
Бізді үйге ата-анамыз бір қоймаған.  
Жерден майда, біз жұмсақ болдық сол күн,  
Балалар үстімізде көп сынаған.

Шар кітап 6 жаста ұстағаным,  
Сол күнде өлең жатқа алып қостағаным.  
Екі жыл Баян, бір жыл Қызылтауда,  
Үш жылдан түнеп түзде қыстағаным.

Үйреніп бала жастан білдім тілді,  
Сабадым Шар кітапты мен жатқа енді.  
Үш жастан соң орнығып көре алмадым,  
Туған жер мен ағайын – бауыр елді.

Қой жылы бала екенмін жерге түскен,  
Кіндігім Қызылтауда Тоқтық кескен.  
Тауықта жұтап қалып малдан таза,  
Жаз шыға Баянаула тауға көшкен.

Мендей боп оқыған жоқ басқа бала,  
Араб, парсы өлеңдей жатқа жаңа .  
Самардай қақсағаным бар жазығым,  
Үш жылдай жер аударды ата-ана.

Бір жерде жын бар десе оқу атты,  
Жалма-жан даярлайды әкем атты.  
– Тілемеші, үйде отырсын, – деп айтпайды,  
Шешем қандай мінезі тастан қатты.

Көзім жасын Құдайым иген емес,  
Жастан маған жақсы орын тиген емес.  
Бір жатып, бір жерден келсем үйге,  
Шешем иіскеп бетімнен сүйген емес.

Жаста болып көрген жоқ құнды-пұлды,  
Бала біткен бәрі де менен оңды.  
Талай елдің баласы тулақ қылған,  
Қыс болса, үстімдегі қатқан тонды.

Аузы ашықтар аямай көп сояды,  
Пейіліме өзімнің деп сояды.  
– Сен сабақты аласың жылдам-жылдам,  
Бізге молда ұрсады, – деп сабайды.

Жазығым сол – зерекпін неге мен,  
Несие сөз жасымнан деген емен.  
Сабақ білмей, немесе ойын ойнап,  
Мен таяқты молдадан жеген емен.

Ас келмейді алдыма толық аяқ,  
5 пен 6-7 де жүрдім саяқ.  
Қайда басы құралған көп баладан,  
Тойып жүрдім мен күнде таяқ.

Бейнет беру жағына Құдай мырза,  
Құдай өзі берген соң, не Хақ низа?  
Ойнағаны қалады ақ түйебас,  
Шыңдағаны шыңғырған даусыма ырза.

Алды – артыма серік жоқ, жалғыз өстім,  
Бес жаста ғарыпшілікке тұтқын түстім.  
Жаза көр бит атауды бізде қонақ,  
Жең дал-дал, түте-түте болып өстім.

Бір үш жыл ұдайы мен солай өстім,  
Өлмей .тірі жүрумен сегіз жетті.  
Құдыретті Құдайымның еріксіз айдап,  
Келтірді Баянтауға хазіретті.

Атамыз үй салуға талап етті,  
Бала үшін күзетем деп бір мешітті.  
Тауық жылы салам деп бастаған үй,  
Кемдікпен шатырсыз боп сол жыл өтті.

Қыстады мешіт түбіне салған үйін,  
Көңілінде бізді оқыту болып түйін.  
Молда Бибі, Дүржанбай халпе-салпе,  
Олардың біз тауыстық қой қой күйін.

Тұрмай ма Баянтауда хазірет енді,  
Мерген Жақып үйінде пәтерге енді .  
Ғөй-ғөйді тауыстым ғөй деп тұрғанда,  
Өмірге таусылмайтын дөй-дөй келді.

Елудің тоғызына келген жасы,  
Он тоғызда жалғыз ұл баласы бар.  
Бір қыз бар, тоғыз жасар Бибісінен,  
Төрт – ақ жан бір үйде боп қалған басы.

Қалаға Баянауыл бүгін келді,  
Апарып ертеңіне мені берді.  
Менен басқа оқыған бір бала жоқ,  
Жарыдым мен әке мен шешеге енді.

Биланнан бек біл демек сабақ берді,  
Мен екі айтқызбаймын, бір сөзді енді.  
Ағузу бисмиллаһи мәнісімен,  
Қызығып үйрететін жөні келді.



Ғылымды( он екі фан) өзі білді,  
Кісі еді сөзге ұста, шешен тілді.  
Айтқанын доптай қағып түсірмейтін,  
Алдына дәл өзіндей бала келді.

Еңбегін жандыруға Құдай берді,  
Көрсө де көре алмаған талай жерді.  
Сөзі жерде қалмасын білгеннен соң,  
Үйретті күн-түн демей төгіп терді.

Баласын серік қылып бірге қосты,  
Берген соң Құдай қолға қыран құсты.  
Құлболды иман баласы Пазым, Мағзум,  
Өткіздік осы үшеуіміз бір жыл қысты.

Көз – көңіл құлын жастан нұрға тойды,  
Таусылмас көл теңіз ғып Құдай құйған.  
Хазіреттен сабақ алып оқысын деп,  
Күттіріп Мұса мырза бір қыс қойған.

Сойдырып ту бие мен семіз тайды,  
Үйдіріп жан-жағына қант пен шайды.  
Алдында тіке тұрып күтіп тұр деп,  
Сатылған жалдап барған Баянайды.

Жарысып екі махлум қатар жүрген,  
Садықпен ойнап – күліп дәурен сүрген.  
Біз жүрдік екеуінің ортасында,  
Итіндей Асқап, Қаһап соңына ерген.

Не керек енді бізге ұйқы, тамақ,  
Ет жеусіз тұруымен қалды тамақ.  
Үш – ақ жанбыз ең алғаш келген жылы,  
Хазіреттен сабақ алған ала жаздай.

Сол қыста көп аурып хазірет жатты,  
Қиналып өз жанына жаман батты.  
Немене билан деген сөз бе оларға,  
Жатқа айтып, жүндей төпеп сартылдады.

Жазады үйренгенін Мәшһүр хатқа,  
Өлеңдей жүре берді соғып жатқа.  
Бір бала іштен қақсап туыпты деп,  
Ілінді жұрт аузына сол күнде атқа.

Ал, енді аға бердің болып бұлақ,  
Бермедің тындаушыға тыныс қонақ.  
Сарып, науқ деген оқу бар екенін,  
Қазақта естімеген бұрын құлақ.  
(Осы жолына Мұса үкі тақтырған)

Нұр болғыр жатқан жайың, қайран Мұса,  
Балалар шамаң келсе, маған ұкса.  
Жазылған хат жүзіне қаламменен,  
Қазақта еш болмаған өлең – қисса.

«Тарғын» мен «Қозы Көрпеш» шықпай ма енді,  
Кім білген, оқып бұрын мұндай тілді.  
Өлеңі «Төрт жігіттің» қосақталып,  
Хазіреттің үйіменен бірге келді.

Көргеннен оны Мәшһүр жазып алды,  
Соктырып жұрт алдына жатқа салды.  
Аузынан сілекейі шұбырумен,  
Тамаша естіген жан аң – таң қалды.

Сөйле депұмтылып тұр біздің өнеш,  
Тілім тағы тақылдақ, көмей емес.

Көпейдің бір баласы қақсап тұрған,  
Деп сол күн жұрт аузында болдым кеңес.

Күні еді аға сұлтан сол күнде енді,  
Баянтау қаласына Мұса келді .  
Алдына көремін деп алдырғанда,  
Тынбастан жазған Мәшһүр қақсап берді.

Парасат нұрыменен әбден білді,  
Қаққан деп Құдай мұнан көз бен тілді.  
-Мынау Мәшһүр болатын бала екен, – деп,  
Ер назары тиюмен наже қылды.

-Ей, сопы. бұл баланды жақсы бақ! – деп,  
Не болсын, мұнан артық тіл мен жақ. – деп.  
Аяумен мейірі түсіп, бұлайша айтты,  
-Балаңа бұдан былай үкі тақ! – деп.

Жалғанда аз күн тірі тұрсын дейді,  
Қандырар талай құлақ құршын дейді.  
Мынау неғып тұр деп сілтемеді,  
– Бақыр-ай, көп жасағыр болсын, – деді.

Сол күнде айтқан сөзім жұртқа жақты,  
Ерлер назар қылған соң сондай бақты.  
Қызының басындағы бір тал шоғын,  
Қолымен Бибі Мариям өзі тақты.

Табылды маған қамқор ата-ана,  
Туысқан бауырдай Мағсұм және.  
Көз ашылды, жүзіме нұр шашылды,  
Сүйкімді көрінгенге болдым бала.

Бетімді бір жан енді қаққан емес,  
Ұстазға мендей ешкім жаққан емес.  
Ұстаздың жамағаты қойнындағы,  
Қызынан бір елі кем баққан емес.

Көңілімде сайрап тұр ғой бәрі дайын,  
Менен аяп көрген жоқ көздің майын.  
Ғабдулғалым қызы Бибі Мариям,  
Аты аузымнан қалмайды жұма сайын.

Солардың сонда түскен мұхаббаты,  
Сүйсінген артылумен жан ләззаты.  
Ерден, пірден ілтипатты назар болып,  
Мәшһүрдің жұрт аузында қалған аты.

Қыс өтті, жер жібиді жердің үсті,  
Қаладан хазірет үйі елге көшті.  
Мұстафа – болыс, Мұса – дуан басы,  
Шорманның ордасына барып түсті.

Дүниеде табылған соң мұндай молда,  
Атамыз не сақтасын бізді қолда?  
Бір көк қасқа құнанға мінгізді де,  
Апарып тастап кетті тағы сонда.

Мұстафа Шорман ұлы өзі болыс,  
Ұстаған молдасы бар – молда Жүніс.  
Күтуге хазірет үйін міндеттеніп,  
Бір жазда іргесіне берген коныс.

Хазіреттен оқымайды ұсақ бала,  
Бала жоқ менен басқа тағы және.  
Мұхтасар, Шар, Ғабдолла қоса оқимын,  
Оны місе тұтпаймын деп аяғына.

Хазіреттің он жас үлкен ұлыменен,  
Және артық қадыр пұлы құныменен.  
Шорманның қоп тобына кіргеннен соң,  
Мен қалай бір жүре алам оныменен.

Мәшһүрдің жас шамасы тоғыз кезі,  
Менімен түйдей құрдас жалғыз қызы.  
Ұл мен қыз бірге жүріп көрген бар ма,  
Қаңғыды тағы Мәшһүр жалғыз озі.

Үй толы бала оқытқан молда Жүніс,  
Барады қаңғып Мәшһүр қылып жүріс.  
Барғанмен үндемей жан отыра ма,  
Шықпай ма айтысумен жанжал керіс?

Ауызын а дегізіп айттырмаймын,  
Айтырарға келгенде бастырмаймын.  
Хазіреттен естіп – білген хат сөзбенен,  
Бала түгіл молдасын бастырмаймын.

-Әй, сені ме! – деуменен кіжінеді,  
Мәшһүрдің өзіне де, сөзіне де.  
Тамам бала оқудан шығып қалса,  
Жазған Мәшһүр тапталып езіледі.

Ал, халайық, – дейді ақ түн бас,  
Мәшһүрдің бір шықпайды көзінен жас.  
Ең аяғын астынан тұрғызып ап,  
Бар болған болысқаны: – Ал, дейді, – қаш!

Маған сонда жоқ шығар тимеген қол,  
Мұстафада бықиған ұл мен қыз мол.  
Бір Ақбура хазіреттің жалшысы бар,  
Адамзатты аяйтын жалғыз-ақ сол.

Аяғанмен жете ме әлі көпке,  
Бір өшіксе көп бала көне ме епке?  
Балалықта басымнан өткен күнді,  
Қалам тізіп, сөйлеймін бәріп жіпке.

Аямастан Құдайдың бергенін біл,  
Қыздар қалды тірідей әр жерде тұл.  
Сонда аямай-ашымай қуған жандар,  
Тіке тұрды алдыма қусырып қол.

Айналайын Құдайдан қылған мұндай,  
Сол кездерде жүрген жоқ болып жымдай.  
Кім кетіпті үндемей сырт айналып,  
Тиген жанды қып-қызыл шие қылмай.

Бала жастан емдедік талай тазды,  
Саған Мәшһүр обал жоқ, өзін аяды.  
Хазіреттің үйі сонда тұруменен,  
Сол ауызға өткіздік екі-үші жанды.

Өсумен Баянтаудың қаласында,  
Құдайдың жан сақтаумен панасында.  
Не берсе де Құдайдың берген бағы,  
Сегіз бенен он бестің арасында.

Кеудеге он бес жаста ғылым толды,  
Толумен тасып кетіп өлең қонды.  
(Ашшаһырат апатұнға) таспиқ келіп,  
Апат сол – жұрт аузында Мәшһүр болды.

Кеудені кеткеннен соң өлең кернеп,  
Ой кетті, бет алдына сан-санды өрлеп.  
Бас жоқ, көз жоқ, беталды шаба бердік,  
Кім болдырып, көріпті көзі терлеп.

Біледі мұны тегіс бұл Орта жүз,  
Жаз өтсе, тақау тұрып соңында күз.  
Қыздарға тұмар ғылып тақтыруға,  
Өлеңмен ғашықтықтан қозғадық сөз.

Құдайдың, міне, шебер құдыретін көр,  
Білмедік қайда екенін есік пен төр.  
Өлеңін ғашықтықтың сезін қалып,  
Атамыз он алтыда аударды жыр.

Бұлбұлдай қақсаған күн-түн сайрап,  
Бекітіп тұра алмадық тілді байлап.  
Бала оқып, мал тауып, бір тұрмай үйде,  
Жіберді жер Сібір ғып еріксіз айдап.

Ғашықтық кем бар еді қыспай кетті,  
Өз тілім өз басыма көп пәле етті.  
Атаның қылған ісі мирас болып,  
Сонымен жер Сібір боп өмір өтті.

Жиырма тоғыз жаста Бұхар бардым,  
Басымнан арылмастай сыбаға алдым.  
Домал Хамзе қожа кездей ұшырап,  
Тоғыз ай сонда, алдында тұрып қалдым.

5 жаста бісміллә айтып жаздым хаты,  
Бұл дүние тастай маған келді қатты.  
Сегізден тоғызға аяқ басқан күнде,  
Мұса еді қосақтаған Мәшһүр атты.

Ілтипат көп жақсылар етіп еді,  
Шарапат ұстаз – пірден жетіп еді.  
Ұстазым Қамар хазірет сүйгендіктен,  
Ай, құзғын-ай деуменен кетіп еді.

Таппады жаным сая күйгенінен,  
Маңдайға тоқталмадым тигенінен.  
Домал Хамзе күліп әр сөзіме,  
– О, ай, ай, әулие-ай, – деуші еді сүйгенінен.

Қолдаған әр орында ғайып – пірім,  
Тарқаған сөз сөйлеумен ішкі шерім.  
Қайда барсам, жоқ болған бұл жаһанда,  
Ұстазға жек көрінішті болған жерім.

Деп кеткен біреу – жынды, біреу – бақсы,  
Бір кісі көпке қалай ұнамақшы?  
Ташкенттегі ұстазым осы күнгі,  
Біқласымды көш алып көрген жақсы.

Жаңа шығып келеді ащы терім,  
Бүктетілін, шабуға жетпей жерім!  
Күндіз-түні басыма пана болған,  
Қожам Баһуалдин – қаміл пірім!

Жүрген – тұрған жерімнен пәле кашқан,  
Тас болып, қанша қиын таудан асқан?  
Жанкешті кір қыдырған, су сыдырған,  
Қыдырлық қыдырғанда ізін басқан.

Қаңғырып жүргендіктен жүрген саяқ,  
Жерім көп әр орында жеген тамақ.  
Құдайға шүкір хақтың пендесімін,  
Мейірбан төккен лутпын аямай-ақ!

Инша Алла жоқ сөзімде биттей жалған,  
Аузыма сөздің шынын тәңірім салған.  
Құтты қандай есепсіз көп болса-дағы,  
Тағы өзі қаһарына сондай алған.



Жалғанда күйіп текке жасаған жас,  
Бойыма өмір бойы бір сіңбес ас.  
Ырзалық қылған бәрін ием өзі,  
Жаратқаны, қысқаны бәрі бір бас.

Мен өленді өмірімше өттім қоймай,  
Жібермес, семіртумен және соймай.  
Қайғы ғой бала жастан құмар ісім,  
Беруші өзі болған соң, тіпті, тоймай.

Ей, Алла, айналайын бергеніңе,  
Ғибратпен шын ықласпен көргеніңе.  
Керексіз бұл жалғанға қылдың бір жан,  
Жүдеме қажып ешкім өлеңіме.

Өлең саған кім айтты қанығады,  
Түсінбеген сөзіне шала ұғады.  
Тұра берсең жалғанда бұл қалыппен,  
Қатын – бала күтуден жалығады.

Бұл сөзімнің бәрі шын, жалғаным жоқ,  
Жолығумен, тіпті, өзім қалғаным жоқ.  
Бұл жалғанда көңіліме алған істі,  
Қолым жетіп, ешбірін алғаным жоқ.

Өмірімше болмай маған тойым өтті,  
Хат – қаламым, өленім жылқы, қойым.  
Мен дегенде жан біткен теріс айналып,  
Орнына көп көрген жоқ ешбір ойым.

Бұхар бардым, еңбегім сонда қалды,  
Ташкентікін жолдағы ел ұрлап алды.  
Қыдырсаң да дүниені таба алмассың,  
Бір еңбегі жанбаған біздей жанды.

Кім-кімменен бас коссам баска,  
Үйде отырып жоримын өш пен қаска.  
Үйде, түзде күн кештім жалғыздықпен,  
Жари алмай өмірде бір жолдасқа.

Деп ойлап алданбайын болмашыға,  
Білуші едім бала күннен қарға – шаға.  
Кеудеден қуат біткен кетіп қалып,  
Жерім жоқ, хош көрінген ұрғашыға.

Жоғары қарай беріп төмен бақпай,  
Өзімді – өзім жасқаншақ қылып қақпай.  
Қара құлдың жұмысын қылмаған соң,  
Қатын деген халық жұртқа қалдым жақпай.

Берген өнер Құдайым тіл мен жақтан,  
Бұл шын сөз, біледі жұрт мақтан.  
Тіл мен жақтың қатынға керегі не,  
Құлды артық көреді мал бен боқтан.

Наданнан басыңды алыс қылып сақтан,  
Берілген ғылым – хиқмет маған Хақтан.  
Ақ жағынан көретін көздер жоқ боп,  
Өңшең соқыр қарайды қара жақтан.

Жүсіпті ақ жағынан Жақып көрді,  
Қырық жыл жылап көзі ағып, өмір сүрді.  
Қара жағын көруімен ағалары,  
Жойылтып жоқ қылуға аңдып тұрды.

Керуенге бақыртумен құл деп сатты,  
Мысыр барып зынданда нахақ жаты.  
Зылиха ақ жағынан көріп қалып,  
Өрт болып, өзді-өзінен күйді қатты.

Бір жағың-ақ болғанда, бір жақ-қара,  
Тәңірің солай жаратқан бар ма шара?!  
Қара жақтан қара туы ортасында,  
Жалғыз қалдың сопайып, ей, бейшара!

Білгенге болды тамам, енді сөз жоқ,  
Елуден астың анық, саған жүз жоқ.  
Тұр мейілің бұл жалғанда, жөнел мейілің,  
Ақ жағынан көретін бірде көз жоқ.

Жаудың басы өз нәпсісін бермейді ерік,  
Қосақталып маған жүр оған серік.  
Қанша айналсаң Құдайдан аз-ды саған,  
Дұшпаның осынша қылған жерік.

Білмей жүрсін жүгіңді мойныңдағы,  
Өмір бойы қанбаған ойның-дағы.  
Қара жатқан қақ басы қараушының,  
Өмір жолдас қатының қойныңдағы .

Қартаюмен жастарға болдың суық,  
Бас орнында бұл күнде үрген қуық.  
Емен болсын, көтерсін қалайша үйді,  
Іске жарап, жалғанда жалғыз уық?

Жүрегіңнің басында қалды дағың,  
Күннен-күнге жуықтап, өлер шағың.  
Ақ жағыннан көруші жақ-жақ болып,  
Аймағыңа айқын боп, қара жағың.

Бұл жалғанның жүзінде көңілің өсті,  
Көрінгеннің жұртында қалдың көшпей.  
Қашан көзге көрінген асыл нәрсе,  
Асылдыктан қор болдың, көзге түспей.

Бала күнде тасумен кеудең нұрға,  
Мастыкпенен түсіп кеттің талай сорға.  
Шарқ ұрып, ұшып жүрген дер күнінде,  
Зирек құстай жаңылып түстің торға.

Еске түсті-ау басымнан кешкен күндер,  
Талай уынан жалғанның ішкен күндер.  
Бопаламдап ішімде кетіп жатыр,  
Неше түрлі көкейде кешкен күндер.

Тіршілікте көрсетті мұның бәрін,  
Сен қазбалап сұрайсың соның бәрін.  
Тілің сөйлеп, жүресің ойлағанмен,  
Қайда жеткен созғанмен қысқа қолың?

Текке шаршап, зарыкпа, қызыл тілім,  
Салғанмен бейнетке ғылым – білім.  
Зеректің сазасын көп тартумен,  
Қақсауменен дамылсыз өтті күнім.

Жарық сәуле көре алмай, бір таң ата,  
Кеткен күнді айтасың, қашан баты?  
Сату, сопу жағынан жарамсыз боп,  
Қойға ере алмай қотанда қалдың жатып.

Арам болды жалғанда біздерге базар,  
Тірідей көрге түсіп, болдың мазар.  
Міне, осындай мән-жайы кәріліктің,  
Шарапатты ерлерден тиген назар.

Мәшһүр Жүсіптің 54 жаста жазғаны. Жолмұрат қолжазбасынан көшірген – Төлепберген Алдаберген.

## Кебектен қалған Ермектің қиссасы

Өтіпті бізден бұрын Еңлік – Кебек,  
Ғашықтық ажалына болған себеп.  
Қазақтың қан кешей дәуірінде,  
Айырған арсыз әдет қолын бөгеп.

Арсыз жан арнасынан шықпаған соң,  
Қалаиима қасық қанмен ішпек – жемек.  
Судан сұлу ерлердің ертегісі,  
Қайғынды қашырмай ма бойдан демеп.

Ерлерді айтсам, елжіреп ет жүрегім,  
Сыртынан армандының бір сөз демеп.  
Екі жас қосыла алмай өтіп кетті,  
Аз да болса айтылған сертке жетті.

Өлшеулі ғұмыр дәмі таусылған соң,  
Топырақ жапты әжімсіз ақша бетті.  
Шыңғыстау басы биік мұңарланған,  
Етегі сағым жүріп шұбарланған.

Сан қырат саясында қиқу салып,  
Басына ұялауға құмарланған.  
Сол таудың үңгірінде бала қалды,  
Жергөкте тәрбиесіз шала қалды.

Қайғының қара аспаны қаптаған соң,  
Шырағы жетімдіктің және қалды.  
Ізінше саясында мекен қылған,  
Бұлаңдап түлкі қашқан сала қалды.

Жанында жас баланың жаутаң қағып,  
Бүркіті тұғырында және қалды.

Алайда елдің көркі ер емес пе,  
Ер Кебек еркін жүрген дала қалды.

Баланы тастап кетті ессіз Найман,  
Есалаң Ер қадырын білсін қайдан?  
Жазықсыз жас сәбиді тастап кетті,  
Қарамай обалына өңшең хайуан.

Баланың нағашысы білді мұны,  
Жиенін алып келді дәл сол күні.  
Жәрдемсіз жалғыздығы еске түсін,  
Қоркады Наймандардың шықпай үні.

Жиенің – жұрағат, – деп алып келді,  
Құдайға мінәжат қып налып келді.  
Жолшыбай Ермегім деп атын қойып,  
Мал – жанын құрбан қылып шалып келді.

Сол сөзде (сәтте) Қабанбайға жетті хабар,  
Жасырып, Тобықтыға жетті хабар.  
Бір тұқым Кебек ерден қалды деген,  
Жел айдап төрт тарапқа өтті хабар.

Мұны естін, ер Қабанбай толғанады,  
Құрметтеп хабаршыны қолға алады.  
Қайғы көріп, қайғырған кәрі жүрек,  
Шатлық үзіп, қайғысы сөл қалады.

Ер хабарын естумен өліп кетсем,  
Өлсем қайғы жүректе мол қалады.  
Хақ жарылғап, жағылар сөнген шырақ,  
Өсірген тәрбиелеп сол баланы.

Кәрі адам қуанса, ғарып болған,  
Шалаштың арты, үнгір – алды.  
Ермектің қаны есепсіз кетпеуіне,  
Артында есепсіз боп бұл қалады.

Соны айтып жолбарыстан қырдан асып,  
Жас ағып кәрі көзден сорғалады.  
Дәулеті жаннан асқан Қабанбайдың,  
Өзі бай, өзі батыр, Маман байдың

Сол кезде қасиеті артық еді-ау,  
Құны жоқ қартайған соң, қайран шалдың.  
Қабекең ат шаптырып, жұртын жиды,  
Қайырлы хабаршыны беріп сыйды.

Ер жетін Ермек келсе, малым бар деп,  
Аманат тапсырыңдар мал мен үйді.  
Ер орны ессіз қалмас деген бар ғой,  
Көзімнің көруші Алла жасын тыйды.

Өлеумет Хақтан ажал сұрап едім,  
Айтқан зарым Аллаға ақтан тиді.  
Екі-үш күн ел жұртымен амандасып,  
Опасыз сұм жалғаннан жанын қиды.

Жан кетіп, жан орынға жатпақ болды,  
Ақ шаңқай кіршіксіз киім киді.  
Елсізде ер Қатекең жата тұрсын,  
Көп айтып шайқамайық басын енді.

Қызық дүние, шіркін, піскен алма,  
Көз тоймас, көрге кірмей дүние – малға.  
Қызыл тілім қырындап тағы келді,  
Баланы асыраған Найман шалға.

Баланы асырады шал мен кемпір,  
Құрметтеп шаһар, шарбат, балмен кемпір.  
Жалғандағы жалғыздың тұяғы деп,  
Зинаттап киіндірді шал мен кемпір.

Әділ Құдай аясын кемпір – шалды,  
Ермектен екі өгізді бұрын өлтір.  
Жылысып мезгіл өтті жылды айдап,  
Еркелеп Ермек жүрді еркін ойнап.

Көркемдігі көз тартып жылдан жылға,  
Сүйіп тұр маңындағы түгел аймақ.  
Тілегі кемпір – шалдың қабыл болды,  
Он жасқа толды бала оттай жайнап.

Ойыннан күндіз – түні босамайды,  
Қасына бала жинап түгел сайлап.  
Тасты – мылтық, таяқты – найза қылып,  
Ұстатып бала басы бір-бір сайғақ.

Таң атып талмау түсте жылқы келсе,  
Балалар тай мінеді жайдақ – жайдақ.  
Төбелеске бергісіз ойынменен,  
Келместен кешке дейін кетеді ойнап.

Бар екен бір кемпірдің жалғыз ұлы,  
Әрі таз, әрі соқыр, аты –Қойбақ.  
Сол күні шаршадым деп келмей қапты,  
Жиылып тамам бала болды соймақ.

Ермектен бала қалмай жүр деген соң,  
Сол күні келмей қапты соқыр бейбақ.  
Жай қыран жата мерген Ермек мықты,  
Ержеткен ересектің бәрін жықты.



Мезгілді уағында тамам науша,  
Ойнатып ойнамаққа тағы шықты.  
Кешегі келмегеніннің кесірі деп,  
Қойбақтың қылбыраумен санын сықты.

Қойдан жуас Қойбақты тамам бала,  
Алып соғып, астынан көсеу тықты.  
Жалғыз көзін шығарып, жарым қылып,  
Кемпірдің кепесіне қуалап тықты.

Балалар бағынады Ермегіне,  
Қол созған жаңа талап өрлігіне.  
Тазды қуған қалыппен тамам бала,  
Кемпірдің кептеліпті өрмегіне.

Аузынан көбік ағып, кемпір шықты,  
Есіктен көтін саптап төрдегіні.  
Қозғады баяғы өлген әкесінен,  
Қарамай, тірі жүрген жердегіні.

Ақшоқыда атаусыз өліп қалған,  
Тірілте ме Қойбақ барып көрдегіні?  
Жан алғып, Ғазреил Қойбақ болып,  
Көшусіз ата-ананды тергеді ме?

Кебіні жоқ, көрі жоқ, Кебек – Еңлік,  
Қубасын Қойбақ алып бермеді ме?  
Найманның нан мен тұзын айыра алмай,  
Қу жетім, шап қолтығың терледі ме?

Шұнақ құл шуылдатпай, әкең ді тап,  
Тілімнің ұшырадың кермегіне.  
Кемпірден керемет сөз естіген соң,  
Оқ тиді Ермек ердің шербетіне.

Жан тұрмас жауыз кемпір келбетіне,  
Оқ тиді кермедегі ер бетіне.  
Қақиған қара жағал қақпас кемпір,  
Қарамастан қылып кетті ел бетіне.

Жұлына жұла тиіп бір сөзі,  
Қарамай жатып қапты жер бетіне.  
Ермектен ойын – күлкі, сауық қалды,  
Ми толқып, ақыл ауысып, талып қалды.

Жеті бас желкесінен қапиядан,  
Қапа ғып қара қаншық қауып қалды.  
Ермекке сөз өкпеден өтіп қалды,  
Айтқан сөз, атылған оқ кетіп қалды.

Елбіреген денесі езілген соң,  
Тұңғыық ой түбіне жете алмады.  
Жас бала жабырқаған, жаны күйген,  
Жылайды сағат сайын шығып ойдан.

Кемпірмен шал кемсеңдеп уатса да,  
Жолбарыс жұбанбайды мылтық тиген.  
Бір күні Ермек жылап:-Атам, – деді,  
Айтатын бір сөзім бар қатаң, – деді.

Жас емессің, отырсың жар басында,  
Ақ сөйлеуді алдына тартам деді.  
Бір Құдай, екі аруақ төбеңде тұр,  
Жалғыз жан көкіректе, төбеңде тұр.

Кешегі кемпір тыққан семсер пышак,  
Айтпасаң, алынбайды жебеде тұр.  
Қай күні қараңғы үйге саламыз деп,  
Әмір жоқ ажал деген неме де тұр.

Мен кім, қайдан тудым, қайда болдым,  
Затым кім, қай нәсілден пайда болдым?  
Кешегі кербез басып жүрген шақта,  
Аталып жалғыз мырза пайда болдым.

Атеке, Құдай – жалғыз, құран – шын,  
Көрмейсің гадалдықтан Хақтан қысым.  
Осымен өз денеңнен шыққан болсам,  
Неліктен құл аталып шықты есімім?

Атым кім, олардың аттары кім,  
Ақсақал, шын айтыңыз Құдай үшін.  
Естіп Ермек сөзін шалдан састы,  
Қамаулы қорадағы мал да састы.

Бала жоқ, бақташының малы ғой деп,  
Көзінен қаны аралас төкті жасты.  
Айтпасқа амалы жоқ, қысылды шал,  
Жалғызы иманына қамшы басты.

Өткен күні елеместен екі көзге,  
Ескірген ескі, жыртық әмірін ашты.  
-Ермегім, не болмайды ер басында,  
Ерге жұпын жара ғой дер басында.

Серпінің сегіз болған серке санным,  
Отырмын омақатып өр басында.  
Серікті селкілдетіп сексен келді,  
Отырмын ажал тосып көр басында.

Сенген балам сен едің қартайғанда,  
Сұм өлім сұмырай болып әр тайғанда.  
Тау құлатқан талайым талқан болып,

Бойымнан – күш, қойнымнан – жар тайғанда.  
Өжет жүрек, өр кеуде өткелі жоқ,  
Қанбадым қара шайға-ай қартайғанда.

Алпыс екі тамырым тастай қатып,  
Сұлу жүз сұрғылт тартып, қан тайғанда.  
Ертең қалмай ма иесіз мал,  
Ажал келіп, алып-соғып жан тайғанда.

Батырдан пайда болдым, бітіп дәулет,  
Жалғанды жалпақ басып қылдым сәулет.  
Қуат жоқ, бітіп қалдым, қурай шал боп,  
Отырмын отқа қарап тиіп қаумет.

Арғы затың –Тобықты, әкең-Кебек,  
Жасырмайын берген соң үзік мәулет.  
Еңлік – анаң, жалғызым, менен туған,  
Тұқымың сонан қалған болып – әулет.

Жүректегі дертімнің дерегінен,  
Айтуға саған келді бүгін нәубәт.  
Кебек батыр Еңлікті алып қашқан,  
Шыңғысты паналауға берік тау деп.

Екі жұрт осы сөзге егер болды,  
Тобықты толықсыған жиын дау болды.  
Кебексіз малға бітім болмайды деп,  
Қамаған Қабанбайды қалың жау кеп.

Тобықты аз, Найман көп боп, басымдаған,  
Есалаң ылғи есер тасырлаған.  
Табасың тақыр таза қыламыз деп,  
Есепсіз есер Найман басылмаған.

Қартайғанда қажытты Қабанбайды,  
Ер еді басынан сөз асырмаған.  
Далаға шығармады жанды Найман,  
Төгуге бел байлады қанды Найман .

Қатын – бала қактығып, зар жылады,  
Жасанған жау, көк темір, сауыт сайман.  
Осындай егес заман елге батқан,  
Жау жүр жүрегіне қан қатқан .

Бір кісі үшін өлмейміз деп тамам жұрты,  
Кебекті бермек болған тауда жатқан .  
Мұны естіп, Найман үймелеген,  
Есерсіз ел бола ма кимелеген?

Құлдан шыққан екеуін қолға берсең,  
Бізден қорықпа басыңды име деген.  
Тауып берсең, табанда бітім қылып,  
Қазір қайтып кетеміз үйге деген.

Ел еңіреді Найманның жауызына,  
Обал – сауап кірмеді аузына.  
Қаны қара қабаннан қасың болса,  
Кім сыймады тарының қауызына.

Тобықты айтты: – Найманға қылдың қыспақ,  
Жазығы жоқ, рахымсыз жанды қинап.  
Тамам жұртты қалдырмай қарсаң-дағы,  
Кебекті бере алмаймыз қолдан ұстап.

Найман айты: – Табамыз өзімізге,  
Жалғыз-ақ жатқан жерін берсең тұстап.  
Амалсыз айтты ердің жатқан жерін,  
Мергеннің мертікпеген ақ бөкенің.

Тандығын талмау түсте көрген жерін,  
Қызыл орман түлкінің қылмың еткен.  
Бүркітті қия шатта бүрген жерін,  
Дәл сілтеп, Шыңғыстау жатқан жерін.

Сәтсіз қоныс – қазаны тапқан жерін,  
Еңіреп қосылған екі ғашық.  
Ажалдың ақ семсері шапқан жерін.

Лап қойып тамам Найман аттанысты,  
Таптық деп көңілдері шаттанысты.  
Түнерген қалың ерге түнде келіп,  
Ұстауға таң атқан соң саптаныпты.

Таң атып, торғай шықты көлге шырқап,  
Ән салып, алуан – алуан күймен жырлап.  
Қараңғыны көтеріп, қамап тұрған,  
Айлалы жарық сәуле жерден ырғап.

Жер бетіне қалдырмай қараңғылық,  
Күлімдеп күннің көзі кетті қырлап .  
Сақардан Найман тұрып, биікті алды,  
Қарауыл кезеңдегі иықты алды.

Қоршаған қол қорған боп айналасын,  
Ер Кебек кетпестей ғып тұйықталды.  
Еңлік – Кебек сол жерде шейіт болды,  
Үмітім отқа түсіп, күйіп қалды.

Ермегім, әрбір жұмыс бір Құдайдан,  
Көп айтсам, дерт қуады осындайдан .  
Ажал оғын оқтатып келген күні,  
Қазаны қайтара алмас күш пен айлаң.

Кезенген екі жауын өлтірген соң,  
Шаттанып шабуменен қайтты Найман.  
Мен сені дәл сол күні ұрлап алғам,  
Еңлігім емшегін берген, жатып сайдан.

Серік деп сенен басқа сенерім жоқ,  
Амал жоқ, айырылған соң күн мен айдан.  
Қайғыдан өлмейді екен адам ұлы,  
Басқа келсе, көнеді Хақтың құлы .

Қанмен бірдей жалғызым жалынған соң,  
Жасырып не қылайын айтпай мұны.  
Жаяудан –шаң, жалғыздан – үн шыға ма,  
Көп тентек көлге сисе, мін шыға ма?

Бас білмейтін надандар басын косса,  
Шайтан билеп алған соң шын шыға ма?  
Өлді ер, қуанды жер, құшақтады,  
Мезгілсіз батып кеткен күн шыға ма?

Мұны естіп, Ермек ердің ості дерті,  
Әрине, мақсұт таппақ жүрек серті.  
Сөндіруге қуатын келтірмеді,  
Қайғының тауға түскен қалың өрті.

Айтқан сайын Ермекке кетті батып,  
Сұрап алған қайғысы шалдан сатып.  
Асқар тау тап үстіне құлағандай,  
Тұра алмастан орнында қалды жатып.

Аздан соң түре келді есін жиып,  
Адам азбай тұра ма басса күйік?  
Ел табуға көңілі елегізіп,  
Қайраттанды көзінің жасын тыйып.

Іште – өрт, жүректе – дерт, жаны – жара,  
Тұратын жөні бар ма тәнге сыйып?  
Ерттеулі Ермек ердің бір аты бар,  
Жылқыға жібермейді көзі қиып .

Түсі қара мақпалдай, құйма құлақ,  
Ой желке, қамыс құлақ, жады сұйық.  
Желіксе, жер басқанда оздырмайды,  
Көргенді таңырқатып соққан киік.

Қылмиған қыздан нәзік аты болса,  
Тұрмайды қай жігіттің жаны сүйіп?  
Еліктеуге Ермек ойдан шығып еді,  
Жануар оқыранды басын иіп.

Жанымдап, жан жолдасым жануар деп,  
Жалын тарап, кекілін қойды түйіп.  
Аудармай дүние бітті жүрмек болды,  
Сапарға даярланды киім киіп.

Жолбарыс жолға түсіп, жортпақ болды,  
Бетке алып Шыңғыстауын басы биік .  
Орнынан түреғелді қыршын Ермек,  
Сенделіп, сең соққандай қыршын Ермек.

Құл деген сөз шыққан соң, құн бола ма,  
Бұл елде қалай шыдап тұрсын Ермек?  
Ата-ана, ақ батаңды аямай бер,  
Өлсем де өз елінде жүрсін Ермек.

Қиылып, жылап тұрған қыршын ерке,  
Әрине, шал міндеті – бата бермек.  
Шал сенделді, жылады, Алла деді,  
– Жалғызым, шын кеттің бе, пәле-ай! – деді.



Аялап асыраған асыл тегім,  
Қалды ма сусынымыз қанбай, – деді.  
Қарт болғанда, мерт болып дұшпаныма,  
– Еңбегім еш болды ма жанбай? – деді.

Кәрі үмітім өштің бе өркендемей,  
Жел соғып, сөніп қалған шамдай.  
Сенен қалып Ермегім ел болам ба,  
– Мені Құдай қайтеді алмай ?-деді.

Кебін киіп, отырған кемпір – шалың,  
– Кеттің бе топырағың салмай? – деді.  
Бауырымның парасаты мінекер көшім,  
Жапанда қалғаным ба шалғай? – деді.

Аусар ажал айбатпен келген күні,  
Басыма күн туады қандай ?-деді.  
Әрі болсаң, айналып, әлімді біл,  
Жалғызым, жолың болсын жандай, – деді.

Шалыңыз шамырқанды дұғаға көтерді қол,  
Дұлжалал, түпсіз дариядай рахматың мол.  
Қырық шілтен, Қызыр Ілияс, жеті Мұбарак,  
Жортқанда жолықтыр ма қатерлі жол?

Көп пайғамбар көмектес көгертуге,  
Жалғызды жабырқатпай жәрдемі мол.  
Патшалардың патшасы барша Құдай,  
Өлерімнің шағында тілеуім сол!

Шамсыз шал мен кемпір – екі жетім,  
Қорғасындай бақытты қатқан етің.  
Егілін жылап тұрған екі байғұс,  
Алақанмен ойпатты, шалбар бетін.

Толқытты, толықсытты, Ермек ерді,  
Іш қылып, ағызады ащы терді.  
Шамырықты шырқаты шалдың сөзі,  
Қайғы үстіне қан құсып, екі шерді.

Шамасыз шалмен, кемпірмен қош айтысып,  
Қайда? – деп, Шыңғыстауы жүре берді.  
Ел дегенде түңіліп, елегізіп,  
Екпіні елемеді қыр мен өрді.

Қайғыдан қанталаған екі көзге,  
Ай – аппақ, астын әрең көрді .  
Талмай жүріп, тақалды ел шетіне,  
Маурап шал, жусаған ел шетіне .

Ермек те екпіндетіп жетіп кепті,  
Ауылға оқшау қонған қол шетіне.  
Жан бар ма жолаушымын сөз беретін,  
Ғарыпқа кешіктірмей тез беретін.

Алыстан аңсап келген елім бар деп,  
Жарықта ел табуға көз көретін.  
Шаңқай боз бір шал шықты үйден тысқа,  
Көпті көрген көне еді сөзге ұста.

Амандасып, болған соң сөз сұрайды,  
Осал шал көрінбейді ойы қысқа.  
Ермектен екі көзін айырмайды,  
Сынап тұр өз әлінше текті құсқа.

Қайдан келген баласың, қай нәсілден,  
Қандай жанмен таныссың осы тұста?  
Алдайтын алмақ шал жоқ анық сойыл,  
Бойыңнан білініп тұр ерлік нұсқа.

Ермек айтты: – Жарайды, отағасым,  
Үлкен адам қартайар, жұтар басын.  
Еркектің екпінім жоқ ол сынайтын,  
– Сынамай, тез айтыңыз, отағасым.

Затым – құл, Тобықтының кірмесі екен,  
Жанашыр жақыным жоқ аталасым.  
Найманның мал шетінде туып – өстім,  
Қазірде он сегізде менің жасым .

Ер білетін ер болсаң, іздеп келдім,  
Найманда көбейген соң, достан қаштым.  
Найманның шығып едім бақыр басым,  
Ақсақал, айта берсем, қайғым ауыр.

Жөн сілтеп, жолаушының жолын көрсет,  
Жылан да жылы жерді көрер тәуір.  
Ауылын тура көрсет Қабанбайдың,  
Білмеген жолдың жөнін таба алмаймын.

Қойдан жуас қонақпын, шаршап келдім,  
Жайлы болса, сол елде тағандайын.  
Қонақ жайын білмейтін қулар болса,  
Түйесін Тобықтының баға алмаймын.

Ел дегенім жел болса, тұрағы жоқ,  
Тамырсыз тасқа қазық қаға алмаймын.  
Іздеп келген бейнетім зинат болса,  
Аруаққа бұғаны қоя алмаймын.

Ұл болсам, бұл Тобықты іздер еді,  
Құлдығымды жасырып тана алмаймын.  
Аруақсыз, атаусыз қалған жанмын,  
Жұрт білетін мінімді жаба алмаймын.

Ер дегенде елігіп алақтануға,  
Ақау бар аяғымда шаба алмаймын.  
Осындай жазылмайтын науқасым бар,  
Түгесіп қайсыбірін тамамдайын.

Ауылын тура көрсет Қабанбайдың,  
Өнімсіз, бос кеңесті қаламаймын.  
Шал айтты: – Сөзің – асыл, ақыл –затың,  
Терең сөзбенен тербеттің жүрек дертің.

Атамыз ел іздеген бозбалаға,  
Ой болмай, бақ қона ма екі нағым?  
Жастықта ер басына не келмейді,  
Келтірмес қайғы ойласаң, көңіл шатын.

Бұл елде мен білмейтін адам бар ма,  
Естимін айтшы, кәне, әкең атын?  
Үйге түс, қонағасы іш, атың шалдыр,  
Қалмасын мойнымда мейман хақың.

Ермек айтты: – Құлақ сал, шалым, – дейді,  
Жасырмастан айтайын тегін, – дейді.  
Арманда өлген әкем әңгімесі,  
Ішіме қайғы салды мәңгі, – дейді.

Еңлік – Кебек кемдік пе өлгендегі,  
Найман мен Тобықтыға мәлім, – дейді.  
Арқан тағып мойнына арсыз Найман,  
Қарамай көз жасына залым, – дейді.

Шыңғыста шырылдатып кескілеген,  
Алла деуге келтірмей тілін, – дейді.  
Осындай уақыт қайғы еске түссе,  
Қандай жүрек болмайды жалын? – дейді.

Қарт Қабанбай жатқан соң қара жерге,  
Тобықты кеткен жоқ па сәнің, – дейді.  
Осындай жараланған Кебегіңнің,  
Пысық шал жоқтадың ба қанын? – дейді.

Содан қалған жалғызымын, атым –Ермек,  
Күйіп тұр сөйлеуге жаным, – дейді.  
Шал түсті шалқасынан: – Қалкам, – дейді,  
Жалғызым, амансың ба, маркам? – дейді.

Есен – сау, есің барда елді таптың ба,  
Жолыңа жаным құрбан атаң, – дейді.  
Өшкен шырақ, өлгеім тірілдің бе,  
Өрісім, кеңейдің бе, арқам ? – дейді.

Торқасы той, толқынды топ жиямын,  
Көкпар қылып кокек тартам, – дейді.  
Тамақсыз жүре алмайтын аяқтарым,  
Алшаң бас адымыңды талтаң, – деймін.

Ер таппай, ентеленген кәрі жүрек,  
Талды ма Ермек келіп қалтаң? – деймін.  
Жел жағымда желегі желпін болып,  
Жау жағым қалып еді жалтаң, – деймін.

Ер келді, ел көркейді, бой жасады,  
Қырық күн қиратып той жасады.  
Қой орнына өкіртін өгіз сойып,  
Кедейлер кербез басып бой жасады.

Ақындар да жиналып әнге басты,  
Бишілер де сандалып биге басты,  
Жан кірді жамағаттың денесіне.

Шамасыз шал болмаса шүйке басты,  
Естіген алыс – жақын келіп кетті.  
Емі жоқ екпінді ажал безіп кетті,  
Киім кірлеп, тон тозған жолаушылар.

Қызыққа белшесінен жүзіп өтті,  
Мол талаппен Найманнан келген адам.  
Ел болудан үмітін үзіп өтті,  
Шебер тіл, шешен таңдай, ұзын өзек.

Тоқтамас көпті көрсе бойын безеп,  
Наймандағы намысын оятуға.  
Қызыл тілім қырындап келді кезек,  
Сындырмас сырды таңдап ердің сағын.

Шебер тіл, шешен қоймас жігіт бағын,  
Елде көп, есін жинап, Ермек батыр.  
Салтанат пен сәулетіп көрді тағын,  
Қызбен қызық қызарып қатар тұрса,  
Ақылсыз арзан берер қызық шағын.

Бір күні Ермек бала елін жинап,  
Айтты Тобықтыға жазу жағын .  
Мөлдіреген көзінің жасын алып,  
Құнсыз өлген әкемнің айыпты дағын.

Ермектің көз жасына жан қиналды,  
Қайраты қажыры бар қан қиналды.  
Естіген боз баланың бойы суып,  
Тамыр тасып жүрекке қан жиналды.

Тобықты: – Толықсын Ермек, – деді,  
– Еңіреттің Ер Кебекті тербеп, – деді.

Адамға өлмек парыз, намыс – қарыз,  
Борышты төлеу міндет керек, – деді.

Жалғанда жарыққа ортақ жан бейнесі,  
Хақиқат ажал ойын көрмек, – деді.  
Ермегім, елің даяр елжіреген,  
Құлашын бозбаланың сермеп, – деді.

Жасақ жинап, жастардың күшін сына,  
Ермектің еркін, дертін сергіт, – деді.  
Ер деген ел саңлағын жыйып алды,  
Соғысқа керек деген қиынды алды.

Атасы Қабанбайдың ақ сауытын,  
Үстіне бісмилла деп киіп алды.  
Тас түлек тәукел деп буды белін,  
Екі жүз жігіт алды жинап елін.

– Шыңғыстауы қайдасың? – деп, жүріп кетті,  
Ежелгі еске түсіп некен өлім.  
Тарқатты тар кезенде Ермек дертін,  
Сарнатты, шалқындатты шын дертін.

Қамданды, қажырланды, қайраттанды,  
Денеге күшін жыйып емін – еркін.  
Қар жауып қабығынан, беті суып,  
Қала ма қап түбінде қайрат шіркін?!

Қан тамыры қарайып, аузын ашып,  
Қара жүрек қамданды дүркін-дүркін.  
Қаңтардағы бурадай қалшылдайды,  
Айбаты ашу басып айқын көркін.

Ер болсаң, Ермектей бол, ел сынасын,  
Бір туған азамат өлмек бір күн.  
Ермек те көз жіберді жауға қарсы,  
Екі жақта биікті алмақ тауға қарсы.

Қарсаңда қалың Найман қаптап жатыр,  
Ажалды балықтай – ақ ауға қарсы.  
Қара көзін қан басып, түгі шығып,  
Арыстан ақпақ болды жауға қарсы.

Қарауыл мен тұрындар, болма қапыл,  
Адамға үлкен қару – әдіс, ақыл.  
Бет пернесі сынбаған берік дұшпан,  
Жаңғыз барып кірісуді көрді мақұл.

Кемітілікпен Кебек өлді, көрдің намыс,  
Екі қоңыр деген сөз кеті дыбыс.  
Ашу мен ыза қысып тұла бойды,  
Ұзақ түн тоқтамастан қылсам шабыс.

Осы дертім тоқтамас өзегімнен,  
Алланың аманатын қылмай табыс.  
Адан найза ақымақ, оқ алғыр қылып,  
Жігіттің мүшесі ғой ұрыс –қағыс.

Ажал деген айбатты айда кырғи,  
Аңқау аяқ иірім бассаң шалыс.  
Уақытша ...бол, қарындастар,  
Бойға иіріліп жер қойнынан Ермек алыс.

Өсімтал жаңа миуа атқан шешек,  
Өрге ұмтылады өлімді қылмай есеп.  
Елінен Ермек шықты деген хабар,  
Найманға жетіп қапты жүйрік өсек.



Ұшқандай ұшан теңіз ұшқыр хабар,  
Қаптады қара бұлттай кесек-кесек.  
Сумандаған суық сөз таналған соң,  
Жиналды тамам Найман кесек – кесек.

Бұрын барып Шыңғыстың тауын алды,  
Қорқақ жүрек қобалжып қауып алды.  
Ермектің асыраған нағашысының үйін алды,  
Қой дейтұғын қожасы жоқ надан Найман.

Оп – оңай олжа малды тауып алды,  
Қособа деген жерде жатты толып.  
Ер деген еркек – әйел басын қосып,  
Қалың жаудың қарасын көргенменен.

Ермек те сескенбейді жаны шошып,  
Ермекті Қособадан тосты Найман.  
Қалың қол, қара тобыр ақ қанат жайған,  
Жау жағын жарыққа сап жанталасып.

Қарауыл қарап тұрды сансыз сайдан,  
Ермек ер келеді деген шуда шықты.  
Келді жау, кезек деген дау да шықты,  
Есалаңдау есерлер босқа шауып.

Алқынып ат шабынан бұ да шықты,  
Ермек шықты Шыңғыстың даласына.  
Жақындап Ақшоқының саласына,  
Кебек өлген кезеңге таңалғанда.

Жас толды екі көздің шарасында,  
Толқынды, толықсыды, толғанды Ермек.  
Мынау жатқан ата-анам,  
Қозы Көрпеш Баяндай.

Күйіп жансын жүрегім, шакқан қайғы шаяндай,  
Тоқтауға келмес ыза күш,  
Қылышым қанға боялмай.

Ермектің жауды көріп есі кетті,  
Ісіп көрген пенденің түсі кетті.  
Орғып, оқшау шығып жолдасынан,  
Шыңғыстың шын биігін кесіп өтті.

Мұны көріп Найманнан шу да шықты,  
Келді жау, кезек деген дау да шықты.  
Қалды шат, тар кезеңде бір шайқасып,  
Көпірін көк жиектен шу да шықты.

Ермек шапты, қарсаң-ды, қабақтады,  
Шетінен шетей шауып сабақтады.  
Мың қойға жалғыз тиген аш бөрідей,  
Қия шауып қылышпен тамақтады.

Басын баудай түсірді балуандарды,  
Мойнын бұрып артына қаратпады.  
Қасы, құлақ қанатты қара тұлпар,  
Жылмиып жылға түбін жанатпады.

Тура келсе, құлатпай жібермеді,  
Талай кулар туралып салақтады.  
Күн батқанша Найманды науат қылып,  
Кім өліп, кім қалғанын санатпады.

Құйылды, көтерді Ермек осы кеште,  
Еңреді ата-анасы түсіп еске.  
Қырдан аққан қызыл қан судай болды,  
Қоспады Наймандардың жүзін беске.

Орасан науат болды жесір – жебір,  
Қыйылды қыршынынан талай өмір .  
Найза, мылтық Еркеме кәр қылған жоқ,  
Іші жібек сауыттың сырты темір.

Талай жан қырғын тауып құлап жатыр,  
Өлмегені өкіріп жылап жатыр.  
Қоян жүрек қорқақтар босқа нәсіп,  
Мертігіп боқ басында құлап жатыр.

Кемер тасқа кептеліп қаша алмаған,  
-Ағатай, жан сауға, – деп, сұрап жатыр.  
Тар жерде тасқа тойған жаяулардың  
Кей жерде етік, кей жерде, тымақ жатыр.

Кейбіреудің басының жартысы жоқ,  
Шабылған шекесінде құлақ жатыр.  
Өлген соң өлгендердің қаныменен,  
Ағызып қызыл қанды бұлақ жатыр.  
Азыққа деп арбалап алып келген,  
Сайларда тоқты менен лақ жатыр.

Қан шығып, ғарып болып (шаттар) жатыр,  
Шат түбінде топ-топ боп қаптар жатыр.  
Ағаш арба жегулі өгіздерге,  
Сүзулі құрты менен қаптар жатыр.

Байлаулы құлындар тұр, биесі жоқ,  
Қос құлақ көген тартқан иесі жоқ.  
Таралған балапандай басын қорғап,  
Шашылып шаруа жатыр иесі жоқ.

Жел шықты танға жақын уілдеген,  
Кешегі кемеңгердің бірі де жоқ .

Талтайып тау басында гүлдеген,  
Қособада қопиып тұра қапты.  
Желпінін жел соққандай үілдеген .

Тігулі шатырлар тұр қосыменен,  
Асулы бақырлар тұр мосыменен.  
Сорайып сойыл қапты, иесі жоқ,  
Қашыпты амандасып досыменен.

Қазақтың қаһарланған дәуірінде,  
Қалмақты қан қақсатқан осыменен.  
Ентігіп Ермек шықты тау басына,  
Жайланды, жадырады, жазылды Ермек.  
Бүгінгі риза болып саудасына.

Баршасы Қособада басын қосып,  
Найманды бар-ды, куды тау басында.  
Қырық жігіт тірі қалған жанға шапты,  
Жүз жігіт ат жинауға малға шапты.

Он жігіт қолдарына қос ат алып,  
Ермектің нағашысы шалға шапты.  
Осындай болды қызық таң қаларлық,  
Жалғанда істерге көп қой үлгі аларлық.

Байланса, бармақтай бақ бозторғайға,  
Ақ төбенің жүгіндей аума – төкпе.  
Жетім Ермек жетіліп, берді зарлық,  
Хат жазып тамам Найман адамына.

Шегін деген жігітке қылды жарлық,  
Шекен ... епті көрдім.  
Әкеме жолдас болып көпті көрдің,

Жапанда панасыз достың өліп,  
Құнсыз өлген Кебектей бекті көрдің.

Айғаластың, айқастың, бірге жүрдің,  
Жоңғардай асыл туған текті көрдік.  
Қыз аламын деп боялып қызыл қанға,  
Есепсіз естен кетпес кекті көрдің.

Амал жоқ асқар тауың құлаған соң,  
Қонысыңнан айырылып тепкі көрдің.  
Қағазды ал, қалтаңа сал, тұрма бекер,  
Бұл шетке көп отырма уақыт өтер.

Ерлерге намыс кымбат дүние малдан,  
Аз өмір апшымасы арты жалған.  
Бес жігіт қағазды алып жүрмек болды,  
Ермектің сөзі мынау хатқа салған.

Қуатлу хат саламын Наймандарға,  
Айбатты хат жолдадым хайуандарға .  
Төрт кітаптың төбесін басып кеткен,  
Заң, заңды, залалды сатқандарға.

Сондықтан қағаз салдым Наймандарға,  
Тимейді үміт қылма пайдам саған.  
Сүйгенді сүйрейтін, өлтіретін,  
Ондай закон табылды қайдан саған?!

Көзіңді аш, оғаш тұрған мініңді көр,  
Жөнге бас, оқшау тұрған кегінді көр.  
Қапырықты сөзімді хатқа салдым,  
Қате болып кетпесін мұңымды көр.

Бұзылып жұлқып кетсең айтқан сөзім,  
Басына орнататын күнімді көр.  
Қандас, діндес қазақ деп қапы қалма,  
Сүмпітін сымға тартқан шынымды көр.

Құдіреттің құлындай қуаланып,  
Еңіреп Еңлік қызға мініңді көр.  
Қандас қаны боялған жетімді көр,  
Таспақта талқан болған еліңді көр.

Көп Наймандар көмусіз тауда жатыр,  
Ашылған ақымақтықтан көтіңді көр.  
Азаппенен өлтірдің ата-анамды,  
Жарылып жанып тұрған үнүмді көр.

Бітім қылсаң жүз қыз бер ұлменен,  
Таңдаулы таңырқаулы бойыменен.  
Ер етегін көрмеген ерке болсын,  
Әйелдің саны болсын түйірменен.

Бес – бестен ұзын өркеш түйе жібер,  
Он-оннан ұзын емшек бие жібер.  
Бүйін аяқ, бұқа мойын қожа қолдан,  
Сауатын биелерге ие жібер.

Екі жүз ат пен атан айып жібер,  
Үстіне кілем ...жауып жібер.  
Өткен іске өкініп, тауба қылып,  
Кешілмейтін күнәнді шайып жібер.

Ерке қыз, сері жігіт елдің көркі,  
Үлгілі ұзын өркеш тау – жердің көркі .  
Жүз жолдасым қалыңсыз қатын алса,  
Сонда ғана кіреді ердің көркі.

Алтындаған ақ көжім аттың көркі,  
Қылмиған қызыл түлкі шаштың көркі.  
Ермектің жүз жолдасы ентелепті,  
– Шырағым, жаңа енді, – деп, қатын көркі.

## Торайғыр бидің тіл шешендігімен ажалдан құтылуы

Бір жылы ел жайлауға көшіп жүріп, жолшыбай үдере көшіп, Жаппаның астында жатып, Торайғыр, Шоң екеуі ғана. Үйіткізіп малды ауылдар қасына иіріп, әйел – еркек таң атқанша күзетіп тұрғанда.

Сыбызғы тартып жау келіп, жылқының барлығын айдап кетіп, халық жаяу қалып, сонда Торайғырдың торжорғасы белдеуде тұр екен. Жау артынан жалғыз өзі адамға айтпай қуып кете барған. Шоң оянып: – Япырм-ай, түсімнен шошып оянып едім. Торайғыр үйде ме? Барып білші, – деп, кісі жібереді. Келсе, кетіп қалған екен: – Қап, әттеген-ай, жазым болмасаигі еді, – деп, қорқып отырғанда Торайғыр жылқыны жаудан аман алып қалыпты. Ертеңінде Шоң келіп қараса, Торайғырдың ақ найзасының сағаты қанға боялып тұрғанын көріп, қорқып: – Мұның артынан бір пәле шықпаса екен, – деп, тірі жанға білдірмей жүрген еді.

Келер жылы болғанда, Алтайда Алшынбай асына шақырып арнаулы кісі келген еді: – Шоң, Торайғыр, – деп. Сонда Шоң айтқан Торайғырға: – Бармасын, – деп айтыңдар, – деп, кісі жіберген. – Мен қорқамын, – деп. Торайғыр: – Мен де барам, қорқарым жоқ, – деп болмайды. Екеуі де көп жолдас алып барған, алдынан сыпайы атшы шығып, екеуінің екі үй тігілген деп, бұған да шүкір, – деп қорқып. Менімен бірге түс. Торайғыр бар ма? – деп айтқан. Бұған да болмай жеке бөлініп жөнелгенде Шоң қорқып: – Көбірек барындар, – деп, жолдастарын жіберген.

Торайғыр өзіне тіккен үйіне барып қонып, ертеңінде алдыңғы ауылдан бір ұзын бойлы, ақ сұр қатын қолында ақ семсері бар: – Ерімді өлтірген ер қайда? Қандай қанын мен жұтам, – деп келе жатыр. Көп әйел мен көп еркектер екі қолына ие бола алмай келе жатқанын көріп, шошып, Шоң би көріп, қорқып : – Баршы, – деп, тағы кісі жіберіпті. Я, Құдай, сақтай гөр! – деп, жалғыз үйде отыра алмай, алдындағы адамдар есікті басып жібермей, есік маңы толып тұрған қалың. Қатын кірем деп, кісілер жібермей таласып тұрғанда Торайғыр үйде тұрып, халыққа айтқан, айқай салып: – Ей, халық, аш есікті, қоя беріңіздер, ашуын басар, ақылына түсер!

Бұрынғының айтқан сөзі бар еді: «Қараңғыда көзім жоқ, тиіп кетсе – сөзім жоқ» – деген, дулығалы ақ найзаның бақыты ұшып жерге түсті, жазатайым боп кетіп біздің найза сіздің ерге түсті. Мен Алшынбаймын десе, жолар ма едім? Бәрінен де Алланың әмірі күшті, – деп, айтқанда қатын тұрып: – Мен қойдым, ерім құнсыз бір жаманнан өлді ме деп едік, ерден өлген екен, арманым жоқ, – деп Торайғырмен көрісіп кешу десіседі.

Торайғыр қатынға ақ жібек шапан жауып байың бар-мен мені қорған гөрб – деп, жорғаны жетектетіп, басына мінетін баласын бірге жіберіп, қо берген екен. Қара жұп: Торжорға келіп, екінші – Шоңның сарбауыр аты келіп, үшінші – Алшынбайдың бозойнағы келіп, алдыңғы ат бәйгісі – 100 жылқы екен, мұны қатынға беріпті.

Ертеңінде қатын Шоң мен Торайғырды қонаққа шақырып, қонақ қып, ертең қайтарында: – Ат адамның бағыты еді, – деп Торжорғаны өзіне беріп: – Маған жүз жылқы болады, – деп, – мынау – ерімнің жорықта киген шекпені еді. Мынау –өз найзаңыздың тиген тесігі, – деп, үстіне жауыпты. Мынау сондағы мінген бозойнақ ат, – деп, манағы үшінші боп келген атты мінгізіп жіберген екен. Келесі жылы қатынды Торайғыр қонаққа шақырып, сыйлап, келген жолына қырық жылқы беріп, разы қылып қайтарыпты. Торайғыр, Шоң ағаларымның қасиетті тілегі әрқашанда қабыл болды.

*Көшірген –Төлепберген Иманғали. (Ата жазбасынан).*



## Шоң би өте кереметті, қасиетті болыпты

Шоң би ғұмырынын ақырында 64 жаста Қуандықтың асына барады. Бәйгеге 24 жастағы қара ала атын алады, Қаржастан – Жаман балуанды, ақын Сақауды апарарды. Шоң би Сақауға Шонты бидің сандығындағы тақиясын алып ки, ырым болсын. Сонан соң Саржан төреге өлең айтып, онан соң Өтебай жындыға өлең айтып, басындағы сәукелесін ал! Балuanым, сен бәйгелі бол! Қара ала ат, сен бүгін алдында кел! – деп, бата береді. Балuanын жығып, Сақау үлкен олжалы болып, Қара ала аты алдынан келіп, айтқан тілегі қабыл бопты.

Жалғыз-ақ Қуандық, лімен төрелер: – Мына Қара ала атты жолдан костыңдар, жерінен шапқан жоқ, бәйгі бермейміз! – депті. Сонда Шоң би ат үстінде тұрып, бармағымен маңдайын тіреп: – Жуан қойным, делегей етек Қуандықтың баласы, сенің көптігінде сөз жоқ, ақылдарыңның жоқтығында да сөз жоқ. Қоңыр төренің шашбауын көтеріп тұрсыңдар. Атым жерінен шауып, жалғыз Қара боп келді. Бәйгемді бер, егер қайта шаптырсаң, тағы бір атым мұның соңынан келеді. Сонда Қуандық маған екі бәйге беріп, өзіңнің екінші бәйгеңнен айырласың. Мен күн қақты болып бұл жерде тұрмаймын. Алда Жұманбайдың үйіне барып түсем, бәйгемді сонда әкеп беріндер! – деп, жүріп кетеді. Жұманбайдың үйіне келер алдында Абайділда хан Жүсіп бір ат, жеті еркек қой сойып, Шоң биді күткен екен. Қайта қосқанда Қара ала ат тағы алдында кеп, оның соңынан Айдабол, Қаржастың бір аты құйрық тістеп келіпті. Екі аттың бәйгесін байдың аулында жатқан Шоң биге әкеп беріпті. о ласта Тоқа: Сапақ бай бар екен, атты айдатып жіберіп, жұрт екі жарылып, төбенің басына түскен жерде Сапақ бай Шоңның қасында отырып қалған екен.

Қуандықтың ел адамдары Сапаққа өкпелеп айтқаны: – Шоң – Сүйіндіктің құты еді, сен – Қуандықтың құты едің, өзіміздің арамызда отырмай, Шоңның қасында қалғаның не, бәйгеңің бәрін

алып кетті. Сен ортамызда болғанда, Тоқа, мұндай тойға бата оқып, қалмайтын едік, -депті.

Сонда Сапақ айтыпты: – Осы шіркіндердің ақылы қайда кеткен? Мен Шоңның қасына түсейін деп түстім бе? Амалсыз түстім. Шоң деген кісінің алды – жарық, арты – қараңғы екен. Шоңнан айырылсам адасып кететіндей көріндім. Пәленшенің асында Сапақ адасып кетіпті деген жақсы ат па? Менен көрмендер, алдын жарық қылып, артын қараңғы қылып, аса бақытын зор, қасиетті ғып жаратқан Құдайдан көріндер! – депті.

Шоң би сол астан қайтып келе жатып, Алтай: Тоқа үш қызының ауылына келіп, Телғозының үйіне түседі. Сонда Телқозының бәйбішесі қымыз құйып отырып, Шоң бидің тұлғасына көзі түсумен бойы иіген екен. Сонан соң өзінің ерін көрмей, екіқабат болып, бір ұл тауып, атын – Шоң қойған екен. Кешегі жаңада өткен Тоқа: Шоң болыс – сол, – дейді.

Шоң би өте кереметті, қасиетті, бақытты! Қаңтарда қар еріткен 500 жылқысының 200-ін бермей, Бәсентиндер өзіміздің де жылқымыз жұтап жатыр. Ақ қар түтеп тұрған боран мынау! Қасиетті болсаң, берейін. Өзімізден қосып, осы ақ қарды ерітіп жаз шығарса, – дейді.

Шоң: – Солай болса, болсын! Айтқандарыңда тұратын болсандар, күн түк көргісіз түтеп, боран соғып тұрады. Малда шөп таусылған. Қора да, далада да шуылдаған жұрт! Қырылды, қырылды! – депті.

Шоң би байға: – Танертең жел өзгереді. Өзгерісімен бұлт бөлініп, қоңыр ала бұлт көшеді, өкпек жел еседі. Сәскеде бір кез құйрық ұшады. Ал, бай лашығына бір қарға қонады. Кіші бесім ауа қар солқылдап ериді. Ертең сәскеде жерінде ұлтарақтай қар қалмайды, кемиді. Толтырып жинақтай бер, менің де малымды, – депті.

Сол айтқанындай болып, барлығы көзбен көріп, қайран –асыр болады. Айтқанындай қар кетіп, сол күні жер сел – дария болып, дым қалмай еріп кеткен екен. Айт, уәде бойынша, Шоңның 500 жылқысын үлкен сый – құрметпен аттандырған екен. Тоқадағы Шоңның Шоң аталуы осы қасиеттілігінен делінген.

*Көшіріп жазушы – Төлепберген Алдабергенұлы.*

## Өкпеұлы Кәрімтайдың Мұқарамның тәкаппарлығына айтқаны

Басыңнан жастық бақ кетер,  
Сәлемімді алмасаң.  
Сыйламасаң кәріңді,  
Маған келген кәрілік,  
Саған да қуып бір жетер.

Кейінгі толқын жас ұрпақ,  
Озып сенен ол да жетер.  
Дүние, шіркін, опасыз,  
Түбіне оның кім жетер?

Бермедің сәлем паңданып,  
Оған менің нем кетер?  
Дүние, шіркін, кезек қой,  
Кәрі саулықтай маңыратып,  
Сенің де басыңа бір жетер.

Тасыма, Мұқарам, тасыма,  
Тасыған жетер басына.  
Бай да, батыр, хан да өтті,  
Кімдер қалды және жалғанда?!

Сегіз қарыс, төрт бұрышты сабаң болсын,  
Ақыл айтар Қозғандардан ағаң болсын.  
Бақ пен дәулет есепсіз бітсе – дағы,  
Екі қолың жағанда тәубең болсын.

Үлкендер тілек тілейді,  
Кәрі адам кекшіл пейілді.  
Тәубесіз өткен пендеге,  
Құдай қаһарын тігеді.

Ұлық болсаң, кішік бол,  
Осы жүрген жандар.  
Бір кезде түгел өледі,  
Жалғандағы қылығың,  
Маған қылған паңдығың,  
Ақыретте алдыңнан келеді.

Отырмын оңашада ойда қалып,  
Өмірдің көбі кетіп, азы қалып.  
Дүниеге келген пенде қонақ дейді,  
Данышпан қандай едің, қайран халық!

Өтті ғой бізден бұрын пайғамбарлар,  
Әмбие, әулиелер, әм ғалымдар.  
Кезекпен, міне, қуып бізге жетті,  
Баратын алдымызда қанша жер бар?

Бақытты, бай бол, Мұқарам, жаның бірдей,  
Кәрілік қарсы алдында қазған көрдей.  
Артықшылық азған күн – тойғандығың,  
Не керек, өлген соң болдың бірдей.

Болғанда бір күн араз, бір күн бауыр,  
Кешпеушілік қаталықпен болар ауыр.  
Бірлікті татулықпен айтайын деп,  
Жүрегім сенен тілім-тілім болды жауыр.

Тыңдайтын құлық қойып адам тапшы,  
Жұбатумен мен өз – өзімді қылдым бақсы.  
Айтсаңыз өсек – өтірік болады мез,  
Ұғатын жақсы сөзді іздеп тапшы.

Сөйлесең, жақсылықты қоймас құлақ,  
Тыңдайтын кезек айтып адам таппай.

Отырасың, көп ішінде жалғыз –дағы,  
Отырамын өз – өзіммен қиялданып.

Адамның бәрі кетіп, өзім қалып,  
Сорға шыққан саздай көлеңкесіз.  
Өзіме – өзім, ойласам, қатты налып,  
Жалғыз қалу адамға қиын екен.  
Ойын – тойдан аулақпын болса жиын,  
Әңгімелесіп сырласар болмаған соң.  
Көрген күнің құрысын бұты тиын.

Құлақ қойып сөз тындар қайда,  
Мастанумен менмендік бермес пайда.  
Тілек тілеп Құдайдан жалынбасаң,  
Аң болғанымыз емес пе, жүрген сайда?!

Мұқарам, зекет – пітір бер, – дедім, жаным ашып,  
Қалдым ғой айтсам-дағы жаман сасып.  
Ежірейіп, сен-сен деп зікірледің әкем дей-ақ,  
Өзімді –өзім тоқтаттым әрең басып.

Бұрынғыдай емессің тасығандайсың,  
Кәрі құртаң нашарды басқандайсың.  
Байлығың, бағың да өтер –кетер,  
Жазымыш тағдыр жетіп өтсе сәулең.

Сүйенген байлығың артта қалар,  
Жалғыз ғана өзіннің басың кетер.  
Бірінде жеті күннің келер өлім,  
Өкініш, қиналатын келер көзің,  
Жер астын нелер хасырменен қылып.

Көзіңнен ғайып болар тірлік кезің,  
Барасың жер астына жалғыз өзің.

Әкелерің 20 метр торғын бөзің,  
Тәубе қыл, әй, Мұқарам, райдан қайт,  
Бұл айтқан мұсылмандық нақыл сөзім.

*Кәрімтайдан көшіріп алушы – Төлепберген.*

\*\*\*

**Кел, көңлім, бір насихат айтайын,**  
Уәдені жолға тастап кетпе сен.  
Өзімшілдік өр көкіректі біл дәйім,  
Сыйлайды деп оған қызмет етпе сен.

Жуыма ағайынға сырын білмес,  
Зиянды ол бір ағаш жеміс бермес.  
Бар болсаң, еркелейді ит сықылды,  
Жок болып, өлдім десең, қолын бермес.

О, ағайын, ағайын, алу жағын ойлайсың. Алыс – беріс үзілсе,  
алдынан ор сыйлайсың.

Қозғандар, Қаржас жиенің жұтып қоя алмайсың, жиенің  
паңдық пен қиянат көрсетіп, екі дүниеде оналмайсың. Жиен  
назарына ұшырап, аруаққа шет болуға болмайды. Барлық қасиеті  
бабалар осы жиендер елінен шыққан.

Нағашы, сіздерден ауыр ел ғана шыққан. Ертеде дана  
бабаларымыз айтқан осы ғибрат жастықта есте болды ма?!

## **Шоң мен Торайғыр**

Екеуі араздасып, Торайғыр би: – Жи! – дейді. Бәйшінге (Байсын-  
ға) көшіп бара жатқан жерінен Торайғыр биді «Қобының» құмында  
Қарауыл Мүсет би қуып жетіп, мынадай тоқтау айтып, елге алып  
қайтқан екен.

Шоң, Торайғыр сен бисің мақтап жүрген,

Бар өнер ің осы ма сақтап жүрген?  
Елден кетіп барасың, Мамыр менен Сабырға,  
Барғаннан соң сен жерсің, жал –жая жоқ, кабырға.

Жүйрік атың бар болса,  
Барымтаға шабарсын.  
Сұлу қызың бар болса,  
Бозбалаға жағарсың.

Ауыл қашан көшеді? – деп,  
Түндігіне қарайсың.  
Төрешіге барғанда,  
Төмен қарап жарарсың.  
Асыл туған затыңды,  
Шоң, Торайғыр атанған.  
Егіз шыққан атыңды,  
Қайдан іздеп табарсың?

Ұқсаң, айтқаным – осы,  
Ұқпасаң, қайтқаным – осы!  
Босат атымның басын! – депті,  
Сонда Торайғыр түсініп, елге қайқан екен.

*(Қарағыз ұлы Әшімнен естілген әңгіме).*

## **Барша мақлұқты беске бөлу**

Баршаны қиямет күн беске бөлер,  
Бір бөлігі тозаққа тез жөнелер.  
Ол жамағат шайтандар білмей болсаң,  
Бір бөлігі боп кетер жерменен жер.

Білсеңіз топырақ болған жануарлар,  
Сауап жоқ еш күнә жоқ жануарлар.

Сол себепті топыраққа қосылады,  
Үш айырылды бір – бірінен пәруардигар.

Хисапқа тұтылады бір бөлегі,  
Мұкалиф болған болса, адам пері.  
Жараса қылмысына жаза көріп,  
Қай орынға жіберер бару бәрі.

Бір бөлегі көрмейді еш бір хисат,  
Жаратқан Алла тағалам ұжмаққа арнап.  
Өл бөлігі періште мен пайғамбарлар,  
Бұларды күнәсіз ғып жаратқан Хақ.

Сұралар төрт нәрседен барша адам,  
Алғын аттатпастан жалғыз қадам.  
Әуелі сұрайды екен ғұмырыңнан,  
Не бірін өткіздің деп айтып маған.

Екінші айтады екен: – Бердім көп мал,  
Қай орынға сарп еттің, ей, бейхабар.  
Халалға жұмсадың ба, я харамға,  
Бір көрсін қалдырмай орныңа сал.

Үшінші – бердім саған ұзын ғұмыр,  
Не ғамалмен өткіздің пенде махрұф?  
Бар қылған жақсылығын сенің қайда,  
Тағат қыл! – деп, бұйрығын баршана бір.

Төртінші – мен қылғамын денінді сау,  
Күндіз ораза болсын, – деп, – түнде ояу.  
Күш – қуатыңды қай жерге сарап қылдың,  
Айтқам жоқ па бәріне нәпсің деп жау?



Қабырда айтты( шықша хақлық балхи),  
Төрт нәрсені айта дүр бұл күнің халқы.  
Тілімен айтқан болып оны (тетемес),  
Алланың оған болар лағынаты.

Деп айтар: Бір-құланның пендесіміз,  
Істемес пендешілік пенде әр кез.  
Тілеуін бір Құдай қайтып берсін,  
Арам ойлағанды неше күндіз.

Екінші – хақтан тілер адал рызык,  
Қанағат жоқ ешкімде, оны бұзык.  
Бір-бірі алдауменен күн өтеді,  
Ел оның түзелмесін болып (түзік).

Үшінші – ойламас ол ахыретті,  
Ғайси-ғашырат ойлағаны – жан рахаты.  
Тілеуін оның Құдай қайтып берсін,  
Көрсен де қорықпайды көп апатты.

Төртінші – айтқан өлім бар рас,  
Жан үшін ахыреттің ісін қылмас.  
Өлімді ойға алса қорқар еді,  
Бұл күнде еш кісінде тәубе болмас.

Әркімнің болса өлім ойларында,  
Ешбір күнә жолатпас бойларына.  
Үш нәрсені көңіліне құдай салар,  
Жақсылықтың бастатып жолдарына.

Жатса, тұрса тілінен тәубе кетпес,  
Қанағатшыл болады қалса да аш.  
Үшінші – көп тағат дүр (ішалағаны),  
Арып – шаршап жүрсе де еш қалдырмас.

Өлім керек қылмаса әр пендесі,  
Анаң да даяр тұрар үш нәрсесі.  
Тәубенің не екенін білмей кетер,  
Намазға болмас оның ықыласы.

Үшінші – онда бір қанағат жоқ,  
Ерте-кеш аңдығаны өсек-өтірік.  
Қарыны қайтып ашпастай ойланады,  
Мал бітсе, он қара сүйтін жүріп.

Дүниеден бір отеді болып ғапыл,  
Басына түсе қалса заманақыр.  
Ғазап үшін жаратқан пендесі ғой,  
Не қылса құдай қылар пенде пақыр?!

Һарда күнәменен күнің өтсе,  
Басына бір күн ажал уақыт жетсе.  
Қабырың хауым халқың кетсе көміп,  
Барады күнәң сенің бірге ілесіп.

Қабырыңа бірге кірер өзіңменен,  
Шошиды көрген шақта ғазиз денең.  
Түсі жаман бір пақыр жігіт болып,  
Деп айтар:-Айрылматын, тіпті, сенен .

Қасымнан, – сен айтарсың, – жылдам кет, – деп,  
Не жұмысқа келдің, әй, жігіт! – деп.  
Дүниедегі жолдасың жақсы көрген,  
Мен емес пе? – деп айтар бетпе-бет кеп.

Менен бізбен боласың сен қалайша,  
Күнәмен ғұмырың өтті, әй, бәленше!  
Жіберді бірге бол деп мені құдай,  
Ғазап қылам қиямет қайымғаша.

Саған келген қазір де сұраушы бар,  
Жауабын бере алмасаң, сені ұрар.  
Тіліңді айтқызбастан мен бөгермін,  
Замана басыңызға ахыр болар.

Сол шақта оған кіргей екі мәләк,  
Сұрайды: – Рабың кім?-деп, әй, ақмақ.  
Күнәсіз қасыңыздағы тілін буып,  
Сөйлетпес қабырында, сен бұған бақ.

Қылыңыз ғұмырыңда аз күн ғамал,  
Ғамалың қияметте азап болар,  
Күнә, сауап қылсаң да жаның үшін,  
Қабырына жолдас боп бірге барар.

Істесең ізгі ғамал ғарып пенде,  
Алдыңнан қарсы шыққай қабырыңда.  
Бек көркем, хош иісті жігіт болып,  
Мүләйм сынықлықпен тұрғай онда.

Танымай сен сұрарсын: – Сіз кімсіз? – деп,  
Бөгелмей жігіт сонда бастағай кеп.  
Дүниеден ізгі қылған ғамалыңмын,  
Жолдас боп сеніменен тұрамын деп.

*Соңы.*

## **Ибраһим Адһамның әңгімесі** *(Мәшһүрден)*

Жаратқан жан біткенді Жаббар хақ,  
Күнелткен аяқ – қолсыз суда балық.  
Бұрынғы заманда бір әділ хан,  
Балықша көп жыл қылған падишалық.

Болса да канша дәулет көз тоймаған,  
Өтерін бұл жалғанның кім ойлаған?  
Падишаның ғаділетті заманында,  
Қасқыр мен қой, жылан мен бала ойнаған.

Дарияға көпір салып, көктей өтін,  
Күншығыс күнбатысқа даңқы шығып.  
Бұхар мен Самарқанды бірдей билеп,  
Қытай мен Үндістаннан алым алып.

Дастан боп жұрт аузына қалған сөзі,  
Айтуға тұрарлық боп мұнын өзі.  
Құдайым ұл перзенттен кем қылыпты,  
Болыпты бір бойжеткен жалғыз қызы.

Ұялған күннің көзі көрсе көркін,  
Тұрар-ды кімге дүние емін еркін?  
Перілер сұқтанысып қарайды екен,  
Басына киіп шықса кәмшәт бөркін.

Жастықта біз білмедік нәпсі тия,  
Кез болып биік шеңгел, қызыл қия.  
Сол қыздың ажар – көркін түгендеуге,  
Шақ келмес қалам, қағаз, қара сия.

Ойласаң жалған кімге опа етті,  
Айтуға үш ауыз сөз келді-кетті .  
Мың ұлға балап жүрген жалғыз қызға,  
Бір күні бітіп тағдыр, қаза жетті.

Қисайып құлап кетті қыңыр заман,  
Нәрсе жоқ бір қисайса мұнан жаман.  
Басы жұмыр пендеде жан көрдің бе,  
Әуел ахыр өлімнен туған аман.

Әркім-ақ бұл жалғаннан дәурен сүрді,  
Біреуге ерте, біреуге кеш кеп жүрді.  
Хан болсын, қара болсын – бәрі бір бас,  
Өлген соң, жататұғын жайы көрде.

Қатындар таласып қызды жуды,  
Аударып оңды – солды суды құйды.  
Қымбатты ең болғанда үш қара бөз,  
Тұмшалап бас – аяғын құрмен буды.

Таласып үш-төрт қожа ысқатты алды,  
Бір өлімтік дене боп босқа қалды.  
Еріксіз үйден сүйреп шығарғандай,  
(Салаты) жаназа деп айғай салды.

Көтеріп жаназасын оқып жерден,  
Бұрынғы салтанатты кетті түрден.  
Тепкілеп терең қазып көмді – дағы,  
Көп қауым көме барған қайтты көрден.

Неше гауһар қалмады жерде жатып,  
Ыстық шілде мұз болды-ау, қыс боп қатып.  
Бір дуана бар екен бұған ғашық,  
Маңайынан жүре алмай жүрген батып.

Жұлдызы оң болып, сәтті күні туған екен,  
Екі бетін көз жасы жуған екен.  
Дуананың ғашық екенін біліп патша,  
Бұл шаһарға жолатпай қуған екен.

Біқтиярсыз диуана кеткен екен,  
Патша қаһар сорлығы еткен екен.  
Қанның қызын алуға қолы жетпей,  
Бұл ортада жеті жыл өткен екен.

Қыздың өлген хабары бұған жетті,  
Отыра алмай орнынан ұшып кетті.  
Өлген қыздың моласын қори ма? – деп,  
Шаһар жаққа моласын енді бетті.

Аузынан жалын – түтін ду-ду жанып,  
Я, һу, – деп анда-санда демін алып .  
Және өліктің моласы ескіре ме,  
Сұрамастан ешкімнен білді танып.

Моласының басына келіп тұрды,  
Қыз қайдан тіршілікте мойнын бұрды?  
Пенде қайдан біледі білдірмесе,  
Шеберлікпен құдайдан болған сырды.

Жайма шуақ жаз болып, қаңырап қауыс,  
Ырыс – жұғыс деген ғой ақыл ауыс.  
Көр күзеткен кісідей тұрғанында,  
-Мені ал, мені ал, – деген естілді қыздан дауыс.

Қыздың даусын естумен есі кетті,  
Дуана боп жүргенмен несі кетті?  
Өтірік пе, шын ба деп бір аз ғана,  
Дегендей қылып дауысты тамаша етті.

Болжайтұғын ғайыпты жетік көз жоқ,  
Басқанмен қара жерде қалған із жоқ.  
Бой тоқтатып дауысты тындап тұрса,  
– Мені ал, мені ал, – дегеннен басқа сөзі жоқ.

Мен диуана ел кезген Адһам аты,  
Кісі елерлік кісі емеспін текті затты.  
– Бұл айғайың қай айғай, жөніңді айтшы,  
Пендесін не қылмасын қай сыйпатты?

Өтірік өліп, шын өлмей көрге түстім,  
Алтын тақтан айырылып жерге түстім.  
Ұйысқан қан денеден тараған соң,  
Мен осындай тіріліп күнге түстім.

Тірілгелі білмейін көп күн өтті,  
Айқайлаумен бар әлім құрып бітті.  
Кімде болсаң, моламды жылдам ашшы,  
Өліп қалсам, мойнында құным кетті.

Мұны естіп Адһамда ес қалмады,  
Бары – жоғын дүниенің ойға алмады.  
Қолыменен топырақты шашып жатыр,  
Кетпен, күрек, бір сайман қолға алмады.

Сорғалатып маңдайдан ашы терді,  
Тас, топырақты лақтырып тастай берді.  
Бір сағатта дал-дал ғып аршып болды,  
Кісі бойы қазылған терең көрді.

Құдіретіне Құдайдың қайран қалып,  
– Я, һу, – деп, анда-санда демін алды.  
Лақат қылып қалаған кірпіштерін,  
Бір-бірлеп тауысыпты бәрін алып.

Арылған соң моланың топырақ, тасы,  
Қыз сілкініп, көтеріп алды басты.  
Бұрын еркек көрмеген ибалы жас,  
Дәрмен жоқ қымтанған боп жатыр шашты.

– Кетіп қапты әл-қуат – бәрі, – дейді,  
Он бесте болыппын кәрі, – дейді.  
Ата-анама көйлекшең көрінбеуші ем,  
Алысырақ тұр, жеке, жан әрі, – дейді.

Адһам кейін шегінді бір-бір басып,  
Тап-таза ғып моланы әбден ашып.  
Екі-үш кабат ұмтылып тұра алмады,  
Не кыларын біле алмай қатты сасып.

Тұруға келтірмеді қыздың ебін,  
Ашаршылық әкеткен күштің көбін.  
Бұлқынғанмен босатып жібермеді,  
Оралып шұбатылып қалған кебін.

– Жақсы адам, келші, жақын бері, – дейді,  
– Болғаным құрсын бүйтіп тірі, – дейді.  
– Тұрғызшы қолтығымнан сүйеп мені,  
Құдайдың бұл бір тосқан жері, – дейді.

Адһам келіп, тұрғызды сүйеп қызды,  
Жаға – жеңсіз оралған кабат бөзді.  
Жұрт көзіне түсірмей, жылдамырақ,  
Апар, – дейді, – үйіңе енді бізді.

Басын буған бес қамыс баспанасы,  
Соған зорға жетерлік қыз шамасы.  
Тәңірім басқа салған соң, жоқ шарасы.

Базарға кел кешікпей барып, – дейді,  
Ине, жіп пен бір оймақ алып, – дейді.  
Кебінімді өзіме көйлек қылып,  
Басқа жаулық қоямын салып, – дейді.

Көйлек киін, басына салды күндік,  
Қылғанына Құдайдың біздер көндік.  
Бір молданы алып кел халалдыға,  
Саған тиген, дуанам, бұл бір теңдік.



Базарға құр алақан барып келді,  
Ине, жіп пен оймақты алып келді.  
Жоктық, шіркін, арқансыз қылды байлап,  
Жүрегі қуанғаннан жанып келді.

Бір бишара молданы алып келді,  
Келген молда құтпасын оқып берді.  
Онда жоқтың қиюын келтірген соң,  
Шеберлігін Құдайдың танып білді.

Оқыған соң құтпасын молда кетті,  
Бір-бірінің мұратына хасыл етті.  
Жақсылықтың жоқ екен ерте –кеші,  
Күдер үзген нәрсеге қалай жетті?!

Жігіттер, бұл айтқаным кітап сөзі,  
Еркі бар – ды қылса да тәңірім өзі.  
Қылған соң тәңірім өзі, не талас бар,  
Кедейге болса қатын ханның қызы.

Көрсетіп шеберлікпен Хақ тағала,  
Бере салды жылына жетпей және.  
Оқ жұлдыз, ізгі сағат, сәтті күні,  
Жарк етіп туды күндей еркек бала.

Баланың Ибраһим деп қойды атын,  
Жаратқан тәңірім өзін нұрдан затын.  
Әркімнің мандайына сына бермес,  
Көтеріп мұндай ұлды тапқан қатын.

Аз жылда жеті жасқа бала жетті,  
Таң қалып, көрген жанның есі кетті.  
Молдаға оқытуға мұны беріп,  
Көрген жан сол баланы тамаша етті.

Балалар жұма күні азат болды,  
Ойнаған көп балаға көше толды.  
Таң қалып, шаһар халқы қарайды екен,  
Тапты екен қандай қатын мұндай ұлды.

Ішпей – жемей тояды жүзін көрген,  
Көзге алып, сүрме қылып, басқан ізін.  
Бір қатын бұл балаға қарсы ұшырады,  
Емізген бала күнде ханның қызын.

Моншаға бара жатып, келе жатып,  
Баланы көрді тұрған таңдай атып.  
Жаңа туған айдай боп, жарқ еткен соң,  
Қатын сорлы сілейіп қалды талып.

Көзіндей құралайдың көзі жайнап,  
Бала жүр көп баламен асық ойнап.  
Бойы балқып, бұл қатының есі ауып,  
Сүті саулап емшегінен кетті қайнап.

Баладан тұрды қатын көзін алмай,  
Көрген соң неғып тұрсың жанбай.  
Өзі қолынан өсірген хан қызына,  
Сипаты түп – түгел боп, аумамай болмай.

Құшақтап сүйді қатын қысып-қысып,  
Балаға пәруана боп мейірі түсіп.  
От болып өртенуге жақындайды,  
Жүрегі қуанғаннан алып – ұшып.

Үйіне қатын сорлы алып барды,  
Өрік, мейіз, қантпенен берді нанды.  
Күнде-күнде келін жүр, қарағым, – деп,  
Жолына құрбан қылды шыбын жанды.

Қалтасына ділдә мен ақша салып,  
Керек қылған нәрсесін жүрді алып.  
Дүниесіне болмады қатын ие,  
Есіл – дерті балаға кетіп қалып.

Мұныменен алданып көп күн өтті,  
Хан қызының орнына мұны күтті.  
Баламенен басқаның жұмысы жоқ,  
Үш – төрт қатын жиылып. кеңес етті.

Басты – басына бастайтын көз болыпты,  
Қатындардың аузында сөз болыпты.  
Неге жақсы баланы көреді, -деп,  
Таусылмайтын көп сөз болыпты.

Бір кедейдің баласы мұнша дәрі,  
Үйір қылып бойына жүр қайдан әні .  
Құлағына ханымның салайық, -деп,  
Қатын біткен жиылып барды бәрі.

Ханым Сізге бір сыр бар сақтап жүрген,  
Кісіңізден ши шықты мақтап жүрген.  
Енекеңіз біреумен ойнас бопты,  
Диуанамен ел кезін антап жүрген.

Үйір қылып Адһамның бір баласын,  
Беруменен тауысатын барлық асын.  
Айнала беретіні сіздің дүние,  
Кімнің дос, айырмайсыз, кімнің қасын.

Дәнекердің біз білдік арасының,  
Алып жүрген арадан парасының.  
Тайыр болып Адһаммен алғандықтан,  
Барлық асын аузында баласының.

Естіген соң, ханымды ашу қысты,  
Мен оған көрсетейін әр түрлі істі.  
Енекені алып кел жылдам, – дейді,  
Өз – өзінен от болып күйіп – пісті.

Бір қатын қуанғаннан жүгіріп кетті,  
Ханым шақырып жатыр, – деп, алып кетті.  
Келісімен қолға алды отырғызбай,  
Неден сені жын қағып соғып кетті?

Баста миың қай жаққа кетіп қалды,  
Неден мұндай есінді Құдай алды?  
Көр күзеткен адамның баласына,  
Қалай бергіш боп жүрсің пұл мен нанды?

Рас мен беріп жүрмін пұл мен нанды,  
Нан түгіл, берсем керек барлық малды.  
Мен нан берген балыны көрсең өзің,  
Денеңдегі берерсің ыстық жанды.

Сөз қылсаңшы баланы көріп өзің,  
Ханша, айт онан соң маған сөзің.  
Қалай шыдап тұрарсың сен жан бермей,  
Аумаған дәл өзіңнің өлген қызың.

Қылған ісін Құдайдың таң көремін,  
Бір көрмей қоймаймын, сан көремін,  
Дәл өзіңнің қызыңдай боп тұрған соң,  
Сүйіп-сүйіп, құшақтап нан беремін.

Баланы естіп ханымның көңілі көшті,  
Жүрегіне дерт болып бір от түсті.  
Өлген қызың секілді деген соң,  
Мұның өзі сөз болды көкейкесті.

Жылады, қызы есіне түсіп кетті,  
Өртенумен барады өмірі өтіп.  
Абрахмат жаңбырын аспандағы,  
Шығарады дүр қылып садаф жұтып.

Өлген қызын ұмытпай арман қылып,  
Қайғыменен таусылып түгел бітіп.  
Қантың шыққан қамысы қандай екен,  
Деуменен ынтызар боп маза кетті.

Ah! – дегенде, жалыны Ғаршыға жетті,  
Көрмей жатып, балаға көңілі кетті.  
Енекеге жалынды: – Тұр жылдам! – деп,  
– Алып кел! – деп, баланы жарлық етті.

Енеке отыра алмай, жүгірін барып,  
Дедектетіп баланы келіпті алып.  
Ханым көрін баланы есі кетті,  
Өртенді көрумен от боп жанып.

Ханым сонда ауызын бір-ақ ашты,  
Не қыларын біле алмай, жаман састы.  
Айналайын келді деп қызым қайдан,  
Жас баланы бауырына қысып басты.

Бетінен сүйеді дейді бетін таяп,  
Не болады мал мен жанды мұнан аяп.  
Неше түрлі жемісті қылды алдына,  
Жан-жағына толтырып аяқ-аяқ.

Телмірумен балаға көзін сүзін,  
Көруменен мал – жаннан кетті безіп.  
Мал деген ит күн туса неге керек,  
Ауырмаса, беретін жаннан безіп.

Ақ сабынмен қолы – басын жуындырды,  
Алтын кемер беліне буындырды.  
Құдірет шебер емес пе мұндай қылған,  
Айдын көлден лашынға ку ілдірген.

Басына алтын тәж беріп. гауһар таққан,  
Бір жорғаны мінгізді судай аққан.  
Неше түрлі үстіне тон кигізіп,  
Патша екен деп ойлады көрген –баққан.

Жалған, шіркін, өтеді жанды қинап,  
Әуре болған кім үшін ол мал жинап?  
Жіберді баланы енді үйіне,  
Дәнеме қалдырмастан осылай сыйлап.

Баланың көрді тойып нұр сипатына,  
Жан білмес диуананың түпкі затын.  
Қызыма аумай – талмай ұқсап туған,  
Тапты екен мұндай ұлды қандай қатын?

Анасын шақырып кел, көрейік біз,  
Қандай жан дуанаға боп жүрген кез?  
Тапқан қатын мынау ұлды тегін емес,  
Аузынан есітейік бір жақсы сөз.

Құс екен қандай жерден ұя салған,  
Аң екен қай аралдан өсіп – өнген?  
Қотан менен Қытайдың киігіндей,  
Жүрген – тұрған жерінде жұпар қалған.

Елшіге екі араға қыздан салды,  
Жасанып бірнеше қыз оған барды.  
Қараша үйде отырып ханша баладай екен,  
Деп бұлар да көркін көріп қайран қалды.

– Ханым сізді шақырды, қатын, – дейді,  
Көрдің балаңның мінген атын, – дейді.  
Барсаң саған көп дүние бұл береді,  
Зергердің зергер білер затын, – дейді

Біз қарғамыз, ой, қыздар, сіз – бидайық,  
Үйімізде ас-су жоқ, сіздерге лайық.  
Өз теңімен әркім жүрсе жарасады,  
Ондай жанға біз барып не қылайық?

Үйімізде ет – нан жоқ жалғыз түйір,  
Барсаң, бізге дейді ғой бір жіп иір.  
Тең-теңін олжалайды деген сөз бар,  
Қарға мен бұлбұл болған қашан үйір?

Отырмыз үстімізді жамап – бүріп,  
Итіміз жоқ шығатын әу деп үріп.  
Ханым шошып кетпей ме, қарақтарым,  
Осы түрмен үстіне барсаң кіріп?

Жолда жүрген адамдар күліп жүрер,  
Не алар деп сиқы жоқ кісі көрер.  
Бізді сықақ қылмандар, қарақтарым,  
Деген сөз бар: «Көп күлген басқа келер».

Қатын сөзді бітірді майда тілмен,  
Ісіміз жоқ, сірә, біздің жұртпен, елмен.  
Қыздар келіп ханымға баян қылды,  
Әңгімесін естіген, көрген – білген.

Ханым айтты: – Рас қой айтқан сөзі,  
Суыртпақтық үйінде жоқ қой бөзі.  
Үсті – басы жамаулы, шокпыт шығар,  
Қорғалап отырған ғой содан өзі.

Сілкіп киер үйінде жоқ қой киім,  
Жүретұғын жоқ қой деп еш жай – күйім.  
Бастан – шашым, аяқтан – шуым шығып,  
Қалай барып көрем деп ханның үйін?

Жаулық апара жабылсын баста шашы,  
Көйлек – қамзол, шапан мен кебіс, мәсі.  
Қабат-қабат киімді апарыңдар,  
Асыл бұйым әр түрлі, зор бағасы.

Және қыздар сау етіп кіріп барды,  
Мұнан түгел жабдығын етіп барды.  
Бастан – аяқ киімнің бәрін сайлап,  
Әкелуге ойға алып күтіп барды.

-Бармаймын, шырақтарым, қыспа, – дейді,  
Кигенмен келіспейді нұсқа дейді.  
Аяқ басып жүруге дәрменім жоқ,  
Мені әуре қылмандар босқа, – дейді.

Дәмі жоқ құр енді айтқан сөздің,  
Жүрерге-аяқ, көрерге – сау ғой көзің.  
Ерік алдына қоймастан әкетеміз,  
Жүре ғой еркіңменен онан-дағы .

Апармай қоймайтынын анық білді,  
Киімді амалсыздан үстіне ілді.  
Көркейтіп дүние жүзін шыққан күндей,  
Сәулесі жарқ-жұрқ етіп кіріп келді.

Пендесі көз салмасы төңірекке,  
Жеткізер Жаббар ием не керекке.  
Ерте күдер үзген қызы көлең етіп,  
Жанған шам кіріп келді көбелекке.



Тұрады түзулікте болса кісі,  
Түзелер өз – өзінен оның ісі.  
хан қызы Хақтан көңіл бөлмеген соң,  
Басына қайта қонды дәулет құсы.

Анасы бүркеншігін жұлып алды,  
Аһ! – деуге бір-ақ келді, есінен танды.  
Өңім бе, түсім бе бұл көргенім,  
Құракка құлындағы даусы барды.

Менің өшкен шырағым қайдан жанды,  
Көрем деппе ем мен мұндай атқан таңды.  
Келді қылдай жоғалтқан асыл тасым,  
Қайдан келіп қасыма түсіп қалды?!

Қарағым, жаным менің, тәнім менің,  
Түн болған жеті жылдай күнім менің.  
Я, болмаса, ақылдан адастым ба,  
Жынды емес, сау еді ғой, денім менің.

Қыз айтты: – Ой, апажан, мақұл сөзің,  
Мен сенің жеті жылғы өлген қызың.  
Алған Құдай өзіңе қайта берді,  
Көңіліңді басып, бойыңды бекіт өзің.

Ел-жұрты мұны естіп, аң-таң қалды,  
Патшадан сүйінші сұрай кісі барды.  
Өлгені тіріліп, өшкені жанғаннан соң,  
Корге қойған хан қызын үйден көрді.

Қандай болып қуанды екен ата-анасы,  
Қолына орнаған соң дүрдің тасы.  
Жоқтан – бар қылған Хаққа бұл қиын ба,  
Аллаға шек келтірні болмағаны.

Көрген соң ата-анасы ақ дидарын,  
Жарылып ақ түйеден жатыр қарын.  
Қыз өзі бастан – аяқ баян қылды,  
Қалайша тірілгенін, айтты бәрін.

Кім айтты өлген қайтып келеді, – деп,  
Алла әмір етсе, тәнге жан кірмейді, – деп.  
Патша Адһамға ашуланды:  
– Алғаң соң, маған хабар бермеді, – деп.

Қыз айтты: – Ой, ұлы падишаһ,  
Адһамның бұл турада жоқ жазығы.  
Мен оны менсінем бе, теңсінем бе,  
Киіген соң үйде келіп атлас – шаһи.

Сөз қалды сөйлейтұғын тіл мен жақтан,  
Пайда жоқ күн туған соң алтын тақтан.  
Апарып бір қараңғы салды көрге,  
Болған соң, солайша әмір жалғыз Хақтан.

Тірілдім өз-өзімнен көрде жатып,  
Көрмедім бір жарық сәуле, бір таң атып.  
Мені ал, мені ал деуменен күнім өтті,  
Шаршадым жатып көрде сілем қатып.

Келді де сыртан біреу көрімді ашты,  
Білген соң, қыз екенімді қайта қашты.  
Орнымнан қанша ұмтылып, тұра алмадым,  
Көтеріп алсам-дағы көрден басты.

Жалындым: – Әй, жақсы адам, бері кел! – деп,  
Қолыңды Құдай үшін бер! – деп.  
Тұрғызып, мені көрден әрең алды,  
Су ағып мандайымнан тепшіп – терлеп.

Ойладым мұнан жүгірін үйге барсам,  
Үстіне алтын тақтың мінін алсам.  
Бұл сорлыға әкем мені бермес дедім,  
Түріне, нұскасына көзім салсам.

Басқа бір өзім теңдіге берер ...  
Бұл байғұс құр алақан қалар жанға.  
Қарсылық күдіретіме қылсын десе,  
Ұялдым не деймін деп сол Құдайға.

Бізге көр жұрт өлді деп қазған екен,  
Тірлікте менің пейілім азған екен.  
Жалаңаш көрге әкелін, жабыстырып,  
Ойладым бұған тәңірім жазған екен.

Қой енді, бас бұрмайын мұнан, – дедім,  
Ат болар, дөнен шықса, құнан, – дедім.  
Алланың жазуына тоқтамасам,  
Басына түсер тағы тұман, – дедім.

Сонымен бергізбедім сізге хабар,  
Болмаса, бұл байғұста не билік бар?  
Жүргенмен жылан қанша иір-иір,  
Ақырда шыққан інін түзу табар.

Атасы бұл сөзді естіп, түсті, – дейді,  
Өзімнен шықты, қызым есті, – дейді.  
Түспеген жұрт көзіне қайдан білсін,  
Құдайдан мұндай болған істі дейді.

Адһамды баласымен алдырыпты,  
Шырағын оның Құдай жандырыпты.  
Мүлкінің қақ жартысын бөліп беріп,  
Өзі өлген соң, оларға қалдырыпты.

Падиша көп кешікпей болды опаты,  
Берілті бір иманға дәптер хатты.  
Балахшан Байхы балық шаһырының патшасы, – деп,  
Күншығыс күнбатысқа кетіпті аты.

Неше жыл патшалықпен дәурен сүріп,  
Қызығын дәулетінің ел – жұрт көрді.  
Қой үстіне торғайлар жұмыртқалар,  
Жылан бала бірге ойнап жүрді.

Құс салып, аң аулады, мылтық атып,  
Дүниеде бір күн шалқып, бір күн балқып.  
Кез болды көз ұшында бір құланға,  
Жапанда жалғыз өзі келе жатып.

Сенімді астындағы аты жүйрік,  
Мұны соғып алайық деп болса бұйрық.  
Алыстан қуып еді аттатпай-ақ,  
Жақындап соғар жерге келді кезі.

Гайыптан құлағына бір үн келді,  
Кісі жоқ сөйлегендей сөз естілді.  
Аң қуып арсалаңдап әлі күнге,  
Жүргенмен не бітірдің айтшы енді?!

Шаңына қашқан құлан көңіл бөлмей,  
Қамыңды ойла қазулы көрге кірмей.  
Басың бұлбұл, аяғың дүлдүл болсын,  
Сүйткенмен қалармысың ақыр өлмей?!

Өлімнің келмес бұрын жолын ойла,  
Есіл өмірінді өткізбе бекер түзде.  
Пайдасы жоқ аң қуып шаршағанша,  
Жанға пайда болатын құдайды ойла.

Жалт қарады артна кашқан құлан,  
Қыйыстырып сөйлейді одан бұдан.  
– Аң, құсың, – деп, құдайым жаратты ма,  
Өлім үшін жаралған туған ұғлан.

Бұл сөзді естін құланның зәресі ұшты,  
Ұмытпастай сөз болды көкейкесті.  
Енді құлан қумасқа алла-білла,  
Ант айтып, қайтып келіп үйге түсті.

Ішсе, жесе тамақтан өтпейді ас,  
Тыймайды домалап көзден жасы.  
Ұзын түнді өткізді аялықпен,  
Түні бойы жастыққа қоймай басты.

Жатқанменен көзіне ұйқы келмей,  
Падишалықты өзіне дәурен көрмей.  
Бұл жалғанда сүргенмен жүз жыл дәурен,  
Қаламын ба сүйткен мен ақыр өлмей?!

Әуелден – ақ ұйқысын бөлуші еді,  
Түн жарым болғанша жүруші еді.  
Жануарға обал деп таң атқанша,  
Өз қолынан атына жем беруші еді.

Өзге түннен бүгінгі түн ерте тұрды,  
Аттың жемін беруге солай жүрді.  
Тап-тап басқан кісінің аяғындай,  
Үй үстіне естіртті бір тықырды.

Өлімді естіп жүрегім дүрсілдейді,  
Мезгілсіз неғып жүрген кісі? – дейді.  
Кімсің өзің. жөніңді айт, неткен жансың,  
Үй үстінен не қарап жүрсін? – дейді.

Кіресі едім, өзім бәдәу – арап,  
Жоқ жоғалтып, ақылым алты тарап.  
Дүзде жүрдің, көзіңе түсті ме екен,  
Түйешімін мен жүрген түйе қарап.

Естіген соң бұл сөзді патша күлді,  
Мұнан артық ақымақ болар ма енді.  
Ол заманда, бұ заман бар ма, сірә,  
Естіп пе едің үй үстіне түйе келді?!

Ақымақтығың білінді айтқан сөзден,  
Іздесенші түйенді жапан түзден.  
Дәнемені көрмейтін көр болыпты,  
Тілегі аңпың тозаңы болып көзің.

Ішін – жеумен күндіз-түн қарнын жойған,  
Жоқ нәрсең сарып қып, өмірін жойған.  
Жатқан саған келмес Құдай өзі,  
Кім орнатып Құдайды таққа қойған?!

Белде садақ болғанда, қолда қылыш,  
Ит дүниеге не қыласың күн-түн жұмыс?  
Тақта отырып Құдайды іздейді екен,  
Бәрекелді, кісі екен мынау дұрыс!

Бұл сөзіме қайыра жауап берші,  
Құдай қайда айтамын бермен келші.  
Өзіндікі ойыңда жоқтығыннан,  
Түйешімін дегенім болды ма ерсі?

Жоқ жерде оқиға сөзді патша есітті,  
Тағынан ықтиярсыз құлап түсті.  
Шыбын – шіркей үйінен шығып кетіп,  
Құдай жаққа түзеді енді бетті.

Ешбір жан бұл кеткенін білмей қалды,  
Талақ қылып тастады дүние – малды.  
Екі – үш күн жол жүрін, жата жаңғыз,  
Жатқан отар далада малға барды.

Қотан-котан қойлар бар тұсымен,  
Қос-қос жылқы ішінде қосыменен.  
Аяқ алып жүре алмай жатқан малдан,  
Сегіз күнді өткізді осыменен.

Қожайыным осы елдің ханы дейді,  
Дәулетінің болмаған саны дейді.  
-Кімдікі? – деп, сұраса жолыққаннан,  
-Ибраһим Адһамның малы, -дейді.

Мұнша дәулет барлығы келмейді ойға,  
Ойына алмастай болып шықты айт пен тойға.  
Ол шетімен бұл шеті көз жеткісіз,  
Тағы келді бір бөлек отар қойға.

Жұртан аскан патшамыздың ойы дейді,  
Тал шыбықтай бұралған бойы дейді.  
Онан басқа кімге мал болушы еді,  
Ибраһим Адһамның қойы дейді.

Бір кісіге аямай берген Құдай,  
Құдай берген кісіге бәрі де оңай.  
Отар жатқан малының шет осы ма,  
Тағы да қойы бар ма мұнан былай?

Жылқышының қарайған қосы дейді,  
Дүние іздеген шайтанның досы дейді.  
Мұнан былай малы жоқ отар салған,  
Шаруасының ең шеті осы дейді.

Енді қойшы аузыңды адамға ашпа,  
Айтқан сөзді ішіне тық та таста.  
Бас – аяғын дүниенің қыдырсаң да,  
Ибраһим Адһам жоқ менен басқа.

Талақ қылып дүниені безіп кеттім,  
Құдайды іздеп тентіреп кезіп кеттім.  
Бір қарауға артыма мұршам келмей,  
Мен артымнан күдерді үзіп кеттім.

Азат қылып босатты өз басымды,  
Емін – еркін тыныштықпен іш асынды.  
Қойдың бәрін ал жинап, бердім саған,  
Ие болып меншіктеп тау – тасыңды.

Шекпеніңді қимаған, байғұс балам,  
Атылас тонды киіп, бол бір түрлі адам.  
Алған малың өзіңе болсын халал,  
Хақ жолына менһүм деп бастым қадам.

Қараңыз, қойшы олжаға батқанына,  
Қой жүні шекпенге атлас тонын сатқанына.  
Әбден разы болғанды осы қойшы,  
Неше жылдай қой бағып жатқанына.

Бір күн түнеп қойшыға жатып кетті,  
Атлас тонын шешенге сатып кетті.  
Жаяулықпен жалғыздық құмар ісі,  
Қарық олжа демендер батып кетті.

Көп жаңбырдан не пайда қара тасқа,  
Үйір болса бойына сінбес асқа.

.....

Кім сұраса, көргем жоқ деп айтқайсын.



Амандасып қойшыға жолға түсті.  
Тұрғызбады жүрегі алып ұшты.  
Өз – өзінен бүлініп, болып әлек,  
Лағын шайтан өртеніп күйіп пісті.

Жаны ашыған кісі боп келді жетіп,  
Бейшара деп мүсәпірсіп аяп кетті.  
Мұнымен жетесін сен қай жаққа,  
Жассың ғой қорлықпенен өмірің өтіп.

Не таптың желге тиіп, күнге күйіп,  
Шықпассың жөні түзу киім киіп.  
Түйең жоқ шаршағанда аяқ артар,  
Табаның үш күн болмай қалар тиіп.

Торсығың жоқ сусын құйып алатұғын,  
Қоржының жоқ ет пен нан салатұғын.  
Ас адамның арқауы деген сөз бар,  
Сендей жаяу әр жерде қалатұғын.

Сұлтан айтты: – Барамын бұл барғаннан,  
Бармасам, құтылдым мен арманымнан.  
Тәукелді тамам қылып өлген артық,  
Жан тыныш үйде жатып, құр қалғаннан.

Жетеді пенде қайда түйе мініп,  
Хайуанға алданады хайуан сеніп.  
Бір Құдайдан басқаға көңіл бөлмей,  
.....

Осы үшеуін серт қылдым бір басыма,  
Ортақ қылып жүрейін кімді асыма.  
Тәукелдің таяндым таяғына,  
Болсын куә періште көз жасыма.

Азықты алған жандар ала берсін,  
Балымызға алданып қала берсін.  
Азық артып, жанымды қинарым жоқ,  
Шыдамаған жан болса, бара берсін.

Мұны естіп сайтан Лағын қайтып кетті,  
Әңгімесін бастан – аяқ айтып кетті.  
Қылған серттен табайын талдырмастан,  
Бұл жүріспен арада төрт жыл өтті.

Бізге мұндай күн қайда анық атқан,  
Жарық сәуле көре алмай құр күн қатқан.  
Көп керуенмен бір аз күн жолдас тасып,  
Жөні бір боп бәрінің бара жатқан.

Жылдан жылға барады заман өтін,  
Қалып жатыр жамандар, жақсы кетін.  
Әлек қылып көңілін арбайын деп,  
Лағын сайтан тағыда келді жетіп.

Тәуекел осылай ма, сертің қайда,  
Міндетім деп шығыпсың бір Құдайға.  
Өлмек қамын бейшара қылыпсың ғой,  
Ойламаймын деуші едің жанға пайда.

Жан сақтапсың керуенді жанасалап,  
Бақ болмаса, немене таудай талап?!  
Қамыңды өлмейтұғын ойлапсың ғой,  
Артылғанын бұлардың ұртап, жалап.

Сені есіркеп керуеннің аяп іші,  
Жұрт үстінен күнелткен пұлсыз кісі.  
Бұл қалыпты болмасаң керек еді,  
Тәуекелді шын қылған нардың ісі.

Әуре болмай, бұлайша маған нансаң,  
Көз сүзбесең бұларға үйден алсаң.  
Көлігіне мінгізіп әкетеді,  
Жол үстінде жүре алмай шаршап жатсаң.

Айтқан сөзі малғұнның ащы тиді,  
Айырылуды керуеннен көңілі сүйді.  
Жапан түзде бұл жүріп кетті жалғыз,  
Тірі пенде әртүрлі көрмек күйді.

Үш күн, үш түн ас ұртап, іш педі су,  
Жан қиналды басынан бұрқырап бу.  
Қаңғырып өлсін елсізде дегені ғой,  
Ескі дұшпан ежелден жаны қас —су.

Таңдайына жабысып, тілі қатып,  
Бір ұрттам су болса деп көзін сатып.  
Аяқ басып жүруге дәрмені жоқ,  
Ай далада әлсіреп қалды қатып.

Шыбып келіп, үймелеп, қонып жатыр,  
Тышқан түтіп киімін түтіп жатыр.  
Қара шыбын, сары, маса ұзын аяқ,  
Бұ кісіге білгенін қылып жатыр.

Инелік пен көбелек о да берсе,  
Жеңіп алған әуелден бит пен бүрге.  
Ит пен құсқа жем қылып қалдыра ма,  
Енді Құдай мүсіркеп келді жерге .

Басты әр жаққа бастайтын кез,  
Көп кешікпей әрқашан болатын кез.  
Бір бәдәуи астында түйесі бар,  
Құдай айдап, үстіне болыпты кез.

Бізге Құдай осындай таң да атар,  
Таң атса, болар едік бізде батыр.  
Тірі – өлісін айыра алмай дал болды,  
Нұры балқып, денесінен біреу жатыр.

Айдалада айғайлап ұран салды,  
Құр шулатып, құлақтың тыйшын алды.  
Өкпесіне қараса қолын салып,  
Шығар – шықпас кеудесінде жаны бар-ды.

Біле қойды жатқанын аштан қатып,  
Демі құрып, сілесі қатып қалып.  
Іші – бауыры елжіреп, тұра қалды,  
Молт-мөлт төгіп, көз жасын іркіп алып.

Бәдәуидің домалап көзден жасы,  
Не көрмейді ат пенен адам басы.  
Қайда барса, өзінен қалдырмайтын,  
Шырын-шәрбат, бар екен сусын асы.

Кеуіп жатқан аузына құйды сүтті,  
Бір қызырға жолықты ізі құтты.  
Кеңірдек пен өнеші жібіген соң,  
Ар жағына қорек алып, сылық сылық жұтты.

Ар жағына дәнекер қорек барды,  
Денедегі тасытты қызыл қанды.  
Ас адамның арқауы деген қайда,  
Бір аздан соң, есі әбден кірін қалды.

Көзін ашса бір пенде қасында отыр,  
Не керекті тағам мен асы да тұр.  
Не керек деп жанында елбелектеп,  
Перуана боп иіліп басында отыр.

Есін жиып өз-өзіне әбден келді,  
Шеберлігін Құдайдың танып білді.  
Қылған ісін Құдайдың тамаша ғып,  
Ие болмай өзіне сылық – сылық күлді.

Мұны көріп бәдәуи есінен танды,  
Тізесінің үстіне басын салды.  
Күн диуана екенсің ғажап дейді,  
Арсыз күлкі қай жеріңнен келін қалды?

Мен диуана емеспін, есім бүтін,  
Сыртым бүтін болғанмен, ішім – түтін.  
Ойда жоқ жерде Құдай береді екен,  
Бұрмай жүрсе Құдайдан пенде бетін.

Бұл бәдәуи оқыған ғалым ер-ді,  
Аят оқып тәпсірден маған берді.  
Қылған еңбек кетпен-ді бекер босқа,  
Тәңірім босқа қалдырмас талапты ерді.

Барса Сұлтан Байтұлла орнында жоқ,  
Деп ойладың бәріміз жоқ жаңылдық.  
Іздеп келген нәрсесі жоқ болған соң,  
Күйіп кете жаздады от – жалын жоқ.

Ан – таң болып бұлардың есі кетті,  
Сүйген құлға Хақ жолын нәсіп етті.  
Не қыларын біле алмай тұрған шақта,  
Құлағына ғайыптан бір үн шықты.

Ешкім нанбас жоқ деген сөзімізге,  
Килікті ме бір нәрсе көзімізге ?  
Жансыз нәрсе орнынан қайда кетті,  
Жабысты ма бір нәрсе өзімізге?

Ан – таң боп Ибраһим тұрып қалма,  
Бір басылған аяқты кейін салма.  
Құмар болған жалғыз-ақ сен бе екенсің,  
Жүре берсең алдыңда бар ма, жоқ па?

Бір достымыз бар еді бізге құмар,  
Несін саған қылайын ұзын сонар.  
Інкәрлығы өзгеден артылған соң,  
Шығып соның алдынан кеткен шығар.

Мінажат қылды солтан мұны естіп,  
Өз-өзінің есінен шығып кетіп.  
Мен құрмалдық тоқтысы болар едім,  
Жолықтырсаң мені оған душар етіп.

Қандай күйде жараттың оның өзін,  
Көзге сүрме қылайын басқан ізін.  
Дәл өзіңді көргендей қуанайын,  
Өзің сүйген достыңның көрсет жүзің.

Кім есептеп жүреді өткен күнін,  
Шауып тастар қисын деп кім өз мінін?  
Көргенше көңілім дауласын,  
Маған айтып күн бұрын аты – жөнін.

Құдіретіме ертерек жеткен даты,  
Басып шығар бір-екі қолды саты.  
Басара деген шаһардан шыққан жалғыз,  
Туысы – әйел, жүрісі – еркек, Рабиға – атты.

Мұны естіп түседі сұлтан жолға,  
Тәуекелдің таяғын ұстап қолға.  
Рабиға да кез болды жол үстінде,  
Ит алданар әркіммен қалған жерде.

Дария болар су ағып тасыған сайын,  
Көтерілер ат белден асқан сайын.  
О да екі бас келеді намаз оқып,  
Әрбір жерге аяғын басқан сайын.

Бір қонақта екі жүз жерді басып,  
Басқанынан екі жүз намаз асып.  
Жерде жатқан күндей боп жарық жүріп,  
Домаланып келе жатыр нұры тасып.

Құдайына келеді көңілі кетіп,  
Шын жайын жолына құрбан етіп.  
Қожалардың ыңырамды болмайтұғын,  
Толғанда орынға жаңа жетіп.

Жанын кешіп барады ердің ері,  
Арманына пенденің жеткен жері,  
Енді ыңырамды болайық деп тұрғанда,  
Келіп қапты бойына етек кірі.

Ыңырам байлап хажылар перде салды,  
Керек қылмас сол күні ешкім малды.  
Намазы мен оразасы дұрыс болмай,  
Байлай алмай ыңырамды жалғыз қалды.

Тақалғанда арманға жаңа жетіп,  
Тәңірім мұндай ауруды душар етіп.  
Ай далада бұл күймей, кім күйеді,  
Есіл еңбек бір жанбай босқа кетіп.

От үрледі жеті жыл жаншы –жаншы деп,  
Жарлық қылдың жаңбырға жауа сал деп.  
Мені биыл бұл парыздан қалдырма деп,  
Болмаса, нала қылды жанымды ал деп.

Алла тағала наласын қабыл етті,  
Тап-таза боп бойынан дерті кетті.  
Құйынуға су іздеп аласұрып,  
Су таба алмай елсізде шаршап бітті.

Су іздеген киіктей жортып жолды,  
Бір құйынар су алу арманы енді.  
Көріп қойған кісідей көп бұлтармай,  
Бір құдықтың басына тұра келді.

Қауғасы жоқ алады қалай суды,  
Шешіп алып көйлегін мес қып буды,  
Шешіп алып шаш бауын арқан қылып,  
Таза су мен етінің кірін жуды.

Керек қылмай кеткен соң тамам елді,  
Тәңірім қылды болыстың мұнан білді.  
Шөлдегеннен аузына тілі сыймай,  
Екі көзі төрт болып бір ит келді.

Көйлегімен су алып итке құйды,  
Емін – еркін ит ішіп, әбден тойды.  
Екі көзі шырадай жанғаннан соң,  
Итке тәңірім бір жақсы салды ойды.

Құдайына ит ұлып қақсады зар,  
Бұл пенденің жүрегінде не мақсат бар?  
Мені қандай қуантса сондай қуанып,  
Мұратына жеткізіп жүрегін жар.

Иттің қылған дұғасы қабыл болды,  
Жазы жапан айдала нұрға толды.  
Және киін көйлегін тұрған шаққа,  
Басына кеп Байтұлла орнап тұрды.



Аса ілтисат қып Рабиға көз салмады,  
Келді ме кемеліне ойға алмады.  
Шамшырақтай жайнап қатын келеді,  
Қол шатырдай басынан козғалмады.

Басқан жері жазылған қос табы болды,  
Тау мен тасқа түп түзу саты болып,  
Қабығы жоқ қолында ағаш таяқ,  
Алласының аузында аты болып.

Көргеннен қарасынан сайтан қашқан,  
Жері алтын ізі болып аяқ басқан.  
Хазіретті Мұсадай қайрат қылып,  
Дүр тауына өрмелеп жоғары асқан.

Мұндай болып Рабиға келе жатыр,  
Қағбаттулла басында болып шатыр.  
Дастан болып артында сөзі қалған,  
Жынысы әйелден шыққан ол бір батыр.

Қол қусырып алыстан тағзым етіп,  
Еріткен майдай талықсып балқып кетіп.  
Қажылардың барлығын соңына ертіп,  
Қарсы алдынан Ибраһим келді жетіп.

Домалатып көзінен төкті жасын,  
Әйел демей алдына қойды басын.  
Ұлы сәске жол түсте туған күндей,  
Көзге түстің қалайша бағың асты?

Қағбаттулла алдыннан қарсы шыққан,  
Мың сан еркек өзіңнен қандай шыққан?  
Ілтисат қып сен оған сөз салмайсың,  
Тәкаппарлық болмай ма ұлығлықтан?

Рабиға айтты көңілден кетсін дағың,  
Шірімесін сөз айтқан тіл мен жағың.  
Айтып тұрсың әншейін маған жорта,  
Артық екен менен де сенің бағың.

Машақат сөз келіп тұр қағба шабан,  
Қылған істен пайда жоқ қызбай табан.  
Ерте піскен жемісте дәм болмайды,  
Жетік молда бермеген тағлым саған.

Әр нәрсені қадірлер шықса пұлы,  
Болмасын деп кім айтар жүрген жолы?  
Михнатсыз, машахатсыз қолға түскен,  
Нәрсенің, сірә, болмас қадыр – құны.

Тарау-тарау сөзім бар әрбір көптен,  
Көріп тұрған пайдам жоқ қауым көптен.  
Және сұлтан сұрады Рабиғадан,  
Қағбатулла шықты алдыңнан не себептен?

Сөзге сөз келіп қалса, сөз атасы,  
Сөзден сөз туар деген, жоқ қатесі.  
Байтұлланы басымнан айналдырған,  
Бұралқы түзде жүрген ит басы.

Бір екі ауыз сөзбенен бұ да бітті,  
Көп қажылар тауап қып қайтып кетті.  
Рабиға қалыпты өз жұрынан...  
Қалды Ибраһим манада көріне енді.

Бір орыннан қозғалмас темір қазық,  
Басы жұмыр пендеде көп дүр жазық.  
Мың алтын берді бір бай Ибраһимге,  
Киім – кешек өзіңе қып, – деп, – азық.

Тамақ олжа – бір күнгі қарны ашса,  
Қой жүні – шекпен, атлас жалаңашқа.  
Өмірімше шашымды алып жүр деп,  
Мың алтынды беріпті шаштаразға.

Қайыр сұрап бір кедей сонда келді,  
Мың алтын шаштаразға түгел берді.  
Бір берсең, жүрмей ме Құдайына,  
Неге бердің бір жола бәрін енді?

Саған берген бай оны қайдан берді,  
Маған қылған жақсылық пайдаң ба еді?  
Құдай үшін біреуге мың көп пе екен,  
Сендей жүз мың келеді жайдан деді.

Мұны естіп Ибраһим қайран қалды,  
– Шоқ төбеме, – деп, өзіне бір ұпай салды.  
Айтқанына өкінді пұшайман боп,  
Жүр екенмін деп ұмытпай әлі малды.

Қата қылдым, жаңылдым, мен адастым,  
Жақсы көрсем жалғаннан неге қаштым?  
Көңілге алып дүниені көзге іліп,  
Неге аяқты ақылдан қисық бастым?

Алла ашқан айыпты кім жобалар,  
Қолын қанша былғанса су тазалар.  
Қас пен көздің, кірпіктің арасында,  
Талайсызға тікен боп тіл қадалар.

Күн өткізді манада жазы – қысы,  
Құлшылықтан басқамен болмай ісі.  
Тауға барып бәйшешек, жайтан теріп,  
Бір отыншы белгілі болды кісі.

Бір арқа отын арқалап алып келіп,  
Одан алған ақшасын үшке бөліп.  
Жетім менен мүшкілге үлестіріп,  
Қайда дәурен болса, тамақ беріп.

Жарасады жүк артса шалқұйрық нар,  
Екі өркешті түйемен бұл болмас пар.  
Ұзын түнді өткізді аяулықпен,  
Құдайына мінажат қылумен зар.

Ибраһимнің артында қалған баласы туралы

Бұл сұлтан Құдайды ойға алып еді,  
Оң жолға тәңірім өзі салып еді.  
Зұлқия алған жары жүкті болып,  
Қыршын жас дер кезіпде қалып еді.

Тірідей қалды қатын күйіп бақыты,  
Болды да біреуге олжа алтын тақты.  
Кеткен соң патша үйден көп ұзамай,  
Көзі күндей, жүзі айдай бір ұл тапты.

Айырылып бақ құсынан қалды қатын,  
Сарғайып сана бұзып нұр сипатын,  
Тұлпардың таска басқан тұяғы деп,  
Баланың Сұлтанмахмұт қойды атын.

Бар екен әуелден-ақ тумас – өлмек,  
Құдай басқа не салса, пенде көнбес.  
Әркімді әр нәрсемен жұбатады,  
Қатынға туған бала болып ермек.

Баһары қаз алатын ылашындай,  
Бойы бар тік сандалдың ағашындай.

Мінезі ісі түссе атасындай,  
Ұстаты сауысқанның баласындай.

Көк шыбын сылқылдаған өрім талдай,  
Мінезі тәп-тәтті боп, хауа балдай.  
Алмадай пісіп тұрған екі беті,  
Туады мұнан артық бала қандай?!

Аузыннан сүті шыққан уыз күні,  
Жаралған түгел қиылып, жоқ боп мні.  
Отырды үй үстіне шығып бала,  
Қазақша шек, ертең айт деген күні.

Анасы серік болып қасында отыр,  
Жетімді жесіртпек боп басында отыр.  
Болған соң айт ақшамы шырақ жағып,  
Әркім барып, бір көрдің басында көріп.

Көрмеген мұндайлықты бұрын бала,  
Балаға көргеннен соң, түсті сана.  
Жай жатқан көп өліктің тынышын алып,  
Мынау жұрт не қылып жүр, ай, жан ана?

Аузына қарай қалды анасының,  
Жықпайды сөзін ана баласының.  
Шырақ жағып жүргендер ғой бата қылып,  
Басына өлген ата-бабасының.

Отырмыз біз бозарып мұнда не ғып,  
Көзіне жас домалап кетті ағып.  
Менің өлген әкемнің көрі қайда,  
Келейін менде барып шырақ жағып.

Анасы бір һам ұрып, есі танып,  
Аузынан шыққан жалын ду-ду жанып.  
Әкеңнің бұл шаһарда моласы жоқ,  
Қайтасың құр бозарып, босқа барып.

Біз жарлы болып қалдың жасқа байып,  
Бақ құсың жазатайым бастан тайып.  
Шырағым, сенің әкең өлген жоқ-ты,  
Бір түнде болып кеткен тірі ғайып.

Баланың жасқа толып екі көзі,  
Аузында әкесі боп сөйлер сөзі.  
Не дейсің, қайда кетті, – дейсің, ана,  
Кісі еді қай порымды әкем жүзі?

Көзіңше кетіп пе еді рас, тірі,  
Жан еді не сипатты кескін түрі.  
Мен тумай ғайып болып кеткен болса,  
Бір хабар білмедің бе сонан бері?

Анасы айтты құлағың сал, балам, – деді,  
Айтайын саған сөзді тамам деді.  
Атаңның жайы-күйін мен айтайын,  
Дүниеге келмес ондай адам деді.

Сенің әкең бұл жұрттың еді ханы,  
Болмаған дүниесінің ешбір саны.  
Мен жесір, сен жетім қалғаннан соң,  
Ішіп, жеп құл – құтандар кеткен, әні .

Есептен кеткен алып дүние – мүлкі,  
Ит жүгіртіп, құс салып, аулап түлкі.  
Бітсе де қанша дәулет желікпеген,  
Жоқ еді, тіпті, аузында ойын – күлкі.

Ұйқысын бұзып бір күн түнде тұрды,  
Ешкімге шығармады ішкі сырды.  
Мен жаттым тысқа шығып келеді деп,  
Келмепті сол кеткеннен ғайып болып.

Көргенім менің бақта болды садақ,  
Көз жасым аға берді болып бұлақ.  
Меккеде аман – есен жүр деп тірі,  
Айтады еміс-еміс ұзын құлақ.

Жалаң аяқ, жалаң бас, төсін ашып,  
Арқалап жаяу таудан отын тасып.  
Алған пұлын әркімге үлестіріп,  
Ғарып – ғасыр, мүскінге болып нәсіп.

Таныпты оның жүзін әркім көріп,  
Жүр дейді отын жинап, шөпшек теріп.  
Түскен пұлын қолына тұрғызбастан,  
Жетім менен жесірге бөліп беріп.

Анадан тумас енді ондай кісі,  
Аумаған дәл өзіндей өңі – түсі.  
Құдайдың күндіз – түні құлшылығы,  
Атаңның қылып жүрген бүгінгі ісі.

Шешесі қозғағаннан сөздің басын,  
Жіберді төгіп бала көздің жасын.  
Орнына отыра алмай аласұрып,  
Ұмытты ұйықтар ұйқы, ішер асын.

Әй, ана, жібер мені жабдық қылып,  
Атамның қуанайын жүзін көріп.  
Бір барып, тірлікте жолығайын,  
Қалмасын көңілде арман кетсем өліп.

Анасы айтты: – Жанымнан тәтті балам,  
Тірі жанбыз артыңда қайтып қалам?  
Атаң үшін күйінгенім аз ба маған,  
Енді сенің отыңа қалай жанам?!

Бар жарығым сен едің менін көрген,  
Аз күн ермек болсын деп ием берген.  
Енді сенен айырылсам не боламын,  
Қарашығы көзімнің күнде көрген.

Ай, балам, кім бұзады бұл әзәлді,  
Шаршайын несің айтып ол адамды.  
Аһ ұрып, енді күйіп, от боп жанып,  
Оқиды сонда анасы бұл назалды.

Бұл не қасірет, бұл не күлфат, бұл жалғанда,  
Жоқ боп афат, жоқ боп шарбат, от боп өртеп.  
Кеше күндіз өзегіме бәри фархат,  
Қиялымда жоқ, есімде сүйген жардан.

Жүдә болмақ бұл жалғанның атына,  
Өртеп денеден жан пида болмақ.  
Кім еркіме болмақ өзі,  
Әр не қылса, Құдай қылмақ.

Алланың қылған ісіне пенде риза болмақ,  
Қиямет күні қатын дейді.  
Сүйгенінен жүдә болмақ,  
Дозақ оты киын дейді.

Жұрттың бәрі солай сөйлеп,  
Мұнда артық от бола ма?  
Зафрандай жүзі солмақ,  
.....



## Сонда баласының анасына айтқаны

Баласы айтты: – Мейірбанды мағишүк анам,  
Керінбейді көзіме ешбір адам.  
Мені жерге қаратпай, ризалық бер,  
Жан барында әкемді іздеп табам.

Өзімдей балалардың әкесі бар,  
Мен көшеде тұрамын телмірін зор.  
Менің жүрер жолыма бөгет болма,  
Өткелсіз су болмаңыз, кешусіз жар.

Жата алмаспын бұл үйде мен жайланып,  
Аяқпенен қалмаса қос байланып.  
Барайын да қайтайын көп кешікпей,  
Пәруана боп басынан бір айналып.

Анасы бұза алмады бала сөзін,  
Көрген соң жаспен толған екі көзін.  
-Бар, – деді, балам, жолың болсын,  
Аманат бір Құдайға қылып өзін.

Үстінде жақсы болып тұрса заман,  
Атаңа есендікпен барсаң аман.  
Бір – екі күннен артық тұрмағайсын,  
Қайтқайсың бері айналып бізге таман.

Жалғаннан не көрмеген сорлы басым,  
Тамақтан әрі өтпейді ішкен асым.  
Қарағым, көз қуанышым, жарық сәулем,  
Тыйылмас сені көрмей көзден жасым.

Жүректе басылған мөр атаң-дағы,  
Анаңның болды жуық өлер шағы.

Екі ауру бірдей келсе, өлгені де,  
Сен енді келмей қалсаң және тағы.

Сөз айтты анасына қалдырмастан,  
Анасы ризалық берді баласына.  
Екеуі елсіз жерде қоштасқанда,  
Бұлардың жер-көк балқыр наласына.

Бір жолға тәуекел деп басты байлап,  
Қаңғырттың ықтиярсыз тәңірім айдап.  
Екі – үш күн кір жуғызып, ас пістіріп,  
Жүретін жол жабдығын әбден сайлап.

Жүрерде анасынан сұрайды сөз,  
Атама болып нәсіп ұшырасам кез.  
Айдалада құр кімге жабамын,  
Жазып бер, түсі – түрін қағазға сыз.

Анасы айтты: – Меккеге барсаң, балам,  
Базарына отынның бассаң қадам.  
Бет-белгісі ішінде түрі бөлек,  
Бір араға бас қосса мың сан адам.

Ұзын бойлы, шырайлы, қызыл жүзді,  
Көрінгенде күлумен қарап көзі.  
Қара сақал, қыр мұрын, ат жақтылау,  
Тілі тәтті, сөйлесе, сөзі шырын.

Үн деп келер жалаң бас, жалаң аяқ,  
Балтасы бар белінде, қолда таяқ.  
Анадайдан танырсың көрген жерден,  
Жан-жағыңа алаңдап қарамай-ақ.

Намаз оқыр екі бас әр басқанда,  
Ешкім мен жұмысы жоқ көзі.  
Осы ма екен деп ойларсың сұрамастан,  
Жетім – жесір, мүшкілге пұл шашқанда.

Алдына ағар жетін тұрсаң барып,  
Көргенде қуанарсың жүрек жарып.  
Айтқайсың коргенінде бастан – аяқ,  
Сұраса аман ба деп анаң ғарып.

Айтқайсың осылай деп анам халы,  
Ұзын өмір жас керек сөйлеуге оны.  
Аяқ басып жүруге дәрмен жоқ деп,  
Кеудеде шықпаған құр ыстық жаны.

Дегейсің көңілі қайдан болсын бүтін,  
Аузынан аһ дегенде шыққан түтін.  
Кетеді тамам жұрты, қаптап иесі,  
Кісінің анау-мынау шарпып бетін.

Қаптайды бір қараңғы тұман болып,  
Қоңырып шаһар іші кетер толып.  
Аһ! – дегенде Зұлхия лебізі деп,  
Деп айтар тұр ғой десін сонан болып.

Тұмандай басылады барып – барып,  
Лапылдап, бірде жанып, бірде сөніп.  
Бауырдың күйген иісі мұңкіп шығып,  
Іісіндей қуырдақтың мұрын жарып.

Айтқайсың өсы сөзді әуел ақыр,  
Қу дала болып қалды мидай тақыр.  
Не айтса, бала бәрін ұғып алды,  
Анасы хош айтысып жолға салды.

Аманат көп-көп сәлем арызын айтып,  
Дегейсің қалды-ау зарлап анам бакыр.  
Айырылып амалы жоқ жалғзынан,  
Екі көз телмірумен тұрып қалды.

Дүние күнің екен бұл бір ғаріп,  
Баласың сен жағымды кімге жарық.  
Бала белден асқанда көз айырмай,  
Артынан боздап жылап тұрды қарап.

Құй жыла, құй жылама кетті өз туысы,  
Көрген – баққан қызығың болды осы.  
Көзінді шелдей қаптап қалғаны да,  
Қолыңнан бір кеткен соң дәулет құсы.

Айырылды жаннан артық сүйгенінен,  
Жаңылып қалды үстіне кигенінен.  
Денеден нұр шықпаған жан бар-дағы,  
Жыр жырлап, ғазал сөйлеп жүріп.

Жас бала кетті жолмен жаяу жүрін,  
Етегін беліне алды түріп.  
Есен – сау, ауырмастан, сырқамастан,  
Меккеге көп-көп күн өтпей, барды кіріп.

Белгілі ішіп – жейтін ас және жоқ,  
Қорғалар жауын жауса баспана жоқ.  
Шаңыркап, шөлдеп қапсың деп айтатын,  
Мүсіркер маңайында ата-ана жоқ.

Жаяулық жалғыздықпен кешті бастан,  
Қажып, серіп қара ағаштай бала жастан.  
Жол азабы жоқтықпен қабагтасып,  
Жаңа туған айдай бүгілді аштан.

Бәйгі атындай аштықтан әбден жарап,  
Ақыл – ойы жан-жаққа кетті тарап.  
Базарына отынның барып бала,  
Кешке кейін ертеңнен тұрды қарап.

Базарлы жер ұлы жиын әрқашан,  
Тамақ алып ішуге керек тыйын.  
Мұнша жаннан бір жанды танымаған,  
Бұл жалғанда іс екен ол бір қиын.

Құса болып ішінен бала тынды,  
Жоқшылық сау кісіні қылар жынды.  
Телміріп көрінгенге көз салса да,  
Кез болмады анасы айтқан сынды.

Бір мезгілде қарады көзін салып,  
Екі жоқтық бір келіп, есін танып.  
Бір аһ ұрып жіберді жылап бала,  
Мөлт-мөлт төгіп көз жасын іркіп алып.

Аһ менің басымды,  
Базарға салған жетімдік.  
Ойнап бір күлер шағымда,  
Қолымнан алған жетімдік.

Табанымды жерге тигізіп,  
Ыстық бір күнге күйгізіп.  
Жамаулы шекпен кигізіп,  
Әр түрлі қылған жетімдік.

Ішерге жоқ қып асыңды,  
Ағызып көзден жасымды.  
Домалатып басымды,  
Шығарған үйден жетімдік.

Елден елді кездірген,  
Туған жерден бездірген.  
Жұртқа көзімді сүздірген,  
Жөргекте соққан жетімдік .

Үлкен менен кашады,  
Артымнан топырақ шашады.  
Көмірдей жерге басады,  
Қалдырды жерде де жетімдік .

Өз жерімде жарысқан,  
Келіп едім алыстан.  
Осында бар деп арыстан,  
Көрсетпей қойдың жетімдік.

Әкем бар, жаным қайдасын,  
Ат болып балаң ойнасын.  
Туысты балаң ойласын,  
Жолыңда көрдім мен бейнет.

Жазы – қысы ешкімнің,  
Меніменен жоқ жұмысы.  
Аштық – тоқтық алыс пен жуықтықты,  
Біледі дамыл алмай жүрген кісі.

Әкем деп құрып аңсап келіп едім,  
Ойланып түн ұйқымды бөліп едім.  
Көре алмай әкем жүзін қалғаным ба,  
Әдейі көрем ғой деп келіп едім.

Жылады бұл сөзді айтып өксіп бала,  
Жыларлық іс болған соң, тұрсын қайтып.  
Кім жылар, бұл жыламай дүниеде зар,  
Қойған соң, жастай Құдай шын жылатып.

Толықсып біраз тұрды есін танып,  
Кісіге өткен – кеткен көзін салып.  
Мен – зең болып орнында тұрып қалды,  
Көруден көзі, сөйлеуден тілі қалып.

Көркейіп нұрға толды базар іші,  
Көзіне жылы ұшырап берін түсі.  
Жалаң аяқ, жалаң бас, ұзын бойлы,  
– Аллаһу Хақ, – деп қызыл жүзді, көркем кісі.

Үстіне киген және қара киім,  
Өзіне нардың жүгі болмас бұйым.  
Алып келген отынын базарға үйді,  
Апарып жағатұғын жоқ деп үйім.

Лә Иләһә Иллолла айтқан айтқан сөзі,  
Қызыл жүзге жарысып нәркес көзі.  
Әр басқанда екі бас намаз оқып,  
Өзге жаннан порымы бөлек өзі.

Анасының айтуымен танып тұрды,  
Лапылдап тал отындай жанып тұрды.  
Елжіреп іші – бауыры алып ұшып,  
Жуықтап маңайына барып тұрды.

Базарда тұрып сұлтан айғай салды,  
Үйіліп төбе болып отын қылды.  
Адал еңбек сіңіріп алып келдім,  
Алыңдар ниетпенен адал малды.

Бір адам үш күрешке отын алды,  
Үймелеп кедей біткен жетіп барды.  
Жетім – жесір, мүскіге үлестірін,  
Алған жанның бәрі де мәз боп қалды.

Ибраһим келеді жатаханасына,  
Мәз болып, Аллаға айтқан наласына.  
Есіктен сәлем беріп бала келді,  
Сайланып барды атасының панасына.

– Уағалайкум сәлем, балам, – деді,  
Көп бөтен келмеуші адам, – деді.  
Кіріп келдің басс алып танығандай,  
Онға қарай басыпсың қадам деді.

Өксіп бала солқылдай жылай берді,  
Көздің жасын көл қылып бұлай берді.  
Мен сықылды түрің бар, жылы ұшрайсың,  
Қайдан жүрсің, жаным, – деп сұрай берді.

Алыстан аңсап құрып келдім,  
Енді арманым бар ма, айтшы, екі көзім?  
Бөлмаса, әдепсіздік бір аз ғана,  
Бар еді айтар сізге арыз сөзім.

Шырағым. жүрексінбей айт. айтар сөзің,  
Жөніңді айт, бой тоқтатып, кімсің өзің?  
Аяқ – қолды бір уыс қылып кетті,  
Ішімді елжіретіп екі көзің.

Жылады өксіп-өксіп бала зарлап,  
Екі көзден бірдей жас ақты парлап.  
Шайқалмай жұмыртқамда қалған жанмын,  
Дүниенің келіп тұрмын жүзіп шарлап.

– Суын ішіп, жедің отын қандай жердің,  
Ойыңда өзіі мені кім деп келдің?  
Аузыңнан сүтің шыққан жас баласың,  
Шырағым, перзенті едің қандай елдің?



– Жете алмай жолда қалды талай атты,  
Ат түгіл жету қиын құс қанатты.  
Өзге түгіл өзімді танымаймын,  
Шаһардың перзенті едім Балық атты.

Менің де туған жерім еді Балық,  
Құр сөйлеп өткен күнді не қылалық?  
Сен онда қандай жанның баласы едің,  
Жөніңді айт, сұрауменен танысасың.

Баланың бұл сөзді естіп кетті есі,  
Бұзылып бір түрлі боп ажар түсі.  
Өз әкесі кімсің деп сұрап тұрған,  
Құдайдың бұл бір қызық тамаша ісі.

Біраздан соң бала есін жиып алды,  
Туған шешем артымда жылап қалды.  
Өзім іште жатқанда қашып әкем,  
Керек қылмай кетіпті мал мен жанды.

Падишалықпен қалдырып алтын тақты,  
Көңілге, көзге алмай дәулет бақты.  
Зұлқия атты қатынын тұл қалдырып,  
Жаяу – жалғыз кетіпті іздеп Хақты.

Мен шарана қалыппын іште жатып,  
Өмір бойы түн болып, таң жаңа атып.  
Кедейлікке байлығын айырбастаған,  
Атлас тонын шекпенге кеткен сатып.

Меккеде аман – есен жүр деп өзі,  
Әңгіме бұ заманғы жұртың сөзі.  
Алыстан әкем бар деп іздеп келген,  
Мен едім тұғырында қалған ізі.

Алыс жолдан келіпсін тақсы балам,  
Жетті деуге жарарлық болып балам.  
Ибалы жас Иманды кәрілерден,  
Біз көрген жан аманба тегіс тәтәм.

Сұрамай мені қайдан білдің танып,  
Көп жерден келіп тұрсың ашып – арып.  
Тірідей тұл қалумен күйік тартып,  
Немене бар ма сорлы анаң ғаріп?

Өлген өліп, өлмеген қалып жатыр,  
Хабарыңыз тірі деген барып жатыр.  
Қайғымен кешке – күндіз қапаланып,  
Бишара болдыау сорлы анам пақыр.

Ертенд кеш ақылдан адасады,  
Қай түрлі гып айтсам да жарасады.  
Аузынан, аһ, дегенде шыққан түтін,  
Ғаршы менен күрсіге таласады.

Түтінмен кетер толып шаһар іші,  
Танымал болған бұған үлкен – кіші.  
Деседі бір-біріне сөйлескен жұрт,  
Зұлқияның бауырының күйген иісі.

Ибраһимнің есі ауыпты мұны естіп,  
Жаны ашып естуменен аяп кетіп.  
Есін жинап, демін алып тұрғанында,  
Бір дауыс құлағына келді жетіп.

Ибраһим алдандың ба балаңменен,  
Болды ма сенің көңілін алаңменен?  
Бір қынға екі қылышты сыйғызып бақ,  
Өзіңнің бар күшіңе шамаңменен.

Көрүменен балаңды шығып есің,  
Болып кетті дәл бүгін бізбен ісің.  
Не балаңмен, болмаса, не бізбен бол,  
Бір тойда екі жар жоқ білемісің?

– Сені іздеп, безің едім алтын тақтан,  
Пайда жоқ күн туған соң, мал мен бақтан .  
Еңбегімді еш, тұзымды сор қылмастай,  
Адастырмай оғымды тигіз ақтан.

Шарабын махаббаттың іштім дейді,  
Өзіңді іздеп бұл жолға түстім дейді.  
Боламын не болса да өзіңменен,  
Ырызамын мен, баламнан кештім, – дейді.

Хақ жарлығы осындай болып қалды,  
Кім толықсып дүниеде тұрып қалды.  
Хазірет Жебреил Хақтан келіп,  
Баланың тырп еткізбей жанын алды.

Дәрігер керек ауруды жазатын емдеп,  
Кімге айтатын шама бар қисаң жөндеп.  
Хақ жарлығы осындай және түсті,  
– Көп сақтамай балаңды жуып, көм, – деп.

Құдайдың разы болды бергеніне,  
Өлімін жалғызының көргеніне .  
Елжіреп іші – бауры жылай берді,  
Бейнет қып сонша жерден келгеніне.

Әдейі іздеп келіп ең, балам, мені,  
Бас салды жігіттікте өлім сені.  
Қапа қылған қыршыныңнан құланым-ай,  
Уыз жас, бәйшешектей деген күні.

Құмарың таркамады мені көріп,  
Еңбегің еш болды ғой келген жүрің.  
Жігіт боп жаңа шыққан дер кезінде,  
Мұратыңа жете алмастан кеттің өліп.

Анаңның жол үстінде екі көзі,  
Сен болып күндіз-түні сөйлер сөзі.  
Сарғайып сана менен өледі ғой,  
Балам қашан келеді деу мен өзі.

Хабарың сенің өлген барса жетіп,  
Таусылар дәл сол күн демі бітіп.  
Қайғымен қапаланып бітеді ғой,  
Әл – дәрмені таусылып, түгел бітіп.

Ибраһим бұл сөзді айтып жылады зар,  
Жылатқан сүйген құлын Қадыр Жаббар.  
Аталған Сұлтанмахмұт зираты,  
Бұл күні жұртқа таныс күмбезі бар.

Қолынан қойған жуып сұлтанды өзі,  
Жуған қолы су күйген екі көзі.  
Саинна илаһи ражиғұн деп,  
Езіліп, сонда жылап айтқан сөзі.

## **Баласын жоқтауы**

Издесем де табалман,  
Қайдасы, ботам, балам-ай!  
Көргелі келдің жүзімді,  
Сағынып, аңсап, балам ай!

Күйгенімнен бұлбұлдай,  
Сайрасын атаң, балам ай!  
Қияметтің күнінде,  
Жүзіңді көрсем, балам-ай!

Аузымнан шыққан жалын өт,  
Қатар бір жұрты.  
Алланың ісі ақ өлім,  
Өлді деп оған күймеймін.

Мерзімнің жетпей уақытында,  
Қаза бір жеткен бойы.  
Жүрегім толды үзіліп-ай!  
Көзімнің жасы тізіліп ай!  
Ерік бір ақты езіліп,  
Күйгенімнен, балам-ай!

Демендер мені жанбады,  
Ақыл естен танбады.  
Сөйлеуге шамам қалмады,  
Дәрменім кетті, балам-ай!

Ойымнан кетпес өлгенше,  
Басым бір жерге кіргенше.  
Тіріліп қайта көргенше,  
Басылмас көңілім, балам-ай!

Түспейтін қолға асыл тас,  
Кетіп бір қалдың қыршын жас.  
Өмір бойы таусылмас,  
Қасіреттің күні-түні, балам-ай!

Ғарасат болмай, көру жоқ,  
Күйгенмен қанша өлу жоқ.

Жақсыға деген жүру жоқ,  
Шын екен мақал, балам-ай!

Көзімнің жасы сорғалар,  
Жер таппас жаным қорғалар.  
Аһ деген дауысым жер жарар,  
Естілмес саған, балам-ай!

Жаңбырдай жауған көз жасы,  
Жүректің дертін қозғашы .  
Қызарып шыққан қызғалдақ,  
Көзімнің нұры, балам-ай!

Жылаумен күнім кешеді,  
Мінезің көкейді кеседі.  
Мұндай зор, қайғы қасіретті,  
Ұмытқан жақсы деседі.

Ұмытайын десең де,  
Күн сайын зор айып өседі.  
Ұмытпастай іс қылып,  
Өртеп бір кеттің, балам-ай !

Мен шыдамсыз бермедім,  
Нәпсіге тізгін бермедім.  
Қиындық қанша кез келсе,  
Инедей көңіл бөлмедім.

Әкетті бойдан күшімді,  
Жаңылтып ақыл – есімді.  
Жан болып өзім көрмедім,  
Шын ғарыптік осы екен.  
Білдім ғой енді, балам-ай!

Жүрегімнің нұры едің,  
Көзімнің раушан нұры едің.  
Жанымның кескен түрі едің,  
Қалмады еркің, балам-ай!

Жалғанда менің жиғаным,  
Өлгенде жолдас иманым.  
Көз жасымды тыйғаным,  
Өмірімде көрген шеманым.  
Қонағасын ішпестен,  
Атанып кеттің, балам ай!

Көгеріп талдай өскенің,  
Алмадай боп іпскенің.  
Қолымнан татпай сыбаға,  
Тұяқсыз кеткен, балам-ай!

Ғажайып мұндай парасат,  
Көріпін таудай зорайып.  
Сүзіліп тұрдың мұнайып,  
Жаңа түсіп шоқ болып.  
Көріне түсіп жоқ болып,  
Жастай кеткен, балам-ай!

Қанды жас жуып жүзімді,  
Көл – теңіз ғып көзімді,  
Дариядай ағып қайнасам.  
Таусылмас айтып сөзімді,  
Өлгенше қалмас есімінен.  
Есіме түссе, жан балам-ай!

Көрде жатып аһ десем,  
Кебінімді өртеп құл қылып.  
Күйдіріп көрде өзімді-ай,

Көз алдына елестеп .  
Тұрып бір қалдың, балам-ай!

Көзімнен кетіп жанарым,  
Қалмады сабыр қарарым.  
Қоярға жанды жер таппай,  
Білмедім қайда барарым.

Өзімді үлкен қуантты,  
Үйден алған хабарым.  
Қарамасам да жоқ екен,  
Иманнан басқа табарым.  
Мидай тақыр шөл барып,  
Қурап қалдың, ай-балам!

*Аударып көшіріп, беруші – Төлепберген.*

## **Екі жігіт пен шалдың әңгімесі** *(ертегі сөзді әңгіме етіп жазған)*

Айтайын аз әңгіме құлағың сал,  
Өлеңде қарапайым болмайды обал.  
Бір үшеу жолдас болып шыға қапты,  
Солардың екеуі – жас, біреуі – шал.

Екі жас өз-өзінен ерігіпті,  
Жеріне тез жетпестен көрініпті.  
Бір нәрсе оны жолға қылайық деп,  
Екі жас өз-өзінен ерігіпті.

Қасында екі жастың бір кәрісің,  
Алданып әңгімемен жол қысқарсын.  
Үш ауыз ер басына сөз сөйлейік,  
Үш ауыз сөз таппаған азапталсын.



Байғұс шал мақұл көріп: – Жарар, – деді,  
Ойланып, білгенінше қарар дейді  
Екі жас үш ауыздан сөйлегенде,  
Ішінде жалғыз кәрі қалар дейді.

Өлеңді таба алмаған сырын айтсын,  
Жүргенде таба алмаса, тұрып айтсын.  
Үш ауыз айтарға сөз таппағанды,  
Жүгендеп ерттеп қана мініп алсын.

Екі жас үш ауыздан сөз сөйлейді,  
Ұзартпай, кешіктірмей тез сөйлейді.  
Екі жас міндетпен құтылған соң,  
Баяғы байғұс шалға кезек келді.

Екі жас бір кәріні мазақтайды,  
Байғұсты өлең айт деп мазақтайды.  
Үш ауыз әңгімен шал таба алмай,  
Байғұс шал сасқалақтап алақтайды.

Жазғырып байғұс шалды ертеп алды,  
Айтысқан үшеуінің серті бар-ды .  
Бірі мініп, біреуі жетелейді,  
Арасын тау мен тастың төтелейді.

Арада бірнеше күн өтіп кетті,  
Кез болып бір шаһарға келді дейді.  
Шаһарға кіріп келді жүруменен,  
Ерттеп ап шал байғұсты мунуменен.

Адам мінген бұларды білейін деп,  
Жияды шаһар халқы келуменен.  
Шал байғұс есі кетіп қалжырайды,  
Есінен екі жігіт тандырады.

Қатыны падишаның мұны көріп,  
Шақыртып үшеуін де алдырады.  
Көп ұрсып екі жасты қатты қысты,  
Қылдың деп неге мұндай бұл байғұсты?

Сөзінің екі жігіт бәрін айтты,  
Қорықпастан қалың топты жарып айтты.  
Үш ауыз әңгімені шал таба алмай,  
Дағдарған әңгімеден жерін айтты.

Екі жігіт сонда тұрып тында дейді,  
Өтірікті қойып, нан шынға дейді.  
Біз мініп бұл кәріні қинамадық,  
Айтысқан уағда бар мұнда дейді.

Сонда ханым айтады: – Тоқта, – дейді,  
Тұра тұр екі жігіт қорықпа, – дейді.  
Сакалың ағарғанша кәрі байғұс,  
Бір сырың бастан кешкен жоқ па? – дейді.

Сонда тұрып шал айтты: – Таксыр ханым,  
Адасқан ақылымнан мен бір шалмын.  
Айырылып жалғызымнан диуана боп,  
Біле алмай бір хабарын біткен халім.

Жаман шал уағдадан жаңылғаның,  
Атындай барымтаның сабылғаның.  
Айтуға бір үш сауыт сөз таба алмай,  
Коргенің мұнша бейнет не қылғаның?

Дүниеде неғып жүрген сен кәрі шал,  
Үш ауыз сөз таба алмай болыпсың дал.  
Күн көзді, ай ауызды, хан қызы едім,  
Айтайын өз көргенін құлағың сал.

Қызы едім ардақтаған мен бір ханның,  
Жакпаған ешбіреуі жүрген жанның.  
Ішінде алтын сарай отырдым да,  
Кісіге базардағы көзім салдым.

Базарда бір жігітке көзім түсті,  
Көргенше отыра алмай ішім пысты.  
Шақыртып бір кемпірімнен алдырдым тез,  
Жоқ едім қылған бұрын мұндай істі.

Қасыма шақырған соң келді жігіт,  
Ойымды менің бұзық білді жігіт.  
Жегізіп түрлі тамақ төсек салдым,  
Қылуға бір түн сұхбат қылып үміт.

Жігіттің қолым салдым мойынына,  
Кетсін деп бір күнге жатып қойныма.  
Құдайым тауфиқ берген халал жігіт,  
Сөзіме менің айтқан мойыды ма?!

Жігіт айтты: – Құдайға құлмын, – деді,  
Күнәні біле тұра қылман, – деді.  
Сенімен бір түн қызық ойын үшін,  
Қараны ақ жүзіме салман, – деді.

– Бірігіп сеніменен жатпан, – деді,  
Қорқамын жаратушы Хақтан, – деді.  
Ойнаған аз ғана күн қызық үшін,  
Ахыретті жалғанға сатпан, – деді.

Қыздың сөзі:  
Жарқ етіп сен көзіме түстің менің,  
Бойында жоқ – ақ екен сайтан сенің.

Токтай тұр бір азға сабыр ойлап,  
Айтарлық бір мұңым бар саған менің.

Маскара боларымды енді білдім,  
Жігітке қайрылмастай мен не қылдым?  
Ілтипат қып мойнын бұрмаған соң,  
Жігітті өлтіруге ыңғай бердім.

Жігітке келдім жайып құшағымды,  
Көрсетпей тығып келдім пышағымды.  
Пышакпен дәл жүректен салып едім,  
Жығылып байғұс жігіт жанын берді.

Бітіріп бұл ісімді алдым енді,  
Күнәға кешірместей қалдым енді.  
Астында тас орданың қазған құйып,  
Жігіті сүйреп соған салдым енді.

Ешбір жан бұл ісімді біле алмады,  
Бір күн қызым бар еді таң қалады.  
Баласы бөлек байдың жоғалды деп,  
Шулатып жұрт құлағын жар салады.

Маңыма келе алмайды бір жан батып,  
Ешкіммен сөйлеспеймін бір тіл қатып.  
Бір жеті, оннан артық күн өткен соң,  
Сасыды өлік дене орда жатып.

Сырымды менің мұндай жан білмейді,  
Хан қызы бұрынғыдай сәнденбейді.  
Сүйретіп түн ішінде тастар едім,  
Жігітке арыстандай әл келмейді.

Бұл (төті) неге қылдым әуел бастан,  
Ажалы болып бізден елді арыстан.  
Сарайы хан қызының сасыпты деп,  
Айтар деп енді жаман соған сасқан.

Сол кезде ханышаңыз жаман сасқан,  
Жалғанда не өтпейді хазиз бастан .  
Шақырып оңашада қасыма алдым,  
Бар еді бір қара құл Қызылбастан.

Қара құл мұны естіп күлімдеді,  
Ханша ұнайтын ... мұның дейді.  
Өлікті бір аударып қойды дағы,  
Табайын енді мұның жайын дейді.

Қара құл бұл сырымды біліп алып,  
Жымындап бір мұртынан күліп алды.  
Сырыңды мұндай қылған айтайын деп,  
Қара құл ханшаға бүлік салады.

Екі жігіт – бәрі, кәрі мұны тыңда,  
Құтылмастай пәлеге қалдым сонда.  
Қалағанынды берейін жүз қайтармай,  
Айтпашы деп жалындым қара құлға.

Қара құл құлақ қойды бұл сөзіме,  
Көрінді шыбын жаным сол көзіме.  
– Қалағынынды ал десең болды ғой, – деп,  
Жабысты жаман кәпір дәл өзіме.

Ол жерден бұл жігітті алып қойды,  
Ішіне алтын орда салып қойды.  
Алтын, күміс берейін алғаныңша,  
– Қой, – дедім, құл шырағым, мұндай ойды.

Бұл істі қылмас едім, мұнан қорықтым,  
Жігітті шығарған соң сонан қорықтым.  
Сықылды асыл заа ханның қызы,  
Бұл қалай қара шошқа құлдан қорықтым?!

Еш айла ойласам да таба алмадым,  
Құлмен ерегісіп тұра алмадым.  
Сол кезде есім шығып жалығыппын,  
Құлымның не қылғанын біле алмадым?

Қара құл мұратына жеткен кісі,  
Дәурендеп хан қызының еткен кісі.  
Мұратын әрлі-берлі бітір ап,  
Жігітті сүйреп алып кеткен кісі.

Көңілге құл кеткен соң сана кірді,  
Өртеніп іші баурым жана берді.  
Жігітті алып барып жайластырып,  
Дәндеген қара құлым тағы келді.

Келгенін қара құлдың ұнатпадым,  
Ішінен алтын орда жолатпадым.  
Өлтіргеніңді айтамын дегеннен соң,  
Не қыларымды біле алмай алақтадым.

Біле алмай не қыларымды есім кетті,  
Қара құл мұратына тағы жетті.  
Ажал жетпей шыбын шықпайды екен,  
Алданып қара құлмен бір түн өтті.

Шақырдым әуел неге қара құлды,  
Басыма құтылмастан пәле болды.  
Қоймады ықтиярсыз қара залым,  
Жүруге күнде келіп уағада қылды.

Шаһардың-ау білмейді даналары,  
Дұшпанның білсе қалар табалары.  
Бір күн отырып мақтаныпты,  
Жиылған бай мен бектің балалары.

Теп-тегіс айтысыпты тамырларын,  
Құл тыңдап отырыпты мұның бәрін.  
Мақтанып өңшең мырза болғаннан соң,  
Құл айтыпты ханышаға қылғандарын.

Бірі – құрыш, бірің – болат, көп абзалбен,  
Бар екен әр қызда осындай кек.  
Қызымен патша қыздың ашына жаймық,  
Мақтану сіздерге де бізге ылайық.

Сонда отырған мырзалар күле берді,  
Жаман сасық құл шіркін не дер деді.  
– Құл құтырса, құдыққа қармақ салар,  
Деген осы екен-ау, – деп, күледі.

Қара құл сонда айтады: – Тыңда дейді,  
Мені мазақ мырзалар қылма, – дейді.  
Менің айтқан сөзіме нанбасаңыз,  
Ханның қызын әкелем, мырза, – дейді.

Онда отырып біреуі жарар деді,  
Ойланып білгенінше қарар деді.  
Ханышаны осында ертін келсең,  
Сөзіңе сенің айтқан нанар деді.

Қара құл мұны естіп шығып кетті,  
Уағада мырзаларға қылып кетті .  
Хабарсыз, дәнemesіз отырғанда,  
Қасына ханышаның кіріп кетті.

Қара құс сонда айтады көргендерін,  
Уағаданы көп жақсыға бергендерін.  
Қасына ертіп алып ханышаны,  
Бармақ боп түн ішінде келгендерін.

Еркіне бармайтұғын еш қоймады,  
Бармасаң ал айтамын деп ойлады.  
Сонда тұрып есімді жиып алып,  
Ойладым қалайын деп бір айланы.

Қадырлы қара құлсың бекке лайық,  
Осындай алтын сарай үйге лайық.  
Бұ дағы біле білсең абыройың ғой,  
Екеуміз мырзаларға сый кылайық.

Қара құл мұны естіп күлімдеді,  
Ханыша ұнайтын сөзі мұның деді.  
Айласын ханышаның қайдан білсін,  
Өзім де ойлап келдім соны дейді.

Түрлі асты дастарханға орап алдым,  
Толтырып төрт шыныға арақ алдым.  
Шынының біреуіне уды құйып,  
Ішіне мырзалардың бара қалдым.

Сол құлға түн ішінде еріп келдім,  
Боларын бір сұмдықтың біліп келдім.  
Ішіне мырзалардың өсіріп барып,  
.....

Сол құлға еріп келген мені көрді,  
Бір пәле құтылмастай маған болды.  
Айтқаны пәлекеттің шын екен деп,  
Қарасып бір-біріне бәрі күлді.



Ас даярлап әкелдім көпке лайық,  
Ойнап-күліп бір түнге отырайық.  
Қылмаңыз түнде жүр деп бізге айып,  
Азырақ сіздерге біз сый қылайық.

Сонда мұның бәрі де асқа отырды,  
Ханышаның көңілі басқа отырды.  
Арақ пенен шарапты баса құйып,  
Жиылған жынның бәрін мас болдырды.

Қаза болды-ау бектерге берген асым,  
Өз көңілімде дайын тұр қылған қасым.  
Басы күнгі заһарды бергеннен соң,  
Елден бұрын жығылды қызыл басым.

Зор қасірет екендігін өзім білдім,  
Күнәні кешілместей тағы қылдым.  
Арақ ішіп естерін тамғаннан соң,  
Бір аяққа толтырып “у” ды берді.

Адам білмей бұл үйден шығып кетті,  
Пәнде қылмас бір істі қызыл кетті.  
Сырым жұртқа әшкәра болады деп,  
Үй тола жанның бәрін қырып кетті.

Таңба салды қара құл сүйегіме,  
Қанның қызын қоймады сүйеріне.  
Даңқы шыққан бір ханның баласы еді,  
Не бетімді айтайын күйеуі ме?

Күйеуді келеді деп хабар берді,  
Үш жұма келмес бұрын шабар келді.  
Күн көзді, нұр сипаты ханның қызы,  
Нәрсені өтіп кеткен табам енді.

Тағы алдырдым баяғы кемпірімді,  
Кемпір келіп көрді ғой секілімді.  
Жаным саған не болды дегеннен соң,  
Кемпірден жасырмадым мен сырымды.

Ел қарар бетім жоқ бізде дедім,  
Алтын, күміс берейін сізге дедім.  
Бойы менен кескіні маған ұқсас,  
Бір қызды тауып келші іздеп дедім.

Кемпірім айтқан сөзді мақұл көрді,  
Ханыша жарайтын іс мұның деді.  
Алтын ақша күмісті теңдеп алып,  
Алды – артына қарамай жүре берді.

Алты күндей айналып барып келді,  
Жарлының жалғыз қызын алып келді.  
Шәлі орамал басына салындырдым,  
Інжу, маржан, яхуттан тағындырдым.

Көңілдегі қызымды әкелген соң,  
Қазынаға кемпірді малындырдым.  
Сұлулығы өзімнен қалыспайды,  
Хан қызынан бөлек деп таныспайды.

Күйеуді келеді деген хабар бар,  
Арасы күннен күнге алыстайды.  
Неше күндер өткен соң күйеу келді,  
Ел – жұртын шақыртып хан той қылды.

Тойын тойлап халайық болғаннан соң,  
Жеңгелерім күйеуді алып келді.  
Алып келді күйеуді жеңгелерім,  
Кіргізбеді әлгі қыздан өзгелерін.

Колындағы кайсы екенін танымады,  
Ісімнің енді білдім жөнге келерін.  
Күң қызы мен хан ұлы сұхбат қылды,  
Ханышаңыз қасында қарап тұрды.

Әрі – бері болған соң тұра ғой деп,  
Бұрын айтып қойып ем мұндай сырды.  
Жұмысы екеуінің аз болмады,  
Тұр деуге біз бейбақта сөз болмады.

Ақырындап қолымды салып едім,  
Құшақтасып қалыпты қозғалмады.  
Басқа шықты битіміз балақтағы,  
Келгенімді күннің қызы жаратпады.

Тағы да барып қолымды салып едім,  
Ханышанды қасына жолатпады.  
Хан баласы ол қызды қия алмады,  
Қарап тұрған өзімнен ұялмады.

Екеуінің қылығын көргеннен соң  
Қанышаныз көз жасын тиялмады  
Малғұн мені аздырған сайтан ба деп  
Өзі тұрар, бармай-ақ қойсам ба деп?

Болады тағы тартсам бір масқара,  
Ойладым жарлы қызы тұрмас па деп?!

Күңнің қызы көкірекке салды дертті,  
Айтысқан алдындағы бұзды серті.  
Бір жерден отын алып жидым дағы,  
Астынан алтын сарай қойдым өрті.

Өрт жанған соң жүгіріп бардым үйге,  
Қызды жігіттің астынан суырып ап.  
Қараңғы үйдің ішінде ...  
Жарлының жалғыз қызын отқа салдым.

Бір жаман қиын істі тағы қылдым,  
Күнәні кешілместей оңай білдім.  
Күйеуімді өзіме бермеген соң,  
Жарлының жалғыз қызын күндегенім.

Тұрмағаны өзіме болмай пайда,  
Күйіп қалды сорлыңыз бір сарайда.  
Күйеуді алып барып оңашаға,  
Қосылып көңіл тынып жатын жанға.

Сондай қылдым мен қатты қиын істі,  
Өрт шыққан соң халаиық жиылыпты.  
Хан ұғлы мен ханыша аман екен,  
Ел – жұртың бізді көріп шүйінші етті.

Сол күйеу сасқанынан сандалады,  
Қалды деп құдай сақтап таңданады.  
Әлгіңіз кім еді наздың қылсым,  
Алданып бұл сөзіме малданады.

Осындай күндер кешті біздің бастан,  
Сол кезде ханышаңыз жаман сасқан.  
Тырнақтай сыр кешпес сіздің бастан,  
Көп жасап не пайда бар ұзақ жастан?

Мақтанған пәле болып құл да қалды,  
Бір талай басқа өліп мырза қалды .  
Әлін білмей астамшылдық қылаиын деп,  
Жарлының жалғыз қызы отқа жанды.

Жаман шал уағаданнан жаңылғаның,  
Атындай барымтаның сабылғаның.  
Азаптан бір сөз тауып құтыла алмай,  
Көргенің мұнша бейнет не қылғаның?

Ханыша жынысы әйелдің данасы екен,  
Құдайдың бұған берген панасы екен.  
Алғашқы қыз өлтірген көркем жігіт,  
Қаңғырған шалдың жалғыз баласы екен.

Шал байғұс естіген соң аһ ұрады,  
Дауысымен дүние толып жаңғырады.  
Көрген көзіңнің болайын құрмалдығы,  
Түрі – түсін сөйлеші деп сұрады.

Көркіне бір кенелдім мен де тойып,  
Берейін түрі-түсін колмен қойып .  
Емес пе құр көрумен күйгендігім,  
Тастадым жарқыратып бірақ сойып.

Мінездер асығыстың менде тойып,  
Қалды ма айтындаршы менде ұят-ар?  
Апармай тәңір қолына жақсы келдің,  
Ал, қылшы балаң үшін тілгілеп жар.

Шал айты: – Разы болдым, ханым, – дейді,  
Керек қой, айтқан сөзге нанам, – дейді.  
Аузыңнан айтқан ғана айналайын,  
Дауалап көңілім тынды, жаным, – дейді.

Сыймаған маңдайыма бір баламды,  
Тағдырдан каза жетсе, кім қалады?  
Сондай балам бар еді деп айтқанымен,  
Көрген өзің болмасаң кім нанады?

Бір жанын құдай үшін берген балам,  
Ақ ниет, адал жолмен өлген балам.  
Баламды көріп күйген сені көріп,  
Тірілді біле білсем өлген балам.

Жоғалтқан жоғымнан сен бердің тілді,  
Таң қалдырған қылған істің қауым елді.  
Сондай жанның әкесі екіндігімді,  
Мінекей, сен айтқан соң ғалам білді.

Кез болдым тәуба қылып қайтқаныма,  
Жұрт нанды мұндай қайсы тартқанына .  
Балам түгіл өзімнің жаным құрбан,  
Разы болдым ыңырап болып айтқанына.

Жарайды жан екен деп қылды ықлас,  
Мөлтілдеп домалады көзімнен жас .  
Жүгіріп кеп ұстады шалдың қолын,  
– Кессең, міне, басым, – деп, алдияр бас.

Жапсырылып қалған жоқ желім болып,  
Қыдыр болдың Сіз маған бүгін кез болып.  
Тұр қасымда сенімі қара арманым,  
Өмірімше кетейін келін болып.

Бұл сөзбенен тырт етпей шал да тұрды,  
Өңі еніп гүл-гүл жайнап болды түрлі.  
Құдай бағын ашқан соң оңалмақ-ты,  
Болғанмен әуел баста қанша сорлы.

Шал байғұс құдай оңдап болды бақытты,  
Ханым ісі құдайға әбден жақты.  
Ақырында әулие болды ханым,  
Құлағына сырға ғып таң құлағымды.

*/Мәшһүр Жүсіп/.*

## Қатыны өліп-тірілген Ысқақтың әйелі (әңгіме ертектен олең етіп)

Барлығы бір Құдайдан көңіл бөлме,  
Нәпсінің шамаң келсе тіліне ерме.  
Бәледен басың аман болсын десең,  
Бой салып бір нәрсені жақсы көрмек.

Махаббат күннен күнге артады екен,  
Оралып шырмауықтай тартады екен.  
Басқаны бір Құдайдан сүйгендіктен,  
Бір залал ақырында тартады екен.

Жастықта бәрі кешті біздің бастан,  
Ит екен үміт еткен ішпес астан.  
Қошқардың ені үзіліп түседі екен,  
Күлкі боп дос дұшпанға болдық дастан.

Бір істі болар – болмас ойыңа алма,  
Бойсұнып болмас іске қапыл қалма.  
Дүниеден не қызықты нәрсе көрсең,  
Күн бұрын жоламай хош, назар салма.

Билігің өз басыңнан кетсе асып,  
Бір іске кіріптар боп қалсаң сасып.  
Бойыңмен суға батқан кете бермей,  
Басыңды құтқарғайсың алып қашып.

Бір іске жарамайды көңіл қойған,  
Жалғанның қызығына бар ма тойған?  
Атының екпінімен ақырында,  
Қалыпты қолға түсіп, жаудан өліп.

Батырлар жауға шабар атқа сеніп,  
Жоқ қой деп маған пәле жүрсем мініп.  
Атының екпінімен ақырында,  
Қалыпты қолға түсіп, жаудан өліп.

Мергендер тауды кезіп мылтық атқан,  
Қаңғырып құба жонда аштан қатқан.  
Ешкімнің тұзағына ұшырамапты,  
Жаяу боп, басын қорғап үйде жатқан.

Соқтығып пәле болар тигеніңнен,  
Не пайда сау боп өзің күйгеніңнен?  
Бір залал ақырында тартады екен,  
Табарсың бұл жалғанда сүйгеніңнен.

Бәлеге бастайтұғын мына екі көз,  
Білгіш болдың көп таяқ жегеннен соң.  
Бұрынғы Хазіреті Ғайса заманында,  
Сіздерге мен айтайын бір үлгі сөз.

Жарандар, тыңда сөзім салтанаты,  
Тыңдасаң бұл сөзімді балдан тәтті.  
Бұрынғы тақсыр Ғайса заманында,  
Қызы екен әкесінің ағасының.

Құрағындай өзеннің жағасының,  
Бұтағындай еменнің ағашының.  
Сонда Ысқақтың бір сүйер жары бопты,  
.....

Дүниенің бұлағы көп қамасының,  
Жері жоқ құтылатын амалының.  
Сонда ел қыз болыпты аса көркем,  
Сұлулығы бет біткеннің заманының.



Ысқақ аса сүйіпті көңіл қойып,  
Күнде жүзін көрумен қарны тойып.  
Ықтияр басыңнан кетіп қалып,  
Таусыларға тақапты өзін жойып.

Татулығы арадан өтпейді қыл,  
Жолдас бопты бұлбұл мен біз қызыл гүл.  
Баламен қандай екеуі басын қосып,  
Бұл ортада отіпті бірнеше жыл.

Жарастықты болыпты бұлар өзі,  
Жұрт аузында сөз бопты бұлар өзі.  
Бұл жалғанда қызықпен өткізіпті,  
Бір-бірінен басқаға түспей көзі.

Бұл қызығын бұлардың өлім бөлді,  
Қылар айла, амал жоқ бұған енді.  
Ұшырапты ләззатын дауысы соғып,  
Көз алдында Ысқақтың қатыны өлді.

Тия алмайды көзінен Ысқақ жасын,  
Ұйықтар ұйқы ұмытпай ішер асын.  
Өлім қолдан келмепті, өзге бопты,  
Моласына қатының қойып басын.

Жатқан қатын ол жерден тұрмасын да,  
Мұндай ешкім мүптәлә болмасын да.  
Бір орнатқан сым тастай болып қапты,  
Байғұс Ысқақ отырып көр басында.

Көрінбейді көзіпе жұртпен енді,  
Тартқан жақтай бүгіліп қима белі.  
Құлағына сөз етіп бір кірмеді,  
Насихат қанша жұрттың айтқан тілі.

Жер карайып, жат болып, көк шығыпты,  
Қар астынан тіріліп шөл шығыпты.  
Көз жасымен моланың басы тойып,  
Өзге жерден шөп бұған көп шығыпты.

Жұрт аузына әңгіме сөз болыпты,  
Бір қуарған шүберек бөз болыпты.  
Бұл моланың басына Құдай айдап,  
Тақсыр Ғайса пайғамбар кез болыпты.

Бір мүсәпір жылаулы көрді жанды,  
Ішіш-бауыры елжіреп тұра қалды.  
Жылағанын көрген соң аяп кетті,  
Жерден басын көтеріп, алдына алды.

Көзінің жасы мұнша неге бұлақ ? – дейді,  
Өзен ағып, шөп шығыпты қурап, – дейді.  
Неден бұндай бұл халге түскен жансың,  
Мұңызды айтшы сен маған бір-ақ ? – дейді.

Сонда Ысқақ жылап тұрып зарын айтты,  
Жалғаннан соң кеткен жарын айтты.  
Татулық тәжіліктен түк қалдырмай,  
Сырының көкейкесті бәрін айтты.

Аялы Хазірет Ғайса іші еріп,  
Жылаулы бейшараның түсін көріп.  
Өлімнен мен өшінді әперейін,  
Қолыңа қатыныңды алып беріп.

Айрылып мен жарымнан болдым мұндай,  
Жатырмын көр күзетіп құба жондай.  
Өшкенім өніп, өлгенім тірілетін,  
Дариға-ай, күн болар ма маған сондай?!

Хазірет Ғайса орнынан тұрды ұшып,  
Өне бойы дірілдіп, қайрат қысып.  
Жатқан неме моладан тұр дегенде,  
Көр жарылып кетіпті зәресі ұшып.

хыреттің жолы бар бір пара сол,  
Даңғыл ақпақ алдында бір қара жол.  
Қақ жарылған моладан түрегеліпті,  
Өң мен түс жоқ, көрмеген бір қара құс.

Көрген жанның жүрегі жүр ғой сұлап,  
Жан біткеннің бәрі де жүр ғой улап.  
Құлақ пенен ауыздан ұшқын ұшып,  
Түтін шығып мұрнынан бұлақ-бұлақ.

Он төртінен туған айдай болды-ау жүзі,  
Сорлы болған ашылды және көзі.  
Нұры аузынан аспанға шыға берді,  
Жарылған құл болды мұның өзі.

Ғибрат болды тамаша көрген елге,  
Көмген кісі мұнда жоқ қолдан көрге.  
Лайлала Илалла деп иман айтып,  
Хақ пайғамбар Ғайса деп келді.

Не күшті, ойлап тұрса Құдай күшті,  
Құдайдан кім тоқтатар болған істі.  
Құдай – бір, пайғамбар – хақ, – деді – дағы,  
Сылқ етіп қалпына қайта түсті.

Бет ағашын бейітінің қайта жапты,  
Ысқақ сорлы не дерін білмей қапты.  
– Енді Ысқақтың қатыны қайдасың? – деп,  
Тақсыр Ғайса ақырып айғай сапты.

Басымда емес, бақ құсым табанымда,  
Мен жылаулы боп тұрмысы заманында.  
Мен де сондай далбаса болар едім,  
Таксыр Ғайса бар болса заманымда.

Бір Ғайсаның қоймасын мола білді,  
Сілкінді қара жер дір-дір енді.  
Бейшараның қатыны бір түшкіріп,  
Бір елеусіз моладан тұра келді.

Бет – аузын қалған екен топырақ басып,  
Топырағын арылтады сілкіп ашып.  
Ерлі – байлы екеуі қосылған соң,  
Жүрегі жарылуға жақындасып.

Хазірет Ғайса қатынды көрді көзбен,  
Өлгенмен нұр таймапты көркем жүзден.  
Іздеп алған ауруға ем табылмас,  
Не көрсең де көрме деп енді бізден.

Өлген қатын тіріліп қолға кірді,  
Күдер үзген нәрсесін тәңірім берді.  
Бір-біріне екеуі жолыққан соң,  
Хазірет Ғайса өз жөніне жүре берді.

Неше күн қатын үшін көңіл болді,  
Ойға алғаны түскен соң қолына енді.  
Олай бұлай аяғын бастырмады,  
Қоршап тұрған жаудай боп ұйқы келді.

Жігіт айтты жаулық: – Жаулық қолдан асты,  
Төге бердім жаңбырдай көзден жасты.  
Рахат тауып аз ғана дамылдаймын,  
Мен тізіңе жатайын қойып басты.

Қатын айты: – Тілегін болды қабыл,  
Иығың мұздар, үстіңе киім жамыл.  
Бүйтіп болған жұмыстың керегі не,  
Аяймын ба тіземді алсаң дамыл.

Жастық қылып қатынды жігіт жатты,  
Басы тиюі мұң екен, сеспей қатты.  
Жолыққаннан жұмысқа түспеген соң,  
Үлкен ауыр қатынға тиді қатты.

Құмар болды арманға қатын жетпей,  
Көңілі қайдан жайлансын бәленше етпей.  
Ал дегеннен иекке алмаған соң,  
Көкейінен қала ма дағы кетпей.

Ат тықыры естілді сатыр-сатыр,  
Қолында тұйғын басын алтын шатыр.  
Ат тұрманы күнменен шағылысқан,  
Бір патшаның баласы келе жатқан .

Көзге төтеп бергендей денесі зор,  
Сағымданып көрінін жүзінде нұр.  
Қатын тұрып ойлады көрген жерден,  
Байға тимей мынадай болдым ғой қор.

Леп бергендей сіріңке жанбаған соң,  
Ал дегенде иекке алмаған соң.  
Мұндай байдың барынан жоғы жақсы,  
Құмар тарқап мейірін қанбаған соң.

Хан баласы келеді бұған төніп,  
Қатын отыр құйқылжып өніне еніп.  
Тіл қатуға бір – екі ауыз келе ме деп,  
Екі көзі ішіп – жеп барады өліп.

Хан баласы атының тартты басын,  
Тамаша етіп көзбен қасын.  
Қарағанын білген соң ширатылып,  
Төгіп-төгіп жіберді көздің жасын.

– Сенің отың тыйылады, жаным, – дейді,  
Бір құшақтап мейірім қансын дейді.  
Алтын сарай, ақ орда орының сенің,  
Мұнда не гып отырған жансың? – дейді.

Мені көрсен бұл күнде жанның қоры,  
Қызық көрмей жалғаннан жүрген тірі.  
Әлек кылып, әуре ғып, жібермей жүр,  
Мынау жатқан баукеспе, қарақшы, ұры.

Сөз айтысып менімен (өлке) қалды,  
Ақ жүзіне әрқашан көңілім толды.  
Ақ орданың ішінде үлпілдетіп,  
Кигізейік жібек пен құла тонды.

Түрегелді орнынан қатын ұшып,  
Арманым жоқ өлсем деп сені құшып.  
Өліменен ұйқы тең деген сөз бар,  
Бір бас қалды сырк етіп жерге түсіп.

Хан баласы қатынды алып кетті,  
Алақанға аялап салып кетті.  
Көр басында қалғанды сөз қылайық,  
Оянатын батырдың уақыты жетті.

Көзін ашса, қасында қатыны жоқ,  
Бір аһ ұрып жүрекке қадалды оқ.  
Не қыларын біле алмай аласұрды,  
Қуіп кете жаздады от жалын шок.

Не қыларын білмеді есі кетті,  
Үйден – үйді қыдырып елді тінтті.  
Хан баласы бір сұлу қатын алыпты,  
Деген сөзді естің соған жетті.

Барғаннан соң айналып тұра қалды,  
Қатынымды берші деп айғай салды.  
Хан баласы жіберді: – Біліп кел, – деп,  
Бұл кім өзі мезгілсіз тыншымды алып?

Барған кісі жолығып қайтып келді,  
Естігенін, білгенін айтып келді.  
Қатын айтты: – Әнеугі ұры шығар,  
Қалмай жүрген соңымнан менің, – деді.

Хан баласы жүгіріп қарсы шықты,  
– Не былшылдап тұрсың? – деп, ұрып жықты.  
Көпке топырақ шаша ма жалғыз кісі,  
Қайратты болғанменен қанша мықты.

Қызметкерлер жүгірді анталасып,  
Қарашы деп тұрғанын тайталасып.  
Тұс-тұсынан жабылып сабаса-ды,  
Сонда да қоймады жанталасып.

– Қатынымды берші, – деп, ханның ұлы,  
Құшақтатып қоймаспын саған оны.  
– Мә, қатын, – деп, ауызға қалар қойып,  
Не былшылдап тұрсың, – деп, күң мен құлы.

Аузы қанап, тістері қанап жатыр,  
Бір кісіге білгенін қылып жатыр.  
Обал болды-ау байғұсқа деген жан жоқ,  
Не қылса да ішінен тынып жатыр.

Даурығумен бұлардың жұрт жиылды,  
Көзі акқырдың көзінен жас тыйылды.  
Өлгеніне мұнша аза тұтамын деп,  
Өлмегенді білгенде бұл қиын-ды .

Өз басына адамның өз тілі жау,  
Жасқаншақтық деген бар көзі сау.  
Баласымен бір ханның талас болып,  
Бір қатынға мұнша үлкен зорайды дау.

Желбендеп жүгіре басып қатын келді,  
– Бұл кім? – деп, шулықтырған осынша елді.  
Әлі күнге өлтірмей тұрсындар ма,  
Былшылдатып сөйлетіп бұл итті енді.

Қатыннан тұрған жандар көп сұрады,  
Жиылған көп халайық кеп сұрады.  
Бұл сенің бұрын көрген танысың ба,  
– Құдайым, шыныңды айтшы? – деп сұрады.

Қатын айтты: – Дәмі жоқ жаласының,  
Келеріне ұмтылмай шаласының.  
Бала жастан қолында ойнап – өскен,  
Мен гүлімін патшаның баласының.

Езу тартып өмірімде күлген емен,  
Бай дегеннің қандай екенін білген емен.  
Мұндай түрсіз, жұғымсыз жексұрынды,  
Өңім түгіл түсімде көрген емен.

Ысқақ айтты: – Сен менің қатынымсың,  
Мен сенің қыздай алған қосағыңмын.  
Әкемнің ағасының қызы емеспе ең,  
Өлігіңді күзеттім бірнеше күн.



Қатын айтты: – Мен сені танымаймын,  
Шошқа жолдас бола ма көктегі аймен.  
Орыны жоқ өтірікке кім нанады,  
Кім отырар бір сағат сендей баймен.

Баласы айтты патшаның: – Сөзінді қой,  
Қоймасаң мұнан артық көресің той.  
– Біздердің арамызға жел салам, – деп,  
Бір тапқан амал ойлап қулығың ғой.

Ысқақ айтты: – Бұл қатын менікі анық,  
Бұл сөзімді олһи деме танық.  
Өліп қалған жерінде душар болып,  
Хазірет Ғайса тірілтіп берген анық.

Жаққа – жаққа ұрады патшағар деп,  
Құлдарына бұйырды: – Тарт, шығар ! – деп.  
Дау – жанжалын бұлардың басып кел, – деп,  
Бір қазыға бұйырды патша бар деп.

Бұйрығымен патшаның көзге келді,  
Жүгініске түседі бұлар енді.  
Өліп қайта тірілді деген сөзден,  
Жиылған жұрт – халайық жалған көрді.

Қазы айтты: – Сенің айтқан сөзің жалған,  
Дау екен бір өтірік жала салған .  
Ол заманында, бұл заман бар ма, сірә,  
Өлген жанды тірілтіп қайтып алған.

Қатын естіп қуанды құлдық бас деп,  
Орынсызға соқтыққан неткен мас деп.  
Мұнан былай өтірік дау сөз болмасын,  
Бұйрық қылды бұл итті дарға ас деп.

Жендеттері іліп алып жөнеледі,  
Түзетіп дар ағашын бөгеледі.  
Мойнына арқан тастай берген кезде,  
Хазірет Ғайса пайғамбар кез келеді.

– Тақсыр, маған жете гөр, өлдім, – деді,  
– Өзім іздеп өлімді келдім, – дейді.  
– Әнеугі өзіңіз тірілтіп берген қатынмен,  
Қызық дәурен рахат сүрдім, – дейді.

Бір патшаның баласы тартып алып,  
Айдалада шоңқайтып дат деп қалып.  
Сені қашан көрдім деп бет бақтырмай,  
Бұрынғы жолдастығынан кетті танып.

Құтылмастай пәлеге басым қалған,  
Сізден бір қолқам еді тілеп алған.  
Сіз тірілткен емес пе анау қатын,  
Жұртын бәрі, мінекей, жалған қылған.

– Бұл сөзің рас еді, байғұс бала-ай,  
Қинаған қатын үшін шыбын жан-ай.  
Мен тірілтіп әнеу күні кетпеп пе едім,  
Ай, қатын, бұл сөз шын ба, мұның қалай?

Қатын айтты: – Мұныкі өтірік, жалған,  
Өтірікті ойлап айтқан әркім нанған.  
Мен қызымын патшаның асыранды,  
Жұмыртқамнан уздай шайқап алған.

– Шынымен сізде соған нанасыз ба,  
Сөзге нанып, өтірік боласыз ба?  
Бір қатынды рас шығар тірілткенің,  
Ұрғашыға назар көз саласыз ба?

– Байқаған жоқ шығарсыз анық қарап,  
Ұрлап алып кеткен шығар бәдәи араб.  
Өтірікті жәді ғой бұған еріп,  
Көп ішінде қылмаңыз мені қарап.

Мен қайдан тірілейін, өлгенім жоқ,  
Өлімді ойлап, көңілімді бөлгенім жоқ.  
Жаза басып жүрмеңіз жазым соғып,  
Жүзіңізді еш бұрын көргенім жоқ.

Баласы айтты патшаның: – Бұл менікі!  
Адал сауда, халал мал теңгенікі.  
Жағым сөз пайғамбарға жараса ма,  
Оқа емес, қанша айтса а өңгенікі.

Ғайса айтты: – Қатын, сөзге қойшы құлақ,  
Қатын деген шашы – ұзын, ақылы – шолақ.  
Аузыңнан шыққан сөзді сөйле абайлап,  
Өзіңді оңды, өзгені көрмей олақ.

Сөз болар онан-мұнан айтса құрап,  
Қамыс қайда иілетін қолмен бұрап.  
Өлген қатын емеспе ең әлдеқашан,  
Тірілтпеп пе ем Құдайдан өзім сұрап.

Қатын айтты: – Жоқ, тақсыр, мен емес ол,  
Көрген әйел емеспін мен бұрын жол.  
Бұл сөзіне қатынның шыдай алмай,  
Дұғаға Хак пайғамбар көтерді қол.

Бізді көрді бұл қатын оңай, – деді,  
Керек емес болса былай, – деді.  
Сөзім жұртқа шын болсын, жалған болма,  
Бергенінді өзің ал Құдай, – деді.

Сонда қатын сылық етіп жерге түсті,  
Көрген жанның бәрінің зәресі ұшты.  
Бір мегежін болдыра өліп қалды,  
Көзге солай көрсетті құдірет күшті.

Мегежін болып қалыпты қатын өліп,  
Қатын үшін жүрмеңдер көңіл бөліп.  
Жұрт жығылды пайғамбардың аяғына,  
Қойдай шулап, қозыдай маңырап келіп.

Жиылған патша болды жұрттың басы,  
Көл дария боп көзінен аққан жасы.  
Кеше гөр білместігімді, ая, тақсыр,  
Өгіздей өкіріпті хан баласы.

Гайса айтты: – Жұрт, құлақ салыңыздар,  
Мұнан ғибрат баршаңыз алыңыздар.  
Тамаша тәңірім қылған әрбір істі,  
Көзбен көрдіңіз, көңілмен наныңыздар.

Боламын деп ойлайды әркім оңды,  
Оңды болар оңдаса тәңірім жолды.  
Мұсылман болып тірілген басқа кісі,  
Көрдiңiздер тамаша етiп қара құлды.

Мұсылман еді қатын көзің көрді,  
Бір басты қайта келіп қара жерді.  
Бір өліп, бір тірілтіп әуре болды,  
Мінекей, ақырында кәпір өлді.

Жемтікке алдағаннан болдың қарға,  
Қатын десең құрулы бардың торға.  
Мұнан артық ғибрат сөз қандай,  
Басында ми, маңдайында көзі болса.

Қатынды аса жақсы Ысқақ сүйді,  
Күйгенде бұл жалғанда сонан күйді.  
Өзімен қатынына түк пайда жоқ,  
Шарапат жақсылығы құлға тиді.

Мұндай сөз табылмайды берсең ақшан,  
Алтын сырға құлағына алып тақсаң.  
Бір қатынды баққанша 100 атты бақ,  
Жанына қылдың залал қатын бақсаң.

Өз ойыңда ойлайсың бұл менікі,  
Өзімдікі емес деп өңгенікі .  
Сенен гөрі қарулы жан жолықса,  
Емеспін деп кетеді мен сенікі.

Бұл сөз шын жоқ деп ойла мұның ...,  
Аты қатын болған соң бір ғой салты.  
Ыңсапты тоқтауы бар әйел болса,  
Еркекке тиянақты алтын саты.

Баяғы байғұс Ысқақ не боп кетті,  
Босатып оны дардан азат етті.  
Енді қатын алмасқа тәубе қылып,  
Ант айтып қайтып келіп үйге жетті.

Сөзім бар айта берсем мұнан ірі,  
Азайтып жіңішкелеп келген жері.  
Жақсы қатын қайда деп кең салсаңдар,  
Қатынның ұжмаққа барар жүзден бірі.

Сөзімді ұқпай қалма, тындай алмай,  
Ұқпасаң оқ тый божым дерсің талай.  
Сөзімді сөз білгенге сөйлеп бақтың,  
Ұқпасаң кетер ду-ду әрмен қарай.

Бірі – алтын, бірі – күміс ұққаныңа,  
Керек қылмай жанды-жанға соққаныңа.  
Итерін найзаменен кіргізе алмай,  
Құлақты мақтаменен тыққанына.

## Садуақастың мырзалығы

Әуел сөз бастайын Бисмилләһи деп,  
Сөз бастар Бисмиләсіз кейбір надан.  
Өлмей тұрып бір хикая сөз сөйлесін,  
Туған жан бәрі өледі ата-анадан.

Қылсаңыз құлдық дағат бір Құдайдан,  
Барасың өлсең бұл дүниеден.  
Ғаламның он сегіз мың Хақ саруары,  
Бір күні кеңес құрды Мединеге.

Ішінде Әбубакір, Ғұмар Ғұсман,  
Дос қылып бірін-біріне Құдай қосқан.  
Сақаба 33 мың жарандары,  
О да бар ер Мұртаза, Ғалы Арыслан .

Азаншы Хазірет Біләлменен,  
Бәрі де сүйген құлы Жомартлардан.  
Ішінде Садуақас, Жомарты бар,  
Жоқ еді сахабаның бірі қалған.

Бір кеңес шатлықпенен құрған екен,  
Көңілін Хақ жолына бұрған екен.  
Отырған сахабаның бәрі жомарт,  
Бір сөзді пайғамбардан сұраған екен.

Әбубәкір айтты: – Көңілімді тындыр дейді,  
Сөйлеуші сізден бұрын менің, – дейді.  
Жер жүзіне аралатын Расул Алла,  
Жомарттың сахабында кімдер? – дейді.

**Расул айтты:**

– Үммет десе, көзіме келеді жас,  
Қанша ойланып айтсам да – Садуақас.  
Ғұмар айтты: – Қыл көпір тар ма? – дейді,  
Сөйлейтін сізден озып бар ма? – дейді.

Жер жүзін араладың, Я, Расул,  
Жомарт одан да өтер бар ма? -- дейді.

**Расул жауабы:**

Сөзіне кейбіреулердің ергенім жоқ,  
Ешкімге нәсілімді бергенім жоқ.  
Көп қадықты аралап жүрсем-дағы,  
Жомарты Садуақастай көргенім жоқ.

**Сахабалар сөзі:**

Пенделер құлдық қылып мақтаныңыз,  
Жарандар, харам жолдан сақтаныңыз.  
Бәрімізден Садуақас артық екен,  
Сіз ойлап одан жомарт тападыңыз.

**Пайғамбар жауабы:**

Сіздердің қойдырды ма бергеніңді,  
Жолына Жомарттардың ергеніңді.  
Мен жомарт Садуақастай көргенім жоқ,  
Неге мен жасырайын білгенімді?

Бұл сөзді естіп түгел білді,  
Білмеді сахабалар ішікі сырды.

Жомарттық жалғыз әбден қылып едім,  
Ер Ғалы бабасына өкпеледі.

Бір Құдай шын жыласа, берер нәсіп,  
Кәпірді қойдай қырып, қанын шашып.  
Бабасы жомарт деп айтпаған соң,  
Киімнің сыртқа шықты түгі тесіп.

Жомарт деп бір айтпады мені бабам,  
Жомарт боп менен асар қандай жан бар?  
Бабасы аузына алып айтпаған соң,  
Өкпелеп Ғалы қайты үйге таман.

Тіпті жоқ Ер Ғалыдай болған мықты,  
Дұшпаны Ер Ғалыдан қойдай ыққан.  
Өкпелеп бабасына келе жатты,  
Алдынан Бибі Батима қарсы шықты.

Тақсыр, ерлік қылдың жұрттан асып,  
Кәпірді қойдай қырдың қанын шашып.  
Бабаннан шатлық көрмей келесіз бе,  
Келесіз кімге өкпелепң түсің қашып?

Ерлік қылып мендей адам жүре алмайды,  
Ішінде кәпір ... кіре алмайды.  
Жомар деп Садуақасты 2-3 айтты,  
Аузына мені бабам бір алмады.

Жүруші ем мен бабамның тілін алып,  
Кетуші ем кәпірлерге қырғын салып.  
Жомарт деп бір мәртебе айтпаған соң,  
Келеді сол себепті көңілім қалып.



Батима айтты сонда: – Я, Ғалы, қайдар,  
Бабамнан мұны естіп сахабалар.  
Өтірік менің бабам айтпайтұғын,  
Жомарттығы Садуақастың рас шығар.

Ей, Ғалы, бұл сөзіңнен шығар шығын,  
Болады өтірік сөзге неге тығын?  
Әуелі Садуақасты сынап қара,  
Болмаса, сөзіңді қой, жарықтығым.

Башыр құл Ер Ғалыға жалшы, – дейді,  
Ғалы айтты бір шелек алшы, – дейді.  
Үстіне көк есектің мінін алып,  
Үйіне Садуақастың баршы дейді.

Айтады енді Ғалы Башыр құлға,  
Ауру берді деңіз жалғыз ұлға.  
Мен келдім балаңды бақсы қылып,  
Айтыңыз мен осында келдім зорға.

Мен келдім деп айтыңыз қалаңызға,  
Келген соң сөзімді айтпай қаламыз ба?  
Бауыздау қаны шипа Ғабдолланың,  
Деген соң келіп тұрмын балаңызға.

Осылай деп айтыңыз барғанында,  
Қосып айт өтірік шын жалғасында.  
Бауыздап Ғабдолланың қанын берсе,  
Жомарттық сондар ырас болғаныда.

Башыр құл көк есекке мініп кетті,  
Үйіне Садуақастың келіп жетті.  
Тамыздың екінші ақшам уақытында,  
Башыр құл жетіп барып қонам депті.

Жомарт ер үйге қонақ алып келді,  
Алдына әр алуан тағам келді.  
Мынау бай, мынау кедей, мынау құл, – деп,  
Ойламай бәрін бірдей құрметтейді.

Жігіттер нәпсі тілін алма дейді,  
Тілін алып пәлеге қалма дейді.  
Ертең атқа мінерде жомарт екен,  
– Қонағым, қалағының бар ма? – дейді.

**Башыр сонда:**

Жок еді ойлағаным келемін деп,  
Сәлемді келіп сізге берейін деп.  
Келіп ем, тақсыр, сізге қысылғаннан,  
Болмаса жатыр едім өлейін деп.

Сөзімді аузым барып айта алмаймын,  
Сөйтсе де сөзімді айтпай қайта алмаймын.  
Басымда өткен қатты жұмысым бар,  
Айтуға тақсыр сізге бата алмаймын.

**Жомарт сөзі:**

Шығаршы қаты-қаты дыбысыңды,  
Тарылттың мұнша неге тынысымды?  
Жалғызымды сұрарсың азар болса,  
Жасырмай шыныңды айт жұмысыңды.

**Башыр жауабы:**

Башыр құл, мен баламын, таны, – деймін,  
Айтайын шын сұрасаң мәнін деймін.  
Хал кетіп, балам жатыр науқастанып,  
Шығады сәл болмаса жаны деймін.

Бола ма қаны шипа балаңыздың,  
Сөзі ғой балгер – бақсы данамыздың.  
Бауыздау қаны керек дегеннен соң,  
Мен келдім жөні осылай халымыздың.

Мен келдім балаңыздың қанын сұрап,  
Құрбандық бір шыбындай жанын сұрап.  
Аллаға шын Хақ тағат жомарт болсаң,  
Жұмысым сол қайтамын келген қалап.

Жомарт ер берейін деп айтып салды,  
Баласын медреседен іздеп барды.  
Шешесі ол баланы қинай ма, – деп,  
Әуелі білейін деп үйге барды.

Келеді барайын деп баласына,  
Барады келе жатып анасына.  
Балаңды бір қонаққа беріп келдім,  
Ырзалық беріп үйде қаласың ба?

**Әйелінің жауабы:**

Айтасыз маған келіп жөніп несін,  
Есесін бір баланың Құдай берсін .  
Балаңыз бір қонаққа жарап кетсе,  
Құдайдан одан артық не тілейсіз?

Ей, қатын, бұл сөзінен таңба! – дейді,  
Пайдасы тиер ақыр таңда дейді.  
Қонақты кешіктірмей жөнелтейік,  
Шақыршы Ғабдолланы қайда? – дейді.

Қонақ кой бізге келген бұл бір ғарып,  
Ғайыпты болжай ма адам көзбен барып.

Баласы үйде науқас қой, тезірек тапшы,  
Балаңды шақырып кел озің барып.

Шешесі жетін келді баласына,  
Қарашы сөздерінің данасына.  
Атасы есік ашып кірпін келді,  
Дәрістен сабақ берген молдасына.

– Мен келдім сені іздеп, балам, – дейді,  
Ала жүр тастамай құранынды.  
Ішімде толып жатыр сонам, – дейді,  
Сені үйге шақырады бабан, – дейді.

Ұлықсат берді молдасы да,  
Бұларға разы болды Алласы да.  
Шешесі баланы ертіп үйге келді,  
Жомарт енді айтады баласына.

Ей, балам, келді саған Башыр, – дейді,  
Мен бөлам осы күнде нашар, – дейді.  
Ем екен сенің қаның баласына,  
Сенің қанынны апарып шашам, – дейді.

Мен сені зарықанда көрдім, балам,  
Тіліне бір мейманның ердім балам.  
– Әй, ата, әміріңнен мойын бұрман,  
Алмасам әміріңді мұнда тұрман.

Баласы ата тілін алмай ма екен,  
Қылайын жаңыңызға жаным құрбан.

Баласы тілін алып көнді дейді,  
Қолына қонағаның берді дейді.

Қонағым ырза бол енді маған,  
Мен сенен аяп тұрмын немді дейді.

Башыр айтты: – Келмей тұр мәнім, – дейді,  
Шашып тұрмын ғарыптың жанын, – деймін.  
Бауызда өз қолыңмен балаңызды,  
Қисаңыз бір шыбындай жанын, – дейді.

Қонаққа жалғызының жанын қиды,  
Бекініп жомарт ерің көңілін тыйды.  
Жатқызып Жомарт ерін өз қолымен,  
Бауыздап шелегіне қанын құйды.

Ер Жомарт сол арада талып қалды,  
Жеткенше Башыр үйге налып барды.  
Шелекке Ғабдолланың қанын құйып,  
Үйіне ер Ғалының алып барды.

Берді ме баласының қанын? – дейді,  
Рас па екен жомарттығы оның ?-дейді.  
Кешікпей барғаннан соң Садуақас,  
Қиды ма баласының қанын? – дейді.

#### **Башыр жауабы:**

Өтпеді тамағымнан асым, – дейді,  
Көзімнен ттыйылмай кетті жасым, – дейді.  
Бауыздап шелегіме қанын құйды,  
Қанжармен кесіп алып басын дейді.

Ғалының күйініп жылағаны:  
Сол жерде Ғалы айтты: – Кетті сәнім,  
Тозаққа кетер ме екен ғарып жаным?  
– Аһ, – деп, тақсыр Ғалы талып кетті,  
Болады Мақшар күні қандай халім?

Аллаһудан пайғамбар Қағбаға барды,  
Хабарын сахабаларға хабарлады.  
Сол сағат Жебреил жетіп келіп,  
Жомарттан болған халді айтып салды.

– Көп жолдас сахабадан алсын, – дейді,  
Үйінде ермегені калсын, – дейді.  
Қазыр қонақ болуға әмір етті,  
Үйіне Садуақастың барсын, – дейді.

Пайғамбар бір Аллаһтан хабар алды,  
Жүруге шын тоқтаусыз дайындалды.  
Қасына қанша асқап жолдас алып,  
Үйіне Садуақастың жетіп барды.

Жомарт ер: – Қош келдің, – деп, қабыл алды,  
Мал басын құрбан етер шыбын жанды.  
Пайғамбар көргеннен соң ренжір деп,  
Баласын бір бөлмеге қоя салды.

Бір киім жаба салды баласына,  
Қарашы ақылының данасына.  
Алдынан қарсы шығып тағзым етін,  
Атын байлап түсірді қарасына.

Ер жомарт сәлем берді пайғамбарға,  
Бұлардың сөзі сауап айтқандарға.  
Не себеппен келгенін пайғамбардың,  
Біле алмаған қасында сахабалар да.

Таң қалар жомарттығын көрген адам,  
Қор болмас жомартарға ерген адам.  
Пайғамбарға келгеннен соң, құрмет қылды,  
Пісіртіп алып келді түрлі тағам.

Пісіріп түрлі тағам алып келді,  
Үстіне дастарханның салып келді.  
Жайылып тағам дайын болғаннан соң,  
Пайғамбар қолын жайып дұға қылды.

Пайғамбар тұрып қалды тағам алмай,  
Тек отыр барша асқап қол апармай.  
Қайран қалып қасындағы көп жамағат,  
Амалсыз тоқтап отыр шыдап алмай.

#### **Пайғамбар сөзі:**

Суысын тағамдарың сабыр, – дейді,  
Көп сауап сабырлықпен табар, – дейді.  
Жегенім бұл тағамды дұрыс емес,  
Ғабдолла келсін мұнда шақыр, – дейді.

#### **Жомарт сөзі:**

Жаратты Құдай артық басыңызды,  
Көп жылға (еретірсін) жасыңызды.  
Кетін еді оқимын деп сабағына,  
Ішіңіз тоқталмай-ақ асыңызды.

Пайғамбар қол созбаққа ыңғайланды,  
Сахаба отырысып ол жайланды.  
Бисмилә деп табакқа қол созарда,  
Қолынан Жебреил тартып қалды.

Шақырғын келсін мұнда сабағынан,  
Шытпаңыз ренжітіп қабағыңды.  
Тез барып, жесін десе, шақырып кел,  
Жемеймін Ғабдолласыз тамағыңды.

Қысылды сонда жомарт айтпай болмас,  
Өтірік сөз болады жанына қас.

Қайта дүниеден болып ет деп,  
Шынын айтып береді Садуақас.

Жомартқа ашуланды пайғамбар,  
Басынан хабар бермей не қылғаның?  
Сабыр ет, қол созбаймыз бұл тағамға,  
Ғабдолла келгенінше сахабаларым.

Дейді де Ғабдолла деп шақырды енді,  
Тез кел деп үш мәртебе ақырды енді.  
Үшінші мәртебеде есік ашылып,  
Ғабдолла сәлем беріп кірін келді.

Сыртына құлып салған бөлмесіне,  
Бекіткен біреу ашып көрмесіне.  
Кеудесінен уақытсыз шыққан жан,  
Алла әмір қоймайды келмесіне .

Пайғамбар сәлем алып: – Балам, – дейді,  
Бола ма жазғаннан шараң, – дейді.  
Әуелгі шақырғанда келмегенің,  
Себебі не дүр айтшы, балам? – дейді.

**Баланың жауабы:**

Себебін мен айтайын білгін, – дейді,  
Құдыретін бір Алланың көрдік дейді.  
Қорлары ұжмақтың ішіндегі,  
Етектен, қолдан алып жібермеді.

Үшінші шақырдыңыз тұра алмадым,  
Көңілімді қор қызына бұра алмадым.  
Кешіктім сол себептена тақсыр баба,  
Ұжмақтан жалғыз жеміс ала алмадым.



Қолын сүйді шытпа, – деп, – қабағынды,  
Молдаңнан енді оқырсынңсабағынды.  
Тағамнан қолым тартты періштелер,  
Енді отыр бөле желік тағамыңды.

Шаттанып қуанышты ата-анасы,  
Қасында барлық асқап сахабасы.  
Ғаламнан абзал туған Хақ саруары,  
Көз көріп, заһар болды бұл Мұхжанасы.

Керемет Мұхжанасы заһар болды,  
Түсінде екі жаһан нұрға толды.  
Пайғамбар Ғабдолланы қасына алып,  
Шатланып тамақ ішіп отыр еді.

Тағам жеп үйге қайтты пайғамбарың,  
Қылмаған еш олардай жанның бәрін.  
Жомарты Садуақастай көрдің бе,  
Сөйлейді жиып алып асқаптарын.

Асқап айтты: – Я, Расул Алла сөзіңіз рас,  
Сөзіңе ешбір адам қылмас талас.  
Айтқаны Садуақастың рас екен,  
Атыңнан айналайын тақсыр – ау бас.

Башырдың баян қылған келгендігін,  
Жалғызға қолқа салып жүргендігін.  
Қажетін көңілдегі айтқаннан соң,  
Баласының қанын құйып бергендігін.

Пайғамбар Мұхназасы көзбен көрді,  
Мұсылман күллі мүмиін соңына ерді.  
Жомарттан қадыр, құрмет көргенен соң,  
Үйіне баршалары қайтып барды.

Қасымда Расул Алла шаһарлары,  
Алардай болу қайта жанның бәрі.  
Расул намаз оқып болған кезде,  
Есіктен кіріп келді Хазіреті Ғалы.

Қуантың айналайын, бабам, – дейді,  
Кетті ғой ес ақылым татам, – дейді.  
Жомартығын Садуақастың сынаймын деп,  
Болды ғой қолым мүшкіл жаман, – дейді.

Жүктедім дүниеде адам қанын,  
Тозакқа кетер ме екен ғырып жаным?  
Іс қылдым үлкен күнә бір Аллаға,  
Күн бар ма құтыларға қайғы – зарым?

Бойымда үлкен қатты күнәм бар,  
Күнәм кешер ме екен пәруардігір.  
Жығылып пайғамбардың аяғына,  
Ер Ғалы қолдан тұтып жылады зар.

Пайғамбар дұға қылды Хактан тілеп,  
Күнәсін Ғалы ердің кешіре ғөр, – деп.  
Түсіпті қатты қайғы қасіретке,  
Бір ауыз айтқан сөзге нанбаймын деп.

Қолын жайып Расулім бата беріп,  
Ер Ғалы батасын ап, қайта берді.  
Рас деп жомартығы Садуақастың,  
Әр жерде мәшһүр ғылып айтып жүрді.

Мұхаммет екі ғалам саруары,  
Олардай бола бермес жаның бәрі.  
Сол кезде түгел тұрған заманында,  
Сахаба отыз үш мың 4 шаһары.

Осындай бір оқиға болып өткен,  
Дүниеге кімдер келіп, кімдер кетпеген.  
Қызыкпа нәпсіге еріп бұл дүниеде,  
Бұл дүние алдап жүріп түпке жетер.  
Жарандар, қонақты күт, ренжіме.

Мұсылман қонақ күтпес шығар деме,  
Жомарт адам жетеді тілегіне.  
Құдай не бермейді шын ниетке,  
Ұжмаққа бұрын кірер жомарт адам.  
Тағат қыл күнәлі іске баспа қадам.

*Бисмиллаһи Рахман Рахим*

## **Мұхамет С.Ғ. дүниеден өткен**

Жаратқан Аллаһ артық паруары,  
Киәфат шаһадатін жары қылғай.  
Шапағат үміт етер жанын бәрі,  
Бір Алла өзің сүйіп достың деген.  
Дос болған соң көп үммәтін қамын жеген.

Сипаты рахмату (Міл ғаламин),  
Тауфі қалақат тағы да қамын жеген.  
Бір Алла қасиет пен зейнет берген,  
Миғраж шығып дидарын Хақтың көрген.

Шапағатынан үміт қыл Хақ Расулдің,  
Жазуға опат болған соң тұра келді.  
Жебреил еді бірінің болса хабар берген,  
Пайғамбар қарсы алып дидар көрген.

Екі дүниенің саруары Расулы Алла,  
Еш қор болмайды оған ерген.

Жебреил дүйсенбі күні келді жетіп,  
Отырды Хақ Расулге сәлем етіп.

Опасы жоқ дүниеде көп тұрмайсың,  
Рахат көрсін дейді михнатын сапар етіп.  
Қабибім шын дүниеге келсін дейді,  
Үмметіпе шапағат қылсын дейді.

Михнат қайғы жападан құтылады,  
Ырза боп жан ғазабыл берсін дейді.  
Алла өмірін Хақ Расул естіп білді,  
Жебреилдан хабарды естіп күлімдеді.

Мен кеткен соң үмметлерім не болад деп,  
Аһ ұрып үмет т үшін қайғырады.  
Сол уақытта алпыс үшке келген еді,  
Өлерін бұрын да өзі білген еді.

Үмаметімді жарылғаса ырзамын деп,  
Ұлықсат жан алуға берген еді.  
Хақ Расул кетпек болды дүниеден,  
Шапағат нәсіп қылсын ол дүниеден.

хақ Расул мұны естіп жатқан түні,  
Түс көрді сегіз кісі Мединеден.  
Түс көріп Әбубәкір, Сыдық келді,  
Үйге кіріп Хақ Расулге сәлем берді.

Түсімде киген тоным жерге түсті,  
Таксыр-ау міне түс деп сұрайды енді.  
Бұл түсті сонда Расул жориды енді,  
Таратып бір өзіне жори берді.

Түсімде киген тоным...  
.....ахыретте жақын дейді.  
Екінші ғаділ Ғұмар жетін келді,  
Мен – дағы бір түс көрдім Расул дейді.

Қолымдағы жүзігім жерге түсіп,  
Ғайып боп ұшып сол кетті дейді.  
Кетерміз бұл дүниеден бір күн ғайып,  
Салауат айтыңыздар қолын жайып.

– Жүзігің қолыңдағы ұшып кетсе,  
Расулдің көз алдыңнан болар ғайып.  
3-ші бір түс көріп Ғұсман келді,  
Хақ Расулге сәлем беріп айтады енді.

Құраным қасымдағы жерге түсіп,  
Пара – пара боп қағаздары ұшып кетті.  
Ғұсманым бізге ажал келер, – дейді,  
Сахабаға көп қайғы болар, – дейді.

Құранның парақтары ұшып кетсе,  
Үмметім кейінгі бөлек-бөлек болар, – дейді.  
4-ші Ғалы келді сәлем беріп,  
Таң қалды жылағанның көзі көріп.

Тақсыр ер, не себептен жыладыңыз,  
Бізге де айтыңыздар хабар беріп.  
Бұлар айтты бәріміз де көрдік түсті,  
Құдайым бізге салды қиын түсті.

Расул бұл дүниеден кетпек болса,  
Мұны айтып барлығы да қайғы жеді.  
Қайғырды пайғамбардың шаһариары,  
Сіз кетсеңіз, – деп, қайғы мен қылды зарды.

Алланың бұйрығына амал жоқ деп,  
Еңіреніп отырды ғой барша жаны.  
Ғалы айтты: – Мен де бір түс көріп едім,  
Боларын бұл сұмдықтың біліп едім.

Сауытым өзім шешпей жерге түсті,  
Жоруын сізден сұрай келіп едім.  
Ғалы балам, бұл дәурен өтер, – дейді,  
Бізден өтіп Әбубәкірге жетер, – дейді.  
Бабаңыз бұл дүниеден кетер, – дейді.

Мұны естіп батыр Ғалы жылайды енді,  
Көл ғылып көздің жасын бұлайды енді.  
Күш қуатым, я, жан баба, сізде еді-ау,  
Сіз кетсеңіз, не хайла қылам, – дейді.

Бұл дүние баяны жоқ бекер, – дейді,  
Бұл амал барлық жанға жетер, – дейді.  
Күш қуатың Ғалы балам менде болса,  
Менімен бірге қуатын келіп кетер, – дейді.

Баршасы мұны айтып жылайды енді,  
Бір түс көріп жамағаты Ғайша келді.  
Түсімде қара сәлі жамылдым деп,  
Жоруын пайғамбардан сұрайын деп.

Расул айтты: – Мүшбағым, маһарбәнім,  
Тәнімен сапар шегер шипа жаным.  
Біз өліп қайғылы күн өткізерсің,  
Басыңа қара сәлі жамылғаның.

6-шы Батима қызы келді және,  
Бір түс көріп көңілі болған ғана.

Түс көріп сізге айтайын деп келіп едім,  
Ұлықсат болар ма екен, тақсыр баба?

Расул айтты: – Айтыңыз, жаным балам,  
Батима айтты, тыңдаңыз, жаным бабам.  
Түсімде киген шапаным дал-дал болды,  
Жағасы жыртылып кетті тамам.

Расул айтты: – Жаратқан бізді Жаббар Құдай,  
Перзенті, м көзім нұры, саған жаным пида.  
Жағасы шапаныңның жыртылғаны,  
Айырылып бабаннан болдың жүда.

Қасен жиен бір түс көрдім, – бабам, – дейді,  
Бір тақты зейін еткен тамам, – дейді.  
Сол таққа сіз мінін ғайып болдын,  
Келмеді бір ұстауға шамам, – дейді.

Балам ау, дүние бізден қалар, – дейді,  
Бірдей жан аманатын алар, – дейді.  
Түсінде таққа мініп көкке ұшсам,  
Перзантім-ау, бабаң дүние салар дейді.

Хұсайын айтты: – Мен де бір түс көрдім, – дейді,  
Бір қиын түс екен деп білдім, – дейді.  
Баста бөрік, аяқта башпағым жоқ,  
Жалаң аяқ зар қағып, тас батып жүрдім дейді.

Мұны естіп Хақ Расул жылайды зар,  
Көп дұшпан перзентіме зорлық қылар.  
Басын сипап тамағынан сүйіп алды,  
Қайтейін жәрдем болсын деп пәруардігер.

Барлығы мұны естіп жылар сонда,  
Түн өтіп, мезгіл жетіп, атқан таң да.  
Хақ расул төрт жар сахабалар,  
Жиналып мешітке барған онда.

Оқыды парыз бенен әм сүннәтті,  
Есіне алып жылайды көп үмметі.  
Мұнараға шығып тұрып Расул Алла,  
Айтады шарифат пен насихатты.

Жиналып барлық халық Мединеден,  
– Тіле, – дейді, орын о дүниеден.  
Өлім деген Алланың бір парызы,  
Көшетін уақыт жетті бұл дүниеден.

Ырза боп бәріңіз де сол қалыңыздар,  
Көзінді ғарып жетімге салыңыздар.  
Барайын ахыретке қарыз қылмай,  
Бар болса менде ақы алыңыздар.

Еш хақымыз жоқ деді жанның бәрі,  
Қасында бірге тұрған шариары.  
Ішінде бір сахаба үндемеді,  
Ақымыз жоқ деп шулайды басқалары.

Кешу сұрап жиып ап сахабалырын,  
Ойлаңыздар ахыретте ғазап барын.  
Берейін ақыңызды осы күнде,  
Ұялмай-ақ айта бер ақың барың.

Үндемеген сахаба Ғақкеше аты,  
Сахаба-ды дәулетті үлкен салтанаты.  
– Барғанда бір сапарда ұрып едің,  
Сол сізде менің ақым бар, – деп айтты.



– Ислам діні жолыңызда махкам тұрғансыз,  
Көңілді үмметіна көп бұрғансыз сіз.  
Түйеңе түйем сүйкенін, сонда маған,  
Жалаңаш бір қамшы ұрғансыз сіз.

Біз-дағы ахыретке барсақ керек,  
Сіздерден іренжімей қалсақ керек.  
Сіз-дағы мойныңызға қарыз қылмай,  
Берсеңіз сол қамшыны, алсақ керек.

Ол жерде жиылған жамағат көп,  
Біреуі де айта алмады қойыңыз деп.  
Пайғамбар Ғақкешеге ұлықсат берді:  
– Болса да хақыңыз қанша алыңыз, – деп.

Қамшыны алып келші Біләл барып,  
Ғақкеше ырза болсын өшін алып.  
Пайғамбар айтқаннан соң барды – дағы,  
Қамшын алып келді Біләл анық.

Қамшыны сонда Ғақкеше қолына алды,  
Отырған жұрттың бәрі қайран қалды.  
Жүз ділдә берейін кешіріңіз деп,  
Әуелі Әбубәкір оған жалынды.

Ғақкеше сөз айтамын тыңдап тұрғыл,  
Азырақ сабыр қылып мойның бұрғыл.  
Алланың сүйген достысын ренжітпей,  
Жүз қамшы бір қамшы үшін маған ұрғыл.

Ғақкеше айтты: – Бекер жала қылғаным жоқ,  
Көңілді жаман іске бұрғаным жоқ.  
Ділдә алып Әбубәкір сені ұрмаймын,  
Сіз мені ғұмырыңда бір ұрғаның жоқ.

Ғұмар айтты: – Ғақкеше, мойның бұр, – деп,  
Сабыр ғып азырақ сен тұра тұр, – деп.  
Құдайдың сүйген досын ренжітпей,  
Жалынармын қамшыны маған ұр! – деп.

Ғақкеше айтты: – Бұл пенденің бәрі дестер,  
Дағдыр келсе жанын қоймас алып кетер.  
Ғұмар, маған бір ауыз сөз айтпадың,  
Жазықсыз ұрман, – дейді, сізге бекер.

Ғұсман айтты: – Ғақкеше, құлақ сал, – дер,  
Ырза болып Расулмен тату қал дер.  
Ұрмасақ ешкімді бір қамшы үшін,  
Тойғаныңша енді менен алтын ал дер.

Дүниеге көңіл бөлін сала алмаймын,  
Қарыз ғып сенен алтын ала алмаймын.  
Әбубәкірге Ғақкеше айтып былай ...  
Пайғамбардан өшімді алмай қала алмаймын.

Ғалы айтты Ғақкешеге: – Мойның бұр бір,  
Сабыр ғып ашыңнан тұра тұр дер.  
Мың мысқал алтын алып бір қамшы үшін,  
Бес мың қамшы Расул үшін мағар ұр дер.

Ғақкеше айтар: – Мен жала қылмаймын дер,  
Дүниеге көңілімді бұрмаймын дер.  
Керек десе бір ауыз сөз айтпадың,  
Жазықсыз Ғалы сізді ұрмаймын дер.

Сонда тұрып Ғалы шері ашуланды,  
Қамшыны Ғақкешеден жұлып алды.  
Мен үшін күнәкар болма, балам, – деп,  
Пайғамбар өсиет айтып жоқтау салды.

Ашудан қайтпаған жан жақсы болмас,  
Қайтпасаң ашуың нан пайда болмас.  
Құдайдың сүйген достың ренжітсен,  
Өзіңе ахыретте пайда болмас.

Сол айтты Ғақкешеге :-Өшінді алшы,  
Өзіме ұр бір заман жалғыз қамшы.  
Ғақкеше айтты: – Ғапылар дінін күтпес,  
Бір қамшы ұрғаныңнан еш нәрсе өтпес.  
Жалаңаш мені тақсыр ұрып едің,  
Киіміздің сыртынан өшім бітпес.

Сұрағанға бермедіңдер күніменен,  
Дұшпанның егесіп тұр тіліменен.  
Шариар сахабалар, шуламаңдар,  
Ғақкеше, ұрамысың шынынменен?

Ғақкеше айтты: – Сіздер неге қайғы жейсің,  
Пайғамбар мен пақырдың қанын берсін.  
Хақ Расул өшінді ал деп еңкейгенде,  
Ұрғанымды, ұрмағанымды көзің көрсін.

Мұбарак Хақ пайғамбар айтты жөнін,  
Неге ұрсын ер Ғақкеше Пайғамбарды.  
Мөрін көріп жауырынан сүйіп алды,  
Бұрынан біледі екен мөрі барын.

Көруге Ғақкеше қайғы жеген еді,  
Білген соң тартынады неден енді.  
Мөр көрінді мешіт іші нұрға толды,  
Жазылмыш ол салауат деген еді.

Жамағат жауырынан мөрін көрді,  
Данышпан ер Ғақкеше асқан еді.

Көргенде дозақ оты харам болып,  
Құдайым бәрін бірдей жарылғады.

Маһарін ер Ғаккеше сүртті көзге,  
Ешкім білген жоқ екен бұдан өзге.  
Күнәмді енді кеш деп жалынады,  
Бірталай Сізді айыптап, қарсы сізге.

Жоқ еді-ау сізде біздің өшіміз де,  
Байлаулы мен ғарыбыңды шешіңіздер.  
Аяғын құшақтап пайғамбардың,  
Күнәмді, тақсыр, менің кешіріңдер.

Расул айтты көңілін иманға толсын, – дейді,  
Басына бакыт – дәулет қонсын, – дейді.  
Нәсіліңнен тараған сенің әулеттерің,  
Қияметте мағат үммет болсын, – дейді..

Қуаныш Ғаккешенің тапты жаны,  
Қуандырған 18 мың ғалам маһарбані.  
Қияметте 8 ұжмақ кілтін ашар,  
Құдай осылайша Ғаккешені жарылғады.

Мешіттен үйіне Расул қайтып келді,  
Ауру да жанына сол батып келді.  
Бұрын мұндайың мөрін білмейтін халайықтар,  
Мөрін көріп Расулдің айтып келді.

Қуаныш енді Ғазреилге жарлық етті,  
Достыма сәлем айтып барғыл депті.  
Досқа келетін уақыт болды,  
Ұлықсатсыз кірмегейсің бара сала.

Құдайым айтса Ғазреил тұрсың не ғып,  
Үш періште жетіп келді есік ашып.  
Білейін деп кім екенін тұрды барып,  
Жебреил періште о да келді дейді.

Үш періштенің есікте тұрғанын көрді дейді,  
Бұл жерге не жұмысқа келдіңіз? – дейді.  
Жебраил Ғазреилде н сұрар дейді,  
Ғазреил айтты Хақ парманың.

Сөйледі сонда тұрып келген мәнін,  
Расулге ұлықсатсыз кіре алмаймын.  
Аламын ұлықсат болса, ғазиз жанын,  
Мұны естін Жебреил қылды зарды.

Жылады періштенің баршалары,  
Жебреилдің дауысы қатты шығып еді.  
Естіді адамнан басқа жаның бәрі,  
Жылады құрт – құмырсқа, жер менен көк.  
Тау мен тас, су мен ағаш күңіренді көп.

Құдайдың барлық мақұлығы қылды зарды,  
Пайғамбар жер жүзіннен кетеді – ау деп.  
Мұнан соң Жебреил үйге кірді,  
Жылап келіп Расулге сәлем берді.

Келіп сәлем бергеннен соң,  
Неге жылап келдіңіз, достым? – деді.  
Жебреил айтты: – Сіз үшін әңгіме құрам, – дейді,  
Мойнымды дүние жүзіне бұрам, – дейді.

Дүниеде жыламаған бір жан жоқ – ау,  
Мен қайтып сабыр қылып тұрам, – дейді.

Батима қараса, үш адам түр сөйлес қылып,  
Кім екенін танымады тағы біліп.

Үшеуінің біреуі – көркем, қайран қалды,  
– Кімсіздер? – деп сұрады, қайран қалып.  
Батиманың үшеуі қарап сәулетіне,  
Келдік, – деді, пайғамбардың біз сәулесіне.

Михаил, Ысраил ол Ғазреил,  
Корінген бір жақсы адамның суретінде.  
Батима жауап тосып, хабар алды,  
Үшеуі сөйлер сонда жақсы халды.

Пайғамбар Құдай досты қайда екен? – деп,  
Көрғелі келін едік деп айтып салды.  
Жарқыным, құлағыңсал мына сөзге,  
Көп жақсы көрінерсің көрер көзге.

Расулдің көңілін сұрай келіп едік,  
Көруге ұлықсат бар ма үйіңізге ?  
Тағы да айтты біз келген ғарпымыз,  
Алыс жерде тұрады тұрағымыз.

Расул рұхсат берсең енді бізге,  
Көңілін сұрап қайтар бейшарамыз.  
Батима айтты: – Бейшаралар, тұрыңыздар,  
Сабыр қылып тұра тұр, бабам ренжір.

Алыс жерден келсеңдер, ей, жарандар,  
Демінді алып, бұл жерде тұра тұрғыл .  
Тіліне бекер жанның ергеніміз жоқ,  
Пайғамбарды көптен бері көргеніміз жоқ.

Жүзін көрмей қайтуға әмір жоқ дүр,  
Бұйрықсыз біз босқа жүрмегенбіз.  
Батима мұны естіп қайтып келді,  
Бабасына жылдам келіп хабар берді.

Үш адам көңіл сұрай келген екен,  
Ұлықсат сұрап тұр деп айтып келген.  
– Ей, балам, ғарап емес, Құдай білер,  
Біз білсек үшеуі де періштелер.

Михаил, Ысрапил, ал Ғазреил,  
Бәрі де бір Құдайға жұмыскерлер.  
– Ей, балам, есікті аш, үйге кірсіп,  
Бабаңның хал – жайын келіп көрсін.

– Үмметімді жарылға! – деп мен тілейін,  
Өзіме не істесе Құдай білсін.  
Үшеуі шақырған соң келді кіріп,  
Отырды Хақ Расулге сәлем беріп.

Алла сәлем айтты дегенінде,  
Батима періште қалды біліп.  
Бір Аллаһ сәлем деді, таксыр, сізге,  
Баргыл деп бұйрық қылды үшеуімізге.  
Жарлыққа иманды ер үммет үшін қайғырасың.

Келді деп айып қылма енді бізге,  
Мұны естіп Хақ Расул жылайды зар.  
Қылғайды үммет үшін сабыр қылар,  
Анасы өлін үмметім жетім қалды.

Тапсырдым енді өзіңе Қадыр Жаббар,  
Ғазреил сонда айтады пайғамбарға.

Бұл ажал келмей қоймас барлық жанға,  
Құдайым сізге бар деп әмір қылды.

Әмірін тұтпай тұруға амал бар ма,  
Құдайдың қарсылық жоқ парманына.  
Барлық жан бірдей жетпес арманына,  
Пендеге тура ажал жетіп келсе.

Ешкімнің қарамайды дәрменіне,  
Алланың бұйрығына амал бар ма?  
Барша жанның жанын ал деп әмір қылса,  
Сізге келіп тұрғаннан жылдамырақ.

Басқаның жанын адам бір дейін алғанша,  
Жамағат жылайды қанша сонда біліп.  
Арыздасты Расулға жақын келіп,  
Құдайдан осылайша әмір болса.

Кетіңіз мен ғарыпке разы болып,  
Мүшбақи, маһарбәнім, пенде жаным.  
Не болар сіз кеткен соң менің жаным,  
Құдайым бізді сізден қалдырып сол.

Айыратын күн бар екен заһүл жалалым,  
Расул айтты Құдайдан болды парман.  
Құдай әмір қылған соң не дүр арман,  
Алланың жарлығына қарсылық жоқ.

Бұл дүние баяны жоқ, қылма арман,  
Біз қалсақ, сіз кетсеңіз дүние салып.  
Артыңда не боламыз сізсіз қалып,  
Тым болмаса қалмады бір мирасқор.



Соны қайғы қыламын есім танып,  
Ғалыны ертін Батима келді түн ішінде.  
Ғайша жылап отыр үй ішінде,  
Барлығы жылап, жиналып зар жылайды.

Расулдің кім жыламас бұл күнінде,  
Шариар, сахабалар жиылды көп.  
Барлығы Расул үшін уайым жеп,  
Артында біздер қалып не боламыз?

Сіз кетіп жетім болып қаламыз деп,  
Көрісіп Батимамен зар жыласты.  
Құдайға тапсырдым деп амандасты,  
... әйелдің бірі болдың деп.

Құлағына сыбырлап төккен жасты,  
Батима айтты тірі болып жүремін не ғып.  
Зар жылап Ғалы батыр тұрды бағып,  
Батиманың көзінен аққан жасы.

Расулдың бетіне тұрған ағып,  
Ғалы айтты: – Батима, жылама, – деп.  
Расулдың бетіне тамды бұлама, – деп,  
Жыласын, – деп Расул айтты, сұрама, – деп.

Батима одан жаман жылайды зар,  
Қимайды бабасы үшін сабыр қылар.  
Өзіме бір жұмадан соң келерсің деп,  
Құлағына сыбырлады Хақ пайғамбар.

Хасен, Құсайын екі жиені кіріп келі,  
Боларын бір сұмдықтың біліп келді.  
Көзінен жас ағып зар еңіренді,  
Балқыған қорғасындай еріп келді.

Қасына шақырып ап сүйді беттен,  
Бұлар қалай осы менін жұрағатым.  
Бәрі де менің нәсілім болар дейді,  
Сыйланып осы екеуінің асыл затын.

Қалыңыз екі ұғылы аман – есен,  
Бұл екеуін күтіңіз мен десең.  
Кім бұларды күтпесе, ырза емеспін,  
Сыйлаңыз, дәрмені десек осы екеуін.

Бұлар жылап отырды, таң да атты,  
Біләл тұрып салауат деп азан айтты.  
Әбубәкір имам боп оқысын деп,  
Баруға халім бар деп жауап қатты.

Мешітке сахабалар жүрді дейді,  
Әбубәкір иман боларын білді дейді.  
Қараса, Хақ Расул өз орында,  
Оқи алмай қайғырып бәрі тұрды дейді.

Әбубәкірдің бәрі келді қастарына,  
Мешітті шулап көтерді бастарына.  
Бәрі жоқтап пайғамбарды қайғырыпты,  
Бетін жуды көзінен аққан жасы.

Хақ Расул ауырып жатқанын білді дейді,  
Оқи алмай қайғырып тұрған елді дейді.  
Ғалы мен бін қапасы бір ұйып біз,  
Халайық дөп көтеріп алып келді дейді.

Асқапқа Расул сонда болды имам,  
Отырып намаз қылды, Қабибі болдым, балам.  
Сахабалар жыласып ұшып тұрды,  
Қысқа – қысқа сұраумен қылды тамам

Көтеріп тағы үйіне алды келіп,  
Арыздасып сахабасын жиып алып.  
Мединеге әйел – еркек бәрі шулап,  
Есігінің алдында тұрды бағып.

Мекке – Медине халқы жиылып зар жыласты,  
Сол уақытта сахабалар зар жыласты.  
Алланың бұйрығына амал жоқ деп,  
Пайғамбармен кезек – кезек амандасты.

Расул айтты сахабаларға насихатты,  
Әбубәкірге тапсырды аманатын.  
Исламжан кейінгі үмметлерге,  
Үлкен – кіші, кәрі – жас жамағаты.

Үммет болса, Хақ әмірін түсін дейді,  
Бәрін уәжіп, әм сүннәт етсін дейді.  
Қысасы қияметтің жаман болар,  
Дін күтіп мұратқа жетсін деймін.

Зорлық қылып кісі ақысын алма деймін,  
Ахыреттен қапыл болып қалма деймін.  
Ораза, намаз тағаты қабыл болмас,  
Аузына харам асты салған адам.

Жолдасым шаһриарлар, сақабалар,  
Тар капас қияметтің қысасы бар.  
Ғибадатыңды істей гөр тірлігіңде,  
Ғарып – мүскін, жетімге пана көзіңді сал.

Патшалыққа тапсырам шаһриарым,  
Әбубәкір, Ғұмар, Ғұсман хазіреті Ғалым.  
Үлкен өлсе кейінгі иман болсын,  
Кезегімен тапсырам мұнын бәрін.

Тәнімді ашқан, тәнімді Ғалы жусын,  
Ібін, қапас, құман суды құйсын.  
Кебіндеп шариярлар, сахабаларым,  
Жан – жағымнан салауат айтып қарап тұрсын.

Мұнан соң сөйлемеді дүние үшін,  
Үмметім, үмметім, – деп, жұмды көзін.  
Дүниенің гауһар шырағы өтіп кетті,  
Зар қылды үммет үшін басқан ізін.

Дүниенің сол уақытта кетті сәні,  
18 мың ғаламның маһарбаны.  
Оң қолымен көтеріп жүзін сыйпат,  
Үмметім деп еріні жыбырлап шықты жаны.

Пайғамбар алпыс үште сапар қылды,  
Дүниенің опасызын өзі білді.  
Ай мен күн, һәм жұлдыздар жарық болғай,  
Күн мен ай ... күйіп тұрмай.

Қайғымен білінбеді күн менен түн,  
Расул сапар шекті ... толды.  
Дүниеге содан кейін пәле толды,  
Пайғамбар жер жүзінен кеткеннен соң.

Қайғыға батырды ғой сахабасын,  
Шаһриар, сахабалар күллі періште.  
..... оқылды Расулдің жаназасы,  
Жаназасын шығарды, көрге қойды.

Өзі айтқан өсиетінде жерге қойды,  
Алдынан түрлі гауһар алтын шашып.  
Періште хор қыздары қылды тойды,  
Хақ Расул осыменен болды тамам.

Салауат дұға қылар білген айтып,  
Оқушы естігендер рахмет айтып.  
Күнәсі көп пенде едік біз бір надан.

Пайғамбар қаза болғанда Әбубәкір бетінен сүйеді де: – Иісі жұпар исті екен дейді. Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі күнінің кешіне дейін қабырға жерленбей тәні үйінде тұрады. Одан кейін жерленеді. Жуындырушы Ғалы, Аббас – екі ұлы. Пазыл, Хасан, Әусеме, Шүһран жәрдемдесіпті Мұхамед Ғ-С үш қабат киіммен кебінделді. Бұл киімдердің ішінде сәлде және көйлек жоқ. Пайғамбары жуылып, кебінделіп болғаннан кейін үйіндегі төсегінің үстінде жатқызып қойылды. Кісілер бірінің артынан бірі кіріп, жаназа намазын оқыды. Ешкім имам болмады. Қабырға Әлі, Аббас ұлдарымен қойды. Біләл су сеуіп тұрды. Әбубәкір өзі дүниеден өтерінде қызы Айшаға мені достымның қасына қойыңдар ұлықсат сұрап. Есігіңізді ашыңыз, достыңыз келді, – деп. Ашпаса, онда көрстанға апарып қоярсыңдар, – дейді. Әбубәкір дүниеден өткеннен соң, аманаты бойынша Расул Алла жатқан бейітіне апарып, дауыстап, достыңыз келді деп хабар береді. Сол кезде күмбездің есігі өз-өзінен ашылды. Ішіне кіргізіп сол жерге жерленеді.

Дос досына қосылады, кімде – кім бұл дүниеде кіммен жолдас болса, ахыретте сол кісі жолдас болады.

## ТҮСІНІКТЕМЕ

1. Мәлік-Хәсән. Мөшһүр Жүсіп Көпейұлының өз қолымен жазылған қолжазба. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О. Әуезов атындағы өдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған 1000-папка. №1 дәптер. Папканың титул бетінде мынадай мәліметтер берілген: «Казахское государственное издательство. г. Алма-Ата. Историко-литературный очерк о Машһур Юсуп Копееве (рукопись на казахском языке). Арабский шрифт. Фонд №3. Дело № 324. папка № 27. 329 листь».

2. Мәғшүк – араб сөзі. Сүйілген жігіт деген мағына береді. (Арабша-қазақша сөздік. Құрастырған: Н.Д. Ондасынов.-Алматы:Қазақстан.1969. – Б.163).

3. Дүлдүл – араб сөзі. Әлінің (Ғалидың) жауға мінетін «алып» жүйрік аты деген мағына береді. (Арабша-қазақша сөздік. Құрастырған: Н.Д.Ондасынов. – Алматы:Қазақстан.1969. – Б.75).

4. Сәхәр – араб сөзі. Сақар, сөрі, тансөрі деген мағына береді. (Арабша-қазақша сөздік. Құрастырған: Н.Д. Ондасынов.-Алматы: Қазақстан. 1969. – Б.86).

5. Ғайш – араб сөзі. Қолжазбада «ғайш» деп жазылған, өмір, тіршілік деген мағыналарда қолданылады (Арабша-қазақша сөздік. Құрастырған: А. Дәдебаев, Ж. Қайранбаев. – Алматы: Рауан. 1990. – Б. 212).

6. Жіддан – араб сөзі. Өте, тым, аса, жүдә, тіпті деген мағыналарда қолданылады. (Арабша-қазақша сөздік. Құрастырған: А. Дәдебаев, Ж. Қайранбаев. – Алматы: Рауан.1990. – Б. 105).

7. Мәлік – араб сөзі. Ие, қожа, басқарушы, билеуші, патша, хан мағыналарында қолданылады. (Арабша-қазақша сөздік. Құрастырған: Н.Д. Ондасынов. – Алматы: Қазақстан. 1969. – Б.232).

8. Хәсән – араб сөзі. Сұлу, көркем, жақсы мағыналарында қолданылады. (Арабша-қазақша сөздік. Құрастырған: Н.Д. Ондасынов. – Алматы: Қазақстан. 1969. – Б.203).

9. Сыр–араб сөзі. Құпия, жүрек, жан–мағыналарында жұмсалады. (Арабша–қазақша сөздік. Құрастырған: Н.Д. Оңдасынов. – Алматы: Қазақстан. 1969. – Б.86).

10. Бақил – араб сөзі. Тұрақты, мәңгі мағыналарында қолданылады. (Арабша – қазақша түсіндіктеме сөздік. 1 том. Құраст. Н.Д. Оңдасынов. – Алматы: Мектеп. 1984. – Б.58).

11. .Гәйяр – араб сөзі. Аяр, қу, айлакер мағыналарында берілген. (Арабша–қазақша сөздік. Құрастырған: Н.Д. Оңдасынов. – Алматы: Қазақстан. 1969. – Б.121).

12. Жәббар – араб сөзі. Құдайдың бір аты. Қүдіретті, қуатты, күшті мағыналарында берілген. (Арабша – қазақша түсіндіктеме сөздік. 1 том. Құраст. Н.Д. Оңдасынов. – Алматы: Мектеп. 1984. – Б. 95).

13. Міскін – араб сөзі. Кедей, сорлы, пиарлы, аяныш халдағы, аярлық, бақытсыз мағыналарында жұмсалады. (Арабша–қазақша сөздік. Құрастырған: Н.Д. Оңдасынов. – Алматы: Қазақстан. 1969. – Б. 161).

14. Сахар – араб сөзі. Сәрі, таңсәрі, таңның бозарып келе жатқан кезін білдіретін мағыналарда жұмсалады. (Арабша – қазақша түсіндіктеме сөздік. 1 том. Құраст. Н.Д. Оңдасынов. – Алматы: Мектеп. 1984. – Б.95).

15. Хасыл – араб сөзі. Нәтиже, қорытынды, түсім, пайда, егін, өнім, түсім ұғымдарында қолданылады. (Арабша – қазақша түсіндіктеме сөздік. 1 том. Құраст. Н.Д. Оңдасынов. – Алматы: Мектеп. 1984. – Б.119).

Сонда Шөженің айтқаны. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз қолымен жазылған қолжазба. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған 1000-папка. №1 дәптер.

Өгіздің есекпенен хикаясы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз қолымен жазылған қолжазба. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған 1000-папка. №1 дәптер.

Молда Жүніс сөзі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз қолымен жазылған қолжазба. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған 1000-папка. №1 дәптер.

Мәшһүр сөзі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз қолымен жазылған қолжазба. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған 1000-папка. №1 дәптер.

Орманшыдан шыққан Ғали Күзенбайұлының Мәшһүрге жазған сәлем хаты. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз қолымен жазылған қолжазба. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған 1000-папка. №1 дәптер.

Мәшһүрдің сөзі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз қолымен жазылған қолжазба. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған 1000-папка. №1 дәптер.

Өзі ақын бола бастағанда айтқаны. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз қолымен жазылған қолжазба. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған 1000-папка. №1 дәптер.

Мәшһүр-Жүсіптің Қамареддин хазіретті жоқтағаны. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз қолымен жазылған қолжазба. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған 1000-папка. №1 дәптер.

Екі жас, бір шалдың әңгімесі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз қолымен жазылған қолжазба. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған 850-папка. №2 дәптер.



Қолыма хат жазғалы алдым қалам. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз қолымен жазылған қолжазба. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған 850-папка. №2 дәптер.

Соғыс майданы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз қолымен жазылған қолжазба. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған 850-папка. №2 дәптер.

Пушкин-Вальтер. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз қолымен жазылған қолжазба. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған 850-папка. №2 дәптер.

Қыпшақ Ізбасты бидің қаршадай бала күнінде айтқан сөзі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз қолымен жазылған қолжазба. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған 850-папка. №2 дәптер.

Жаду фіскаядан. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз қолымен жазылған қолжазба. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған 850-папка. №2 дәптер.

Жау қолында тұтқан болған бір жас баланың өлейін деп жатқандағы сөзі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз қолымен жазылған қолжазба. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған 850-папка. №2 дәптер.

Жиырмасыншы томға енгізілген көшірмелер, негізінен Павлодар облысы Баянауыл тұрғыны, Мәшһүртанушы Төлепберген Алдабергеновтың (1932 - 2012) жазбалары бойынша әзірленген. Бұл көшірмелер «әулиеттік мұрағатта» және С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің С. Бейсембаев атындағы Ғылыми кітапханасының сирек кездесетін қолжазбалар қорында сақтаулы. Бұл көшірмелердің қайдан алынғаны туралы біраз деректер әр мәтін соңында берілген. Онда бірде Иманғали

Мәненоновтың (төте жазу) көшірмесінен алынды деліпсе, бірде Мәшһүр Жүсіптен алынған деп көрсетілген. Дегенмен мұнда Мәшһүр Жүсіптің немесе Иманғали Мәненовтың қай жазбаларынан алынғаны туралы деректер толық жазылмаған. Төлепберген Алдабергеновтың көшірмелері кириллица әрпінде берілген, тек мәтін ішіндегі тыныс белгілері қойылмаған.

Алдаберген Төлепберген (1932-2012). Мәшһүр Жүсіп мұрасын жинаушы. Діни дастандарын Иманғали Мәненұлының жазбаларынан қазақ тіліне аударған. Мәшһүр Жүсіптің өлең – жарларын, дастандарын жинақтап, ел арасында уағыздап жүрген Иманғали Мәненұлының адамзатқа рухани дем беретін мұралары мен жазбаларын араб графикасынан (төте жазу) кириллицаға аударып, ел игілігіне ұсынуды мақсат тұтқан. Мәшһүр Жүсіптің «Жетпіс баб», «Пайғамбардың дүниеден өтуі», «Ахтам хазірет пен Ғалы батыр» дастандарын жатқа айтқан. Ол Намаз, Күнә, Имандылық, Қабірге орналастыру, Дін, Мұхаммед, Пайғамбар туралы әңгімелерді тамсандыра суреттеген. Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіптің «Молдалар туралы», «Болжау», «Ағайын» өлеңдерін домбыраға салып айтқан. Ол Мәшһүр Жүсіптің 300 беттей ұлағатты өсиеттерін, өлең-жырларын, қазақ тіліне аударған. Бұл мұралардың барлығы да Мәшһүр Жүсіптің шығармалар жинағына енгізілді.

## Мазмұны

### Мәшһүр Жүсіп қолжазбасынан:

МӘЛІК-ХӘСӘН [1].....	3
Патша[ның] баласымен қоштасқаны: .....	13
Сонда Шөженің айтқаны .....	53
Молда Жүніс сөзі .....	61
Мәшһүр сөзі.....	71
Үйсін Төле би айтқан екен:.....	77
Орманшыдан шыққан молда Ғали Күзенбайұлының Мәшһүрге жазған сәлем хаты .....	81
Мәшһүр сөзі.....	83
Өзі ақын бола бастағанда айтқаны.....	87
Мәшһүр Жүсіптің Қамареддин хазіретті жоқтағаны .....	111
Екі жас, бір шалдың әңгімесі .....	130
Соғыс майданнан.....	156
Пушкин – Вальтерден .....	157
Қыпшақ Ізбастың қаршадай бала күнінде айтқан сөзі .....	158
Жаду фискаядан.....	159

### Төлепберген Алдабергеновтың көшірмесінен:

ШЕЖІРЕНІ .....	168
Пайғамбардың Қадишадан соң Ғайшаны алғаны.....	169
Төрт жар .....	170
Молдалар туралы.....	171
Алланың жарылғауы ғарыпқа берген бір теңге үшін (Мәшһүр Жүсіп) .....	175
Алланың жарылғауы ғарыпқа берген жарты нан үшін (Мәшһүр Жүсіп) .....	177
Дұға оқу тәртібі .....	181
Намаз туралы .....	183
Мәшһүр Жүсіптен намаз туралы .....	184
Не себепті Аллаға тілек жетпейді.....	186
Дұға оқып әрқашан Алладан сұрасақ та қабылдығы жоқ, себебі не?.....	186

Адам екі дүниеге жаратылған.....	187
Сайтанның Әбу Зікриә әулиені айналдыруы.....	188
Енді сол Зүлмән періштенің сұрағы.....	190
Қожаларға.....	196
Дүние.....	198
Сайтанның саудасы.....	200
Хазіреті Ғалыдан.....	207
Тән мен жанның бір-бірімен қоштасуы.....	212
Отқа май құю күнәсі.....	229
Жексенбі күні жер жаратты.....	232
Жұма күнінің қасиеті.....	234
Мәшһүр Жүсіптің 1943 жылды болжағаны.....	235
Мәшһүр Жүсіп шежіресінен (мендегі).....	238
Үш-үштен алты сөздің шешулері:.....	240
2-үш сөз.....	240
Шешуі.....	240
Ендігі үш сөздің шешуі.....	241
3-кездесу.....	246
Жиренше мен Қызылым қарт.....	247
Дін туралы насихат (Мәшһүр Жүсіп).....	252
Аттың сыны.....	254
Мұса мен жожа.....	255
Ұғып ал құлағың бар, замандастар.....	256
Молданың махаббаты – зинақор.....	261
Ел ішінде.....	268
Манифест туралы.....	269
Мәшһүрдің Күліктен шыққан, ерте кезде.....	270
Өтеміс атты әулиенің оқыған намазының шарапаты туралы бәйіті.....	270
Мәшһүр Жүсіп.....	272
Ендігі әңгіме дін ұстаушы адамдарға пайғамбардың айтқан хадисі /ереже/.....	275
Өткен пенде бір ай үйінің төңірегінде келіп жүруі.....	277

Садака туралы.....	279
Хадис: Алтын табак.....	280
Өз атасынан – түсінік.....	285
Қыздың жұмбағы.....	286
Жұмбағы .....	286
15 ноябрь 1905 жылы Мәшһүр Жүсіптің	
қыздың жұмбағына берген жауабы.....	287
Адамдардың он түрлі болып тірілуі.....	290
Құрбан шалмақтың сауабы .....	294
Кедей болар кері кеткен .....	298
Жастарға бір – екі ауыз сөз.....	300
Ақтамақ пен Қанай шешен .....	302
Алланың адамға сауалы: .....	303
Ізбасты шешен сөзі .....	306
Қаракесек: Ақайдың Хасенінің .....	306
Олжабаймен кездесуі.....	306
Жүніс Шалқарбайұлының сұрағына.....	307
Мәшһүр Жүсіптің қайтарған жауабы .....	307
Исабек Ишанды Мәшһүр Жүсіптің жоқтауы .....	316
Мәшһүр Жүсіптің 21 жасында жазғаны.....	329
Бұхар жыраудың кәрілік туралы айтқаны.....	338
Лұқпан Хакім.....	339
Төрт нәрсеге талап қылдым.....	339
Мәшһүрдің сегіз мүшесімен қоштасуы .....	340
Арак туралы риуаят .....	341
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 1895 жылы.....	345
Иса Шорманұлына жазған шығармасы.....	345
Молдалар .....	354
Сүлеймен пайғамбар мен .....	355
Ташкентте әйелдер теңдігін қорғағаны үшін ішкі	
дұшпандар пышақтап өлтірген, школ директоры боп тұрғанда.	
Соны естірткенде атасы Мәшһүрдің айтқан жоқтауы .....	360
Өз өмірінен (Осы өленде Мұса үкі тақтыру) .....	363

Кебектен қалған Ермектің қиссасы .....	380
Торайғыр бидің тіл шешендігімен ажалдан құтылуы .....	406
Шоң би өте кереметті, қасиетті болыпты .....	408
Өкпеұлы Кәрімтайдың Мұқарамның тәкаппарлығына айтқаны .....	410
Шоң мен Торайғыр .....	413
Барша мақлұқты беске бөлу .....	414
Ибраһим Адһамның әңгімесі (Мәшһүрден) .....	418
Баласын жоқтауы .....	467
Екі жігіт пен шалдың әңгімесі (ертегі сөзді әңгіме етіп жазған) .....	471
Қатыны өліп-тірілген Ысқақтың әйелі (әңгіме ертектен өлең етіп) .....	486
Садуақастың мырзалығы .....	501
Мұхамет С.Ғ. дүниеден өткен.....	514
ТҮСІНІКТЕМЕ .....	533

16.08.2013 ж. басуға қол қойылды. Көлемі 60x84/16.  
Офсеттік басылым. Қаріп түрі Times.  
Шартты баспа табағы 28,5 Есептік баспа табағы 17,8.  
Таралымы 1000 дана.

«ЭКО» ЖШС-та басылған.  
Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ.,  
29 Ноябрь к., 2, Тел.: 8 (7182) 61-82-18